

УДК 80/81
ББК 81.2
С 94

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің
тапсырысы бойынша
«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың
2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Жауапты шығарушы: филология ғылымдарының докторы О.Жұбаева

Сыздықова Рәбиға

С 94 Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). *Көп-
томдық шығармалар жинағы/ Рәбиға Сыздықова / – Алматы:
«Ел-шежіре», – 2014.*

ISBN 978-601-7317-88-1

Т. 8: – 292 бет.

ISBN 978-601-7317-96-6

Бүгінде әлеуметтік қызметі арта түскен, жазба да, ауызша да кеңінен қолданыла бастаған қазақтың мемлекеттік ұлттық әдеби тілінің мәдениетін көтеру, зерттеу, насихаттау алға қойылып отыр. Тіл мәдениетінің өзекті мәселесінің бірі – норма. Бұл еңбек осы тілдік нормаларды танытуға, олардың түрлерін, негізін, қазіргі күй-қалпын көрсетуге арналған.

Кітап тіл мәдениетін көтеруге қызмет ететін қалам қайраткерлері мен бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне, баспагерлерге, мектеп мұғалімдері мен тіл-әдебиет ұстаздарына, студенттер мен оқушыларға, сондай-ақ ана тілінің сындарлығын қалайтын қалың оқырман жұртшылыққа ұсынылып отыр.

УДК 80/81

ББК 81.2

ISBN 978-601-7317-96-6 (Т.8)

ISBN 978-601-7317-88-1

© Сыздықова Р., 2014

© «Ел-шежіре» ҚҚ., 2014

**ТІЛДІК НОРМА ЖӘНЕ ОНЫҢ
ҚАЛЫПТАНУЫ (КОДИФИКАЦИЯСЫ)**



АЛҒЫ СӨЗ

Қазақтың бүгінгі ұлттық жазба әдеби тілінің әлеуметтік қызмет өрісі кеңейе түсті, функционалдық стильдері сара-ланып, әрқайсысы өзінің белгілерімен айқындалды, қоғамға қызмет етуінің ауызша да, жазбаша да түрі жанданды. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл статусына ие болуы ұлттық сананы тәрбиелеуде, ұлттық намысты қорғауда, ұлттық мәдениетті көтеруде үлкен мәні бар факторға айналды. Осылардың барша-сы тілдің өзіне әлеумет назарын аудартып, оның дұрыс, жемісті қызмет етуіне қойылатын талаптарды күшейтті. Солардың бірі

– «тіл мәдениеті» деген білім-ғылым тармағы дүниеге келді. Енді қазақ тілі әлеуметтік қызметті құр атқарып қана қоймай, дұрыс, сындарлы, мәдениетті түрде атқаруы күн тәртібіне қойылды. Бұл – кезең талабы, қоғамның мәдени-рухани сұраныстарының талабы.

Тіл мәдениетінің ең өзекті мәселесі – тілдік норма. Тілдік норма және оның кодификациясы жеке зерттеу нысаны болып тұңғыш рет әңгіме етіліп отыр. Мұнда тілдік нормаға анықтама берілді, оның меже-белгілері, түрлері көрсетілді; қазақ әдеби тілінің нормативтік негіздері айқындалды, қалыпқа түскен нормалардың реттеліп, жинақталып хатқа түсуі (кодификаци-ясы), оның теориялық-практикалық негіздері әңгіме болды. Тілдік нормадан уәжді-уәжсіз ауытқулар да тіл мәдениетіндегі күрделі де маңызды мәселе деп қаралып, оның түрлері мен себептері көрсетілді.

Жұмыс тек мамандарға арналған таза ғылыми монография емес, ана тілін пайдаланушы қалың жұртшылыққа, оның ішінде оқу-ағарту саласындағы мұғалімдер мен өзге де ұстаз-дарға, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне, сөз өнері қайраткерлеріне арналған танымдық құрал ретінде ұсынылып отыр. Мұнда лексикалық, грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық нормалар баптарға бөлініп, ереже түрін-

де көрсетілмейді (ондай құралдар емле ережелері, сөз сазы (сөзді дұрыс айту) тәртіптері және әр алуан сөздіктер болып жарық көріп келеді), тілдің әр қабатындағы әдеби нормаларының түрлері, қиын тұстары, назар аударатын сәттері сөз болады.

Тіл мәдениеті мәселелерімен 25-30 жылдан бері үзбей айналысып, емле мен тыныс белгілеріне, сөзді дұрыс айту (дыбыс-тау) заңдылықтарына арналған бірнеше анықтамалық құрал мен сөздіктер ұсынып, ондаған көлемді мақала жариялап келе жатқандықтан, біз бұл жұмыста бұдан бұрын жиналған иллюстративтік материал-мысалдар мен айтылған кейбір пікір-лерімізді ішінара пайдаланып отырдық. Норма тақырыптарына қарай кейбір мысалдардың қайталанып кететін сәттерін де ескертеміз.

Бұл шағын жұмыста қазіргі қазақ әдеби тілінің барлық қаттауында нормалануының жай-күйі, ондағы проблемалар толық баяндалды деп мәлімдеуден аулақпыз. Бұл саладағы ізденістер енді жандана бастады. Таза ғылыми ізденіс болғандықтан, мұнда тіл білімінің көпшілік оқырманға бейтаныстау терминдері мен шартты таңбалары кездесетіндігін ескертеміз. Бұл материалдың осы кітаптағы «Орфографиялық нормалар» деген тақырыпты терең түсінуге, емленің теориялық негіздерімен кеңірек танысуға жәрдемдесері даусыз.

КІРІСПЕ

Ұлттық жазба әдеби тіл ретінде бірсыпыра дамыған, функционалдық стильдерге тарамдалған, әр алуан нормалары тұрақтала түскен, әлеуметтік қызмет өрісі кеңейген, мемлекеттік тіл статусына ие болған бүгінгі қазақ тілінде «тіл мәдениеті» деген ғылым-таным саласы дүниеге келді. Қазіргі кездегі тілдің әлеуметтік базасының өзгеруі және соған орай тілге қатысты белгілі бір мақсат-мүдделі саясаттың жандануы да тілдің барлық қырына, оның ішінде дұрыс қолданылуына жұртшылық назарын арттырып отыр. Ал қоғам назарына іліккен құбылыс білім-ғылым нысанасы да болып шығады.

Тіл білімінің бір тармағы болып саналатын «тіл мәдениеті» көптеген ғылыми-практикалық проблемаларды қамтиды. Ол тек тілдің қолданысындағы ағаттықтары мен жазудағы қателерді тауып, көрсетіп отыруды ғана көздемейді. Тіл қолданысындағы қателерді көрсету үшін олардың дұрыс болуға тиіс базасын тану қажет, демек, тілдік жүйені, ол жүйеге сай қалыптасқан нормаларды айқындап алуы шарт. Сондай-ақ тіл тіршілігінде тек сөздер ғана емес, дыбыстар, ол дыбыстардың айтылу сазы дегендердің мәні зор, бүгінгі тілдердің қызметі жазумен қоян-қолтық астарласып жатыр, бұл күнде тіл жазусыз қызмет ете алмайды, сондықтан емле мәселесі де «тілмәдениетін», яғни жазуда да дұрыстықты, жүйелілікті, қолайлылықты талап етуі – заңды.

Тіл – тек қатынас құралы емес, ол эстетикалықта құрал. Тіл адамдарға бір-бірімен түсінісіп қою үшін ғана емес, әсемдік дүниені сезіну үшін де қажет, демек, тіл арқылы бір-біріміз-ге жақсы әсер ету де көзделетіндіктен, экспрессиясы күшті сөздерді таңдау, сөйлемдерді әсерлі етіп құрастыру, яғни тілдік көріктеу құралдарын танып дұрыс жұмсау да тіл мәдениетінің бір пұшпағын құрайды. Ал бұлардың барлығын әңгіме ету тілдің лексикология, грамматика, фонетика, фонология салаларымен астарласып жатады, жазу таңбалары – графикаға, жазу тәртіптеріне (орфографияға) назар аудартады.

Тіл мәдениеті проблемалары отбасы тәрбиесімен, мектепте-гі оқу ісімен, жалпы әр алуан оқу-тәрбие орындарының нақты жұмыстарымен тығыз байланысты болып келеді. Бұдан да

биіктеу қарасақ, тіл мәдениеті ұлттық әдеби тілдің әлеуметтік базасының өзгеріске ұшырауына, өзге тілдермен арақатынасына да тікелей ұштасып жатады. Демек, тіл мәдениетін әңгіме-леуде (талдауда, зерттеуде) «мынау – дұрыс, мынау – бұрыс» деп қою мүлде жеткіліксіз, сол дұрыстық пен бұрыстықтың негізін табу керек, ол негіздердің бір-бірімен сабақтастығын, алдыңғы кезеңдермен іліктестігін айқындау керек. Қысқасы, ғылым әлеміне кештетіп келген «тіл мәдениеті» дегеннің міндеті мен шаруасы көп, аумағы кең, шешімі қиын әрі күрделі екенін айтамыз.

Тіл мәдениетінің өзегі – норма туралы ұғым. Норма тілдің жүйесі мен құрылымына иек артады. Тілдік жүйе дегеніміз – тілде бар үлгілердің, қолданыс типтерінің (түрлерінің) бел-гілі бір тәртіппен келуі, ал тілдік құрылым дегеніміз – осы жүйенің іске асқан (көрінген) материалдың мүмкіндіктері. Бұл екеуін бөлек- бөлек айырып қарап сөз ететін де, айырмай, бірінің орнына екіншісін атай беретін де зерттеушілер бар. Шындығында, тілдік құрылым – құлаққа естілетін, «отыз тіс-тен шығатын» деректі ұғым атауы, ал тілдік жүйе – сол «затты» жасап тұрған дерексіз ұғым атауы деуге болады. Демек, тілдік нормалардың «табан тірер» жері – тілдік құрылым екен де, тілдік құрылымның «арқасүйері» – тілдік жүйе екен.

Тіл элементтері: дыбыс, сөз, сөйлем қолданыста тілдік құрылымға иек артады, ал тілдік құрылым тілдік жүйеге негізделеді. Орыс тіл білімпаздары бұл ретте үш сатыны атайды, біріншісі – тілдік мүмкіндіктер жүйесі, екінші сатыда – осы жүйенің материалдық көрінісі, тілдің құрылымы, үшінші сатыда – сол материалдың қолданысы. Осы жұмыстағы біздің әңгімеміздің мазмұны тілдік норма теориясының осы танымы-нан шығады.

Тілдік норманы сөз ету үшін бұл саланың терминдеріне назар аударсақ. Алдымен, *норма*, *нормалану* (нормализация) және *кодификация* терминдерін білдіретін ұғымдар жөнінде түсінік берелік. Норма – негізінен тілдің өзі ұсынған тәртіп, нормалану – сол тәртіптерді тілдің өзінің қалыптастыруы. Тілдің нормалануы мен ол нормалардың кодификациясы – бір әрекет емес, соңғысы тіл процестеріне адамдардың араласуы,

яғни тілдік нормаларды реттеу, сұрыптау, дұрысын беркіту, қалыптанғандарын хатқа тіркеу сияқты іс-әрекетті білдіреді. Кодификация – әдеби тілдің дамуына әлеумет тарапынан ықпал жасау. «Кодификация» терминінің қазақша баламасын табу қиынға соғып келеді, оны бірде «заңдастыру», тағы бір-де «қалыпқа түсіру, қалыптандыру», тіпті одан да ықшамдап «қалыптану» деп те жүрміз. Осы еңбектің өзінде тақырыпты баяндау барысында бірде *кодификация* бірде *қалыптандырылу*, *қалыптастырылу*, тағы бір тұста *заңдастырылып*, *хатқа түсірілуі* деп әрқилы атадық. Сірә, ғылым тілі үшін дұрысы – «кодификация» деген интернационалдық терминді қалдыру (жұмсау), ал қалың жұртшылыққа түсініктірек болу үшін, ыңғайына қарай қазақшалап отырудың да жөні бар. Қайткенде де қазақша терминдік балама ұсыну қажет болса, «қалыптандыру» сөзі мағына жағынан дәлірек келер ме еді. Кодификация – тілдің өзінің «әрекеті» емес, оны қолданушы, қолданысын реттеуші – біздің (адамдардың) қарекетіміз, сондықтан «норма және оның қалыптануы» дегеннен гөрі «норма және оны қалыптандыру» деп атаған да дұрыс болатын сияқты. *Кодификация* терминінің мағынасы – дұрыс деп танылған тілдік нормаларды қалыпқа түсіріп, жинақтап көрсету, бұдан да гөрі дәлірек айтсақ, тілдік нормалардың қалыпқа түсіп, жаппай қолданыс тапқандарын орнықтыру, заңдастыру, тіркеу.

Кодификацияланған нормалардың қолданысы міндетті, сондықтан «заңдастырылуы» дегеніміз де – дәлелсіз емес. Нормаларды ұстанудың қалың көпшілік үшін міндеттілігі кодификацияны екі жағынан көрсетеді. Бір қарағанда, кодификация тұрақтандырылған, қалыпқа келтірілген және міндеттел-ген шара болғандықтан, онда біршама консерватизм сипаты болады, ал консерватизм қандай да болмасын дамуға, өзге-рістерге тұсау болады, нормалардың кодификациясы «ке-шегі күнге» қаратылған болып келеді, яғни бүгінге дейін қалыптасқан, орныққан, хатталған заңдылықтарды (норма-ларды) ұстануды міндеттейді. Бұл – кодификацияның «кеже-гесі кейін тартып тұратын» жағы, ал жағымды, жақсы жағы – ол тілдің қолданысында жүйелі тәртіп орнатады, тілдік заңдылықтарды тұрақтандырады, әдеби нормадан тысқары

элементтерді тоғытып жіберуден сақтайды. Кодификацияның осындай екі жағының екеуін де есептей отырып, орыс тіл білім-паздары айтқандай: «алды-артын байқаған» либерализмнің ор-тасынан шыққан дұрыс.

Кодификацияның беріктігі де шартты: қалыптанған нормалардың императивтік (міндетті) түрлері мен диспозитивтік (таңдап алатын) түрлері болады. Қазақ әдеби тілінде, әсіресе лексикалық нормалардың диспозитивтік түрлері баршылық (олар жөнінде мысалдарымен көрсетіліп, кең түрде келесі тарауларда айтылады).

Тіл мәдениеті, норма дегендерге қатысы бар терминдердің және бірі – *узус*. Орыс тіл білімінде бұған көбінесе «узус – қолданылып кеткен тілдік бірліктер» деген түсініктеме беріледі, узустың қарама-қарсысында окказионалдық бірліктер, яғни әдеттегі (нормадағы) мағынадан бөлек, тек сол контексте келтірілген мағынада жұмсалған сөздер тұрады. Узус пен окказионализмдер – оппозитивтік (қарама-қарсы тұрған) дүниелер. Сірә, дұрыс қолданыстағы бірлікті (сөзді, тіркес-ті, сөйлемді) «узус» дейтін болсақ, оның «нормативтік бірлік» дегеннен қандай айырмасы болады? Сондықтан біз *узус* деп тілдік жүйеге қайшы келгенмен, тілдік дағдыға айналған қолданысты атағанды дұрыс деп санаймыз. Бұған зерттеуші Н.Уәлиев жақсы мысалдар келтіреді. Мысалы, қазақ тілінің жүйесі бойынша *ер* (атқа салатын) деген зат есімнен етістік тудырғанда *ерле* болуға тиіс, бірақ қолданыста *ертте* тұлғасы жиірек кездеседі, сол сияқты *қозы* сөзінен етістік *қозылады* деп жасалуы керек, бірақ қазақ тілінде *қоздады* түрі қолданылады. Ал біздің байқауымызша, бұл күнде *туды-туылды* деген жарыспа қатардың қолданыстары пікір таласын тудырып келеді. «Пәленше пәлен жылы *туды*» деп айтылып келген сөйлемді *туылды* деп жазу активтеніп барады. Егер тілдік жүйеге сәйкестікті қуаласақ, *туылды* тұлғасы дұрыс: *туатын* – ана, *туылатын* – бала. *Туылу* – ырықсыз етіс. Бірақ қолданыста *туды* тұлғасының орнығуы – узустық көрініс. Узустық тұлғаның тілден берік орын алғандығы сондай, ол – *туған-туысқан* (*туылған-туысқан* деудің орнына), *туған* ағасы (бірге *туылған* ағасы емес), *туған жері* (*туылған жері* деудің ор-

нына), *туып-өсу* (*туылып-өсу* емес) сияқты қолданыстарды қалыптастырған.

Узустық құбылыс мақал-мәтелдерде тіпті көбірек кездеседі. Мысалы, *ішкен асын жерге қояды* деген мәтелде мағыналық алогизм сезіледі, бұл мәтел «есі-дерті сонда болды, сон-шама қызықты» деген мағынаны береді, ондайда *ішкен* (ішіп болған) асты емес, енді ішейін деп отырған асын жерге қоюы (ұмытуы, ескермеуі) керек қой, бірақ мәтел дәл осы тұлғада (*ішкен асын*) қалыптасқан. Бұл да – узустық құбылыс.

Тегінде, норма мен узусты айырып таныған жөн. Норматив-тік бірліктер де – қолданылып кеткендер, олай болса *узус* де-геніміз – әдеттегі тілдік жүйеге негізделген норма емес, тілдік дағды, тіпті узустың бір айырым белгісі – оның тілдік жүйеге қайшы келетіндігі деп танымыз.

Узустық қолданыстың барлығы бірдей белгілі бір жүйе түзетін бірліктер болып шықпайды. Айталық, әйел адамдарды *азаматша*, *мұғалима*, *комсомолка*, *төрайым* деп «женский родқа» көшіріп бөлек атаушылық бар. Бұл – бір жағынан, орыс тілінің ықпалы болса, екіншіден, араб тілінен енген *мұғалима* сияқты кейбір сөздердің, әсіресе адам аттарының жынысқа қарай ажыратылатын үлгісі (*ғазиз – ғазиза*, *Латип – Латипа*, *Фәрид – Фәрида*), үшіншіден, қазақ тілінің өзінде *аға-ана*, *әкешеше*, *ана-жезде*, *аға-қарындас* сияқты лексикалық коррелятивтер әсер еткен болар, бірақ соңғылар морфологиялық емес, лексикалық қатарлар. Дегенмен бұл – қазақ тілінің жүйесі мен құрылымына қайшы қолданыстар: қазақ тілінде «род» («жыныстық») категориясы жоқ: *ақын* десек ол ер адам да, әйел адам да болады, егер міндетті түрде әйел адам екенін атау керек болса, *ақын қыз*, *ақын әйел*, *ақын ана* деп аналитикалық жолмен атаймыз.

Сірә, *азамат-азаматша*, *мұғалім-мұғалима* сияқты қолданыстар етек алмайтын құбылыс. Біз бұрын жазған бір мақаламызда *төрайым* сөзінің де нормаға қайшы неологизм екенін көрсеткенбіз. *Төраға* сөзінің «әйел жынысты» сыңары төрайым-ның қалың көпшілікке ұнап, жаппай қолданыла бастауына сөздің сонылығы, тосындығы, «әйел-еркек» деп бөліп көрсету мүмкіндігі себеп болған. *Төраға* – орысша «предсе-

датель» дегеннің баламасы, бұл сөздегі *төр* компоненті де, *ага* сөзі де денотаттық (лексикалық, негізгі) мағыналарынан ажырап коннотаттық мағынада жұмсалып тұрғандықтан, *ага* сөзі жыныстық мағынасынан көшіп, «басшы, басқарушы» деген ауыспалы мағынаны білдіретін компонент болып тұр, *ага* сөзінің бұл қызметі *қолаға, қолагалыц* (көне әскери терминдер), *отагасы* сияқты сөздерде де көрінеді. Демек, *төраға* сөзі ер адамды да, әйелді де атауы керек. Дегенмен *төрайым* сөзінің узус ретінде *ага-қарындас, ана-жезде, ата-ана* сияқты лексикалық қосақтар қатарынан орын алып кетуі мүмкін. Ал морфологиялық көрсеткіштермен әйел жынысын атаудың (*азамат-азаматша, комсомол-комсомолкатәрізді*) тілдік жүйеге сәйкеспейтіндігі бұл тәрізді коррелятив жұптарды әдеби нормаға жібермейді деп санаймыз.

Біз әңгімелеп отырған проблемаға қатысты терминдердің тағы бір тобы – кірме сөз, бөгде сөз, шет сөз, жаңа сөз (неологизм), көне сөз (архаизм), тарихтық сөз (историзм) деген атаулар. Олар да қазақша эквиваленттері бір тұлғада тиянақталып, терминдік дефинициялары анықталып бола қоймағандар.

Бөгде сөз, шет сөз (немесе шет тілдік сөз), кірме сөз дегендер мағына жағынан бір-біріне жақындау келгенімен, олардың әрқайсысының терминдік анықтамасы бөлек-бөлек болуға тиіс. Өйткені шет тілдік сөздердің бәрі «кірме сөз» статусына ие бола алмайды, ал «бөгде сөз» термині «кірме сөз» дегеннің оппозиттік сыңары болар: бір тілдегі кірме сөздер – сол тіл-ге сіңіскен, нормативтік құқық алған бірліктер болса, бөгде сөз – әлі сіңісе алмаған, жаттығы, бөгделілігі сезіліп тұратын бірліктер. Сондықтан бұл үш түрлі термин-тіркестердің бірінің орнына екіншісін қолдана беруге болмайды. Бұларды бір-бірінен ажыратып жұмсау үшін, олардың дефинициялық мағыналарын былайша айқындасақ деген пікірлер де жоқ емес: шет тілден келген сөз қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бағындырылып, «қазақыланып» жұмсалса, кірме сөз деп аталсын, ал түптілдегі тұлғасында тұрса, ол бөгде сөз деп аталсын деген пікірлер айтылды. Сонда *самаурын, божы, шыт, сәтен* дегендер кірме сөздер болады да, *президент, парламент, сессия, бюджет, акциз, компьютер* дегендер бөгде сөздер то-

бын құрайтын болады. Бұл танымның арқауы бостаяу: егер *университет, институт* дегендерді *университет, институт* деп жазсақ, олар «кірме» болып шыға келе ме?

Белгілі бір тілдің төл (өз) сөзі және оның қарсысында тұратын кірме сөз деген қатарлардың танымдық белгілерін тек олардың сыртқы тұлғалық суреті көрсетпейтіні мәлім, кірме сөз төл сөздің оппозиіті (қарама-қарсысы) болудан гөрі, «канди-даты», яғни тілдік лексика тобына қос[^]ілуға әрекеттенген кан-дидат бірліктер деуге болады. Кірме сөздер қолданылу әлеуеті (потенциалы), жиілігі (активтігі), өзге сөздермен синтаксистік, морфологиялық қатынастарға түсу мүмкіндігі, халық, қоғам тірлігіне енген ұғымдардың, заттардың, құбылыстардың ата-уын тек сол сөздің ғана білдіретін даралығы (вариантсыздығы) т.б. сияқты толып жатқан белгілерімен санасқанда, кірме сөз қай тұлғада қабылданса да, қабылдаушы тілдің лексикалық қазынасының мүлкі болып саналады. қазіргі қазақ тіліндегі дыбыстық тұлғасы жағынан «сындырылған ~ сындырылмаған» мыңдаған сөздер кірме бірліктер (единицалар) статусына ие болады.

Ал көрсетілген белгілердің көбі бойынан табылмайтын, көбінесе белгілі бір мақсатпен қолданылатын бөгде тілдік сөздер тобы және болады, олар макоронизмдер, бірқатар жар-гон сөздер, арготизмдер, окказионализмдер болып келуі мүмкін. Мысалы, Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлке» романындағы Байжанның аузынан жиі естілетін *сыболыш* (сволочь) сөзі, жазушы қалихан Ысқақовтың «қара орман» романының Бес-кемпір атанған бір кейіпкерінің аузынан жиі шығатын *вот так вот* деген орыс сөздері «кірме сөз» деп атала алмайды. Көркем шығармалардың кейіпкерлерінің аузына белгілі бір стильдік мақсатпен, әдейі салынатын шет тілдік сөздер де «бөгде тіл-дік» элемент болып қала береді, олар да «кірме сөз» статусына ие бола алмайды. Бұл орайда «бөгде сөз» бен «шет тілдік сөз» дегендер – синонимдер болып танылады, өзге тілдерден алып жұмсалған сөздерді бұлайша айырып танудың тілдік норма-ларды сөз етуде мәні айрықша.

Тіл мәдениетін, тілдік норманы сөз ету үстінде жиі қолданылатын терминдердің бірі – бірліктер, орысша единица-

лар. Бұл да бір сөзбен аталатын қазақша термині қалыптаспай келе жатқан ұғым. Көпке (тіпті қазірге) дейін тіл біліміне қатысты ғылыми әдебиетте, диссертациялық жұмыстарда, монографияларда, ғылыми тақырыптағы мақалаларда орысша термин *единица* деген сөзді қолданып келдік, қолданып келеміз. Соңғы кезеңде ғана орыс сөздерінен жасалған терминдердің әдетте қазақша баламасын іздеп табатын дәстүрімізбен *еди-ница* терминін де қазақша атауға кірістік. Мұны бір ғалымдар *тұлға-бірлік* деп, енді біреулері *тұлға* деп, алғашқы кезде тіпті *дүниелік* деп әрқилы атай бастадық та енді көпшілігіміз *бірлік* деген калькаға тоқтадық. Калька деген – әдетте амалсыздың күні, алғашқыда ол құлаққа өте жат естіледі. *Единица* деген өз сөзіне орыс тіл мамандары да алғашқы кезде тосырқап қараған болар, бірақ орыстың ғылыми әдебиетінде *единица* нағыз лингвистикалық термин болып қалыптасып кетті. Біз әзірге осы жұмыста көзіміз үйреніп, құлағымыз жаттыққанша біресе *единица (бірлік)* деп, біресе *бірлік (единица)* деп жақша ішіне не орысша, не қазақша баламасын қоса көрсетіп, екі тілдегі атауды да жұмсадық.

Тіл білімінде орысша *мотив, мотивация* деп ұсынылатын ұғымның қолданылуы жиі кездеседі. Мұны да бұрын орысша түрінде жұмсап келсек, енді *уәж, уәждеме* деген қазақша сәтті баламаларын ұсынып жатырмыз. Лексикалық нормаларды әңгіме еткенде әдеби нормаға өтуге оңтайлы, мүмкіндігі бар сөздерді бұрын *потенциалдық сөздер* деп келіп едік, енді оларды *әлеуетті бірліктер* деп қазақша жиі атаймыз. *әлеует* – «потенциал», *әлеуеттілік* – «потенциальность», *әлеуетті* – «потенциальный» дегендердің қазақша терминдік баламалары екенін аңғартамыз.

Тақырыпқа қатысты терминдердің баршасының қазақша баламасын іздеп табу мүмкін де емес, шарт та емес, сондықтан *норма, стиль, лексикология, лексикография, диалектология, фонетика, морфология, морфема, лексема, сема, фонема, фонология, фонетика* сияқты халықаралық ғылыми терминдерді осылайша қабылданған түрінде пайдаланып отырмыз. Термин жасау теориясы бойынша абстракт ғылыми атауларды мүмкіндігінше бір тілден екінші тілге аударып алуға болады,

өйткені тілдердің қай-қайсысында да әр алуан ұғым аттары бо-латыны белгілі, тек қиындық семантикалық үйлесімі бар, яғни мағынасы жуық келетін қазақ сөзін табуда және оған жүйемен келетін жұрнақ түрін жалғауда болады.

Ғылымның қай саласы да бір елде, бір халықта жеке-дара, томаға-тұйық дамымайды, тіл жағынан қарым-қатысы күшті көрші халықтардағы, тіпті дүние жүзіндегі ғылым жетістіктерімен, негіздерімен, жаңалықтарымен білісіп, бөлісіп отыру – бүгінгі заманның талабы. Басқа тілдердегі, әсіресе Еуропа елдері мен орыс қоғамындағы ғылыми әдебиетті оқымай, білмей, бір ғана тілдегі (айталық, тек қазақ тіліндегі) әдебиетпен сусындап, ғылым салаларын дамыту мүмкін емес. Сондықтан кейбір терминдердің көптеген ұлт тілдеріне ортақ, таныс болып келуінен қашқақтауға болмайды. Қазақ білімі де осындай шарттылықтан тыс тұра алмайды.

Лингвистикалық терминдер жайында бұлайша арнайы сөз қозғап отырғанымыздың уәжі бар. Алдымен, термин мәселесінің тілдің лексика саласындағы нормалану процесіне тікелей қатысы болғандықтан, олардың осы еңбекте кездесетіндерінің бірқатарының білдіретін мағынасын, яғни ғылыми дефинициясын айқындап алуды жөн көрдік, бұл әрекетіміз осы еңбекті бірқыдыру түсініп оқуға жәрдемдесер дейміз. Бұл жұмыс тек тіл мамандары үшін емес, тілді дұрыс пайдалануға ниеттен-ген қалың көпшілікке, әсіресе бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне, мектеп мұғалімдері мен студенттерге, баспа қызметкерлері мен жазушы, журналист сияқты қалам иелеріне қарата жазылғандықтан, мұндағы ғылыми терминдердің мейлінше түсінікті болуын көздедік, ал бұларды жиі қолданған себепіміз – бұл жұмыстың ғылыми – теориялықта, қолданбалы – тәжірибелікте сипаты болуы көзделді.

Екіншіден, қазақ тілінің нормалары жайында арнайы тұңғыш рет жазылып отырған бұл кітапта қазақша емес терминдердің біршама көбірек қолданылған себебімізді дәлелдеуді де жөн көрдік.

Бұл жұмыстың «Кіріспесінде» сөз етуге болатын әңгіме қырлары көп, дегенмен солардың тақырыпқа қатысты екі-үшеуін ескертсек дейміз. «Тіл» дегеннің өзін ауызша сөз не-

месе айтылған сөз, жазба сөз немесе жазылған сөз деп екі түрге бөліп қарастырамыз. Бұл жердегі «сөз» термині тілдің қолданыстағы қалпы, орысша «речь» дегеннің баламасы ретінде алынып тұр. Тілдік норманы әңгіме етуге келген-де «тіл» деген жалпы ұғымды бұлайша нақтылап алу және оның қолданыстағы қалпын сөз ету – заңды, өйткені «норма» дегеніміз – тілдің дұрыстық-бұрыстық сәттері туралы ұғым болса, тіл заңдылықтарының дұрыстық-бұрыстығы қолданыс үстінде көрінетіні белгілі.

Ауызша сөздің өзі ауызша әдеби тіл және ауызекі сөйлеу тілі деп екіге бөлінеді де олардағы сөзқолданыстарында айырмашылық болады.

Жазба сөз де біркелкі емес: бейтарап (нейтральный) тілдің, яғни ғылыми әдебиеттің, кеңсе-іс қағаздары тілінің, бұқаралық ақпарат құралдары тілінің қолданыста өзіне тән нормалары бо-лады. Бұлар әдетте ресми тіл, қатаң тіл, тұйық стильдер деп та-нылса, бұл тілдерден көркем әдебиеттің тіл қолданысы мүлде бөлек тұрады, ол – ашық тіл, мұнда стильдік тұйықтық жоқ, ол жазба тілдің өзге стильдерінің элементтері түгіл, ауызекі сөйлеу тілінің бірліктерін де бойына сіңіре алады. Міне, тілдік нормаларды танып-танытуда осындай бөліністерді қатты еске-ру керек.

Тұтас алғанда, тілдік нормалар, әсіресе жазба сөз нормалары – мүлде өзгермейтін, «консервіленген» құбылыс емес. Уақыт өткен сайын тілдің өзі сияқты, оның әр алуан тұстарындағы нормалары да өзгеріп отырады, бірақ бұл өзгерістер түбегейлі емес, яғни тілдің барлық нормасы түп-тамырымен өзгермейді, жеке сәттері өзгереді және олардың өзі – бір сәттік, кенет болатын өзгеріс емес, ұзақ уақытты алатын қозғалыс болады. Сондықтан тілдік норма мәселесін қарастырғанда, тіл дамуының белгілі бір кезеңін алып, синхрондық тұрғысынан зерттеу (тану) керек. Әрине, ғылым үшін диахрондық аспектіде зерде-леуге болады, бірақ мұндай зерттеуде, біздің байқауымызша, тәжірибеде пайдалы нәтиже күтетін прагматикалық мақсат көзделмейді, мұнда тілдің тарихи дамуының объективтік заңдылықтарын ашу үшін әрбір тілдік құбылыстың іліктестігі, жалғастылық сипаты, өзгерістерінің негізі (себебі) сияқты із-

деністер жүргізіледі. Диахрондық зерттеулердің тілдік нормаға келгенде ғылым үшін мәні зор болғанмен, қазіргі таңда біз-ге керек болып отырғаны – синхрондық сипаттағы, яғни дәл бүгінгі кезеңдегі қазақ әдеби тілі нормаларының күй-қалпын танып-білу және оны тек мамандарға таныту үшін емес, қазақ тілін пайдаланып отырған қалың жұртшылыққа таныту, сол арқылы тіл мәдениетін көтеру болып отыр.

Дегенмен бұл зерттеулердегі *синхрондық үзік* (синхронный срез) дегеннің өзі тағы шартты деуге болады. Әсіресе лексика саласында тіл тіршілігі бірнеше онжылдық түгіл, бірекі онжылдықтың барысында ешбір өзгеріссіз (синхрондық) қалыпта көрінбейді. Әсіресе біздің қоғамымызда соңғы онжылдықта (1990 жылдардан бермен қарай) болып жатқан әлеуметтік, саяси, тіпті мәдени өзгерістер мен дүмпулер тілді де, оның сөздік қазынасын да айтарлықтай қозғалысқа түсіргенін көріп отырмыз. Демек, қазақ тілі дамуының синхрондық үзігі деп отырған кезеңнің өзінде диахрондық фактілер орын алып жатыр. Бұған бірқатар орысша аталып келген терминдер мен жай сөздердің қазақша баламасын ұсыну, жаңа тұлғаларды жа-сауда сөз біріктіру сияқты кейбір амалдардың жандануы, жаңа сөз жасаушы жұрнақтардың алмасуы тәрізді факторлар себеп болып отыр.

Әдетте тілдің өзінде қалыптасқан нормалар ережелер-мен ұсынылған, кодификацияланған нормаларға қарағанда, әлдеқайда тұрақты, тиянақты болады. Ал ережемен реттелген, кейін ұсынылып хатқа түскендерін бұзу тәжірибеде аз кездеспейді. Бұл – норма ауысу құбылысын тудырады. Әрине, тілдік норманың түгелімен ауысуы дейтін болмайды, ол күнде тілдің өзі ауысып, басқа тіл болып кетуі керек қой, «норма ауы-суы» – шартты атау.

Қысқасы, ұсынылып отырған бұл жұмыста қазақ әдеби тілі нормаларының синхрондық үзіктегі, атап айтқанда, соңғы онжылдықтардағы күй-қалпы, реттеліп, қалыпқа келуі, хатқа тіркелуі сөз болады. Тілдік-стильдік нормалардың тарихы, яғни қозғалысы, даму (жетілу, өзгеру) кезеңдері, оған әлеуметтің араласуы, ірі-ірі қайраткерлердің қызметі туралы зерттеулер – өз алдына жеке монографиялық ізденістер болмаққа керек. Бұл

– әрі қарайғы міндеттердің бірі. Тілдік нормалардың қалыптасу, даму, жетілу (қалыптасу) тарихы – әдеби тілдің өзінің жалпы тарихымен ұштасып жатады. Тілдік нормалардың эволюциясында қоғамның әлеуметтік, саяси өмірінің қозғалысы үлкен рөл атқарады. Әсіресе тілдік нормалардың қалыптасуында тілдің табиғатынан тыс экстралингвистикалық факторлардың да үлесі болатындығын ескерсек, әлеуметтік, саяси, мәдени «қамшылар» мен «тоқпақтарды» ескеру қажеттігі даусыз. Қазақ тілінің бүгінгі тағдырында халықтың сауаттылық деңгейінің көтерілуі, бұқаралық ақпарат каналдарының өріс алуы, әлеуметтік қызмет өрісінің кеңеюі және «мемлекеттік тіл» ста-тусына ие болып, саяси құқығының көтерілуі үлкен мән алып, оның барлық жағынан дамуына, нормаларының қалыптаса түсуіне зор ықпалын тигізіп отыр.

Әдеби тілдің нормативтік базаларын (негізін, көзін) анықтаудың да мәні зор. Өзге тілдер сияқты қазақ тілінің нормаларының негізі – жалпы халықтық сөйлеу тілі. Тілдік нормалар сол тілдің құрылымдық жүйесінен шығады, яғни тілдік жүйеге сай құрылымдық тәртібі – тілдің табиғи (өзіндік) нормаларын түзеді. Бұл нормаларды ұрпақтан ұрпаққа ұластырып отыратын кумулятивтік қызметті ауызша сөйлеу тілі, ауыз әдебиеті, жазу пайда болған кезеңдерден бастап жазба үлгілер атқарады.

Тіл дамуының кейінгі кезеңдерінде тілді пайдаланушылардың, зерттеушілердің, негізінен ғалымдардың өздері реттеп, көрсеткен, хатқа тіркеп, тұрақтандырған (кодификациялаған) нормалары да болады (олар жөнінде мысалдарымен дәлелденіп, келесі тарауларда сөз етіледі). Сан жағынан, тұрақтылығы тұрғысынан, дұрыстығы жөнінен, әрине, табиғи нормалар басым болады, олар өзгеріске көп түспейді. Жаңадан ұсынылатын нормалардың дұрыс-бұрыстығын табиғи тіл нормаларының параметрімен өлшеп танымыз, яғни тілдік жүйеге (құрылымға) сәйкес келу-келмеуіне қарап, таңдаймыз.

Әдеби нормадан уәжді және уәжсіз ауытқу және олардың орын алу себептері де – тіл мәдениетінің өзекті проблемасы. Бұлар жөнінде де жұмыстың өн бойында, әсіресе лексикалық нормалар, норма және варианттар, көркем әдебиет стилінің тілдік-стильдік нормалары туралы тарауларда нақты баяндалады. Кіріспеде тек уәжсіз ауытқудың түрлерін атап кетелік. Олар:

1) әдеби баламасы бар жерде ешбір стильдік не өзге мақсат көздемей диалектизмдерді, қарапайым сөздерді жұмсау, бұл – көбінесе тілге жауапсыздықтың немесе әдеби норма мен нор-мадан тысқары тұратын бірліктерді айыра білмеушіліктердің салдарынан пайда болады;

2) қажетсіз тұста жаңа жасанды тұлға (сөз) ұсыну (мысалы, касса *жұмыстады*) және оның мағына жағынан сәтсіз шығуы; 3) штампқа айналған ерғашқы тіркестерге үйірсектік (*май-*

талман тракторшы, биік тұғырдан, көріну, ырғақты жұмыс т.т.);

4) сөз мағынасын, әсіресе көне, сирек сөздердің беретін ұғымын дұрыс білмей жұмсау, бұл ауытқу көбінесе теледидар мен радиода, газет-журнал беттері мен көркем әдебиетте кездеседі (мысалы, теледидардан: Чилидің бұрынғы билеушісі Пиночет туралы: 82 жасар Пиночет – *жастағы* болса керек, *жасар* – баланың жасына қатысты айтылады: *бір жасар, бес жасар*);

5) әдеби тіл нормасынан, тіпті жалпы сөйлеу тәжірибесінен шығып қалған араб, парсы сөздері мен морфологиялық элементтерді тықпалау (*һәм, уа һәм, -и* жұрнағын жандандыру: *әйелі, заңи*);

6) ғасырлар бойы қалыптасқан тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді стильдік мақсат көздеп, өлең шарттарына жауап беру үшін емес, жай баяндауларда (көбінесе көркем әдебиет пен публицистикада) компоненттерін ауыстырып жіберу (мысалы, «ағайынға қадірім жоқ – бетімді көреді, қатыныма қадірім жоқ – етімді көреді» деген мәтелді жазушы Қ.Ысқақов «ағайынға қадірім жоқ – аруағымды біледі, қатыныма қадірім жоқ – тәнімді көреді» деп өзгертіп қолданған. Екінші мысал: «той тойға ұлассын» деген тілекті «той тойға *жалғаса берсін*» деп өзгертіп қолданғанда, әрине, *ұласу* мен *жалғасу* сөздері синонимдер болғандықтан, мағынасына нұқсан келмейді, бірақ тілек-бата сөздерінің бір белгісі мейлінше ықшамдылығы, дыбыс гармониясы (**о ~ ұ**: *той тойға ұлассын*) бұзылып тұр. Мұндай ауытқулар жеке сөздер мен тіркестердің өз орнын-да дұрыс қолдану нормасын бұзады, екіншіден, стильдік-көркемдік нормадан шығып кетеді.

Мақал-мәтелдер – халықтың ғасырлар бойы түйген философиясы, даналығы ғана емес, тіл маржандары, әбден ықшамдалған, әрбір сөзінде бірнеше қосалқы мағына бар әрі құлаққа жағымды сазды ғаламат дүние екені мәлім. Олардың беретін мағынасын, кейде жұмбақ сияқты түйінін табу қиындау болып келеді. Сондықтан болар, кейбіреулерін дұрыс өз мағынасында қолданбаймыз. Кезінде газет бетінде «құлағына алтын сырға» деген нақыл сөздің мағынасы «бұл сөзді естімеген болсын, құлағына бұл айтылған сөзді емес, алтын сырғаны таққан болайық» дегенге меңзейді, ал бұл күнде мұны «осы айтылған сөзге құлақ салсын» деген мағынада жиі қолданады, «бұл – дұрыс емес» деген пікірлер айтылған болатын.

Демек, тілдің ғасырлар бойы сомдалған асыл бұйымдары: тұрақты бейнелі тіркестер мен мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, бата-тілектерді өз мағынасында және құрамына қиянат жасамай қолдану – тілдің бүгінгі мәдениетіне, сындарлығын сақтауда қойылатын талаптың бірі. Ғалымдар мен әлеумет көңілін бұл сала да алаңдатады.

7) Қазақ тілінің орфоэпиялық (сөзді дұрыс айту, дұрыс дыбыстау) нормаларын сақтамай, одан ауытқитын тұстары бар. Бұл ауытқулар ауызша сөйлеушілердің, әсіресе шаршы топ алдына шыққандардың, теле-, радио дикторларының, комментаторларының, кейбір әншілер мен әртістердің тарапынан байқалады. Бұл – сөз сазы деп аталатын орфоэпиялық нормаларды жақсы білмеушіліктің, оған мектептер мен жоғары оқу орындарында дұрыс үйретілмейтіндіктің және жалпы жұртшылықтың сөзді дұрыс айту дегенге өз дәрежесінде мән бермеушіліктің салдарынан туып жатқан ауытқулар.

Әдеби нормадан уәжді және уәжсіз ауытқулар мысал-фактілерімен кітаптың барлық тарауларында көрсетіліп отырды.

Сөйтіп, бүгінгі таңда қазақ тілін зерттеушілердің де, ана тілінің дұрыс дамуына мүдделі қалың жұртшылықтың да тілге, тіл мәдениетіне, нормаларына қатысты назарын аударып отырған мәселелер мынадай:

1) тілдің графикалық құралы, яғни ең қолайлы, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сай келетін әліпби (алфавит) таңдау, бұл проблема қазақ жұртшылығының жазу таңбасын өзгертіп, ки-

риллицадан латынға көшу саясаты көтерілген кезеңде туып отыр;

2) емле мәселелері, қазіргі қолданып отырған жазуымыз бойынша түзілген емлеміздің қырнайтын, толықтыратын, ықшамдайтын тұстары барына назар аудару және қазіргі емле қағидаларының негізінде латын жазуына сәйкестендіріп жасалатын емле ережелерін дұрыс түзу;

3) жазудың тілдік нормаларды қолдануға және оларды қалыптастыруға қатысты оң және қолайсыз сәттері, яғни орфографиялық нормалар мен орфоэпиялық заңдылықтардың бір-біріне қайшы тұстары, оларды реттеу жолдары;

4) ғылыми және басқа да терминология жайы; төл тілдік және кірме терминдердің арасалмағы; термин жасау принциптерін тұрақтандыру; кірме терминдердің тұлғалануы (жазылуы мен айтылуы);

5) лексикалық қазынаны байыта түсу мақсатын жалау етіп, қазіргі қазақ тілін әдеби нормадан тысқары тұратын элементтерді, оның ішінде әсіресе жергілікті сөздерді ешбір уәжсіз қолданудан сақтандыру, көне, сирек сөздердің де қолданысына қатаң қарау, олардың мағынасын дәл біліп, орнымен жұмсауды, көпшілікке түсініктілігін талап ету;

6) тіл мәдениетін, тілдік нормаларды насихаттайтын, түсіндіретін, үйрететін ғылыми-практикалық, анықтамалық құралдардың өте аздығы, барларының араларына 5-10 жыл салып келесі басылымдары әрең жарық көретіндігі;

7) мектептер мен жоғары оқу орындарының оқу кестесінде тіл мәдениетіне арналған сағаттардың не жоқтығы, не жеткіліксіздігі.

Бұл – жалпы түрде аталған проблемалар, олардың сыртында жеке мәселелерге қатысты танымдық та, ғылыми да, практикалық та іс-қарекеттер тұрғанын айтуға болады.

ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Бұл күнде қазақ әдеби тілінің жазба да, ауызша да түрлерінің лексикалық, грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық, орфоэпиялық, стильдік нормалары бірқыдыру (едәуір десе де болады) орнығып қалғандығын айта аламыз. Сондықтан да соңғы 30-40 жылдың барысында тіл мәдениеті проблема-сы көтеріліп, ол арнайы зерттеу саласына, яғни лингвистика ғылымының бір тармағына айналды. Тіл мәдениетінің бас-ты-басты тарамдары (мәселелері) айқындалып, мазмұны мен объектісі, теориясы мен әдістері белгілене бастады. Дегенмен бұл салада әлі қолға мықтап алынбаған істер мен шешілмеген проблемалар аз емес: тіл (немесе сөз) мәдениетіне қатысты ғылыми терминдерден бастап, жалпы теориясын жасауға, әсіресе ұлттық тіл мәдениетінің ерекше сипаттарын ашуға дейінгі жұмыстар ізденушілері мен зерттеушілерін күтіп тұр.

Ең алдымен, тіл білімінің осы саласын қазақша қалай атаған дұрыс: «тіл мәдениеті» ме, «сөз мәдениеті» ме, «сөйлеу мәдениеті» ме? Орыс тілінде көбінесе «культура речи» деген термин қолданылып жүр. Сонымен қатар оның синонимі ретінде «культура языка» деген тіркесті де біраз уақытқа дейін (тіпті қазірдің өзінде де) қолданылғандығы байқалады. Орыс лингвистикасында «язык» және «речь» деген терминдер – дербес атаулар: «язык» – тілдің өзі («таңбалар жүйесі») болса, «речь» – сол тілдің қолданыстағы күйі (көрінісі).

Тіл мәдениеті, яғни тілдік элементтердің дұрыс қолданысы, сол тілді жұмсау барысында талап етіледі, демек, бұған «культура речи» деген термин дәлірек келеді. Ал қазақ тіл білімінде «язык» пен «речь»-ті айырып атайтын терминдер әлі қалыптаспай келеді. «Язык» дегенді «тіл» делік, ал «речь»-ті қалай атауымыз керек. Оны «тіл», «сөз», «сөйлеу», «тіл қолданысы», «қолданыс» деп әрқайсымыз әртүрлі беріп жүрміз. «Культура речи» деген сияқты білім-ғылымның жалпы бір саласын атау керек болғанда «сөз мәдениеті» деп алған дұрыс сияқты, ал баяндау барысында, контексте «қолданыс», «тіл қолданысы», «сөйлеу» деген сөздер де «речь» мағынасын бере алады (мен өз еңбектерімде тығырықтан осылайша шығып жүрмін). Сірә,

жалпы пәндік термин ретінде «сөз мәдениеті» дегенді таңдаған дұрыс болар. Өйткені бұл жерде әңгіме ойымызды ауызша да, жазбаша да дұрыс («мәдениетті») білдіру туралы болмақ. Ал «ой» дегеніміздің бір атауы – сөз.

Тегі, қазақ тілінде *сөз* өзінің семантикалық өрісікең: 1) сөз – лингвистикалық единицаны білдіретін термин («сөйлем бес сөзден тұрады»; «сөйлемдегі әр сөздің қызметі бар»; «бұл *сөз* ілік септікте тұр» деген сияқты қолданыстарда); 2) айтылған ой, пікірді де қазақ *сөз* деп атайды («сенің *сөзіңе* қосыламын»; «оның *сөзі* дұрыс»); 3) топ алдында сөйлеген сөз, жасалған баяндама, оқылған лекцияларды да жалпы «сөз» деп атай береміз («жиналыста пәленшенің *сөзі* дұрыс шықты»); 4) поэзияны да «сөз» деп атауды ұлы Абайдың өзінен табамыз («Сөз айт-тым Әзірет Әлі, айдаһарсыз», «Сөз түзелді, тындаушы, сен де түзел», «Кім біледі, жабырқаңқы жазған *сөзім*» т.т.), қысқасы, осы сияқты толып жатқан мағыналарды білдіреді. Соның ішінде «айтылған ой, пікір» деген мағынасы жиі кездесетіндігі байқалады. Мұны *жылы сөз, тәтті сөз, бос сөз, жел сөз, сөз болу, сөз қайыру, сөз татпау* сияқты тіркестердегі «сөз»-дің коннотаттық (ауыспалы, қосымша) мағыналарынан аңғарамыз. Біздіңше, тіпті қазақ тілінде «сөз» сөзінің денотаттық (тура, негізгі) мағынасы – «ой, пікір» сияқты, ал лексикалық бірлік-ті (единицаны) «сөз» деп атау – Ахмет Байтұрсынов ұсынған лингвистикалық термин, демек, бұл – лексеманың коннотаттық мағынасы десек болар. Осы уәждерге сүйеніп, тілдің ойды білдірудегі көрінісі, қолданысы – «речь» дегенді «сөз» термині-мен атап, қалыптастырсақ, сонда «сөз мәдениеті» деген тіркес «культура речи» дегеннің дәл баламасы болып шығар еді.

Ал «тіл мәдениеті» дегенді бірден ығыстырып тастауға тағы да болмайды, өйткені, біріншіден, ол – бұл күнде қазақ тіл білімі зерттейтін қолданбалық мәні зор саланың атауы ретінде біршама қалыптасқан термин болса, екіншіден, ой-пікірді тіл арқылы білдіруде сөздерді орнымен жұмсап, сөйлемдерді дұрыс құрастырудан өзге де сәттер бар екені, яғни түзулікті, дұрыстықты («мәдениетті»), жазудағы сауаттылықты, сөйлеу актісіндегі сөздерді дұрыс дыбыстай білу сияқты тұстарды қоса

есептесек, жалпы «тіл мәдениеті» деген термин де оңтайлы келеді. Әсіресе бұл атауға кеңірек ұғымды сыйғызып, бүгінгі әдеби тілдің нормаларын сөз еткен тұста қолдансақ, дұрысырақ болатын тәрізді.

Тіл мәдениеті – қазақ тіл білімінің зерттеу нысандарының (объектілерінің) ішінде кейінірек қолға алынған саласының бірі. Бұл саланың өзге нысандардан айырмасы – оның күнделікті өмірмен, тілді қолдану тәжірибесімен тікелей ұштасып жататындығында. Сондықтан тіл мәдениетін ғылыми-практикалық тұрғыдан сөз етуде зерттеу жұмыстарына динамикалық-тарихи қырынан келуден гөрі, статикалық тұрғыда қарастыру бірінші кезекте тұрады, яғни тіл мәдениетінің қалыптасу тарихы, әр кезеңдердегі сипаты дегеннен гөрі, дәл бүгінгі жай-күйі, проблемалары, даму бағыты, болашағы (пер-спективасы) деген мәселелерге алдымен көңіл аударылады. Мұны тіл қолданысының өзі сұрайды, бұл – бүгінгі әлеуметтік сұраныс.

Тіл мәдениетінің өзге салалардан кешірек, кейінірек қолға алынуының объективтік себептері бар. Тілдегі мәдениет деген-ді әңгіме ету тілдік нормаларының, яғни қолданыс заңдылық-тарының қалыптасып, едәуір тұрақталған әдеби тілдің бо-луына, оның жазбаша да, ауызша да түрін қалың жұртшылық тұтас пайдалана бастаған кезіне тікелей байланысты. Әсіресе көркем әдебиет пен баспасөздің, радио мен телевидениенің (теледидардың), ұлт театры мен киносының дамыған кезінде тіл мәдениетіне, яғни тілді дұрыс, әдемі қолдануға, жазу сауаттылығына ерекше назар аударылады. Сондықтан мәдениетін талап ететін құбылыстың өзі әбден күшіне енген-ше, тіл туралы ғылым-танымның бұл тармағының кешендеп қолға алынуы – заңды да түсінікті.

Тіл мәдениетін зерттеушілер, әсіресе орыс тіл мамандары, бұл проблема жазба әдеби тіл кезеңінің сұранысы деген-ді айтады. Мұның да қисыны бар. Тіл мәдениетінің өзегі тіл-дік нормалардың қалыптасуында, біршама тұрақталуында, заңдастырылып хатқа түсуінде (кодификациясында) жатса, бұлар бүгінгі ұлттық жазба тілдердің қам-қарекеттері.

Бізде тіл мәдениеті дегенге соңғы 30-35 жылдың барысында ғана айтарлықтай көңіл аударылып, ол тіл білімінің бір сала-сына айналды, ғылыми ізденістер мен практикалық жұмыстар дүниеге келді, атап айтқанда, Қазақстан Ғылым академиясының А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында арнайы бөлім ашылып жұмыс істеді, сауатты жазу, сөздерді дұрыс дыбыстау, дұрыс қолдану сияқты салаларға арналған анықтағыш құралдар, сөздіктер, мақалалар мен жинақтар жарық көрді, диссертациялар қорғала бастады. Тіл мәдениетіне, оның ішінде әсіресе терминология, емле мәселелеріне қатысты пікірлер мен ұсыныстар айтылды¹. Тіл мәселелері жайында әлеуметтік пікірдің пайда болуына күнделікті баспасөз бен радио, теледидар, қысқасы, бұқаралық ақпарат құралдарының баршасы мейлінше ат салысып келеді.

Тіл мәдениеті проблемасының теориялық негіздерін анықтау, талдау тәсілдерін іріктеу сияқты жұмыстардан бастап, таза ғылыми монографиялар жазу, күнделікті қолданысқа қажет құралдар: анықтағыштар, сөздіктер, тіпті оқулықтар беру тәрізді қыруар практикалық жұмыстар алдымызда тұр. Өйткені күні бүгінге дейін бұл салада біраз ғылыми еңбектер жазылып, практикалық шаруалар жасалғанымен, олардың әлі де толықтыратын, нақтылайтын тұстары баршылық. Әсіресе

¹ Балақаев М. Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері. - 1-басылым. - Алматы, 1965 - 2-басылым. - Алматы, 1971; Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. - Алматы, 1989; Сыздықова Р. Қазақ тілі жайында анықтағыш. 1-басылым. - Алматы, 1960. - 2-басылым. - Алматы, 1974. - 3-басылым. - Алматы, 1996; Жинақтар: Сөз мәдениеті және баспасөз. - Алматы, 1972; Өрелі өнер (тіл мәдениеті туралы). - Алма-ты, 1976; Сөз өнері (тіл мәдениеті туралы). - Алматы, 1978; Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. - Алматы, 1984; Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. - Алматы, 1998; Ұйықбаев И. Қазіргі қазақ тіліндегі варианттар проблемасы. - Алматы, 1976; Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. - Алматы, 1988; Бизақов С. Тілдік норма және варианттылық. - Алматы, 1997 сияқты еңбектерді және Қазақ тілінің үлкен орфографиялық сөздігі. - 1-басылым. - Алматы, 1963. - 2-басылым. - Алматы, 1978. - 3-басылым. - Алматы, 1988; Мектепке арналған орфографиялық сөздік. - Алма-ты, 1972, сондай-ақ М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, М.Әлімбаев, Т.Әлімқұлов, Д.Досжанов, А.Сейдімбеков, М.Ысқақбаев сияқты жазушылардың, Ә.Қарақұлов, М.Қарақұлов, І.Жарылғапов сияқты журналистердің және көптеген тіл мамандарының әртүрлі жинақтар мен мерзімді баспасөз беттерінде сөз қолдану мәдениетіне, қазақ жа-зуы емлесіне, терминология мәселелеріне арналған мақалаларын қараңыз (оларды Ш.Сарыбаев құрастырып жарыққа шығарып келе жатқан «Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» атты кітаптардан табасыз. Олардың 1-томы 1965, 2-томы 1971, 3-томы 1982, 4-томы 1982, 5-томы 1987, 6-томы 1994 жылдары «Ғылым» баспасынан жарық көрді).

тіл мәдениетіне қарата айтылған кейбір ұсыныстар жеке адамдардың «меніңше, былайшасы – дұрыс, былайшасы – бұрыс» деген сияқты ғылыми дәлелсіз, тек жеке бастарының танымына (дәлірек айтсақ, талғамына) қарай айтылған пікірлер түрінде көрініп келеді, яғни бұл жерде дилетанттық сипат та жоқ емес. Дилетанттық тұжырымдар әсіресе тіл маманы емес, жазушы, журналистердің аузынан (қаламынан) жиірек шығады. Дилетант деп өзінің мамандығынан, білім-танымынан аулақ тұрған саланың мәселелерімен әуестенушіні атаймыз. Дилетант мәселеге арнайы дайындықсыз келіп, үстіртін пікір айтады. «өлеңге әркімнің де бар таласы» дегендей, тілге келгенде де, әркімнің өз танымы, өз байламы, өз бағасы болады. Мәселенің ғылыми негізін қаузап, арнайы зерттелмегендіктен, дилетанттардың пікірлері субъективтік болып шығады. Тіл мәселесіне, оның мәдениетіне, жұмсалып нормаларының түзу-терістігіне қатысты дилетантизм мен субъектизмнің пай-дасы мен зиянын айыру қиынырақ соғады, кейде пайдасынан зияны көбірек болуы да мүмкін.

Сөйтіп, «тіл мәдениеті» деп нені танимыз? *Мәдениет* деген сөздің семантикасында «дұрыстық», «түзулік», «тәртіптілік», «жүйелілік», «реттілік», «қисындылық», «сәйкестік» деген сияқты мағыналық реңктер (семалар) жататыны белгілі. Бірақ әңгіме ненің дұрыстығы, немен сәйкестігі, қандай реттілік, қандай тәртіптілік, ненің қисыны деген сияқты сұрақтарға жауап іздегенде, «тіл мәдениеті» деген құбылыстың заттық, ұғымдық мәні күрделі екендігі байқалады.

Тіл мәдениеті, ең алдымен, әдеби норма дегенге тіке-лей қатысты. Жалпы тіл білімінде (шетелдік те, орыстық та, қазақтық та) біршама қалыптасқан тұжырымдарға иек артсақ, тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік нормаларды, оның ішінде әдеби тіл нормаларын дұрыс сақтау әрекеті болып табылады. Кейбір зерттеушілер бұл салаға кеңірек міндет артып, тілдің көріктеу құралдарын, яғни стилистикалық заңдылықтарды дұрыс пай-далануды да сөз мәдениетінің объектісі деп таниды². Бұл пікір-ді біз де әбден қостаймыз.

² Крысин Л.П., Скворцов Л.И., Шварцкопф Б.С. Проблемы культуры русской речи (обзор) //Известия АН СССР. - ОЛЯ. - 1961. - Т. 20. - Вып.5. - С. 428-429.

Сөйтіп, тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс киоластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді эсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетіл-діру. Осылардың бәрін қосып, «тіл мәдениеті» деген ғылым-таным саласын «ортология» деп атаушылық бар, яғни ортоло-гия – сөздің (тілдің) дұрыстығы туралы ілім. Бұл атауды біз де қисынды санаймыз.

Тіл мәдениеті атқаратын міндеттерінің бірі – қай қолданыс бұл күнде норма болып табылады, қайсысы – жоқ деген мәселелерді түбегейлі зерттеу. Өйткені тілдің мәдениетін танытатын шарт – тек жоғарыда салалап көрсетілген нормаларды ұстанып қана қою емес, ол нормалардың өздерінің дұрыстығын, сындарлығын тап басып тану және дұрыс деп қабылдау.

Тілдік норманың өзі «дұрыс» деп бағалануы үшін ол тілдің құрылымдық заңдылықтарына сай келуі керек. Мысалы, бұл күндерде қазақ тілі сөздігі *тәлімгер, айтыскер, жүлдегер, иегер, саясаткер* сияқты ондаған жаңа тұлғалармен толығуда және олар нормативтік элементтер ретінде әдеби тілден берік орын тебуде. Бұл неологизмдер сөзжасам жүйесінде бар нормаға сай келіп тұр: **-гер** – адамның кәсібін, мамандығын, бір нәрсеге қабілеттілігін білдіретін жұрнақ: *саудагер, жұмыскер, қызметкер* т.т.

Тіл мәдениетін статикалық тұрғыдан, яғни қазіргі күй-қалпын әңгіме еткенде, тілдік норма дегеніміздің бір кезеңде ғана қалыптасып, әрі қарай өзгермей қатып қалатын құбылыс емес екендігін де қатты ескеру керек. Норма – тарихи-өзгермелі құбылыс болғандықтан, тіл дамуының бір кезеңінде норма ретінде қабылданған (қолданылған) тілдік элемент екінші кезеңінде нормадан ығыстырылуы мүмкін және керісінше, өйткені тілдік норманы анықтауда әлеуметтік талғам негізгі рөл атқарады, ал әлеуметтік талғамды күнделікті өмір қажет-тігі, тілді пайдалану практикасы белгілейді. Осы себептен кейде тілдің құрылымдық заңдылығына сай келмейтін қолданыстардың да норма деп танылып, әдеби тілден орын алуы мүмкін. Мысалы, **-ыр/ір, -ар/-ер** тұлғалы есімшеге **-ман /-мен**

жұрнағы жалғанғанда, ол тұлға қазақ тілінің жалпы құрылымдық нормасы (заңдылығы) бойынша алдымен, затты, құбылысты емес, қимылды білдіреді, яғни етістік болып қалуы керек және ол әлі орындалмаған, бірақ жүзеге асуға таяп тұрған, енді-енді орындалатын іс-әрекетті білдіруі тиіс. Мысалы, *ол жыларман болды* дегенде, «ол адам әлі жыламаған, бірақ жылауға тақау» деген ұғымды береді. «Көшерменде жұрт жаман, тастарманда қатын жаман» деген мәтелде *көшермен* тұлғасы ауылдың әлі орнынан қозғалмаған, бірақ көшпелі шаруашылық қамымен тозған орынды ауыстырып, отты-сулы жаңа өңірге көшу қажеттігі таянған қам-қарекетті білдіреді, ауыл әлі көшкен жоқ, бірақ енді-енді көтерілетін кезі туғанда, тозған жұрт «жаман» деген баға алады, тұздары жараспаған жұбайлар да – сондай, қазақтың бұрынғы (мәтел дүниеге келген кездегі) саясатында мұндай жұбайлар қазіргідей тепе-тең тұрып соттасып айырылыспайды, ері әйелін «тастайды»: төркініне қайтарады, үстіне әйел алады немесе басына отау тігіп, алдына мал салып, бөлек шығарады. Қазақтың әдет-ғұрып заңы («Обычное право казахов» деген заң) бойынша да, мұсылман дінінің шариғаты бойынша да бір күнде әйелін «тастай салу», ажырап кету оңай болмаған, тастай алмай, бірақ қарым-қатыстары соған әбден жақындаған сәтті қазақ «тастарманда» деп бір тұлғамен білдірген. Қысқасы, **-ар+-ман** жұрнақтарымен жасалған тұлға қимыл, іс-әрекет семантикасын сақтаған. Ал бұдан 30-40 жылдай бұрын, яғни 60-жылдардың ішінде әдеби тілімізде *оқырман, көрермен, тыңдарман* деген, біздің күндерімізде, 90-жылдардың соң кезінде *оралман* деген атаулар пайда болды. Бұлар енді етістік емес, есім (зат есім) сөздер, әлі орындалмаған, бірақ орындалуға таяу тұрған іс-әрекетті емес, сөз түбірі білдіретін қимылдың, іс-әрекеттің (*оқу, көру, тыңдау, оралу* сияқты) иесін, орындаушысын атайтын атау сөз, тіпті термин сөз болып тұр. Соңғы *оралман* тұлғасы морфологиялық норманың шырқын мүлдем бұзып тұр, өйткені адамдардың қимылына, іс-әрекетіне, кәсібіне т.т. қарап *келмен, күлмен, жүрмен, ойнаман, жазман, сызман* деп атамаймыз ғой. Бұл – нормада жоқ, қазақ тілінің құрылымдық заңдылықтары мұндай норманы білмейді, оған жібермейді. Соған

карамастан, шет жұрттардан өз отанына қайтып келіп жатқандарды «оралман» деп атап, оны ресми терминге айналдырып та алдық. Бұл сөздер тілдік нормаға сай емес, қайшы келетіндігіне карамастан, қазіргі әдеби тілімізге енді, оларды әсіресе публицистикалық стиль, яғни бұқаралық ақпарат құралдары: газет, журнал, радио, теледидар, сондай-ақ ресми құжаттар (кеңсе-іс қағаздар стилі) жиі қолданып, тез тұрақтандырып келеді.

Тілдік табиғи нормаға кереғар мұндай қолданыстардың пайда болу себептері неде? Тұлға тілдің құрылымдық ішкі нор-масына қайшы келетіндіктен, оның пайда болу уәжі лингвистикалық сұраныстан шықпаған, ол – жүйелі құбылыс емес. Де-мек, бұл жерде уәжді, яғни себепін, мотивін тілдің өз зандары-нан тыс «экстралингвистикалық» деп аталатын сұраныстардан іздеу керек.

Бұл күнде *оқырман* деп атап отырған іс-қарекет иесін көпке дейін *оқушы* деп келдік. Соңғы *оқушы* деген тұлға мектепте оқитындарды атайтын терминді де білдіреді, ал ертеректе: өткен ХІХ ғасырда, тіпті ХХ ғасырдың басында мектеп оқушыларын бірде *шәкірт*, бірде *оқушы*, бірде тіпті *бала* (Кел, балалар, оқылық – Ыбырай Алтынсарин) деп атағанымыз белгілі. Кейін келе қазақ қауымында оқу-ағарту жүйесі жанданып, жолға қойылып, ондағы әрбір зат, іс-әрекет, дерексіз ұғым атаулары нақты болуы, бір-бірімен араласып кетпеуі талап етіле баста-ды. Мысалы, *оқушы* сөзі «мектепте оқитын жас (адам)» дегенді білдіреді десек, енді ол сөзбен жалпы бір нәрсені оқитын адамды да атайтын болсақ, бір-бірінен мүлде бөлек әрекет иелерін ажырата алмай, шатастыратын боламыз. Бұл ұғымдарды орыс тіліндегі атауларымен көрсеткенде, «ученик» пен «читатель» сөздерін табамыз.

Оқушы ~ *оқырман* қатарының пайда болуына орыс тілі-нің әсері, яғни аударма ісі, аударма әдебиет себепкер бол-ды деген пікірлер де айтылып жүрді. Сырт қарағанда, солай көрінгенмен, тілдегі мұндай жаңалықтардың, оның ішінде то-сын қолданыстар мен тұлғалардың сыры тереңде жатқандығын, яғни қоғамның әлеуметтік тіршілігінде, заман ағымында, сол ағыммен ілесіп отыратын рухани-мәдени-заттық сұраныстарда жатқандығын айту керек.

XX ғасырдың II жартысында көптеген халықтардың, оның ішінде империялық құрсауда болып келген бұрынғы КСРО құрамындағы үлкенді-кішілі ұлттар мен ұлыстардың және солардың бірі – қазақ халқының әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени, тіпті рухани өмірінде дүниежүзілік адамзат тіршілігінің жалпы даму тенденциясына біршама үндесетін өзгерістер, жаңалықтар пайда болды, ол әлі де жалғасуда. Бұл жаңалықтардың атаулары тілден орын алғанда, олардың көбі қазақ тілінің құрылымдық заңдылықтарына сәйкес келіп, норма ретінде орнығып жатқанын айтуға болады. Сонымен қатар жаңа қолданыстардың да лексикалық нормаға айналуы, бір жағынан, қоғам өмірінің сыртқы сұраныстарына қатысты болса, екінші жағынан, сол сұраныстармен санасқан қалың жұртшылықтың «керегі – осы сөз, осы тұлға аталмақ ұғымды дұрыс береді» деген сияқты талабы мен талғамы себепкер болып тұр.

Сондай «заман талабының» бірі – әрбір заттың, ол заттағы әрбір бөлшектің (мысалы, техника детальдарының), әрбір ұғымның өз алдына дербес, айқын түрде аталуы, өзге ұқсас дүниелермен шатастырылмауы болса, мұны жүзеге асыратын – тіл, оның лексика саласы. Айталық, XX ғасырда қазақ даласында аграрлық саясат, соған қатысты саланың бірі – егін шаруашылығы өріс алды, бұл – оны өндіруден бастап, барлық іс-шаралардың, өнімдердің атаулары нақтылана түсуін талап етті. Бір-екі мысал: *егістік жер* деген – жалпы атау, оны пайдалану процесіндегі, мерзіміндегі түрлері егіншіліктің күрделене түсуіне орай жеке-жеке атауларды қажет еткендіктен, ертеректегі қазақ шаруашылығында болмаған, айталық, *пар* деген түрінің атауы пайда болды, ол – «белгілі бір мерзімде дақылдар егілмейтін, арамшөптерден тазартылып тұратын танап» (*Танап* – «егістік жер, егіс даласы, алаң»). Енді осы *пар* деп аталатын егістіктің өзіне қатысты *пар танабы*, *пар бөлігі* (паровое звено), *парлы сына танап*, *алғы парлар* деген сияқты «детальдап» көрсететін сөздер егіс даласының бұл түрін тек *пар* деп атау қою аздық ететінін байқатады (фактілер «Егіншілік жөніндегі орысша-қазақша түсіндірме сөздіктен». - Алматы: Қайнар, 1984 алынды). Демек, бұл жерде тіл өмірдің сұранысын өтеп тұр, яғни заман ағысына ілесіп тұр.

Тағы бір мысал: сан ғасыр мал шаруашылығын жақсы игерген қазақтардың тілі мал мен адамның анатомиясы мен физиологиясына қатысты атауларға бай екенін білеміз. Бірақ бұл атаулардың ішінде ғылыми танымдарға қатыстылары жоқ болып шығуы ғажап емес. Айталық, ішкі секреция бездерінен шығып, тікелей қанға және лимфаға қосылатын зат «гормондар» дегенді бұрын қазақ атаған емес, ол – медицина ғылымы үшін қажет термин, енді осы гормонның өзінің (өсу *гормондары*, *жүрек гормоны* т.б.) жеке-жеке атауға (терминге) ие болғанын көреміз. Бұл екі мысалдың екеуінде де қазақ тілі оңай «олжалы» болған: төл қазынадан сөз іздемей-ақ не жаңа тұлға жасамай-ақ, *пар*, *гормон* деп орысша атауларды алдық, ол да – дәлелсіз емес: Қазақстанда егіншілікте орыстар («орыс тілділер») қазақтан көп болмаса, аз қатысқан жоқ, сол парларды жасайтын тың игеру сияқты науқандарда негізінен орыс адамдары мен орыстілді өзгелер қызмет етті, сондықтан *пар* сияқты сөздер орыс-қазақ баршасына түсінікті болды да қазақ тіліне де «зып етіп» ене қойды. Ал *гормон* – ғылым үшін қажет атау, бізде ғылыми терминдердің басымы аударылмай, көбі халықаралық (интернационалдық) қордан алынып отырғанын мойындаймыз.

Енді осы қатардағы бірер қазақ тілінен келтірілген фактілерге назар аударсақ. Мысалы, өткен XIX ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында пайда болып, бірте-бірте етек жая бастаған қазақ газеттерінің тілінде *мынақып* деп арабша аталған, ал XX ғасырдың 40-80 жылдарында *некролог* деп орысша аталған ұғымды соңғы онжылдықтарда *азанама* деп жаңа жасанды сөзбен беріп жүрміз. XIX ғасырдан бұрын ондай «дүниеден қайтқан адамның өмірі мен қызметі туралы жазылған алғашқы естірту мақала» дегенді қазақ білмеген, оны білдіретін баспасөзі болмаған, демек, атауы да жоқ болған. Бұл әрекетті *естірту* немесе *аза тұту* деп атай салуға болмайды: олардың этнографизмдер ретінде тілде өз орындары бар, ал *не-кролог* – жай естірту емес, әлеуметтік сипаты бар әрі жиі болып тұратын әрекет («өмір бар жерде өлім бар»), сондықтан енді бұл қарекетті жеке-дара атау керек болды, сөйтіп, *азанама* не-ологизмі дүниеге келді.

Бұл айтқанымыздың барлығы – бүгінгі тіл қолдану тәжірибемізде жана атаулардың ондап-жүздеп пайда болып жатуы-ның себептерін көрсету. Баса айтуға болатын жайт – жаңа лексикалық бірліктердің дені (өзге тілдерден аудармай қабылданатындарын, яғни кірме сөздерді қоспағанда) қазақ тілінің құрылымдық нормаларына сай жасалатындығы. Ал жоғарыда көрсетілген, *оқырман, көрермен, оралман* сияқты сөздер тілдің құрылымдық заңдылығына қайшы жасалғанмен, бүгінгі лексикалық қазынадан нық орын алып отыр. Мұндай қайшылықтар өте сирек кездеседі, көбінесе лексикалық нормативтер тіл заңдылықтарымен үндесіп жатады. Сондықтан көптеген зерттеушілер әдеби нормаға белгілі кезеңде әлеумет: баспасөз, көркем әдебиет, радио мен теледидар, шаршы топ алдындағы ауызша сөйлеу үрдісі – қолданысқа қолайлы, көпшілікке ортақ деп қабылдаған сөздер мен грамматикалық тұлға-тәсілдер жатады деген пікірге ден қояды.

Тілдік норманың динамикалық теориясы бойынша, тіл дамуының бір кезеңінде норма емес элементтер келесі кезеңінде нормаға айналуы мүмкін. Мысалы, белгілі бір іс-әрекет атауынан абстракт есім тудыруда бір кезде **-у, -ушылық, -ғандық** сияқты жұрнақтар актив норма болса, бұл күнде оның эквиваленті ретіндегі **-ым/ -ім, -ыс/ -іс** қосымшалы сөздердің әдеби тілдегі қолданысы нормаға айналуға, мысалы, *спектакль қойылымы, сұраным, оқылым* (сессияда пәлен қаулы бірінші *оқылымда* қабылданды). Алдыңғы жұрнақтардың нормалық «белсенділігі» әлсірегені байқалады.

Тіл бірліктерін әдеби деп танытатын белгінің басты-сы – нормалылық («әдеби тілдік идеал») болса, оның негізгі қасиеті – консерватизм (қасандық, тұрақтылық) деп танитын көзқарастар да бар (мысалы, А.М.Пешковскийдің пікірлері). «Әдеби-тілдік идеалға» ден қою, яғни тұрақтылық, консерва-тизм теориясын жақтаушылар қазақ тілі тәжірибесінде де жоқ емес. «Ата, аға буын аузында болған» немесе «ежелден келе жатқан», «бабаларымыз солай қолданған» сөздер мен тұлға-тәсілдерді бүгінгі ұлттық әдеби тіліміздің нормасы деп тануды ұсынатындар аз емес. Мысалы, бабаларымыз қазақ сөздерінде айтылмайтын **ф, х, в, ч, ц** сияқты дыбыстарды білмеген,

сондықтан бүгінгі қолданысымыздағы кірме сөздерді айтуда және жазуда осы дыбыстарды қатыстырмай, «бабаларымыздың тіліне салып, *пйізике, пйнананис, қылор, қиймыйа, бәгөн, белесепет, шек* (чек), *шемпйюн, семент, сеқ* (цех), *сифыр* (цифр) деп айту керек және кириллицаны қолданып отырғанның өзінде осылай жазу керек» деген пікірлер айтылып келеді.

Норманың консерватизмін қолданушылардың тістері көп бата алмайтын тұстар да бар, олар – лексикалық неологизмдер. Мысалы, «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» де-ген атпен тіркеліп, жарияланып жатқан жүздеген сөзді неме-се активтенген жұрнақтарды «бұрынғы қазақ тілінде бұндай сөздер немесе жұрнақтардың активтігі болмаған, сондықтан қабылдамау керек» деген пікірлер мүлде айтылмайды, өйткені консерваторлар тілдің бір қаттауында (фонетикада, орфоэпи-яда) консерватизмді жақтаса, екінші қаттауларында, айталық, лексика мен грамматикада шарасыздық көрсетеді, себебі тіл – тарихи құбылыс екенін мойындайды, тарихи құбылыстың өзгеріп, жаңарып отыруы, сандық қана емес, сапалық та жаңа сипаттарға ие болуы сияқты заңдылықты жоққа шығара алмайды. Ал тілдік нормалар – тілдің «перзенті», олар да жаңа сапалық өзгерістерге ұшырап отыратындығын және нормалардың бір тарамы, айталық, фонетикалық-орфоэпиялық тәртіптері «қатып қалуға» – консерватизмге бейім болып, өзге тарамдары, әсіресе лексикалық қазынасы үнемі өзгеріп, байып отыратындығын мойындау – кереғарлық әрекет болып шығар еді.

Кейбір тіл мамандарының *келгесін, барғасын, боп, кеп* деген тұлғаларды бейнормалық деп тануы – бір жағынан, субъективтік талғамның көрсеткіші болса, екінші жағынан, тілдік нормалардың эволюциясын мойындамаушылық, сайып келгенде, бір кездерде *келгеннен соң, барғаннан соң* деп, одан келе ықшамдалып *барған соң, келген соң*, одан *барғансын, келгенсін* (қараңыз, Махамбетте: «Бақытым ауып басымнан Жапанда жалғыз *қалғансын*, өкінгеннен не пайда Құдайым басқа *салғансын?*») деп қолданғанын оқимыз), ал бұл күндерде әрі қарай келтеленіп, *барғасын, келгесін* болып жиірек қолданылуы – норманың қозғалысы, терминмен айтсақ, дамуы. Тіл дамуын-

да тұлғаның ықшамдалу процесі орын алатындығын өзге мысалдармен де көрсетуге болады. Тілдік нормалардың уақыт өткен сайын тілдің өзінің ішкі даму бағытына орай да, сыртқы экстралингвистикалық факторлардың ықпалымен де, алмасып, өзгеріп отыратындығын, сондықтан консерватизм принципінің күші мықты еместігін дәлелдейтін фактілер аз кездеспейді.

Ол өзгерістер – тек жалғау-жұрнақтардың қызметінде, сөз тұлғаларының ауысып отыруында ғана емес, тілдің құрылымдық қаттауларының барлығында да орын алады. Мысалы, өткен ғасырларда *бойға жеткен, ерге жеткен, менің туралы, менің үшін, біздіңмен* сияқты қолданыстар бұл күнде *бой жеткен, ер жеткен, мен туралы, мен үшін, бізбен* тұлғасында келетіндігі – норма. Шылау мен көмектес септік жалғауы деп саналатын *менен ~ мен, есімшенің баратын ~ баратұғын*, шылаудың *дағы ~ да* сияқты жарыспа қатарлары да – ықшамдалу құбылысының нәтижесі, бұл – қазақ тілінің соңғы бір-екі ғасырлық даму барысында құрылымдық норма-сына айналып отыр. Бірақ ықшамдалу процесіне ұшыраған элементтердің қай стиль үшін әдеби қолданыстық норма, қайсылары үшін варианттың сыңары екенін айыру керек. *Ме-нен ~ мен, дағы ~ да, тұғын ~ тын* қатарлары – көркем әдебиет үшін нормалық варианттар, ал публицистика, ғылыми стиль, кеңсе-іс қағаздары үшін ол қатардың ықшам сыңары – норма.

Менің туралы, менің үшін, бойға жеткен сияқты «толыққанды» тұлғалар – жалпы қазақ поэзиясы тіліне, тіпті бүгінгі ақындар тіліне де жат емес, нормадағы қолданыстар. Осы қатардан өткен кезеңдердегі қазақ поэзиясы тілінен табылатын *атаңның тегі* («*Атаңның тегін сұрасаң, Арқар ұранды жат едің*» – Бұхар) – бұл күндегі *ататегі>ататек* болып ықшалған тұлғаның; сол сияқты *өкпеменен қабыну ~ өкпесі қабыну, өтіменен жарылу ~ өті жарылу* («*өкпеңменен қабынба, өтіңменен жарылма*» – Бұхар), «қалай» деген мағынадағы *нешік* («*әр нешік күнің сол болар*» – Бұхар жы-рау, XVIII ғ., Шамырқансам – тағы кетермін, Кетпей де *нешік* етермін – Махамбет, XIX ғ.) сияқты қолданыстардың бұл күнде ықшам түрлері немесе басқа варианты жұмсалатындығын білеміз. Демек, тұлғалардың ықшамдалу бағыты (тенденция-

сы) қазақ тілінің дамуында орын алып отырған құбылыс екендігін мойындасақ, тілдік норманың динамикалық сипатын да тануға болады.

Тек ықшамдалуда ғана емес, өзге сәттерде де тілдік нормалардың алмасып отыратындығын көрсететін фактілер бар. Айталық, күні кешеге дейін тіпті Абай тілінің өзінде бұл күнгі **-уға (-уге)** жұрнақты тұлғаның орнына **-ар+ға (-ерге)** тұлғасының жұмсалғанын татар тілінің ықпалы деп жаңсақ танушылық та болып келді, ал, шындығында, бұл – күні кешеге дейін қазақ әдеби тіліндегі, әсіресе поэзиясындағы морфологиялық нормалардың бірі болған. Мысалы, XV-XVII ғасырларда жырлап өткен ақын-жырауларды былай қойғанда, «күні кешегі» Бұхар жыраудың (XVIII ғ.): «Қайырсыз итке мал бітсе, Аңқан құрып келгенде, Саумал бермес *ішерге...*», «Қатты тамақ *шайнарға* Мен пақырда тіс бар ма?» деген жолдары, Махамбеттің (XIX ғ.): «Өлең айтып толғадым Көкірегімді *басарға...*», «Қарадай отын жармадым, Тас қазанды *асарға*» деген тармақтарын оқимыз. Демек, *өкпеңменен, баратұғын, менің туралы, баланың турасында*, қатты ас *шайнарға* (мен пақырда тіс бар ма) сияқты тұлғалар кездесетін дүниелерді әдеби тіл үлгісі емес деп санауға бола ма (ондай пікірлер жазылған ғылыми еңбектерді де білеміз)? Әрине, жоқ!

Менен ~ мен, баратұғын ~ баратын, мен туралы ~ менің туралы, шайнауға ~ шайнарға сияқты қатарлардың екеуі де – әдеби норма, айырмасы – алдыңғылары дәл бүгінгі күнде қазақ тілі стильдерінің барлығында актив жұмсалмайды. Бұдан әдеби-тілдік элементтердің (бірліктердің) кез келгені барлық жерде (барлық стильдерде) бірдей қолданысқа қолайлы бола бермеуі мүмкін, тілдің әр функционалдық стилінің өзіне тән немесе өзінде актив (жиі) қолданылатын тұлғалары оның нор-масы болып келеді деген қорытынды шығады.

Сөйтіп, «тіл мәдениеті» атты білім-ғылым саласының дiт-тейтiн мiндеттерiнiң бiрi – жалпы тiлдiк, құрылымдық нормаларды айқындау, әдеби тiлдiк бүгiнгi нормаларды бөлек көрсету (екеуі әрдайым бірдей түсіп отырмайтынын таныту), олардың сақталу және бұзылу сәттерін қадағалау, қысқасы, бұл саладағы жұмыстарды ғылыми негізде жүргізу. Субь-

ективтік пікірлердің кейбіреулерін, сөз жоқ, ескеріп отыру қажет, бірақ тіл тәжірибесіндегі реттеуші әрекеттерді (регламентацияны) жеке ғалымдардың немесе өзге де белгілі жазушы, журналистердің беделіне (айтқан пікіріне) қарай жүргізбей, ғылыми теориялардың негізінде, яғни ол нормалар қазақ тілінің құрылымдық заңдылықтарына сай келетін-келмейтіндігіне, жүйелік қатарын түзетін-түзбейтіндігіне қарай дәлелдеп барып реттеп отыру қажет. Демек, алдымызда қазақ тіл мәдениетінің ғылыми базасын жасау міндеті тұр. Ол үшін, біздіңше, бірінші кезектегі ізденістеріміз бен ұсыныстарымыз мынадай мәселелерді нысанаға алуды қажет етеді:

Бірінші. Лексикалық нормаларды таныту, яғни сөзқолданыс регламентациясында әр алуан варианттылық проблемасын шешу. Варианттылық, яғни жарыспа қатарлар – сөз мәдениетінің басты мәселесі. Тіл дамуының әр кезеңінде әртүрлі салада, әртүрлі дәрежеде және әркілі сипатта жарыспалылықтың орын алуы – табиғи құбылыс. Онсыз бірде-бір тіл өмір сүрмейді. Егер жарыспалылық құбылыс болмаса, тілдің нор-малану процесі де жүрмес еді, тіл мәдениеті үшін күрес те күн тәртібінде тұрмас еді. Варианттылық тек лексикалық қана емес, қазақ тілінің қазіргі даму сатысында әр алуан лексика-семантикалық, ішінара грамматикалық, әсіресе синтаксистік, орфографиялық, орфоэпиялық, стильдік вариант қатарлары бар. Жарыспалық құбылысын танытуда әдеби бірліктер (сөздер, морфологиялық тұлғалар, фонетикалық варианттар т.т.) мен жергілікті сөздерді, диалектілік элементтерді айырып тану, сол сияқты әдеби сөздер мен қарапайым сөздерді, арготизмдер мен жаргонизмдерді ажыратып алу қажет. Осы ізденістің барысын-да қазақ жазба әдеби тіліндегі диалектизмдердің лексикалық, стильдік статусы айқындалады.

Лексика саласының нормалану процесін реттеуде бүгінгі күні пікірталас және ғылыми-практикалық ізденістер туғызып отырған проблема – қазіргі сөздік қазынамызды толықтыру көздерін (каналдарын) іздестіру және айқындау, ол каналдардың қайсысын немесе қайсыларын басты амал ретінде ұстану. Айталық, біреулеріміз диалектілік (жергілік-ті) сөздерді молынан еркін пайдалануды ұстансақ, енді біре-

улеріміз жаңадан жасанды тұлғалармен тоықтыруды дұрыс деп табамыз, ізденушілердің бір тобы өзге тілдерден термин қабылдауды және қабылданған терминдерді (бірен-саран жай сөздерді де) жатсынбау, қолданыстан аластатпауды жөн санайды. Осылардың нәтижесінде бұл күнде диалектизмдерді, ауызекі сөйлеу тілі элементтерін: карапайым сөздер мен фонетикалық өзгеше тұлғаларды әдеби айналымға түсіру, яғни оларды көркем әдебиетте ғана емес (бұлар көркем шығармаларда кейіпкер тілінде қолданыла беретін сөздер ғой), өзге функционалдық стиль үлгілерінде, әсіресе публицистика-да орын алу тенденциясы бары байқалады. Жергілікті тұлғалар мен карапайым сөздерді активтендіру әуелі көркем әдебиетте, оның ішінде проза жанрында көзге түсіп отыр. Жазушылардың біреуінде сәтті қолданылған-ау деген сөзді екіншілері «қағып алып» кететіндіктері сезіледі. Мысалы, *пошым, бозымбай, бағамдау, сүркілу, кермалдасу, можантопай, усиқы, оңаза, мондыбас, құйынперен* сияқты сөздердің біраз жазушылардың тілінде, тіпті газет-журнал беттерінде жиірек көріне бастауы осыны дәлелдейді.

Норма регламентациясына келгенде жасанды тұлғалардың да, оның ішінде тек аффиксация (журнақ жалғау) амалымен ғана емес, сөздерді біріктіру тәсілімен де жасау әлдеқайда жан-дана түскеніне назар аудару және оларды реттеу (мағыналық жағынан дұрыс-бұрысын, жүйелілігін салмақтау) – «тіл мәдениеті» бойынша жүргізілетін шаралардың бірі және жау-аптысы.

Екінші. Тіл мәдениеті міндеттерінің ішінде кезек күттірмес маңызды шаруа *о р ф о э п и ғ а*, яғни сөйлеу актісінде сөздерді дұрыс дыбыстай (айта) білуге қатысты. Бұл салада жүзеге асырылған шаралар аз емес.

Қ.Неталиеваның «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» (1977 жыл), М.Дүйсебаеваның «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі (мектеп оқушыларына арналған, 1981 жыл)» сияқты сөздіктер ұсынылды, баспасөз беттерінде, радио мен теледидарда сөздерді дұрыс айту жайында мақалалар жарияланып, әңгімелер өткізіліп келеді. Сөзді дұрыс айту нормаларын баяндап, ережелерін ұсынған біздің «Сөз сазы» (1-басылымы –

1983, 2-басылымы – 1995) атты құралымыз жарық көрді. Бірақ бұл іс-әрекеттер теңізге құйылған тамшыдай ғана. Бұл орай-да балабақшалардан, мектептерден бастап, мұғалімдер мен журналистерді, сондай-ақ өнер адамдарын: театр актерлерін, әншілерді даярлайтын оқу орындарында сабақ беріп, үйрететін практикалық жұмыстармен қоса, орфоэпия проблемасының ғылыми-теориялық танымын арттыра түсетін зерттеулерді жүргізе түсуге мейлінше ден қою қажет.

Бұл орайда орфоэпия нормаларына жазудың тигізетін ықпалын айрықша ескеруге тура келеді. Бұл күнде орфоэ-пия нормаларының жазудың құлдығына ұшырау қаупі бар. Дәлірек айтсақ, бір жағынан, орфоэпия ережелерінің нормала-ну процесінің әлсіздігінен, екінші жағынан, жазу дәстүріміздің күшті дамуы салдарынан сөздер қалай жазылса, солай оқу (айту, дыбыстау) салты етек алып бара жатқаны да, сөз басындағы **о, е** дыбыстарын айтуда орыс тілінің әсері байқалатындығы да тіл мәдениетіне назар аударушыларды алаңдатады.

Үшінші. Радио, теледидар және баспасөз сияқты бұқаралық ақпарат құралдарының тіліне арнайы көңіл аудару да тіл мәдениеті шаруаларының бірінен саналады. Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі дегенде, олардың сөз таңдап жұмсау әрекеттерінен бастап, орфографиялық, орфоэпиялық нормалар-ды дұрыс қолдануларына назар аударылады. Бұлар өзгелерден екі есе көп жүк арқалайды: бірі – күнделікті газет-журналдар, сахна өнерпаздары, радио мен теледидар қызметкерлері тіл мәдениеті проблемаларын көтеру, тілдік нормаларды берік сақтау сияқты мәселелерді өздерінің тікелей насихаттауы, түсіндіруі, пікірталастар ұйымдастыруы болса, екіншісі – сах-на мен радио, теледидар қызметкерлері орфоэпиялық норма-ларды қалың көпшілікке үйретуші ұстаз болуға міндетті, ал баспасөз қалың оқырман қауымының тілін ұстартып, жазу сауаттылығын көтеруге мейлінше зор қызмет етуге міндетті.

Төртінші. Шаршы топ алдында сөйлеу мәдениеті деген про-блема да – жалпы тіл мәдениетінің бір пұшпағы, өйткені соңғы 5-10 жылға дейін (тіпті 4-5 жылға десек те болар) шаршы топ алдында қазақ тілінде сөйлеудің аясы тар болып келді. Съез-дерден бастап, мәслихат, мәжілістерде, жиын-жиналыстарда,

тіпті торқалы тойлардың салтанаты мен топырақты өлімнің азаларында айтылатын сөздеріміз, көбінесе, орыс тілінде болып келгені аян. Демек, соңғы 50-60 жыл барысында (ең кейін-гі 4-5 жылды қоспағанда) қазақ әдеби тілінде ауызша дұрыс, әсерлі, әдемі сөйлеу дәстүрін дамытатын «шаршы топ базасы» шағын болды, барларының өрісі тарыла берді.

Шаршы топ дегеніміз – көпке қарата сөз айтылатын жер және ол сөз әлеуметтік мәні бар, қоғам мүддесіне арналған әңгіме (тақырып) болуы керек. Бұл сөзді шешеннің сөзі немесе «шешендік сөз» деп те атап жүр, бірақ бұлайша атағаннан гөрі оны «шаршы топ алдындағы сөз» (орысша «публич-ная речь») немесе «көпшілікке арналып айтылар сөз» деген дұрысырақ болар, өйткені қазақ ұғымында «шешендік сөздер» деп бұрынғы дәуірлерде өткен билер мен ел, ру басыларының, қысқасы, от ауызды, орақ тілділердің сөйлеу үрдісі танылады. Бүгінгі жиналыстарда (онда қатысатындар – «шаршы топ») шығып сөйлейтін қатардағы ұжым мүшесі мен, мейлі тіпті бастықтар мен кешегі билердің сөздері, әрине, бірдей емес. Бұл жерде әңгіме сөйлеуші қозғаған тақырыпта да емес, шаршы топтың үлкен-кішілігінде де емес, тыңдаушы топтың кімдер екендігі мен сөйлеуші шешеннің өз сөзін ұсыну (жеткізу) мәнерінде, дағдысында, қабілетінде, сонымен қатар екі дәуір шешендері сөздерінің мақсаты мен әлеуметтік жүгінің әртүрлі екендігінде.

Қысқасы, бұл жердегі айырмашылық бұрынғы бабаларымыздың шешендік өресі биік болып, қазіргі замандастарымыздың ауызша сөйлеу қабілеті төмен екендігінде деп кесіп айтпасақ та, бұл күнде топ алдында дұрыс, түсінікті, тіпті шешен сөйлеуге әлі дағдыланып болғанымыз жоқ, замандастарымыздың ішінде бірен-саранымыз болмаса, көпшілігіміз топ алдында жазылып сөйлей алмаймыз. Бұл жерде айтпақ ойымызды дәл жеткізетін сөздерді тауып алудан бастап, ойды жинақы, әсерлі етіп ұсыну, орфоэпиялық нормаларды сақтап, сөздерді бір-бірімен үндестіріп айту, ойымыздың логикалық желісін үзіп алмай, дұрыс құру сияқты толып жатқан шарттарды орындауға әлі машықтанбай жатырмыз. Міне, бұл орайда да тіл мәде-ниеті діттейтін ғылыми да, практикалық та іс-қарекеттер баршылық.

Тек өзіміздің ғана емес, жалпы тіл білімінде, оның ішінде Еуропа, орыс тілдерін зерттеушілердің танымы мен пікірлері бойынша да, жоғарыда айтылғандарды былайша түюге болады:

«Тіл мәдениеті» – екі салада қолданылатын термин: бірі – осы тіркес білдіріп тұрған жалпы мағынада, атап айтсақ, әдеби тілді жазбаша және ауызша қолданғанда оның лексикалық, грамматикалық, орфоэпиялық, стильдік нормаларын сақтау; екіншісі – бұл терминмен тіл білімінің бір тармағы аталады, ол – тілді қатынас құралы мен ұлттық мәдениеттің қаруы ретінде дамыта түсу үшін, оның нормалануын ғылыми негізде зерттейтін саласы. Тіл мәдениетін жалпы мағынада әңгімелегенде, алдымен, оның қолданыстағы нормаларын (орысша «рече-вые нормы») сөз дұрыстығы, яғни тіл бірліктерін (сөздерді, тұлғаларды) дұрыс жұмсау және әсерлі, әсем етіп жұмсау деп бөліп қарастырылады. Тілдік нормаларды тек дұрыс қолданып қана қоймай, тіл құралдарын эстетикалық тұрғыдан да әсерлі етіп жұмсай білу адамның жалпы кісілік мәдениетін, ой-парасатының дәрежесін, тілге деген ықылас-құрметін таныта-ды.

«Тіл мәдениеті» дегенді ғылым тармағы ретінде сөз еткенде, әңгіме тіл мәдениеті проблемаларын теориялық негіздерге сүйеніп зерттеу болып табылады. Демек, тіл мәдениеті – ғылыми және практикалық іс-қаракеттерді қажет ететін сала, яғни ғылымның тәжірибемен тығыз ұштасып жататын тармағы. Тілдің қолданылу барысындағы көріністер мен құбылыс-тар оларды ғылыми тұрғыдан талдап-танытуды талап етсе, ғылыми түйіндер мен тұжырымдар қолданыс заңдылықтарын дәлелдеуге, дұрыс-бұрыстығын негіздеуге мүмкіндік береді. Тегі, тіл мәдениеті саласындағы практикалық іс- әрекеттер ғылыми негіздемелерден біраз бұрын жүріп жатады да жеке бір құбылыс ретінде әлеумет назарына ілінуі оны ғылыми не-гізде зерттей бастаған кезбен тұстас келеді.

Ғылым объектісі болғаннан кейін «Тіл мәдениетінің» теориялары, теориялық арқаулары болады. Тіл мәдениеті теориясының ең бастысы – тілдік норманы тану, талдау, зерттеуге қатысты. Тіл білімінің тіл мәдениеті тармағы нормативтік

грамматикамен, нормативтік фонетикамен және нормативтік стилистикамен ұштасып жатады, яғни қазіргі күнде норма деп танылған грамматикалық, фонетикалық заңдылықтар мен олардың қолданыстағы көрінісінің ұштастығы және сәйкестігі тілдік норма болып табылады.

Тіл мәдениеті теорияларының ішіне ұлттық әдеби тілге, көркем әдебиет тіліне қатысты ізденістер мен тұжырымдар да кіреді. Тіл мәдениетінің үлкен мәнге ие болып, қоғамның мәдени өмірінен орын алуы тіл дамуының барлық кезеңінде бірдей, біркелкі болмайды. Зерттеушілер дұрыс танығандай, тіл мәдениеті ұлттық жазба тілдің едәуір қалыптаса бастаған кезінде күн тәртібіне қойылады. Ұлттық тіл біршама дамыған кезеңдерінде де тіл мәдениеті проблемалары көтеріліп, көпшілік назарын өзіне аударатын тұстары да болады, ол – қоғамның әлеуметтік, саяси, мәдени тіршілігінде ірі өзгерістер, толқулар пайда болған тұсқа тура келеді. Мұндай өзгерістерді әртүрлі революциялық дүмпүлер, демократилық қозғалыстың бел алуы, соғыстар, техниканың күрт дамуы сияқтылар туғызады.

Қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің қалыптаса бастауы XIX ғасырдың соңғы ширегіне тұстас келгенмен, бұл кезеңде тіл мәдениетін сөз ететін қазақ қоғамының әлеуметтік, ағартушылық, ғылыми базасы болмады. XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында оқу-ағарту едәуір жанданып, баспа ісі жолға түскенімен, күнделікті баспасөздің ауқымы арта түскенімен, білім-ғылым салалары өмірге келгенімен, 60-70-жылдарға дейін «тіл мәдениеті» проблемасы таным-ғылым объектісі бола алмай келді.

Қазақтың жазба әдеби тілі біршама бекіген, қоғамның ұлттық мүддесіне қызмет ету аясы едәуір кеңіген, функционалдық стиль тармақтары саралана түскен, білім-ғылымы едәуір дамыған кезі XX ғасырдың 50-60-жылдары болды, осы кез-де «тіл мәдениеті» мәселелері көтеріліп, жұртшылық наза-рына ұсынылды. Академияның Тіл білімі институтында ар-найы бөлім ашылды, мұнда ғылыми зерттеулер басталды, пединституттар мен университеттердің филология факультеттерінде тіл мәдениеті пәні оқытыла бастады, сөздің дұрыс қолданылуы диссертациялық жұмыс тақырыбына айналды,

орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктер жарық көрді, әртүрлі анықтағыш құралдар ұсыныла бастады, тіл, сөз мәдениетіне арналған ғылыми-практикалық конференциялар өткізілді.

Ал 90-жылдардан бастап тіл мәдениеті проблемасына жұртшылық назары жаңа қарқынмен аударылғанын айта аламыз. Мұның объективті себебі – қазақ тілінің мемлекеттік тіл статусын алып, әлеуметтік қызмет өрісін кеңейту үшін күрестің басталғаны болды. Соңғы жарты ғасыр ішінде қазақ тілінің сөздік қазынасында орыс тілінің өз сөздері мен орыс тілі арқылы еніп жатқан өзге тілдік сөздердің, оның ішінде интернационалдық терминдердің шамадан тыс көп орын алып кеткені де жұртшылықты қатты алаңдата бастады. Бұл ретте шет тілдік сөздердің өздері ғана емес, қазақ лексикасының толығу көздері мен бағытының ұлттық тіліміздің даму тенденциясына кері әсер ете бастағаны жұртшылық назарын аударды. Осы факторлар «тіл мәдениеті» проблемасының күрт көтерілуіне әкелді.

Жоғарыда айтылғандай, тіл мәдениетінің басты практикалық та, ғылыми да объектісі норма мәселесі болғандықтан, сол нормалардың мейлінше тұрақтылығын – консерватизмді жақтаушылар мен оған қарсылар болатыны белгілі. Осы орай-да пуризм құбылысының бар-жоқтығы көзге түседі. Пуризм дегеніміз – әдеби тілді, әсіресе оның сөздік қазынасын шет тілдік кірме сөздерден, тіпті жаңа жасанды тұлғалардан, ауы-зекі сөйлеу элементтері болып саналатын жергілікті сөз-диалектілерден, қарапайым сөздерден тазарту дегенді қостайтын ағым, күрес түрі. Қазақ әдеби тілінің алдыңғы кезеңдерінде, тіпті ХХ ғасырдың 20-30- жылдарының өзінде пуризм ағымы болған жоқ дегенді айтады зерттеушілер. Шындығында да, тіпті ертеден қазақ тіліне әр алуан каналдармен: діни оқу, мұсылман дінін ұстану, ортаазиялық түркі әдеби тілінің үлгісімен енген араб-парсы сөздерін, кейбір морфологиялық тұлғаларын (мы-салы, **-қор**, **-паз**, **-гер**, **-и** қосымшаларын) қолданыстан алас-тату әрекеттері болған жоқ, керісінше, арабизм, парсизмдерді жазба әдеби тілде, сондай-ақ ауызекі сөйлеу тілінде де кеңінен қолдану, тіпті жазба үлгілерде төл тұлғасын сақтап жазу тәжірибесі ХХ ғасырдың орта тұсына, 40-жылдарға дейін орын алып келді.

Орыс тілінің және орыс тілі арқылы Еуропа тілдері сөздерінің қазақ тіліне молынан еніп, кеңінен қолданылуы ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945) басталып, соғыстан кейінгі «коммунизмге тура тартқан» жылдарда мүлде кең етек жай-ды. Таза пуристік ағым болмағанмен, жаңа ұғымдар мен жаңа зат-бұйымдарды атауда ана тіліміздің өз қазынасын барынша пайдаланудың нақты әрекеттері (мысалы, І.Жарылғаповтың қазақша ұсынған *аялдама*, *балмұздақ*, *көкайдын* сияқты сөздері) 1960 жылдардан басталды. 1990 жылдардан бастап қазақ тілін «орысшылдықтан құтқару» ағымы тікелей саяси бағыт болмағанмен, күрес мазмұнына айналды, әлеуметтік пікір туа бастады. Мұны да, сірә, пуризм ағымы деуге болмас, өйткені қазақ тілін өзге тілдік элементтерден (сөздерден, тұлғалардан, тіпті грамматикалық бірен-саран тәсілдерден) тазарту науқаны жүрген болса, лексикалық қазынамыздағы жүздеген араб, пар-сы сөздерін, мыңдаған орыс және шет тілдік сөздерді бүгінде қолданып отырмас едік.

Сірә, бұл күндерде пуризмнің бел ала алмай отырғаны – тілдің тарихи-өзгермелі құбылыс екенін мойындайтындай білім дәрежеміздің өскендігі болар, тілдің де заман ағымына, оның өзінде дүниежүзінде ғылыми-техникалық жаңалықтар қауырт пайда болып, дамып отырған осы күндердің ахуалы-на ілесуі қажет екенін және бүгінгі сауатты, білімді адамдарға қызмет етіп отырған қазақ тілінің бұл ұлы майданнан шеттеп қалмауы керек екендігін сезіп, түсініп отырғанымыз болар. Тіпті бүгінгі біздер түгіл, кешегі, 20-жылдарда қазақ тілі-не қызмет етіп өткен Халел Досмұхамедов сияқты ғалым-практиктер жат сөзсіз болмайтын заман туғандығын айтып: «Мәдениет қуған жұрттың алдымен тілі өзгермекші, білімге кірген жаңа сөздердің көбі шеттен кірген біліммен, әдетпен, заңмен жаңалықтарға ұғым беретін жаңа сөздер кірмекші, [олар] үлгіге алынған мәдениетті жұрттың сөздері болмақшы» – деп жазып, дұрыс көрсеткен болатын.

Пуризм – табиғатында жаман ағым емес, миллиондардың «мүлкі» – тілдің сындарлығын, тазалығын сақтау ниетін көздейтін күрес амалы. Бұл күрес әсіресе қатар қолданысқа түскен тілдердің теңсіздігі байқалғанда, бірінің бел алып бара

жатқан тұстарында жеңіліп келе жатқан тіл үшін пайдалы қарекет екенін білеміз. Толыққанды үлкен пуризм болмағанмен, оның бірқатар белгілерінің бұл күнде орын алуын да жөнсіз деуге болмайды, тек ана тіліміздің тазалығын, сындарлығын, тұтастығын, көркемдігін қай сәтте, қай тұсында қалайша сақтау керектігін айырып тануымыз керек. Пуризм әрекеті ұран, құрғақ сөз түрінде емес, нақты жұмыстар түрінде жүргізілуін қалаймыз. Әрі қарай жеке тақырыптарды сөз ету үстінде пу-ристік пікірлердің түрлері мен оның жүзеге асырылу- асырыл-мау мүмкіндіктері сөз болып отырады.

Тіл мәдениеті проблемаларына оның алдында тұрған бүгінгі таңдағы міндеттері немесе жүргізілуге тиіс іс-шаралар да жатады. Ең басты міндет – қазақ тілі мәдениетін көтеру, жетілді-ру, насихаттау. Ол үшін ана тіліміздің сөздік қазынасын жақсы, дұрыс пайдалану қажет. Бұл жерде әңгіме екі-үш тұрғыдан айтылуға тиіс: бірі – ғасырлар бойы жасалып, сақталып кел-ген лексикалық қорды жұтатпай сақтау, толықтыру, ол үшін көне, сирек, жергілікті сөздерді жинап, бүгінгі қолданысқа жа-рамды деп табылғандарын әдеби нормаға қосу. Әсіресе қазақ халқының ұлттық салт-дәстүріне, шаруашылық түрлеріне, табиғаттануына, дүниетанымына, психологиясы мен халықтық философиясына қатысты сөздер мен тіркестерді, фразеоло-гизмдер мен мақал-мәтелдерді жинап, ұмыт болғандарын хатқа түсіріп, мағыналарын түсіндіріп отыру.

Бұл ретте жүзеге асырылып келген жұмыстар жоқ емес. «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» газеттері 90-жылдардың ішінде «Төрт құбыламызды түгендейік», «Көзінің қарашығындай» де-ген сияқты айдарлармен жоғарыда аталған салаларға жататын сөздерді, сөз тіркестерін тіркеп, олардың мағынасын түсіндіріп, қолданылатын тұстарын көрсетіп беру үрдісін қолға алды. Бұл ретте Ә.Нұрмағамбетов, Ж.Бабалықұлы, Жәрдем Кейкин, Дәркембай Шоқпаров сияқты тілсүйер азаматтардың еңбегін атай отырып, осы үрдісті әрі қарай жалғастыра түссек. Бұл іске әсіресе Монғолиядан, Қытайдан көшіп келген қаламгерлер: ақын, жазушы, мұғалім, журналист және тағы басқалары ат салысса, құба-құп болар еді, өйткені әр алуан себептермен біз-де, Қазақстанда, ұмыт болған немесе мүлде болмаған сөздер

мен фразеологизмдер бұлардың қолданысында кездесетіндігін байқаймыз, бірақ кейде олардың мағынасын тап басып айта алмаймыз. Қазақ халқы – дүниежүзінің көптеген елдерінде шашылып жүрсе де, тілі, діні, ұлттық рухы бір халық, сондықтан тіл қазынасын жинауда, толықтыруда әр қиырдағы қазақтардың сөз мәдениеті, тіл тәжірибесі орасан зор табыс болмақ.

Сөз мәдениетін реттеуге қатысты міндеттеріміздің бірі – соңғы онжылдықтарда қазақ тілінде орасан мол түрде жұмсалып келген орыс тілінен енген сөздерді сұрыптау. Әңгіме бұл жерде орыс тілінің өз сөздері және интернационалдық деп аталатын ғылыми және саяси-мәдени терминдер болып келетін сөздер деп бөліп қарастырып, көбінесе күнделікті тұрмысқа қатысты орысша жай атаулардың қазақша баламасын табу туралы болуға тиіс. Ал ғылыми, саяси-әлеуметтік, мәдени-ағартушылық терминдерге келгенде, оларды жаппай қазақшалаудың мүмкіндігі жоқ екені сөз мәдениеті проблемасының бір ұшы болып саналады.

Бүгінгі қазақ тілі мәдениетінің өзекті де әлеуметтік-ғылыми мәні зор мәселесі – терминология жайы. Бұл тұста әңгіме – кір-ме терминдер, жасанды терминдер, сүйегі шет тілдік, бірақ «қазақыландырылған» терминдер туралы болмақ. Бұлардың да шешімі, сайып келгенде, норма проблемасына келіп тіреледі. 90-жылдардан бермен қарай терминология мәселелері баспасөз беттерінде жиі сөз болып, арнайы шакырылған конференция-мәслихаттардың күн тәртібіне қойылып, кеңінен талқылана бастауы сөз нормасының бұл тармағына әлеумет назарына мықтап іліккенін білдіреді, бұл жөнінде әлеуметтік пікірлердің пайда болғаны – құптарлық құбылыс, әрі қарай осы пікірсай-ыстарды сұрыптап, дұрыстарын пайдаланып, терминдерге қатысты сөз нормаларын реттеу – тіл мәдениеті шаруасының бір тарамы.

Тіл мәдениеті тек сөз таңдау, сөз жасау, сөйлем құрастыруда ғана емес, сөйлеу актісінде сөздерді дұрыс айту нормала-рын сақтауға келгенде де айрықша мәнге ие болады, яғни орфоэпиялық заңдылықтарды көрсету, олардың сақталу және бұзылу сәттерінің себептерін анықтау, ережелерін ұсыну сияқты ғылыми-практикалық іс-әрекеттер де – тіл мәдениеті

міндеттерінің бірі және өзге салаларға қарағанда, істелер жұмысы көбірек, оларды жүзеге асыру – қиынырақ жүк. Бұл орайда іс тек орфоэпиялық заңдылықтарды ғылыми тұрғыдан зерделеп, ережелерін түзіп берумен шектелмейді, ол ережелер көрсеткен нормаларды қалың көпшілікке үйрету, насихаттау жұмыстары да алдымызға тартылады.

Емле, яғни сауатты жазу мәселесі – қай кезеңде де тіл-ді жазба түрде пайдалану барысында дүниеге келетін талап, орфографиялық нормалар да – бүгінгі таңда қайта қарастыра сәттері бар және ол сәттер лексикалық, грамматикалық нормалармен ұштасып жататын іс-қарекеттер. Латын жазуы-на көшу проблемасымен де астарласа қаралатын емле проблемасы – бүгінгі таңдағы ғылыми, әсіресе практикалық жұмыстарымыздың маңыздыларының бірі.

Тіл мәдениетінің және бір проблемасы – шаршы топ алдында ауызша еркін, дұрыс, шешен сөйлеудің шарттарын, тәсілдерін айқындау, үлгілерін көрсету, белгілерін танытатын ереже іспеттес құралдар ұсыну.

Міне, «тіл мәдениеті» деп аталатын ғылыми-практикалық үлкен жұмыстың проблемалары және сол проблемалар туғызатын міндеттері – қысқаша осындай. Әрі қарай бұл мәселелер жеке-жеке тақырып етіп, кеңірек баяндалады.

Міне, тіл мәдениеті туралы жалпы түсінік, оның нысандары (объектілері) мен проблемалары, тәжірибе мен ғылымдағы анықтамасы (мазмұны), ғылыми-теориялық негіздері туралы қысқаша мәлімет – осындай.

Әрі қарай тіл мәдениетінің қолданбалық та, ғылыми да объектісі – норма болғандықтан, сол нормаларды «лексикалық», «грамматикалық», «орфографиялық», «орфоэпиялық» деп тарамдап, әрқайсысының мән-мағынасын, қазіргі жай-күйін, алдағы бағыт-бағдарын сипаттаймыз. Норма және оны кодификациялау ісінде өзекті мәселе – варианттылық құбылысы болғандықтан, бұл тақырып та өз алдына бөлек әңгімеленеді, лексикалық нормалануда бүгінгі терминология жайы айрықша орын алатындықтан, ол да арнайы сөз болады.

ТІЛДІК НОРМА ТУРАЛЫ ҰҒЫМ

Әдетте «норма» сөзін терминдік мағынада емес, қалыпты бейтарап сөз мәнінде жұмсасақ, белгілі бір «тәртіп, жүйелілік, дұрыстық» деп ұғынамыз. Ал тілге келгендегі бұл сөздің ұғымы «жалпы тәртіптілік» дегенмен коса, терминдік мәнге ие болатындығы мәлім.

Норма – тілдің «туа біткен» қасиеттерінің бірі іспетті. Ол белгілі бір реттілік, жүйелілік құбылыс ретінде ауызекі сөйлеу тіліне де («халықтық тілге» де), әдеби тілдің ауызша қолданысына да, жазба тілге де тән.

Тілдік норманың табиғаты екі түрлі: бірі – тілдің өзінде қалыптасқан нормалар және ереже бойынша ұсынылған нормалар. Соңғыларды «ереже бойынша» деп атауымыз шартты. Бұл жердегі «ереже» дегеніміз – грамматика оқулықтары мен әр алуан сөздіктер, анықтағыштар т.т. Мысалы, қазақ тіліндегі септеу, жіктеу парадигмалары, сын есім шырайлары, етістіктің етіс тұлғалары, шақтық мағыналары, жұрнақтар арқылы жаңа сөздің жасалуы сияқтылар «туа біткен» – яғни өте ертеден тілдің өзінде қалыптасқан, әбден орныққан, тілдің өз табиғатына тән жүйеге айналған заңдылықтар. Ал *мен* (*пен, бен*) шылауын қосымша ретінде танытып, 7-көмектес септіктің көрсеткіші деп ұсыну, оны септік парадигмасының өзге жалғаулары сияқты сөзге қосып жазу нормасы – «қолдан жасалған», яғни ережемен реттелген норма. Сол сияқты екі түбірдің ұзақ уақыт бойы бірігіп айтыла-айтыла, дыбыста-луы жағынан кірігіп (өзгеріп, қысқарып), бір мағынаны біл-діретін бір лексикалық тұтастық (бірлік) ретінде қалыптасуы – тіл табиғатының өзінде пайда болған норма; мысалы, *бүгін* (*бұ+күн*), *биыл* (*бұ+йыл*), *әкел* (*алып+кел*), *түрегел* (*тұра+кел*), *қайтпін* (*қалай+етіп*), *сөйтпін* (*солай+етіп*), *белбеу* (*бел+бау*) де-ген сөздердің о баста екі түбірден бірігіп пайда болған сөздер екенін бірден сезе бермейміз, өйткені бұлар – тілдің «о бастан келе жатқан» нормативті дүниелері, ал *өнеркәсіп*, *кәсіподақ*, *ойталқы*, *жолсапар*, *гүлдесте*, *гүлианақ* сияқты тіркестерді біртұтастық деп тану – ереже арқылы ұсынылған нормалар, яғни бұларды біріккен сөз деп біріктіріп жазу бүгінгі лексика-семантикалық, орфографиялық нормалар болып шығады.

Әрине, «реттілік, жүйелілік» дегеннің өзі тіл қолданысының көрсетілген түрлерінде болсын, тілдің әлеуметтік-тарихи қызмет барысында (тарихында) болсын, біркелкі, бір сипатта болмайды, оның үстіне нормалылықтың белгісі тілдің лексика, грамматика, тіпті фонетика сияқты қаттауларының бірін-де «көрінеу», «қатаң» болып тұрса, екіншілерінде «солқыл-дақтау», «босаңдау» болып келуі және заңды. Мысалы, ауы-зекі сөйлеу тілінде жалғаулық шылаулардың қолданылуы си-ректеу ұшырасады, олардың орнын интонация немесе син-таксистік құрылым сияқтылар басуы мүмкін: *дәрі ішіп алдым* – *басым ауырып тұр*, бұл – ауызекі сөйлеу актісінде, ал жалпы кодификацияланған ереже бойынша: *дәрі ішіп алдым, ойткені басым ауырып тұр* немесе *дәрі ішіп алдым, себебі басым ауырып тұрғаны* деп құрылуы тиіс.

Сол сияқты сөз варианттарының еркіндеу қолданылуы ауызекі сөйлеу тілінде де, шаршы топ алдындағы сөзде де жазба әдебиет тіліне қарағанда жиірек орын алады. Бұл жерде лексикалық норманың «босандығының» ғана емес, стильдік талаптың да рөлі болады. Айталық, ауызекі сөйлеу тілінде дөрекі, қарапайым, жергілікті сөздер және бөгде тілдік сөз қатары әлдеқайда еркін жұмсалса, жазба тілдің шаршы топ алдындағы қолданысында немесе публицистикалық үлгілерде (газет-журнал беттерінде) бұлардың орын алуы мейлінше шек-теулі, жокқа тән болуы керек, бірақ мұның барлығы да өз орын-дарында, өз салаларында норма болып табылады.

Жалпы әдеби тіл мен сол тілдің көркем әдебиетінің нормалары да бір емес, соңғыда әдеби нормадан «ауытқу» сияқты болып көрінетін сәттер аз кездеспейді, бірақ бұл «ауытқулар» көркем әдебиет тілі үшін норма болып саналады. Мысалы, шылау-жалғау болып қызмет ететін *мен (пен, бен)* тұлғасының *менен (пенен, бенен)* варианты, есімшенің **-тын (-тін)** де-ген көрсеткішінің **-тұғын** болып қолданылуы, *едім, келіп, айтқанмын* сияқты етістіктердің *ем, кеп, айтқам* болып кездесуі – публицистикалық, ғылыми және кеңсе-іс қағаздары стильдері үшін норма емес болса (оны М.Балақаевтың жал-пы әдеби тіл үшін бейнормалық санауы – жансақтық), көркем әдебиет, әсіресе поэзия тілі үшін – норма. Егер бұлар – әдеби

тіл үшін бейнормалылық, ауытқушылық болса, ұлы Абайдың өлендері мен қара сөздері әдеби тіл үлгісіне жатпаған болар еді, өйткені көрсетілген тұлғалардың барлығы ақынның поэзиясы мен прозасының тілінде «тұнып тұр», оларды Мұхтар Әуезовтің «Абай» эпопеясы сияқты көркем туындылары мен көркем публицистикасы тілінен де молынан кездестіреміз. Демек, әдеби тілдік нормаларды тілдің функционалдық стильдеріне қарай ажырату қажет: бірінде қатаң болып келетін норма екіншілерінде босандайды (ауытқу сияқты болып көрінеді). Бірақ қай-қайсысы да – өз саласында норма, яғни уәжді, орын-ды қолданыстар болып танылады.

Сөйтіп, жүйелілік, реттілік болып танылатын норма – тілдің барлық көрінісінде, яғни қолданысының барлық түрінде орын алатын тілдік, әлеуметтік категория.

Тілдік норма дегеніміз – көпшіліктің қатынас құралы ретіндегі тілдің қолданысында оның әлдеқайда орныққан, дәстүрлі құралдары, амал-тәсілдері, тәртіптері; норма – тіл-тілдің қай-қайсысының да даму (қызмет ету) кезеңдерінің баршасына тән құбылыс.

Норма деп тану үшін «әлеуметтік бағалау», яғни сол тіл-де сөйлейтін қалың жұртшылықтың «дұрыс не дұрыс емес, жағымды, әсем не жағымсыз, орынды не орынсыз» деген таны-мы, бағасы болуы керек. Нормалылық танымына тұрақтылық (стабильность), дәстүрлілік, көпшілікке біршама ортақтық бел-гілер де кіреді. Бұлар – тілдегі нормалылықтың әлеуметтік категория ретіндегі белгісі.

Тілдік норма құбылысын зерттеушілердің айтуына қарағанда, норма мәселесіне тек сөздердің, грамматикалық амал-тәсілдердің, тілдік құрылымдардың жүйелі түрде, біршама орныққан, көпшілік дұрыс, әсем деп тапқан қолданыстары ғана емес, осындай қолданыстардың таңдалып алынуы мен қолданыс барысының тенденциясы, яғни бағыт - бағдары, өмір шеңдігі, уәжділігі, әлеуеті (потенциалдығы) деген мәселелер де кіреді. Сондықтан «қазақ тілі мәдениеті», оның «тілдік нормалары» деген проблемаларын сөз еткенде, бұл салаға қатысты зерттеулер жүргізіп, мақалалар мен диссертациялар жазғанда, кітаптар мен құралдар ұсынғанда, бұларға байла-

нысты мәселелердің тек бүгінгі күй-жайы, бары-жоғы туралы ғана емес, әрі қарайғы барысы мен бағыты да сөз болуы ке-рек. Тілдік нормалардың өзін ғана көрсетіп қою, яғни бүгінгі лексикалық, грамматикалық, стильдік нормаларды атап, әр алуан ережелер жинағы мен сөздіктер түзу – жеткіліксіз. Бұлардың әрі қарайғы қолданылу, қырналу, өзгеріс-жаңалықтарға ие болу бағыты (тенденциясы) қандай деген пікірлер мен ұсыныстар болуы қажет. Әсіресе жазудың жаңа түріне – латын графикасына көшуге дайындық барысында да, көшу процесінде де, ол жазуды өмірде, тәжірибеде орнықтыру жұмыстарында да тілдік норма мәселелері айрықша мәнге ие болары сөзсіз, бұл орайда орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды бірден дұрыс көрсетудің, оны қолданыста берік орнықтырудың тек тілдік емес, әлеуметтік маңызы өте зор болмақ.

Қазақ емлесі мен сөзді дұрыс дыбыстауға қатысты күні бүгінге дейін орын алып келген қиындықтардың түптөркіні 1929 жылы араб жазуынан латынға, 1940 жылы латыннан кириллицаға көшкен кезде әрі қауырттықтан (екі сәттің де саясат тоқпағынан «от ала келгендей» тездікпен орындалғанын білеміз), әрі сол кезде тіл, жазу, сөзді дұрыс айту мәдениеті дегендердің ғылыми танымдары қалыптаса қоймағандығынан туған жайттарда жатқанын айту керек. Тіпті бұл күндердің өзінде тіл мәдениетінің, оның өзекті проблемасы – норма дегеннің теориялық негіздері түгел қаланып, практикалық шешімдері түгел жүзеге асып болған дей алмаймыз.

Норманы сөз еткенде, әрдайым оның жалпы ұғымын, мән-мағынасын әңгімелеп қана қоймай, оны ажыратып (дифференциялап) қарастыру керек: әуелі ауызша тіл мен жазба тілдің нормалары, сондай-ақ функционалдық стильдердің әрқайсысының нормалары дегендерді бөліп-бөліп алу қажет. Әрине, бұл нормаларды бір-бірімен астаспайтын, бірімен-бірі байланыспайтын оқшау-оқшау автономиялар деуден гөрі, түптамыры ортақ «үлкен үйден» өрген отаулар деп таныған жөн, өйткені әдеби норманың өзегі (ядро) – стильдік жағынан бейтарап, «көпшілік қолды» тіл элементтері болады. Барлығы жиылып келіп бүгінгі ұлттық әдеби тілдің, оның ауызша және жазбаша түрлерінің қолданылу жүйесін, тәртібін білдіреді.

Сондықтан, зерттеушілердің танымына қарағанда, тілдегі нормалылық үш тағанға орналасады: бірі – қандай да бір норма, негізінен, сол тілдің табиғатына, құрылымына сәйкес бо-луы, екіншісі – қатынас құралы ретінде көпшілікке ортақтығы, қайталанып келіп отыратындығы, үшінші таған – белгілі бір кезеңдегі әлеуметтік талғамның сол қолданысты дұрыс деп тануы. Соңғы таған ол нормаларды мақұл деп тануға, кодификациялауға алып келеді. Тілдің өзінде болатын табиғи норма мен кодификация – тепе-тең құбылыстар емес, кодификация дегеніміз – сөздерді орнымен қолдануды, сөзжасам тәртіптерін, сөз өзгерту жүйесін, сөздері тіркестіру мен сөйлем құрастырудың ережелерін заңдастырып, қалыптастырып хатқа түсіру, басқаша айтқанда, қабылданған тілдік нормалардың оқулықтарда, сөздіктерде, анықтағыштарда әр алуан ереже-лер түрінде ұсынылуы. Бірақ кодификация дегеннің өзі де – қатып қалған зат емес: азды-көпті орын алып жататын өзгеріс-жаңалықтарға байланысты және экстралингвистикалық факторларға орай уақыт озған сайын кодификацияның да ішінара қырнанып, өңделіп, толықтырылып отырылуы – заңды.

Тілдік нормалардың анықтала, тұрақтана түсуі және олардың әлеумет тарапынан мақұлдануы, осылардың нәтижесінде қалыптастырылып хатқа түсуінің – кодификациялануының бүгінгі қазақ тілі үшін мәні өте-мөте зор. Мемлекеттік мәрте-беге ие болып, әлеуметтік қызмет өрісі кеңейе түскен бүгінгі тіліміздің лексика-фразеологиялық қазынасы молығуда; сөз жасаудың грамматикалық, семантикалық мүмкіндіктері күшеюде; функционалдық стильдердің белгілері анықтала түсуде; тілдің ауызша жұмсалудың процесінде орфоэпиялық заңдылық-тары айқындалуда; жазу мәдениетіне, яғни ғылыми негізде түзілген орфографиялық нормаларды жүйелі сақтау талабы алға тартылуда – міне, осылардың баршасы тіліміздің лексикалық, грамматикалық, стильдік, орфографиялық, орфоэпиялық нормаларының мақұлданған, заңдастырылып хатқа түскен кодификациясын жақсы көрсетіп, дұрыс танытуды қажет етеді.

Жалпы тілдің өзінде қалыптасқан нормалар мен кодификацияланған, оның ішінде ереже бойынша ұсынылған нормалардың арасында айырма болады. Тілдің өз нормасы – әлдеқайда тұрақты, көбіне-көп ұзақ сақталатын құбылыс, ал

кодификацияланған норманы бұзып қолдану тәжірибеде аз кездеспейді.

Тілдік нормаларды тіркеп, реттеп жүйеге келтіріп отыру және оларды кодификациялау – жазба әдеби тілдің шаруасы (бұл қағиданы орыс тіл білімпаздары баса айтады ³). Бұған қазақ тілінің 1940 жылы кириллицаға көшкен кезінен бермен қарай алғашқы орфографиялық нормаларының екі рет: 1957 және 1983 жылдары елеулі түзетулермен жаңғырғаны дәлел бола алады, соған сәйкес түзіліп, жарық көрген емле сөздіктерінің (оларды «Орфографиялық сөздік» деп ғылыми түрде атап келеміз): 1941, 1948, 1963, 1968, 1972, 1978, 1988 жылдары жарық көрген басылымдарын жай көзбен салыстырып қарағанның өзінде, оның ішінде толық түрде ресми басылым ретінде алғашқысы 1963, екіншісі 1978, ең соңғысы 1988 жылдар үш рет түзетіліп, толықтырылып басылған емле сөздіктеріндегі сөзтізбеде (реестрде) берілген сөздердің түрлері, ұяда берілген тіркестер, кейбір сөздерге қосымша жалғану үлгілері арасында айтарлықтай өзгерістер бар екені де жоғарғы пікірдің айғағы болады.

Кодификацияланған нормалардың азды-көпті өзгеріске ұшырап отыруы – тәжірибе талабынан туған заңды құбылыс болса, тілдің табиғи өзінен туындайтын құрылымдық модельдерден ауытқушылық та орын алып жататындығын айтуға болады. Мысалы, жіңішке сөзге немесе соңғы буыны жіңішке дауыстыға аяқталатын сөздерге қазақ тілі қосымшаларының да жіңішке түрде жалғануы – табиғи норма, құрылымдық модель. Айталық, *күнә – күнәлі, күнәсіз, куә – куәлік, Күләш – Күләштің*. Ал кейбір қосымшалар, мысалы, барыс жал-ғауы немесе етістік тудыратын *-ла/-ле, -да/ -де, -та/-те* жұрнағы жуан түрде жалғануға бейім: *күнәлау, Күләшқа, куәландыру*. Мұндай ауытқуларға емле ережелерінің де тигі-зетін ықпалы бар, яғни *күнәға, куәландыру* деп жазу нормасы солай дыбыстауға дағдыландырады және оны орфоэпиялық норма ретінде тұрақтандыра түседі. Қазақ тілінің үндестік заңдылығын бұзып ұсынылған нормалар әсіресе кірме сөздерге, кірме элементтерге (жұрнақтарға) қатысты болып

³ Костомаров В.Г. Культура языка и речи в свете языковой политики //Язык и стиль. - М., 1965; Пешковский А.М. Объективная и нормативная точки зрения на язык // Избранные труды. - М., 1959.

келеді. Мысалы, кірме **-паз, -қор, -қой** жұрнақтары жіңішке сөздерге де осы жуан түрінде жалғанады немесе **-гер** деген жұрнақ жуан сөздерге де жіңішке жалғанады: *өнерпаз, сәнқой, шайқор, саудагер*. Сірә, бұл тәрізді сәйкессіздіктер, яғни қазақ тілінің үндестік заңдарына бағынбай қолданылудың уәжінде (мотивациясында) тілдің өзіне тән кейбір модельдер жататын болуы керек. Айталық, **-мен (-бен, -пен)** көмектес жалғауының (оның түп-төркіні шылау екені мәлім), **-нікі (-дікі, -тікі)** қосымшасының жуан вариантының, **-қой** (*сәнқой*) сияқты бірен-саран жұрнақтардың жіңішке вариантының жоқтығы бұлардың да қазақ тілінің фонетикалық нормасына сай келмей-тінін көрсетеді. Ал бұларды сөзден ажыратылмайтын қосымша деп танып, біріктіріп жазу – кодификацияның жемісі.

Тілдің өзіне тән табиғи нормасы мен ереже арқылы ұсынылып кодификацияланған нормалардың айырмасы жазба тілдің қолданыс тәжірибесінде едәуір байқалады. Мысалы, сөз соңындағы **қ, к, п** сияқты қатаң дыбыстардың дауысты дыбыстан тұратын немесе дауыстыдан басталатын қосымшалар жалғанғанда ұяңдауы – қазақ тілінің табиғи нормасы, ал қазіргі жазба әдеби тілімізде: *цех – цехы, шах – шахы, принцип – принципі, сап – сапында, тарих – тарихы, тип – типі, грипп – гриппі* (жұқты) болып айтылуы және солай жазылуы осы норманы бұзып тұр. Сірә, бұл ауытқулыққа бірнеше фактор себеп болса керек: біріншіден, **х** дыбысының қазақ сөзінің соңында қолданылмайтындығы оны **қ**-ның қатарына жібермей, қатаң түрінде сақтауға итермелейтін сияқты, екіншіден, *тариғы, шағы, цегы, сабы, тибі, грибі* деп дыбыстау бұл сөздердің (көбі кірме элементтердің) тұлғалық төркінін өзгертіп, мағынасын түсінуге қиындық келтіретін қаупі де туатын болу керек, үшіншіден, соңғы қатаң дауыстыларды ұяңдатпай жазу емлесі де қатаң түрде дыбыстауға, демек, осылайша нормаландыруға алып келген сияқты. Араб жазуын, тіпті 1929-1940 жылдар ішінде латын жазуын пайдаланған кезде бұл сөздердің соңғы дыбысы ұяңдап айтылуы мен жазылуы орын алған болар.

Демек, уақыт озған сайын, әсіресе жазба тіл тәжірибесінде «норма ауысуы», «нормалар варианты» (немесе «вариантты нормалар») деген құбылыстар пайда болатынын байқаймыз. Норма ауысу әктісі, әрине, түбегейлі емес, жеке нормалардың

өзгеруі түрінде болады және бір сәттік акт емес, ол ұзағырақ уақытты алады. Мысалы, үстіміздегі ғасырдың бас кезіндегі жазба әдеби тіліміздің өзінде *дәреже, және, қазір, мағына* сияқты сөздер қазіргіден басқаша түрде айтылып, жазылып келді: *даража, жаңа, кәзір, мағана*. Бұлардың айтылу, жазылу нормасы едәуір ұзақ уақытқа созылды. Мұның ізін кейбір фонетикалық дублеттердің, лексикалық, орфографиялық варианттардың осы күнге дейін орын алып келе жатқанынан көріп байқаймыз. Мысалы, *адал – алал, зарар – залал, ақиқат – хақиқат, өмір – ғұмыр, бейіл – пейіл, әділет – әділет, газиз – әзіз, диірмен – тиірмен, нәсіп – несібе*.

Әдетте жаңа норма әсіресе лексика саласында әдеби жазба тілдің өзінде емес, ауызша қолданыста пайда болады. Мысалы, бұл күнде қазақ жазушылары тілінде – көркем әдебиетте, тіпті ішінара публицистикалық үлгілерде қолданыла бастаған *пошым, толайым, дей тұрғанмен* сияқты сөздер немесе *барады емес пе (бармай ма* деудің орнына) сияқты, сондай-ақ *барғысы жоқ, айтқысы жоқ* тәрізді грамматикалық құрылымдар о бас-та ауызша сөйлеу тәжірибесінде орын алып, бірте-бірте жазба үлгілерге ауысқан. Бұл фактілер жарыспа нормаларды таныта-ды.

Нормалардың ауысуы мен жарыспа түрлерінің пайда болуында тілдің өзі туғызған мотивтермен қатар, экстралингвистикалық факторлар себеп болады. Мысалы, араб, парсы тілдерінен енген кейбір сөздердің варианттылығы тілдің өз заңдылықтарына сәйкес пайда болғандары мен жазба дәстүрді сақтау сияқты түпнұсқалық вариантын қолдану қатар жүріп келді: *есеп – қисап, хукімет – үкімет, амал – ғамал, өмір – ғұмыр, ғашық – асық, әрекет – харекет*. Бұл қатарға күні бүгінге дейін орын алып келе жатқан фонетикалық дублеттерді қосуға болады: *бәле – пәле, бәлі – пәлі, пейіл – бейіл, бенде – пенде, гауһар – жауһар, ғашық – асық, дағуа – дауа*.

Лексикалық та, фонетикалық та жарыспа тұлғалардың дені – кірме элементтер, оның ішінде де араб, парсы сөздері болып келеді. Дегенмен төл сөздердің арасынан да варианттылық құбылысын кездестіре аламыз: *дәнеңе – дәнеме, бірдеңе – бірдеме, бұндай – мұндай, бұнша – мұнша, едірею – ежірею, жәбір – зәбір, жұбану – уану* т.т.

Бұл қатарлардың XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында кезектесе, бір мәтіннің ішінде екеуі де қолданылғанын көрсек, бұл күндегі қолданыста қатар сыңарларының жеке-жеке лексикалық-семантикалық бірлікке (сөзге) айналуы, дәлірек айтсақ, айналдырылуы орын алып келе жатқанын айта аламыз. Бұлар жөнінде толығырақ «Варианттылық және норма» деген тарауда сөз болады. Норма проблемасындағы варианттылық мәселесі осы жерден келіп шығады. Варианттылық – тіл мәдениетінің, яғни нормалану процесінің ең өзекті бөлігі.

Зерттеушілердің байқауынша, норманың күші, яғни қатаң сақталуға тиіс тұстары тілдің барлық қаттауында бірдей емес. Айталық, қазақ тілінде орфографиялық, грамматикалық, пунктуациялық нормалар (ережелер) қатаң сақталады, ал сөздерді таңдауда, жұмсауда норма заңдылықтарына біршама еркіндеу қараушылық байқалады. Лексика саласында, біздіңше, қатаң ұстануды керек ететін тұс – сөздердің тіркесу тәртібі. Айталық, кейбір есім сөздер, етістіктер, көмекші есімдер тек қана немесе көбінесе жағымсыз мағына беретін сәттерде, енді біреулері жағымды мағына беруде тіркеседі: мысалы, *арқасында* деген көмекші есім тек *жағымды мағынада айтылатын тұста келеді: табыстың арқасында, денсаулықтың арқасында, байлықтың арқасында, ал кемшіліктің, шығын-ның, сәтсіздіктің арқасында, науқастың арқасында, қайыршылықтың, кедейліктің, бейшаралықтың арқасында* деп айтылмайды. Тағы бір мысал: қазақ тілінде көптеген тіркестердің етістік компоненті тек қана болымсыз түрде келеді: *көз алмау, көз айырмау, ұйқы көрмеу, күн көрсетпеу, шаңын көрсетпеу*. Бұлардың *көз алу, көз айыру, ұйқы көру, күн көрсету, шаңын көрсету* деген қарама-қарсы оппозициялық қатарлары жоқ. *Тас қараңғы* деген консервіленген тіркес бар, оның *тас жарық* оппозитиві жоқ.

Орыс тілінде ең қатаң және бұзылғаны көзге ұрып тұратыны – сөздегі екпін нормасы болса, қазақ тілінде – сөздің үндестік заңдарын сақтап айтылуы. Бұл тұста әсіресе қатаң /ұян, еріндік /езулік дыбыс заңдарын бұзып айту – орфоэпиялық нормалардан ауытқу ретінде көзге түседі, құлаққа естіледі. Қалыптасқан тұрақты тіркестердің, мақал-мәтелдердің компо-

ненттерін уәжсіз (себепсіз) ауыстырмай қолдану да – қазіргі қатаң сақталуға тиіс лексика-фразеологиялық нормалардың бірі. Айталық, «жел тұрмаса, шөп басы қимылдамайды» деген мәтелді жел *соқпаса...* деп өзгертіп жұмсағанда, мәтелдің мағынасында аз да болса логикалық сәйкессіздік байқалады: желдің тұруы мен соғуы дегенде жел екпіні екі түрлі беріледі: желдің тұруы – жалпы оның пайда болуы, соғуы – біршама қарқынмен келуі. Мәтел үшін желдің қарқынды соғуын емес, әйтеуір пайда болуын, сәл байқалуын айту керек, өйткені бұл мәтел «бір нәрсенің пайда болуында сәл болса да себебі, белгісі, негізі сезілуі керек» дегенді аңғартады.

Ал стилистикалық нормаларға келсек, бұл жерде оларды сақтауда қатаңдықтан гөрі, стильдік мақсат көздейтін уәж-ділік басым түсіп жатады. Мысалы, жазушы Сейдахмет Бердіқұловтың спортшылар туралы жазған көркем шығармасының бірінде «велосипедшілер құйысқан тістесіп бара жатты», тағы бір тұсында «екі велосипедші үзенгі қағыстырды» деген сөйлемдерді оқимыз. Егер фразеологияларды орнымен қолдану нормасына келсек, *үзеңгі қағыстыру* да, *құйысқан тістесу* тіркесі де салт атты адамдардың шабысына қатысты ғана айтылуы керек, ал велосипедтерде құйысқан да, үзеңгі де болмайды, соған қарамастан, бұл жерде норманы берік ұстану емес, стильдік мақсат алға шығып тұр: жазушы бұл «қазақы» фразеологизмдерді қазіргі техника көлігіне жаңастыра қолдануы арқылы оқырман сезіміне оң әсер ететін образдар жасап тұр. Велосипедші қазақ жігіті – Тұйғынның жарыстағы күресі, күйі, психологиясы дегендерге «қазақы» үн берген, бұл жердегі ұлттық бояу осы шығарманың тұтас өн бойындағы көркемдік стиліне сай келеді, яғни дәл осы қолданыс осы шығармада ұтымды, қолайлы деп танылған. Бұл жерде сти-листика тұрғысынан сөзқолданыстың нормаға сай дұрыстығы емес, қолайлылығы, ұтымдылығы көзделген.

Норма туралы түсініктің ішінде, яғни оны бағалауда «дұрысы/дұрыс емесі», «сәттісі/сәтсізі», «дәл/дәл емес» деген танымдар жол алады.

Әдеби тілдік норма тілдің даму барысының әр кезеңіне қарай айқындалуы керек. Тілдің құрылымдық табиғи нормалары негізінен қай кезеңде де тұрақты болып келеді. Бірақ

ішінара тілдің құрылымдық заңдары да өзгеріске ұшырауы мүмкін. Мысалы, қазақ тілінде *туралы, үшін* шылаулары біздің кезеңімізге дейін, яғни XX ғасырдың 20-30-жылдарына дейін ілік септіктегі сөзбен меңгеріліп тұрды: *менің үшін, оның туралы, баланың үшін, баланың турасында>баланың туралы*. Қазіргі норма бойынша *мен үшін, мен туралы, бала үшін, бала туралы* деп атау тұлғасындағы сөзбен қабысады. Демек, тілдік норманың қалыптасу, даму, өзгеру тарихын зерттеу барысында болмаса, жалпы сөз еткенде, нақты бір кезеңді алып қарастыру керек болады. Мысалы, біз осы жұмыста қазақ әдеби тілінің қазіргі, яғни соңғы 70-80 жылдың барысындағы жай-күйін әңгімелеп отырмыз.

Сөйтіп, қорыта айтқанда, әдеби тілдің нормасы дегеніміз – қоғамның белгілі бір кезеңдегі әдеби тілді жазба және ауызша түрде қолдану тәжірибесінде қалыптасқан, көпшілік қауым дұрыс деп таныған, жалпыға ортақ сөз қолдану, сөйлем құрастыру, сөз жасау, сөзді дұрыс дыбыстау, сауатты жазу заңдылықтары, яғни тілдік амалдарды дұрыс жұмсаудың көрінісі. Тілдік норманың құрылымдық табиғи түрлері және ереже бойынша ұсынылған түрлері болады. Олардың қай-қайсысы да, әсіресе соңғы түрлері – таңдаудың, сұрыптаудың және өңдеудің жемісі. Тілдік нормалар, тілдің өзі сияқты – тари-хи-өзгермелі құбылыс. Тілдің қолданылу тәжірибесінде әбден қалыптасып, біршама (яғни сол кезең үшін) тұрақтандырылған ереже-қағидаларды норманың эстетикалық және прагматика-лық теориялары негізінде жүйелеп заңдастырылуы олардың кодификациясы деп аталады. Тілдік нормалардың кодификациясы мектеп оқулықтарында, әр алуан орфографиялық, терминологиялық, түсіндірме, екі тілдік, үш тілдік сөздіктерде, анықтағыш құралдарда баяндалып, хатқа түседі. Аталған сөздіктердің басым көпшілігі нормативтік сипатта түзіледі. Олардың сөзтізбесінде орын алатын нормативтік емес элементтерге «диалектизм», «жаргон», «қарапайым сөз», «арго», «көне» деген сияқты белгілер қойылады.

Осы ұсынылып отырған кітап тіл мәдениетінің өзекті мәселесі – қазақ тілінің әдеби нормаларын айқындап, оның кодификациясын көрсетуге арналады.

НОРМАНЫҢ ӨЛШЕМ-ШАРТТАРЫ (КРИТЕРИЙЛЕРІ)

Тілдік норма деп тану үшін оған қойылатын шарттар (меже) болуы керек. Бұл шарттарды «норма» дегенді көтеріп тұратын тағандар десек те болар.

Шарттардың бірі – норма сол тілдің табиғи, құрылымдық өзіндік (ішкі) заңдылықтарына сәйкес болуы керек, яғни тілдің грамматикалық құрылысының, сөзқолданысының, сөзжасамының, мағына құбылтуының, сөз сазының табиғи заңдарына қайшы келмейтін тұлға-тәсілдер норма болып саналады. Мысалы, бұл күнде жанданған (активтенген) бірқатар жұрнақтар арқылы жасалған сөздердің норма болып танылуы – осы модельдің тілдік жүйеде бұрыннан бар екендігіне қатысты. Айталық, адамның қызмет түрін, кәсібін, мамандығын білдіруде **-шы** жұрнағы тек қазақ, араб, парсы сөздерінен емес, орыс тілінен енген сөздерден де жаңа тұлғалар жасайды: *тракторшы, комбайншы, футболшы* дегендерді былай қойғанда, бұл күнде *гипнозшы, памфлетші, парашютиші, саботажшы, парламентші, газетші* сияқты ондаған туынды сөздің еркін жасалуына жалпы тілдік модель (үлгі) негіз болған, яғни бұл сөздерді қазақ тілі табиғатын бұзбайтын нормадағы тұлғалар деп табу керек.

Әрине, тек жаңа тұлғалардың жасалуында емес, тілдің өзінде қалыптасқан табиғи нормалар да, кодификацияланған (ережелермен реттелген) жазба тіл нормалары да – барша-сы да – сол тілдің ішкі құрылымдық заңдарына сәйкес келуі нормалылықтың бірінші шарты немесе айырым белгісі болғандықтан, көп ретте параллель модельдер болмайды. Мысалы, қазақ тілінде септіктер парадигмасының екінші варианты жоқ. Дегенмен тіл-тілдің қай-қайсысында да оның табиғатына қайшы келетін жеке бір қолданыстардың норма ретінде қалыптасып кетуі немесе дұрыс деп табылып кодификациялану фактілері кездесіп отырады. Айталық, **-лар** қосымшасы өзі жалғанған сөзге көптік ұғым беретіндігі – табиғи құрылымдық норма, ал *әкемдер келді* дегенде, әкенің көптігін емес (адамның әкесі біреу-ақ болады ғой), әкенің қасында өзгелердің

болғандығын, яғни бір әкесі емес, оған қоса бірнеше (көп) адамның келгенін түсінеміз, демек, бұл жердегі **-лар** – тілдік модельге сәйкеспейтін қолданыс: «нормаға қайшы келетін норма», соған қарамастан хатқа тіркелген – кодификацияланған қолданыс. Екінші мысал: сан есіммен келетін тіркестерде келесі компоненттің көптік жалғауын қабылдамауы – тілдің ежелден қалыптасқан жүйелік нормасы: қорада *он бес сиыр* бар (*он бес сиырлар* емес). Осыған қарамастан қазіргі баспасөз беттерінде, тіпті көркем шығармаларда, әсіресе радио мен теледидарда *екі жүз оқушылар, он бес жоғары оқу орындары* сияқты қолданыстарды кездестіреміз.

Тілдік нормаға сай келмейтін грамматикалық, орфоэпия-лық, сөзжасамдық құбылыстардың орын алу себептері де әр-түрлі болып келеді. Олардың басым көпшілігі өзге тілдің әсерінен пайда болатынын байқаймыз. Айталық, көптік жалғауының жалғанбайтын жерде келтірілуі – орыс тілінің, әсіресе орыс тілінен аударылған үлгілердің әсері деуге болады. Ал *оқырман, көрермен, сатарман, аларман, оралман* деген жаңа сөздердің жасалуына «қамшы болған» қазақ тіліне күні кеше ғана – XIX ғасырдың II жартысында жүйені бұзып пайда болған *атарман, шабарман* сияқты бірді-екілі қолданыс сияқты. Дегенмен бұл екі сөздің жағымсыз мәндік семасы (реңкі) кейінгі *оқырман, көрермендерде* сақталмайды. Демек, бұзылған жүйе әрі қарай бұзыла түскен. Мұндай негізі осал, яғни тілдік құрылымына сәйкеспейтін нормалар кодификацияланбай, бірақ жарыса қолданылып жүре берулері әбден ықтимал. Тілдің табиғатынан шығып кететін нормалар тілдік бүкіл жүйені қамтымайды, жеке тұстарының ғана «шырқын бұзады». Сондықтан норманың басты белгісі – тілдің құрылымдық табиғи заңдылықтарына сәйкес келіп отыруы деген қағида әрдайым күшін сақтайды.

Норманың екінші шарты (межесі) – тілдің қатынас құралы ретінде қалың жұртшылықтың әрдайым қолданысында болатындығы, яғни әлеумет дұрыс деп тауып, көпшілік болып әрдайым қолданып отыратын сөздер, грамматикалық тұлғатәсілдер, сауатты жазу, сөзді дұрыс дыбыстау үлгілері норма болып табылады. Бұл жерде нормалылық құбылысы тілдің өмір сүру кезеңіне байланысты қаралады. Мысалы, қазіргі

әдеби тіліміздің нормалары – осы кезеңде (айталық, соңғы 60-70 жыл ішінде) қолданылатындары. Айталық, бұл күнде көпшілік жалпы «әйел», одан соң «біреудің жұбайы, жары» деген мағынаны білдіру үшін адамды жынысқа бөлгендегі атауы («ұрғашы») ретінде *әйел* сөзін қолданады, бұл – осы күнгі әдеби норма, оның «қатын» деген синонимі – белгілі бір стильдік реңкпен (тұрпайылық, қарапайымдылық т.б.) ғана жұмсалатын «әдеби емес» сөз. Ал *қатын* сөзі күні кешеге дейін, Абайдың өзінде әдеби норма болған, яғни бұдан 60-70 жыл бұрын қазақ жұртшылығы *қатын* сөзінен тұрпайылық көрмеген. Бұл сөздің тіпті ертеректе «ханның, императордың, ұлы әміршілердің некелі жары» деген титулдық мағынасы болғанын білеміз. Шыңғыс ханның төрт әйелі ғана «хатун» лауазымына ие болған, қалғандары *кіші*, *құма* сияқты атаулармен аталған, *кіші* сөзі бабаларымыздың тілінде көне замандардан сақталған, ол «біреудің жұбайы, қосағы, жары» (орысша «жена») дегенді білдірген. «Абай» эпопеясында Бердіқожа (М.Әуезовтің ұлы ата-сы) Құнанбайға қызын «кішілікке бермеймін» дейді ғой, мұны бүгінгі оқырман «кіші» сөзінің мағынасынан шығарып, кіші әйелі ретінде, яғни тоқалдыққа бермеймін дегені деп ұғады, ал, дұрысында, *кішілікке* сөзін «әйелдікке» дегеннің баламасы деп түсіну керек, тіпті бәйбішені де бабаларымыз *кіші* деп атаған. Ол дәуірлердегі тілімізде *кіші*, *қатын* сөздері норма болған бол-са, бұл күнде бірі көнеріп, мағынасы күңгірттеніп қолданыстан кеткен, екіншісі тұрпайы стиль элементіне ауысқан. Қазіргі қазақ әдеби тілінде «біреудің әйелі, қосағы, жұбайы» мағынасы үшін де, жалпы «ұрғашы әйел заты» ұғымы үшін де жаппай, кең қолданыстағы сөз – «әйел», демек, бұл – әдеби норма.

«Жаппай қолданыс» (употребляемость) дегенді жиі, актив қолданыс дегенмен шатастырмаған жөн. Сирек қолданылатын сөздер де әдеби нормадағы элементтер болуы мүмкін. Айталық, көнерген сөздер, кейбір экспрессивті поэтизмдер, тар аумақтық кәсіби сөздер сияқтылар сирек жұмсалады, олардың өзге эквиваленттері болмайды, сондықтан реті келіп жұмсала қалса, барлық жұрттың аузына түсетін, яғни жаппай қолданатын тілдік элементтер болып саналады. Мысалы, көптеген көне сөздер мақал- мәтелдердің, фразеологизмдердің құрамында сақталған,

оларды бүгінгі қалың көпшілік түгел түсіне де бермеуі мүмкін, бірақ сол сақталған күйінде барлық жерде қолдана береді. Айталық, «әр ханның тұсында бір *сұрқылтай*», *ереуіл* атқа ер салмай, *өндірдей* жас жігіт, *қатуланып*, *қаттанып* дегендердегі көрсетілген сөздерді мағыналарын анық білсін-білмесін, барша жұрт айта береді, бірақ оларды өте сирек (мысалы, Тезек төре Сүйінбайға «болсайшы сен де менің *сұрқылтайым*» дейді) жұмсайды, олардың тіркесімдік қабілеті де шектеулі бо-лады, осыларға қарамастан, олар да – әдеби нормадағы сөздер болып саналады.

Нормалылықтың «көпшілік қолданатын» деген өлшемі «әдеби» және «әдеби емес» деген қатарларды анықтауда басты шарт болады. «Әдеби емес» параллельдердің түрлері әр алуан. Айталық, күні бүгінге дейін бірқатар сөздердің жуан не жіңішке айтылатын қатарларының қайсысы әдеби норма екендігін белгілеу қиындық туғызып келеді: *кәзір* – *қазыр*, *әулі* – *аула*, *заңғар* – *зеңгір*, *пара* – *пәре*, *кәйтін* – *қайтін*. Мұндайда кодификация арқылы, яғни мына варианты әдеби деп танылсын дегенді сөздіктерде, әсіресе орфографиялық сөздікте, оқулықтарда әдейі көрсетіп, қолдан нормалауға тура келеді, бұған әдемі бір мысал келтіруге болады: бұл күнде *және* сөзінің осы тұлғада қалыптасып кеткендігі даусыз, тіпті соңғы ұрпақтар мұның өзге варианты болғанын білмейді де, ал үстіміздегі ғасырдың 40-жылдарына дейін арабша, латынша хат танып, жазып-сызып келгендер бұл шылаудың алғашқыда *жана* тұлғасын, бергін келе, 20-30-жылдардың ішінде, оған қосамжарлатып *және* вариантын қолданғанын білеміз, оған сол кезеңдердің уәкілі – өзіміз куәміз. Осы қатардан *даража* – *дәреже*, *уағда* – *уәде*, *қазыр* – *кәзір*, *ары* (тұр) – *әрі* тұр, *әріп* – *қарып*, *аупырым* – *әупірім*, *бары* – *бәрі*, *ғазиз* – *әзиз*, *ғылым* – *ілім*, *доңғалақ* – *дөңгелек*, *ажыраю* – *ежірею*, *қисап* – *есеп*, *жадау* – *жүдеу*, *жай* – *жәй*, *жаудырау* – *жәудіреу*, *жаутаңдау* – *жәутеңдеу*, *залым* – *зәлім*, *заңғар зеңгір*, *қаны* – *кәні* (*қане* – *кәне*), *қария* – *кәрия*, *қоңырсу* – *көңірсу*, *шайы* (көйлек) – *шәйі* (орамал), *азар* дегенде – *әзер* дегенде, *ауаны* – *әуені* сияқты параллельдерді көре аламыз. Бұлардың бір парасы ережемен реттеліп, бір ғана тұлғада кодификацияланды: *және*, *дәреже*, *әріп*, *әзер* (дегенде), *аула*

дегендердің *жана, даража, қарып, азар, әулі* варианттары әдеби қолданыстан ығыстырылды, бірқатарының, әсіресе араб, парсы кірме сөздерінің екі (кейде тіпті үш) түрлі фонетикалық тұлғада қолданылғандарының екі варианты да «кәдеге асырыл-ды»: әрқайсысына жеке мағына телініп, яғни әрбірі қосымша семаларға (қосымша, үстеме мағыналық реңктерге) ие болып, әдеби норма ретінде тіл «айналымына» түсті. Мысалы, *ғылым* – орысша «наука», *ілім* – «учение», *доңғалақ* – көбінесе арбаның, мәшиненің доңғалағы (бірақ бұл мағынада *дөңгелек* варианты да қолданылуы мүмкін), ал *дөңгелек* – пішін атауы: *дөңгелек сызық, дөңгелек таңба*; бірқатары қосарынан жұмсалып, қос сөз статусын алды (*есеп – қисап, жүдеп – жадау*), ал көпшілігі әлі күнге дейін жарыса қолданылып, екеуі де әдеби тілде варианттар (*балуан – палуан, пәле – бәле, шайтан – сайтан*) қатарын түзіп келеді, бұлар да, сөз жоқ, түптің түбінде не бөлек-бөлек мағыналық реңктер алып, екі сөз болып қалыптасады, не тіркесімдік қабілетін (ретін, үйлесімін) түрлендіреді: айталық, «Түсіндірме сөздікте» *жаудырау* вариантының «көзі мөлдіреу, бейкүнә көзбен қарау» деген мағынасымен қатар «жарқырау» (*жаудырап* ағып жатқан бұлақ су), «жалтақтау, қия алмау» (ыстық мекені *жаудырап* артта қалды) мағыналары болса, *жәудіреу* параллелі көбінесе *жәудіреген көз, жәудіреп қарау* деген тіркестерде қолданылады (бірақ «Түсіндірме сөздік» бұл қатардың жіңішке вариантын әдеби норма емес, сөйлеу тілінің элементі деп көрсеткен, біздіңше, екеуі де – әдеби нормадағы сөз, тек қолданылу орындары, тіркесімдік сипаттары бөлек болып келетін сияқты). Фонетикалық дублеттер (әлде вариант-тар) қатарын тек жуан-жіңішке параллельдер ғана емес, өзге де, ұяң-қатаң немесе *с/ш, ө/ү, ұ/ы* дыбыстары алмасып келетін сөздер құрайды. Мысалы, *диірмен – тиірмен, айғай – айқай, шама – сама* (ішілген шайдың қалдығы), *сопы – сұпы, тұну* – *тыну, тұнық – тынық, тозақ – дозақ, таба нан – тапа нан, тажал – дажал, саф* (алтын) – *сап* (алтын), *құбыла – қыбыла, жүзік – түзік, езгі – ізгі, былай – бұлай, мұнда – бұнда* сияқты қатарлар мен *й/г, й/ғ* дыбыстар сәйкестігі сияқты тілдік өз дамуында пайда болған құбылыстың көне-жаңа варианттары да (*киіз – кигіз, жейде – жегде, иесі – егесі*) түпкі әдеби норманы

анықтауда кейде оңай, кейде қиын шешімдер туғызып келеді. Бұлардың басым көпшілігі И.Ұйықбаев⁴, С.Бизақов⁵ сияқты ғалымдардың арнайы жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде біршама жіктеліп (классификацияланып), нормативтік әлеуеттері (потенциалдары) айқындалып қалды. Ал енді бірқатарының әр алуан сөздіктерде, оқулықтарда көрсетіліп, баспасөз беттерінде жиі қолданысы ескеріліп, әдеби норма деп танылуы – кодификациялануы арқылы әдеби варианттары едәуір тұрақтана бастады дей аламыз. Мысалы, *сопы*, *құбыла*, *жүзік*, *саф* (алтын), *тұнық* (су), *таба* (ыдыс) тәрізді сөздердің екінші қатарлары қолданыстан шығып барады дей аламыз. Ал енді *айғай* – *айқай*, *диірмен* – *тиірмен*, *мұнда* – *бұнда* (*мұны* – *бұны*, *мұндай* – *бұндай* т.т.), *ізгі* (ниет) – *езгі* сияқты қатарлардың екеуі де норма ретінде сөздіктерден орын алып келеді. Әрине, күндердің күнінде бұлардың да біреуі тұрақтанып, екіншісі ығыстырылуы сөзсіз. Сірә, мұндайда қайсысы жиірек қолданылатыны сияқты статистиканың да рөлі болатын болар немесе сөздіктерде біре-уі ғана көрсетіліп, «күшпен» тұрақтандырылатын болар, тіп-ті мұндай кейбір қатарлардың әрқайсысына қосымша мағына телініп, олар жеке-жеке сөз болып, «іске асып кетуі» және мүмкін.

Көпшілік қолданысына ие болу – нормалылықтың бір бел-гісі деп танылғанда, мұны тек жоғарыдағыдай лексика сала-сынан ғана көріп қоймаймыз, семантикалық қолданыстардан да, грамматикалық амал-тәсілдерден де, стильдік қызмет түрлерінен де, орфоэпиялық тәжірибеден де табамыз. Мысалы, бір алуан сөздердің тек жағымсыз не жағымды мағынада ғана (реңкте) қолданылатындығы, сондықтан өзіне қатысты сөздерді таңдап жұмсалатындығы – әдеби норма. Айталық, *арқасында* сөзі жағымды мағынадағы тіркес құрайды: *денсаулықтың арқасында*, *байлықтың арқасында*, *таланттың арқасында*, ал *аурушаңдықтың арқасында*, *жоқтықтың арқасында*, *дарынсыздықтың арқасында* деп айтылмайды, ол әдеби норма түгіл, жалпы тілдік нормаға сыймайды. Жоғарыда да айттық, белшесінен батты, етек алды, тап болды деген фра-

⁴ Ұйықбаев И. Қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы. - Алматы: Ғылым, 1976.

⁵ Бизақов С. Тілдік норма және варианттылық. - Алматы: Ғылым, 1997.

зеологизмдер тек жағымсыз мағынаны білдіреді, сондықтан олар жағымды мағыналы сөздермен тіркеспейді. Мысалы, *қамқорлық етек алды, қуанышқа тап болды, байлыққа белшесінен батты* сияқты қолданыстар мүлде дұрыс емес (соңғы мысалдар тіл қамқоршысы – Қабышевтың мақаласынан алынды). Сол сияқты көптеген етістіктер тек қана болымсыз тұлғада жұмсалады, оларды болымды тұлғасы жоқ деуге болады. Мысалы, *бет қалмады* («ұятты болды»), *бет бақтырмады* («сөйлетпеді, жауап бергізбеді»), *бет бұрдырмады* («мүмкіндік бермеді»), *бетіне жан келтірмеді* деген тіркестердің бет қалды, бет бақтырды, бет бұрдырды, бетіне жан келтірді деген жағымды сынарлары жоқ.

Грамматика саласына келсек, бағындырушы мүше мен бағынушы мүшенің орын тәртібі ежелден тілдің өзінде қалып-тасқан: бастауыш баяндауыштан, анықтауыш толықтауыш, пысықтауыш өздеріне қатысты сөйлем мүшесінен, көбінесе баяндауыштан (не етістік түбірінен жасалған өзге мүшелер-ден), меңгерілетін сөз меңгерушіден (*ақшаға бай, ақылға кенде* деген сияқты) бұрын тұратындығы – норма. Бұл норма ауызекі сөйлеу тілінде немесе белгілі бір стильдік мақсат көздеген тұстарда жазба тілде бұзылуы әбден мүмкін. Ал бүгінгі грамматикалық әдеби нормамыздың дені қазақ тілі-нің құрылымдық ішкі заңдылықтарына сай орнығып, кодификацияланғанын баса айтуға болады.

Лексика, орфоэпия, орфография салаларына қарағанда, грамматикада дұрыс деп (норма деп) танылған тұлға-тәсілдердің көпшіліктің жаппай қолданысында болуы, яғни нормалылық-тың екінші шарты әлдеқайда басым. Солқылдақтау салалар – орфография мен орфоэпия. Әсіресе сөз сазы, яғни сөйлеу актісінде сөздерді дұрыс дыбыстау (айту) нормалылықтың екінші белгісіне келгенде әлсіздік танытады. Мұнда жергілікті ерекшеліктерге қатысты алалық та (бір жерде, айталық, солтүстікте сөздерді жуан айту дағдысы болса, екінші өңірлерде, мысалы, оңтүстікте оны жінішке айтушылық) орын алады (*пара – пәре*) немесе **ш/ч** (*шатақ – чатақ*), **к/ш** (*әнке – әнше*), **б/п** (*бәле – пәле, балуан – палуан, бұт – пұт*) дыбыс алмасулары жергілік-ті ерекшеліктерде орын алатыны белгілі. Тілдің өзге тарамда-

рымен салыстырғанда, сөз сазындағы нормалылық әлдеқайда ауыр, кеш қалыптасып орнығады. Бұл заңдылық тіл-тілдің қай-қайсысына да тән.

Бұл күнде орфоэпиялық нормалары кодификацияланып, ережелері айқын түзіліп, көптеген құралдары (орфоэпиялық сөздіктер, анықтағыштар, оқулықтар, нұсқаулар, әдістемелік құралдыр т.т.) жарық көріп жатқан орыс қоғамының өзінде орфоэпия мәселесі тым кешеуілдеп қолға алынғанын ғалымдары айтады. Атақшы сөздікші Д.Н.Ушаков 1928 жылы: «Мектептерімізде сөзді дұрыс айту (орфоэпия) теориясы деген әлі жоқ, мұғалімдердің көбі орфоэпия терминін білмейді», – деп қынжылған болатын. Жалпы орфоэпиялық нормалар ұлттық әдеби тіл едәуір дамыған кезеңде мықтап қолға алынады.

Әсіресе әдеби тілдің әлеуметтік қызмет өрісінің бірі – шаршы топ алдында сөйлеу бел алған кезде, оның ішінде теледидар мен радио, театр мен жалпы сахна өнерінің түрлері қарқынды жұмыс істей бастаған тұстарда сөйлеу актісінде сөздерді қиюластырып, үндестіріп, сазды етіп айтылуына үлкен мән беріледі. Орфоэпиялық нормалардың да дені тілдің дыбыстық заңдарына негізделеді, содан көп шықпауға ұмтылады. Бұл жерде нормалылықтың бір шарты – «көпшіліктің солай қолдануы» дегеннің рөлі айрықша. Дегенмен өзге салаларға қарағанда, жалпы тілдік нормалардан ауытқушылық орфоэпияда көбірек кездеседі және оның объективтік те, субъективтік те себептері бар. Ол ауытқушылықтар туралы және оларды туғызып отырған факторлар жөнінде сөз сазына арналған тарауда нақты фактілермен кеңірек айтылады.

Норма деп танудың үшінші шарты – оның әлеуметтік қолдау табуы, яғни қалың жұртшылықтың белгілі бір сөздің, тіркестің, грамматикалық тұлғаның, жаңадан жасалған не өзге тілдерден енген сөздердің осы мағынада қолданысы, осы тұлғада айтылуы дұрыс сөздердің сөйлеу үстінде осылайша дыбыс-талуы жөн деп мақұлдауы. Әрине, бұл – тілдік норманың «көпшілік дауыспен» шешілуі емес. Сол тілде сөйлейтін қалың жұртшылықтың «дұрыс» деген бағасы дүниеге референдуммен келмейді, бұл бағаны бергізетін – белгілі бір норманың тіл табиғатына сәйкес келетіндігі, әрдайым қолданыста

болатындығы, яғни нормалылықтың алдыңғы екі шарты соңғы үшінші шартқа алып келеді, өйткені адамдарда тілдегі түзулікті, дұрыстықты сезетін қасиет болады, ол дұрыстықты теория жүзінде талдап-танымай-ақ, «Неліктен осы қолданыс дұрыс?» дегеннің дәлелін іздеп жатпай-ақ, адамның интуициясы – «пат-ша көңілі» сезіп отырады. Дегенмен бірсыпыра заңдылықтарды, әсіресе лексикалық, оның ішінде терминологиялық, сондай-ақ орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды кодификация арқылы тұрақтандырып, көпшіліктің қолдауын қамтамасыз етуге тура келеді.

«Көпшіліктің қолдауы» дегеннің өзі біршама шартты: норма ауысу кезеңінде жаңа тұлға-тәсілдерді, сөздерді, тіркестерді көпшілік бірден қабылдай қоймайтыны жиі кездеседі. Көпшіліктің ішінде жеке қаламгерлер, ғалымдар, оқу-ағарту ісіндегілердің бірқатар топтары жаңа нормаларды (дәлірек айтсақ, жаңа сөздер мен тәсілдерді) қабылдамайды, жатырқай қарайды, тіпті сынап жатады. Мысалы, парсының **-и** жұрнағы арқылы сын есім жасау нормасы тілімізде ХХ ғасырдың 50-60-жылдарынан бастап жанданды деуге болады. әуелде бұл араб, парсы тілдерінен енген сөздерге жалғанса (*тарихи, саяси, адами, дүнияуи, мәдени*), кейін келе *сыни, қоғами* дегендей қазақы сөздерге де жалғана бастады. Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов сияқты ірі жазушылар көпке дейін бұл норманы қабылдамай өтті. Публицистикалық стильде қолданылуға бейім бұл тәсіл-норманы екі жазушының екеуі де өздерінің очерк, мақалаларында мақұл көрмей, *тарихтық, саясаттық, адамгершілік, адамдық* деген варианттарын қолданды. 50-60-жылдарда пайда болған *оқырман, көрермен* сөздеріне де біраз қаламгерлер көпке дейін тосырқай қарады. Әрине, бұл – жұрнақ арқылы жаңа сөз жасау тәсілін жатсыну емес (ол – тілдің о бастан «бойына біткен», қалың жұртшылық ешбір ойланбастан қабылдайтын табиғи нормасы), не жұрнақтың өзін (шет тілдік **-и** аффиксін) қабылдамау емес, я болмаса **-р+ман** қосынды жұрнақтың беретін мағынасына шек келті-ру емес, осы тәсілдермен жаңадан жасалған сөздердің тілдің өз заңдылығына дәл келмеуін сезіну. Жоғарды айттық: келер шақ есімшеге **-ман** жұрнағын жалғағанда, әлі орындалмаған,

орындалуға тақап қалған іс-әрекет, қимылды білдіретін етістік-ті жасайды, сондықтан *оқырман, көрермен* деген сөздерді әлі оқымаған, көрмеген, оқуға, көруге тақап қалған іс-қимыл етістік деп қабылдаудан шыға алмағандары байқалады. Белгілі бір тілдік жаңа норманың көпшілік дұрыс деп танып, жаппай қолданып кетулеріне ол норманың (сөздің, тәсілдің, айтылу сазының, жазылуының) ережемен беркітіліп, хатқа тіркелуі бірден-бір рөл атқарады, әсіресе баспасөз беттерінде, радио мен теледидарда жиі жұмсалуды тіпті тіл табиғатына қайшы келетін қолданыстарды да көпшілік қауымның қабылдап кетуіне үлкен әсерін тигізеді. Жоғарыда аталған *оқырман, көрермен, тыңдарман* немесе *оқулық, әдістемелік, анықтамалық* деген жаңа тұлғаларды қазіргі жас буын тіпті жасанды сөздер деп, бертінде дүниеге келген туындылар деп сезінбейді.

Көпшіліктің жиі қолданысы арқылы (демек, қабылдауымен) кейбір бейнорма құбылыстардың дағдыға айналып кететін фактілері бар. Мысалы, сөздер аралығында, көбінесе тіпті біріктіріліп жазылған сөздерде **қ, к** дыбыстарының ұяндайтын тұстарын ескермей, қатаң түрде айту дағдыға айналып барды: *шегара, көгөнүс, қырғүйөк, қолгойұлды, күнүгеше, балагезде* деп айтылуға тиіс сөздерді жазылуынша *шекара, көкөніс, қыркүйек, күнікеше, балакезде* деп дыбыстағандарды жиі естиміз.

Міне, тілдік норма деп тануға қойылатын шарттар (критерийлер), яғни норманың белгілері, межелері туралы бүгінгі ғылым анықтаған тұжырым-түйіндер және ол шарттардың тәжірибедегі көрінісі туралы ізденістер – осындай.

ТІЛДІК НОРМА ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СТИЛЬДЕР

Тілдік норманы сөз етуде орыс тіл білімінде «тілдік жүйенің қаттаулары» («разные яруссы системы») дегенді жиі атап келді. Осы орайда «сөз айтылған жағдай» («ситуация речи»), «стиль жағынан орынды» болуы («стилистическая уместность слова») дегендерді де кездестіреміз.

Біз жоғарыда тілдік норма туралы ұғымды түсіндіргеніміз-де, норманы тануға қойылатын шарттарды, яғни норманың межелерін (критерийлерін) баяндағанда және варианттылық құбылысын нормамен байланыстыра сөз еткенімізде – барлығында да оларды «жалпы әдеби тілдің нормасы» деген планда алып қарадық. Оның өзінде де әдеби тілдің жазба түрде қолданысы нысанаға алынды. Әйтпесе тілдік норма дегеніміз – тек жазба әдеби тілдің «мүлкі» емес, диалектілік сөздер де, қарапайым сөзқолданыстарының да нормасы болады, яғни ауыекі сөйлеуде де белгілі бір «белгілердің» нормалардың болатыны аян. Бірақ тілдік норманың жазба және ауыекі қолданыстағы бөліністері, чех ғалымы Б.Гавранектің дұрыс танығанындай, түп-тамырымен өзгеше болып келетіндігінде емес, белгілі бір нормаларды қолдану міндетті түрде болатын-болмайтындығында, оның үстіне жазба әдеби тілдің нормала-ры кодификацияланады (хатталады, тұрақтандырылады), ал ауыекі сөйлеу нормалары кодификацияланбайды, «еркіндік» мол болады. А.М.Пешковский жазғандай, әдеби тілде сөйлеуші (жазушы) адам ойын әйтеуір айтып (жазып) беруді ғана емес, қалай айтып (жазып) беруді көздейді, тілдегі дұрыстықты (идеалды) ұстауға тырысады, демек, әдеби тілдік нормада екі мақсат қатар көзделуі керек: ойды білдіру және оны мәдениетті түрде, яғни белгілі дұрыстық, көркемдік нормаларын сақтап білдіру. Әдеби тілдің нормалары «жалпақ жұртқа» (халыққа), барлық аймаққа тегіс міндетті, ортақ болатын болса, ауыекі сөйлеуде жергілікті ерекшеліктерді қолдану дәстүрі адамдардың «мәдени» (сауаттылық, тілге деген ұқыптылық т.т.) дәрежесі сияқты факторларды, міндеттілікті қажет етпейді.

Оның үстіне қазіргі қазақ әдеби тілінің нормаларына келгенде, олардың жалпыға ортақтығын, міндеттілігін айтумен қатар, функционалдық стильдерге бөліп қарау керектігі де

назар аударады. «Қазіргі қазақ әдеби тілі» деп, кезеңге қарай әдейі атағанымыздың себебі – тілдік норма дегеніміз тілдің өзі сияқты – динамикалық «тірі» құбылыс. Тілдің әр кезеңдегі ішкі («құрылымдық») және сыртқы (экстралингвистикалық) дамуына қарай, нормалары да әлеуметтік өзіндік сипат ала қалыптасады. Бұл жердегі әңгімеміз синхрондық және функционалдық нормалар жайында болмақ.

Тілдік норманы міндетті түрде қолдану бар да, ыңғайына қарай қолдану бар. Айталық, орыс тіл мамандарының (Б.Н.Головник т.б.) тануынша, грамматикалық, орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормаларды қатаң, міндет-ті түрде сақтау керек, ал стилистикаға келгенде ыңғайына қарай босаң нормаларға да иек артуға болады дейді. Тілдің функционалдық стильдерге қарай ажыратылатын нормалары стилистикалық нормалар дегенмен бір емес. Соңғысы тіл-ді дұрыс қолданудың үстіне әсем (искусная речь) қолдануды көздесе, функционалдық стильдердің әрқайсысына тән (өзгелерінен ажыратылатын) азды-көпті нормалары дегеніміз – жалпы тілдік нормалар аясына кіреді.

Грамматика саласында: өткен шақ есімшенің жұрнағы - **тын** (-**тін**) және -**тұғын** болып екі вариантта кездеседі. Мұның алдыңғысы – қатаң норма, ол – қазіргі нейтральдық норма, яғни функционалдық стильдердің баршасында қолданылады, ал -**тұғын** варианты – негізінен көркем әдебиет, оның ішінде поэзия үшін норма, сол сияқты *мен ~ менен* деген шылау мен септік жалғауы -**дай** ~ -**дайын** тәрізді теңеу жұрнағын, *да ~ дағы* шылауының алдыңғы сыңарын әдеби норма деп, екінші қатардағы варианттарын бейнормалық деп танушылар бар. Бұл – әдеби норма деп тек публицистикалық, ғылыми, ресми стильдерді ғана көздеп айтылған таным. Ал көркем әдебиет тілі де – әдеби тілдің функционалдық стильдерінің бірі екен-дігін ескерсек, бұлайша пайымдау дұрыс еместігі байқалады. Ол күнде XV ғасырлардан басталған ақын-жыраулар тілі, ке-шегі Махамбеттің, Бұхардың, Жамбылдың, тіпті ұлы Абайдың тілі де әдеби тіл үлгісі деп танылмас еді. Абайдың өзі өлеңнің өлшем, ұйқас сияқты шарттарына қарай, тіпті прозасының өзінде *мен ~ менен*, -**тын**~-**тұғын**, *да*~*дағы* варианттарын ер-кін қолданғанын білеміз: «Осы өлең *оқитұғын* дұғам менің...», «Арзан жалған *күлмейтін* шын күлерлік...», «Ақыл *менен*

білімнен әбден үміт үзіппін...», «Саған құрбан мал мен бас...», «Сүйтсе дағы елімді ұстай алмадым мығымдап...». Мұндай мысалдарды қазіргі қазақ поэзисы тілінен де молынан келтіруге болады. Ал тілдің даму барысына үңілсек, **-тұғын**, *менен*, *дағы* варианттары тек сөйлеу тілі емес, күні кешеге дейінгі по-эзия, тіпті прозалық үлгілерінде әлдеқайда жиірек қолданылған нормалық тұлғалар екенін дәлелдеуге болады. Мұны біз Абай тілін зерттеген, қазақ әдеби тілінің XV-XIX ғасырлардағы тарихын баяндаған еңбектерімізде айқын көрсеткен болатынбыз⁶.

Синтаксис саласында да бағыныңқы сөйлемнің, әсіресе баяндауышы *деп-ке* аяқталатын түрлерінің басыңқыдан кейін келетін үлгілері де көркем прозада да, тіпті публицистикалық үлгілерде де норма болғандығын дәлелдеп келеміз.

Лексика саласында: араб кірме сөздерінің екі, кейде үш фонетикалық вариантты болып келетіндерінің бірқатары көркем әдебиет стилінде қатар қолданыла береді. Мысалы, ұлы Абай өлеңдерінде *ғашық* ~ *асық* қатары өлең өлшеміне қарай бірін-бірі алмастыра алады. *Сорлы асық сағынса да, сарғайса да* – мұнда өлең жолы 11 буынды болу үшін қатар келген екі сөздің аралығындағы екі дауыстының біреуі «жұтылып», үш буынды болып айтылуы қажет: *сорласық*. Ақын бұл жерде *ғашық* вари-антын қолдана алмаған, өйткені *сорлы ғашық* тіркесі 4 буын-ды болып кетеді. Ал *ғашыққақпын, еш күмәнсіз* дегенінде ақын кезеңінің өзінде-ақ жалпы тілдік *ғашық* вариантын алған, бұл жерде *ғашық* ~ *асық* жарыспалы қатардың буын саны үшін айырмасы жоқ.

Тағы бір мысал: *шайтан* ~ *сайтан* варианттарының алдыңғысының өзінің номинативтік мағынасында қолданылуы – жалпы (барлық стильде) норма, ал *сайтан* варианты әрі фонетикалық вариантқа айналып, әрі коннотаттық мағынаға («сикырлы») ие болып, тек көркем әдебиетте, көбінесе поэзияда орын алады. Бұл жерде әр функционалдық стильге тән белгілерді анықтауда оларға қатысты тілдік нормалар дегенмен, бір жағынан, байланыстыра, екінші жағынан, ажырата қарау керек сияқты. Мысалы, *біріншіден, екіншіден, әрине, қысқасы, сонымен, меніңше, біздіңше, пәленшенің айтуынша (пікірінше), ал* деген сияқты **қыстырма сөздер** басқа стильдерге қарағанда, ғылыми стиль-

⁶ Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. - Алматы, 1968. - 172-177-б.; Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. - Алматы, 1984.

де, публицистикада жиі қолданылатыны – осы стильдерге тән белгілер. Бірақ бұларды өзге стильдерде қолданылмайды деуге болмайды, өзге, әсіресе көркем әдебиетте, оның поэзия жан-рында көрсетілген қыстырма сөздердің орын алуы сирек кез-деседі, ол – бұған белгі емес.

Немесе заң-сот материалдарында, ресми құжаттар тілінде сөздер негізінен номинатив (тура) мағынасында жұмсалады, бұл үлгілерде сөздердің сипаттаушы, суреттеуші, көріктеуші қатарлары қолданылмауға тиіс. Мысалы, ресми хабарлар-да, құжаттарда *Президент* деген сөз *Елбасы* деген суретте-ме сыңарымен ауыстырылмайды. Соңғы вариант көтеріңкі (пафостық) тонмен жазылған газет-журналдар тілінде, яғни публицистикада, көркем әдебиетте, оның ішінде поэзияда қолданыла береді.

Ғылыми стильде ғылыми терминдердің мол қолданыла-тындығы, сөйлемдердің анық, түсінікті болуы – ғылыми жаз-балардың стильдік белгілері болса, мұнда да жалпы тілдік ортақ нормалармен қатар, осы функционалдық стильдің әрі белгісі, әрі нормалары болып келетін тілдік элементтер аз емес.

Әрине, тілдік нормалардың функционалдық стильдерге қарай азды-көпті айырмашылықтарын атағанда, көркем әдебиет стилін өзгелерінен бөлек алуға тура келеді. Жалпы тілдік бей-тарап (нейтрал) нормаларға жатпайтын бірқатар лексикалық және грамматикалық тұлға-бірліктер көркем әдебиетте жұмсала беретін, яғни нормативтік элементтер бола алады. Айталық, қарапайым сөздер, диалектизмдер, дөрекі сөздер, жаргондар жалпы әдеби тілдің лексикалық нормасынан тыс тұрады, олар ресми публицистика, ғылым, кеңсе-іс қағаздары үлгілерінде қолданыла қалса, бұл – нормадан уәжсіз (жөнсіз) ауытқу болмақ. Ал көркем проза мен драмалық шығармаларда бұлар көбінесе кейіпкерлер тілінде, тіпті шығарманың жанрлық си-патына қарай автордың өз баяндауында да қолданылуы норма болып табылады.

Кейіпкердің қай өлке тұрғыны екенін көрсету үшін неме-се оның мәдениеттілік, сауаттылық дәрежесін, мінез-құлқын (дөрекі, тәрбиесіз, жөнсіз қасиеттерін) аузынан шыққан сөзі арқылы бейнесін күшейте түсу үшін жазушы жалпы лексикалық әдеби норма шеңберінен шығып кетеді, бірақ олардың

қолданысы көркем әдебиет стилі үшін уәжді (дәлелді, орынды) болып тұрады. Бұған көптеген мысал келтіруге болады, мұны тіпті кез келген сауатты оқырман көркем шығарманы оқып отырғанда өздері де көре алады. Мысалы, Қалихан Ысқақовтың «Ақсу – жер жаннаты» деген романының тіліне зер салсақ, үлкен бір юмормен жазылған дүние сияқты. Мұнда «маусымдық кәсіп құған калымшиқтерден басқа барлық жібі түзу де, жібі қисық та, қысқасы, «тайғаның ақ жапалағындай шақырайып тас керен отырған кесір шалына» дейін кейіпкерлерінің тілі қыршанқы болып келеді. Автор олардың аузына *әкри, ләухи, шорту* сияқты одағай іспеттес ауызекі элементтерден бастап, *бет-мордасы (бет-әлпеті* дегеннің орнына), *түйекөтен* (помидор), *қотқа жүрмейді* («қағазсыз қара басыңыз бұл күнде *қотқа жүрмейді*»), *ассалау* («ұрының кәсібі тілге зар емес, *ассалауы* не, атанның басы не») деген тәрізді әдеби нормадан тыс тұрған элементтерді салады. Қарапайым сөз, тұрпайы сөз, макаронизмдер деп аталатын тұлғасын мейлінше өзгертіп, кекесінмен, мысқылмен қолданылған өзге тілдік сөздер мен сөз орамдары кейіпкерлерінің диалогтерінде де, автордың өз баяндауында да орын алған: «Бекет осымен біржола *шоңқиған...* Бекет начальникті таяқ туқылымен *күситіп* бір жібергісі кеп тұрды...», «*қотанаяқ* тракторист», *бүпит* (буфет), *әрісдомкрат* (аристократ), *тәріс* (турист). Бұлар – әрине, стильдік мақсатпен қолданылған бейәдеби бірліктер.

Сөйтіп, көркем әдебиет үлгілері өзге стильдердің элементтерін де, диалектизмдер, архаизмдер, кәсіби сөздер, қарапайым сөздер, дөрекі сөздер, жаргондар, ауызекі сөйлеу тілінің белгілері сияқты бейәдеби тұлға-бірліктерді де, архаизмдер, кәсіби сөздер сияқты сирек қолданыстағы элементтерді де еркін жұмсай алады, өйткені көркем әдебиет тек коммуникативтік емес, эстетикалық функцияны да қоса арқалайтындықтан, өзге стиль үлгілерінен оқшау тұрады. Осы ерекшеліктерінен болар, кейбір зерттеушілер көркем әдебиетті функционалдық стильдер қатарына қоспайтын-ды. Көркем әдебиет туын-дыларында өз нормаларын қатаң сақтайтын тұйықтық жоқ, ол көп қырлы стиль болып келеді. Қайталап айтсақ, көркем әдебиеттің барлық жанрлары, әсіресе поэзия тілі поэтикалық (эстетикалық-көркемдік) сөз өрнегіне жиірек барады, ал

поэтикалық амалдар тіл құралдарын барлық кеңістіктен, яғни барлық функционалдық стильдерден іздетеді. Өзге стильдердің элементтері де, әдеби нормадан тыс тұрған тілдік тұлғалар да көркем әдебиетте белгілі бір стильдік жүк арқалап тұрады, яғни олардың көркем шығармаларда орын алуының уәжі (мо-тиві, себебі, дәлелі) болады. Сондықтан бұларда ауызекі сөйлеу тілінің де, кітаби жазба тілдің де белгілері тоғысады. Көркем туындылар тілінің бұл қасиеті, кейбір қазақ зерттеушілері атағандай, «кемістігі» емес («көркем әдебиетте әдеби норма-дан тыс жөнді-жөнсіз ауытқулар көп ұшырайды, сондықтан басқа стильдер тіліне өнеге-үлгі бола бермейді» – М.Балақаев), ерекшелігі болып келеді.

Әр функционалдық стиль нормаларының әдеби тіл нормаларына қатысы, алатын орны, даму әлеуеті деген мәселелерге келгенде, бұл проблеманы өз алдына бөлек, кеңінен сөз ету (зерттеу) қажеттігі байқалады.

Көркем әдебиет стилінің нормаларын тануда алдымен бұл стиль үлгілерінің өзін көркем проза, поэзия, драматургия, көркем публицистика, шаршы топ алдындағы ауызша көркем сөз (мұны ауызекі сөйлеумен шатастырмау керек) деп бөліп-бөліп қарап, әрқайсысына ең бір тән нормаларын сөз ету керек болады. Ал көркем прозаның өзін:

тұрмыстық оқиғаларды баяндайтын әңгіме,
новеллалар; тарихи шығармалар; кең планды эпопея,
романдар;
фантастикалық шығармалар;
көркем публицистика;
сатиралық туындылар;
философиялық эсселер.

деген сияқты тақырыптық, жанрлық түрлерге бөліп қарап, әрқайсысына тән тілдік-көркемдік нормаларды айқындау қажеттігін де баса айтамыз. Бұлардың стильдік белгілері мен тілдік-көркемдік нормалары көбінесе тоғысып жатады және ол нормалар бейнелілік, әсерлілік сипат бере жазылған өзге стильдер үлгілерінде, мысалы, көпшілікке арналған жартылай ғылыми-публицистикалық кітапшаларда, очерк-терде, мақалаларда, баспасөз беттеріндегі пафостық үні бар информациялық материалдарда ішінара қолданылуы мүмкін.

Бірақ бұл қолданыстар – көркем әдебиеттен басқа стиль үлгілерінің нормасы емес, яғни негізгі стильдік белгілері емес, стильаралық «ауыс-түйістер», «қолғабыстар» санатында таны-лады.

Көркем шығармалардың әр түріне тән белгілер де барлығына ортақ норма болып есептелмейді. Мысалы, тарихи ро-мандарда жиі қолданылатын көнерген сөздер, этнографизмдер, морфологиялық көне тұлғалар, синтаксистік көне түзілімдер көркем шығармалардың өзге түрлерінің бәріне тән емес. Мысалы, Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» деген тари-хи романының екі кітабында қолданған *шортабегі, есікағасы, гаскербасы, сипағсалар, аталық, қарашабек, құма, емелдес, тұтқауыл, ертауыл, маңдайсүбе* сияқты көнерген сөздер, сондай-ақ Әбіш Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» атты дилогиясында кездесетін *күлдірмамай, жекеауыз, бірауыз, қандыауыз, жездауыз, шиті, берен* сияқты көне мылтық, қару-жарақ атаулары, *жалаңқат, зере, кіреуке, дулыға, жағы* сияқты әскери сауыт-сайман аттары, *даңғырашы, сайыскер, қылышкер, садақшы, айдауыл, торуыл, тосқауыл, қарауыл* тәрізді әскери топ аттары қазіргі заманды суреттейтін романдар мен әңгіме-повестерде мүлде кездеспеуі – заңды, яғни көне тұлға-тәсілдердің жиі қолданылуы – жалпы көркем әдебиетте норма емес болса, тарихи шығармаларда бұлар – нормадағы қолданыстар.

Сол сияқты жергілікті ерекшелік деп аталатын диалектизмдерді көбінесе кейіпкерлер аузына салғанда жазушы стильдік мақсатты діттейді: кейіпкердің белгілі бір өңірдің тұрғыны екенін көрсеткісі келеді (мысалы, М.Әуезовтің «Білекке білек» әңгімесінің кейіпкері Мақпалдың Оңтүстік Қазақстанның тұрғыны екенін білдіреді), сол сияқты әдеби нормадан тыс тұратын қарапайым сөздер, кейде тіпті дөрекі сөздер, макаронизмдер деп аталатын бөгде тілдік элементтер – кейіпкер бейнесін айқындай түсетін тілдік құралдар болады (мысалы, Қалихан Ысқақовтың «Қара орман» романындағы «калымшіктердің» диалогтеріне назар аударыңыз).

Демек, жанр, тақырып түрлеріне қарай көп қырлы болып келетін көркем прозаның нормалары бір алуан болса, поэзияның тілі, оның заңдылықтары (нормалары) – өз алдына бөлек сөз ететін сала. Поэзия тілінің нормалары өлеңнің ырғақ, өлшем,

дыбыс гармониясы – эвфония, поэтикалық синтаксис шарттарына сай сөз таңдауда, сөйлем құрастыруда жалпы әдеби тілдің лексикалық, грамматикалық нормалары шеңберінен шығып кететін қолданыстар болады. Мұнда да поэтикалық ойды (образды) күшейту үшін бірқатар ақындар тосын сөздерді із-дейді, олар қарапайым сөз, жергілікті сөз, архаизм, сирек қолданылатын бөгде тілдік сөздер қатарларынан табылады. Мысалы, ақын Қуандық Шаңғытбаев «Қасым өлімін есіткен-де» деген өлеңінің:

Қатардың мен де сондай *дүрі* болсам,

Құлшынған *илхам* ұлы, ірі болсам, –

деген екі тармағында *дүр*, *илхам* сияқты сирек қолданылатын сөздерді поэтикалық қуаты, яғни оқырманға беретін әсері күшті құралдар ретінде таңдайды. Бұларды поэтикалық стильдің нор-масы, белгісі дегеннен гөрі, «стильдік бояу» деп тапқан дұрыс, дегенмен бұл сияқты тосын, кәнігі емес қолданыстардың (сөздердің, тұлғалардың) көркем әдебиетте, оның ішінде өлең тілінде еркін, жиі кездесуі – функционалдық стильдердің нормаларын және стильдік белгілерін де бір-бірінен айырып тұратын өлшем.

Қазақ тілінің функционалдық стильдерінің бір-бірінен айырым белгілері көрсетіліп келеді. Ол белгілерді қазақ тілін зерттеушілер орыс тіл білімінің танымынан шығарып, яғни соған орайластырып айтатынын мойындаймыз. Бұған, біріншіден, тіл-тілдегі функционалдық стильдер табиғатының, қызметінің универсалий (ұқсас, ортақ, бірдей) құбылыс екендігі не-гіз болса, екіншіден, ресми-іс қағаздарының, ресми ақпарат материалдарының, тіпті ресми публицистиканың, ғылыми әдебиеттің, қазақ тілі мен әдебиетінен басқа пәндер бойынша жазылған мектеп оқулықтарының күні кешеге дейін көбінесе орыс тілінен аударылып ұсынылып келгені себепкер болды. Сондықтан публицистикалық стиль жалпы әдеби тіл нормасын қатаң сақтайды, әдеби нормадан тыс лексикалық тұлға-бірліктерді – диалектілік, қарапайым, жаргон сөздерді пайдаланбай-ды, морфологиялық тұлғалардың да бәсең нормаға жататын варианттарын (мысалы, **-тұғын**, *менен*, *дағы*) қолданбайды, жалпы синтаксистік нормаларды да қатаң сақтайды, яғни сөйлем мүшелерінің, құрмалас сөйлем компоненттерінің орын алма-

сып келуі кездеспейді деген белгілер аталады. Бұл белгілер – осы стильдің тілдік нормасы болып та есептеледі.

Ғылыми стильде де нормадан тыс тұратын сөздер қолданылмайды, морфологиялық тұлғалардың да жалпы тілдік бейтарап (нейтрал) варианттары жұмсалады, сөйлем құрылысы да тілдік қатаң тәртіпті сақтайды, сөздердің дәл (денотаттық) мағыналарын жұмсау үстем болады, баяндау барысында синтаксистік нормалардың да жалпы тілдік варианттарына жол беріледі. Бұл стильде ғылыми терминдердің, оның ішінде жалпы әдеби тілдік нормаға енбейтін, тар ауқымды мамандық терминдері деп аталатындарының да еркін әрі жиі орын алуын ғылыми әдебиеттің стильдік белгісі де, нормасы да деуге болады.

Кеңсе-іс қағаздарының стильдік нормалары (әрі белгілері) өзгелерден мүлде ажыратылып көрінеді, мұнда шаблон құрылымдар: сөйлем түрлері, сөз тіркесімдері, мәтіннің құрылымы орын алады, лексикалық норма қатаң сақталады, сөздердің метафора, теңеу, эпитет сияқты көріктеуіш қызметте жұмсалуына, сөздің коннотаттық мағынада келуіне жол берілмейді. Әсіресе заң-закон, қаулы, ереже сияқты ресми құжаттардың тілдік нормасы берік әрі тұрақты болуы шарт.

Ал бұлардың барлығынан оқшау тұратын – көркем әдебиет стилінің нормалары. Әрине, бұл айтылғандардың барлығы – функционалдық стильдердің әрқайсысының тілдік сырттай белгілері және соларға орай нормалары туралы. Ал әрбір стильдің өз ішінен мазмұндық-жанрлық бөліністеріне қарай және функционалдығына (мақсатына) орай бөлшектеп, әрбіреуіне тән шағын белгілерін (детальдарын) көрсетер болсақ, сөз жоқ, функционалдық стильдер нормаларын жеке-жеке өз алдына ғылыми ізденіс объектісі етуге тура келеді.

Тақырып желісіне орай, алдымен, ұлттық көркем - әдеби нормалар туралы сөз етіп алу керек. Ұлттық әдеби тіл нормасы мен ұлттық көркем әдебиет нормалары дегендер – бір категория емес. Әдеби нормалар – жалпы тілдік нормалар, ал көркем әдеби нормалар – функционалдық көркем әдебиет стилінің нормалары. Стильдердің қай-қайсысының да тірегі, негізі, қазығы, қоймасы – ұлттық әдеби тіл, соның нормалары. Демек, көркем тіл нормалары – тұтастың бөлшегі, жалпының тармағы ретінде танылуға тиіс. Қазақ тілінің тілдік нормасы дегеніміз

– алдымен, осы тілдің жүйесіне, яғни табиғи, тұрақталған, орныққан фонетикалық, лексикалық, грамматикалық заңдылықтарына сәйкес келуі керек, екіншіден, дәстүрлі болуы шарт, үшіншіден, солай қолданылып кетуге, яғни тілдік узус дегенге қатысты болуы керек. Демек, жалпы тілдік әдеби норма дегеніміз – белгілі бір кезең ішінде, мысалы, қазіргі кезеңде, көпшілік қабылдаған, тұрақталған қолданыстар, атап айтқанда: сөздердің денотаттық та, коннотаттық та мағынасы, олардың бір қалыптағы көбінесе вариантсыз фонетикалық-графикалық көрінісі (тұлғасы), сөз жасау және сөз өзгерту модельдері, синтаксистік амал-құрылымдары. Бұл жерде «белгілі бір кезең ішінде» деген түсінік әдейі айтылады, өйткені тілдік нормалар – бір уақытта пайда болып, ешбір өзгермей, қатып қалатын категория емес. Тілдің өзі сияқты оның нормалары да

– «тірі», «жанды» құбылыс. Айталық, норма ретінде танылған белгілі бір қолданыс (сөз, емле тәртібі, грамматикалық амал т.т.), айталық, дәл сол кезеңде дұрыс деп көпшілік қабылдаған норма болғанмен, тіл тәжірибесінде өзгеріп, «үлгілік» сипаты-нан айрыла бастауы мүмкін немесе «норма» деп көрсетілгеніне қарамастан, кейбір қолданыстар оған бағынбай, күнделікті баспасөзде, радио мен теледидарда, шаршы топ алдындағы шешендік сөздерде, тіпті ғылыми әдебиетте, әсіресе мектеп оқулықтарында қолдау тауып, кеңінен жұмсала бастайды да бірте-бірте нормаға айналады. Мысалы, жалпы грамматикалық норма бойынша етістіктің өткен шақ есімшелі сұраулы мәнді құрылымы *барған жоқ па, келген жоқ па* деген модельде келуі тиіс. Бұл – жалпы тілдік норма. Соңғы жылдарда, әсіресе публицистикалық стильде осы модельдің орнына *барды емес пе, келді емес пе* деген құрылым жиі көріне бастады. Әрине, көп уақытқа дейін мұның екі варианты да жарыса қолданыла береді, бірақ соңғысын нормадан тыс қолданыс деп сызып тастай алмаймыз, өйткені оның грамматикалық мағынасы, қызметі, түсініктілігі алдыңғы вариантпен бірдей, жасалуында да тілдік жүйеден ауытқу жоқ.

Жалпы әдеби тілдік кейбір норманың өзгеріп, дәлірек айтсақ, бірте-бірте ығысып, жаңаларының әлеумет тарапынан қолдау табуы әсіресе сөзжасам саласында көзге түседі. Жаңа сөз тудыру, яғни сөзжасам құбылысының активтенуі – бүгінгі тіліміздің талабы, ал тіл ол талапты қазіргі өмірдің, қоғамның,

мәдениет, ғылым, техниканың даму тоқпағы туғызып отыр. Бұған норма болып келген кейбір сөз тудырушы жұрнақтардың (-у, -ушы, -ыс т.т.) пассивтенуі, оның орнына бұрын сирек қолданылатын өзгелерінің (-ым, -л+ым т.б.) активтенуі немене екі тұлғаны біріктіріп, жаңа семантикалық бірлік туғызу сияқты құбылыстар мысал бола алады. Бұлардың барлығы – тілдің құрылымдық нормаларына қатысты әңгіме. Ал нормаға келгенде, жоғарыда айттық, құрылымдық жалпы тілдік әдеби нормамен бірге, көркем әдеби нормалар жеке сөз болуға тиіс.

Алдымен, «қазақ әдеби тілінің ұлттық белгілері қандай?» дегенге назар аударсақ. Өзге халықтардың мейлінше дамыған ұлттық тілдері сияқты, қазақ тілінің де әдеби тіл ретінде қалыптасып, әрі қарай дамыған және жетіле түскен тілінің ұлттық сипат алғаны – заңды құбылыс. Әр халықтың ұлттық тілі дегеннен кейін, олардың бір-бірінен азды-көпті айырым белгілері, яғни өзіне тән заңдылықтары болмағы белгілі. Қазіргі қазақ тілінің ұлттық белгілері туралы бұрынды-соңды ешбір зерттеуші арнайы қарастырып әңгіме еткен емес. 1990 жылдарда біз әдеби тіліміздің тарихына және көркем әдебиетіміздің тілін тануға арналған еңбектерімізде азынаулақ сөз ете бастаған болатынбыз⁷. Мұнда шамамен мынадай белгілерді атадық:

1) қазақ әдеби тілі басын аса бай ауыз әдебиет тілі мен ауыз-ша туып, ауызша тараған ақын-жыраулар поэзиясы және ше-шендік қара сөз үлгілері тілінен алған ұзақ дәстүрлі, бірнеше ғасырлық тіл екендігі;

2) аса бейнелі (образды) көркем тіл екендігі, яғни бей-нелі фразеологизмдердің, синонимдік қатарлардың молдығы, тілдік бірліктердің көріктеу құралдары болу әлеуетінің (потенциалының) күштілігі;

3) лексикалық қазынасы өте бай тіл екендігі;

Сөз байлығы тек оның санымен өлшенбейтіндігі, лексикалық мүмкіндіктерінің молдығынан көрінетіндігі белгілі; қазақ лексикасының тарихи бейтарап (нейтралдық) қабатының өзі ақпараттың қай түрін беруде де мұқтаждықты өтей алатын дәрежеде екендігі, бұған лексикалық топтардың стильдік қызметпен, ассоциациямен келетін қолданыстарына жиі иек артуы сияқты амал-тәсілдер қосылғанда, ана тіліміздің атауыштық

⁷ Сыздық Р. Сөз күдіреті. - Алматы: Санат, 1997. - 191-192-б.

казынасының орасан зор байлығын, ол байлықтың көркем әдеби нормалардың ұлттық көрінісі болып танылатындығын айтуға болады. Халықтық терминология деп аталатын атаулар топтары сол халықтың дүниетанымымен, табиғатпен қарым-қатынасымен, әр нәрсені, әр құбылысты бағалауыштық сезімталдығымен тығыз байланысты болып келеді. Қазақтар – табиғатты жақсы білген, табиғатпен етене өмір кешіп келген халық, ал табиғат адамды дәлдікке, қарама-қарсы полюстерді дөп басуға, әр заттың, әр құбылыстың нәзік қырларын ажыратып отыруға мәжбүр етеді, осының нәтижесінде қазақ тілінде жеке атаулар молайған, синонимдер қатары көбейген, әсіресе сындық таным аттары: сын есімдер мен үстеулердің жарыспа қатарлары – синонимдер, қайшы қатарлары – омонимдер мен болымды-болымсыз тұлғалар қазақ тілінің лексикалық қазынасының аса бай екендігін көрсетсе, ол байлық ұлттық белгісінің бірі болып танылады.

4) Сөздік құрамды толықтыруда лексикалық-грамматикалық мүкіндіктері күшті дамыған тіл екендігі, яғни сөз жасау тәсілдерінің икемділігі, өзге тілдерден сөз қабылдау қабілетінің күштілігі, семантикалық құрылымдарға бейімділігі – қазақ әдеби тілінің ұлттық белгісінің бірінен саналады.

5) Қазақ халқы мекендеген ұлан-ғайыр территорияның барлық аймағына ортақтық сипатының күштілігі, яғни диалект-тілік ерекшеліктердің әлсіз, аз болып келгендігі.

Қазақ көркем әдеби тілінің ұлттық сипаты негізінен осы көрсетілген белгілерден шығады, оның нормалары осын-дай ұлттық сипатына үндесе қалыптасқан. Әрине, мұндай белгілердің бірқатары өзге тілдердің де ұлттық сипатын танытады, айталық, сөздік қазынаның байлығы, сөз құбылту икемділігі, бейнелі бірліктердің молдығы, әдеби дәстүрдің ұзақтығы сияқты белгілер көптеген тілдердің ұлттық нышандары болып келеді. Қазақ көркем тіліне келсек, оның бастау көздері диалектілік ерекшеліктерге бөлінуден жоғары тұруы, ауызша дамыған авторлы әдебиеттің, оның тек поэзия жанры ғана емес, ауызша әңгімелеу, баяндау сияқты проза жанрының да белгілі рөл атқарып келгендігі, көркем сөздің «шешен-дік сөз» деп аталатын авторсыз (фольклорлық) және авторлы түрінің де орасан зор ықпал етіп келгендігі – осылар, қазақ

тілінің өзге тілдерден бөлекше келетін ұлттық белгілері. Аталған белгілердің толық еместігін және бұл – арнайы зерттеген ізденістің тұжырымы еместігін ескертеміз. Ұсынылған пікірдің жалпылық сипатын да мойындаймыз.

Тіліміздің жалпы құрылымдық нормаларымен қатар, көркемдік-эстетикалық заңдылықтарын (нормаларын) қалыптастыратын, беркітетін, әрі қарай ұластыратын, қалың жұртшылыққа ана тілінің байлығы мен әсемдігін танытатын, сол байлық пен әсемдікті дұрыс пайдалана білуге тәрбиелейтін құралдың бірі – көркем әдебиет. Демек, қазақ тілі мәдениетін көтеруде қазіргі кезеңдегі көркем әдебиет стилінің орны, рөлі, қызметі ерекше.

Көркем әдебиет – өнер туындысының бірі сөз өнерінің құралы, шеберлік дүкені («дүкен» дегенді ұстахана, шеберхана, мастерская мағынасында жұмсап отырмыз). Көркем шығарма – өнер ескерткіші болғандықтан, бір жағынан, сол өнерді сомдайтын ұстаның: жазушының, ақынның, публицистің, драматургтің шеберлігін сөз ету керек болса, екінші жағынан, көркемсөз иелері әдеби тіл нормаларын белгілеуші, жетілдіруші, сақтаушы болғандықтан, олардың бұл нормаларды ұстануы немесе олардан ауытқуы тұрғысынан да әңгіме болуы тиіс. Лингвостилистика және тіл мәдениеті деп танылатын бұл екі саланың екеуінің де зерттеу нәтижелері белгілі кезеңдегі, айталық қазіргі, қазақ көркем әдебиет тілінің жалпы әдеби тілдің даму бағытымен, даму принциптерімен өлшенетіндігін көрсетеді. Сондықтан бұл орайда қай тұрғыдан болса да, сөз болатын тіл мәселесі, сайып келгенде, тілдік нормаға барып тіреледі.

Қазақтың көркем әдебиеті стилінің жалпы нормаларын сөз етумен қатар, бұл әдебиеттің өз ішінен проза, поэзия, драматургия деп бөлінетінін де ескеріп, әрқайсысының стильдік белгілеріне орай тілдік нормаларын талдап-тану қажет. Айталық, көркем әдебиеттің проза жанры – өзгелеріне қарағанда, әлдеқайда кең ауқымды, яғни тілдің барлық функционалдық стильдерінің элементтерін пайдалана алады, онда «стильдік тұйықтылық» деген болмайды, ол – «көп қырлы» стиль. Поэзия тілі – көркемдіктің қоймасы болғандықтан, онда өзіне тән, тілдік құралдарды таңдап жұмсау принциптері бар, өлең тілі

– поэтикалық сөз өрнегіне, сол өрнекті жасайтын тәсілдерге жиірек барады. Сөздің, грамматикалық тұлғаның, синтаксистік құрылымның экспрессиясы күштілерін таңдайды. Бұл таңдаулар тосын, жалпы тілдік нормаға сыя бермейтін элементтерді қажет етеді. Поэтикалық норма өз алдына басқаша дүниелерден тұрады. Драматургия дегеніміз – көбінесе адамдардың өзара сөйлесуінен жасалатындықтан, ауызекі сөйлеу тілінің нормаларын ұстануға бейім келеді, демек, мұндағы көркем тілдік нормалар проза мен поэзия жанрынан өзгеше болып келеді. Сонымен қатар бұл үш жанрдың нормалары бір-біріне ауысып, ұласып та келетін тұстарын жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, қазақ драматургиясында ақ өлеңмен немесе тіп-ті кәдімгі өлең үлгісімен жазылған шығармалар баршылық. Мысалы, Ғабит Мүсіреповтің «Ақан сері-Ақтоқты», «Қозы Көрпеш-Баянсұлу» пьесалары, Мұхтар Әуезовтің «Қарагөзі», «Қарақыпшақ Қобыландысы», Тахауи Ахтановтың «Ант», Қалихан Бекхожиннің «Ұлан асу», Әбіш Кекілбаевтың «Абы-лай хан», Софы Сыматаевтың драмаларының кейіпкерлерінің тілі – күнделікті ауызекі сөйлеу тілінің әдеби үлгісі емес, нағыз поэтикалық толғаныстар мен ерекше ұсынылған репликалар болып келетіндігін білеміз. Демек, бұл драмалық шығармалардың тілдік нормалары поэзияның нормаларымен үндесіп жатады. Сол сияқты көркем прозадағы кейіпкерлердің тілінен ауызекі сөйлеу тілінің нормаларын танимыз. Осылардың баршасы – көркем әдебиет стилінің тілдік-стильдік нормалары деген тұтас тақырыпты атауға мүмкіндік береді.

Тілдік нормаларды функционалдық стильдерге қарай ажыратып тануда олардың бір стиль шеңберінде тұйықталатын сипаты жоғын білу керек. Жоғарыда көрсетілгендей, нормалардың бір функционалдық стильдің өз ішінде ғана емес, азды-көпті стильаралық «ауыс-түйістер» де жүріп жатады. Мысалы, ғылыми стильге жататын кейбір әдебиетте публицистикаға тән белгілер (нормалар) кездесуі мүмкін және керісінше. Ре-сми іс қағаздары мен құжаттар тілінде ғылыми стильге тән реттілік (санамалылық), нақпа-нақтықты көрсететін лексика-грамматикалық бірліктер норма үдесінен шығып тұруы әбден ықтимал. Бұл фактілерді әрбір функционалдық стиль үлгілерін талдаған ғылыми-танымдық ізденістерден көруге болады.

НОРМА ЖӘНЕ ВАРИАНТТЫЛЫҚ

Тіл біліміндегі *вариант*, *варианттылық* терминдерінің беретін мағынасы «ұқсас тілдік бірліктердің (единицалардың) жа-рыспа қатарлары» деген жалпы ұғыммен ұштасып жатқанымен, өзіндік ерекшеліктері бар. Әсіресе «тіл мәдениеті», «әдеби норма» дегендерге қабыстыра қолданғанда, *вариант* сөзін «жарыспа элемент (сөз, тұлға, олардың жазылуы, айтылуы)» деген жалпы мағынада да қолдануға болатындығын, сонымен қатар шектеулі (қатаң) терминдік мән беріп жұмсау керектігін де айтамыз.

Тілдік құбылыстарды зерттеуші маман-теоретиктердің пайымдауынша, варианттылық жалпы тілге, тілдік жүйеге тән қасиет (сипат), екінші сөзбен айтқанда, тілдік бірлік-тұлғалардың баршасы вариантты болып келеді. Мұны түсіну үшін, алдымен, *вариант* пен *инвариант* деген терминдердің мағыналарын біліп алған жөн. *Вариант* деректі ұғымды атай-ды, ал *инвариант* сол ұғымды білдіретін дерексіз «дүние», бір-келкі, ұқсас объектілердің ұғымдық «түпатасы». Айталық, **т** фонемасының қолданыста бірнеше варианты бар: қатаң айтылатын (*ат* дегендегі), жіңішке айтылатын (*ет* дегендегі). Бұл жерде **т** фонемасы – *инвариант*, ал оның қолданыста жуан, жіңішке, келте, созылыңқы деген сияқты көріністері (айтылуы, естілуі) – *варианттар*. Вариант/инвариант деген танымдар о баста фонология атты тіл білімі саласында дүниеге келген-ді. Мұнда фонеманың (дыбыстың) өзін **инвариант** (ортақ түбі, түпатасы) деп, ал оның қолданыстағы түрлерін сол **фонеманың варианттары** деп тану орнықты. Бұл таным бірте-бірте тілдің грамматика, лексика сияқты өзге қаттауларына көшті. Фонологияда: инвариант – «фонема», вариант – «аллофон, фон»; лексика саласында: инвариант – «лексема», варианттар – «лекса, аллолекса»; морфологияда: инвариант – «морфема», вариант – «алломорф, морф» деген ғылыми терминдермен атала бастады. Демек, жалпы тілге қатысты қарағанда, варианттылық дегеніміз – тілдік жүйеге тән табиғи құбылыс болып танылады.

Варианттылық фонетика саласында фонемалардың жуан, жіңішке, қысаң, созылыңқы немесе өзге фонемаларға жуық құбылып айтылуы (естілуі) сияқты жарыспалы қатарларды

түзе, грамматикада морфологиялық, синтаксистік амалдардың қызметтеріне орай бірінің орнына екіншісінің алмасып қолданылуы, дәлірек айтсақ, бір қызметтің әртүрлі грамматикалық амалдар арқылы берілуі варианттар қатарын құрайды, лексика саласындағы варианттар қатары тіпті көп екендігі мәлім. Ол қатарларды:

әдеби сөз бен диалектизмдер;

сөздердің фонетикалық варианттары;

төл сөз бен кірме сөздердің жарыспалы қатарлары; қазіргі қолданыстағы сөздер мен олардың көне варианттары; жаңа атаулардың бірнеше вариантта

кездесуі;

кірме сөздердің тұлғалық варианттары; туынды сөздердің тұлғалық қосарлары – қысқасы, осындай

жарыспалы топтар лексикалық варианттар әлемін көрсетеді.

Демек, варианттылық тілдің барлық қаттауында орын алады екен, сондықтан оны:

1) лексикалық немесе сөз варианттары;

2) грамматикалық варианттар;

3) лексика-фонетикалық варианттар деп бөліп-бөліп қарастырған жөн.

Сонымен қатар варианттылық құбылысын сөз еткенде зерттеушілер (негізінен орыс тіл білімінде): варианттылықты тудыратын факторлар, оның ішінде тілден тыс тұратындары, варианттылықтың әлеуметтік лингвистика тұрғысынан қарағанда туындайтын проблемалары деген жайттарға көңіл аударуды ұсынады. Бұлардан басқа: ситуативтік варианттар, әдеби тіл мен диалектілер тұрғысынан алғандағы варианттылық мәселелері дегендер де зерттеуші назарынан тыс қалмауы керек. Ең соңғысы – тілдік бірлік-тұлғалардың варианттылығын және норма мәселелерін зерттеу ұсынылады. Біздің бұл жұмыстағы негізгі нысанымыз да осы – соңғы көрсетілген проблема.

Демек, вариант құбылысын әдеби норма қырынан қарастырар болсақ, алдымен тағы да кейбір терминдерді айқын-дап алу қажет. Ол: *вариант* және *дублет* терминдері. Зерттеушілердің басым көпшілігі, оның ішінде орыс тіл білімінде де бұл екі сөздің терминдік мәндері бірдей деп қарайды, яғни бірінің орнына екіншісін жұмсау жиі кездеседі. Тепе-тең

мағыналас қатарлар болмағанмен, әбден ажыратылып, еке-уі екі бөлек тұрақты термин болғанға дейін, осылайша алма-кезектеп жұмсай беруге де болар. Тіл мәдениетіне қатысты бұрынырақ жазған бір мақаламызда біз де *дублет* терминін «жазба әдебиетімізде екі, кейде тіпті одан да көп вариантта қолданылып жүрген жеке сөздер, тұлғалар» деген мағынада жұмсаған болатынбыз⁸. Қазақ тіліндегі варианттылық пробле-масын арнайы зерттеп, монографиялар жазған И.Ұйықбаев, С.Бизақов сияқты ғалымдар да бұл екі атаудың бір-біріне синоним болып келетінін айтады. Дегенмен оларды айырып жұмсау қажеттігін де ескертеді. И.Ұйықбаев: «*Вариант* сөзінің ауқымы кең жатады, өйткені ол барлық жарыспалы сөздерді қамтиды, ал *дублет* көбінесе лексикалық-семантикалық дәлме-дәлдікті (аллолекса) білдіру үшін қолданылады» деген пікірді айтады⁹. Зерттеуші С.Бизақов А.А.Реформатский, Н.М.Шанский, Ро-гожникова, И.А.Короленко сияқты зерттеушілердің *вариант* пен *дублет* терминдерін орыс тіл білімінде ажыратып қолдану туралы пікірлерін келтіріп, бұл терминдер жайында бірсыпыра толығырақ мағлұмат береді де қазақ тіліндегі еңбектерде бұл екі терминнің ара-жігі ашылмай, қабат алынып келе жатқанын білдіреді¹⁰. Бұл зерттеуші де «вариант» пен «дублет» құбылыстарын бір-бірінен ажыратып танытатын белгілерді атап, фонетикалық дублеттер мен сөздің дыбыстық варианттарына жеке-жеке сипаттама береді.

Ұсынылып отырған жұмыста біз варианттылық құбылысының зерттелу тарихын, таным деңгейін тәптіштеп толық баяндауды мақсат етпей, қазақ тілінің бүгінгі әдеби нормасы тұрғысынан келгенде, варианттар, дублеттер, косар сөздер (И.Ұйықбаев ұсынған атаулардың бірі), жарыспа сөздер (тұлғалар) деп атап жүрген тілдік элементтерді қалайша танып, жіктегеніміз жөн деген таным-талдауларымызды ұсынамыз (бұрынырақ жариялаған кейбір материалдарымыз бен пікір-лерімізді де пайдаланғанымызды ескертеміз).

Әдеби норма дегенді сөз етуде де зерттеушілердің алдында

⁸ Сыздықова Р. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі дублеттер жөнінде //Тіл мәдениеті және баспасөз. - Алматы, 1968. - 28-б.

⁹ Ұйықбаев И. Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы. - Алматы, 1976. - 14-б.

¹⁰ Бизақов С. Тілдік норма және варианттылық. - Алматы: Ғылым, 1997. -16-19-б.

«қай қолданыс қазірде «әдеби» болып танылады, қайсысы танылмайды?» деген мәселе тұрса, мұның бір ұшы вариант, дублеттерді тануға, іріктеуге барып тіреледі.

Кейбір зерттеушілер тіпті варианттылық құбылысы болмаса, нормалану процесін сөз етуге тура келмес еді деген сияқты пікірлерді де айтады. Мұның жөні де бар, өйткені норма дегеніміз – таңдау, ал таңдау үшін ең кемінде екі варианттан тұратын дүние (сөз, тұлға, дыбыс, тіркес, сөйлем түрі т.т.) болу керек. Таңдау тілдің қолданыс үстінде болады. Сондықтан қай жерде, функционалдық стиль үлгілерінің қайсысында, қай кезеңде, айталық, дәл бүгінгі тілімізде болатын таңдаудың ере-кше мәні бар. өйткені тіл дамуының бір кезеңінде норма емес элемент келесі кезеңінде норма ретінде танылуы мүмкін және керісінше.

Әдеби норманы анықтауда әлеуметтік талғам, яғни қоғамның сол қолданысты дұрыс деп санауы негізгі рөл атқаратындығы жоғарыда айтылды. Мысалы, *сұраным*, *қойылым*, *оқылым*, *салым*, *салымшы* сияқты сөздер бұрын тым жасанды тұлғалар ретінде әдеби тілде қолданылмаған болса, бұл күнде олар – тіпті терминдік мағынаға ие болған сөздер. Сол сияқты функционалдық стильдердің бірінде нормадан тыс деп танылатын элементтер екіншісінде нормаға сай түсетін бірліктер (сөздер, құрылымдар, эстетикалық құралдар) болып саналуы әбден ықтимал (бұлар жөнінде кейінгі тарауларда толығырақ айтылады).

Жоғарыда айтылғандай, тіл мәдениетіне қатысты мәселелерді сөз еткенде, зерттеушілердің де, қалың жұртшылықтың да көбірек назар аударатыны – жарыспа бірліктер (сөздер, тұлғалар, орфограммалар т.т.). Фонетикалық-орфографиялық норма-лары, сондай-ақ жеке сөздер мен грамматикалық амалдарды жұмсауы көп сәттерде бір ізге түсіп, тұрақталу процесін басы-нан өткізіп жатқан қазіргі жазба әдеби тіліміздің мәдениетіне нұқсан келтіріп отырған құбылыстың ең үлкені – кейбір сөздер мен тұлғалардың әртүрлі вариантта жарыса қолданылып келе жатқандығы. Бұл жерде вариант атаулының бәрі әдеби нормаға нұқсан келтіреді деген тұжырымнан мүлде аулақ болу керек. Олардың дені тіл қолданысының белгілі сәттерінде өз орны бар, жұмсалы әлеуеті күшті элементтер болып келеді. Енді варианттардың түрлерін жеке-жеке көрсетелік.

Лексикалық варианттар

Лексикалық, яғни жеке сөздердің варианттарын құрайтын топтар мынадай:

1) қазақтың төл сөздерінің ішінде бірі – жұрнақсыз түбір сөз, екіншісі – жұрнақты туынды сөз болып қолданылып жүрген варианттар қатары бар: *нақты – нақтылы, ерек – ерекше, шабар – шабарман, ұры – ұрлықшы, диқан – диқанишы, аспаз – аспазшы, кіл – кілең, тоз – тозаң, мүкі – мүкіс, лайық – лайқат.*

Бұндай қатарлардың дублетті сипаты, яғни біреуі артық екендігі жақсы сезілгенімен, көпшілігінің екі варианты да қолданылып жүр. Тек бірен-саранының, мысалы, *диқан* сөзінің *диқан-шы*, *аспаз* сөзінің *аспазшы* варианттарын қате деп тауып (яғни *диқан*, *аспаз* деген тұлғалардың өздері кәсіп немесе мамандық иесі екендігін білдіреді), жұрнақты сыңарларына сөздіктерден орын бермей жүрміз. Ал *диқанишы* тұлғасын қазақ сөзінің қас сакшылары – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтар қолданғанын білеміз. Соған қарағанда, халықтық қолданыста сөз түбірінің, әсіресе кірме сөздер мен жұрнақтардың мағынасына жеке-жеке үңілуден гөрі, мамандықты, кәсіпті танытатын сөздердің біркелкі тұлғалануына, яғни көбінің **-шы/-ші** жұрнағымен жасалатындығына назар аударылған сәттері болатындығын байқаймыз.

2) Қазіргі тіл жұмсау тәжірибемізде бірқатар сөздерге III жақтық тәуелдік көрсеткішін екі рет қабаттастыра жалғап қолдану орын алып келеді: *көбі – көбісі (көп+і+сі), бірі – бірісі (бір+і+сі), ақыры-ақырысы (ақыр+ы+сы)* (бұлар жөнінде толығырақ «Морфологиялық варианттар» деген тараушада айтылады).

3) Қазақтың төл сөздерінің ішінде бір түбірден екі түрлі жұрнақ арқылы жасалып, бірдей мағынаны беретін сөздер де варианттар қатарын құрайды: *намысшыл – намысқор – намысқой, кемдік – кемшілік, жаугерлік – жауынгершілік, бейәдеп – әдепсіз, бейхабар – хабарсыз, аласы – алажақ, бересі – бережек – берешек, себепкер – себепші, арызқой – арызқор – арызшыл, аспаз – аспазшы – асишы, шоқынды – шоқыншық, малсақ – малжанды, ұтымды – ұтықты, оқтын-оқтын – оқсын-оқсын* т.т. Мұндай қатарлар сан жағынан едәуір. Норма тұрғысынан қарағанда, бұлардың да көпшілігі – жарыса

қолданыла беретін сөздер, тек бірен-саранының екінші варианттары жергілікті қолданыс (*оқсын-оқсын, бережсек*) немесе ауызекі сөйлеу тіліне тән (*шоқыншық*) деп саналады. Әрине, бұлардың алма-кезек қолданыла беретін себептерін дәлелдеу қиын, дегенмен әр жұрнақтың сөз мағынасына қосатын өз реңктері (семалық ерекшеліктері) бар екенін байқап, олардың әрқайсысының қолданылатын орындарын біліп жұмсау керек. Айталық, шоқынған адамды *шоқынды* десе, ол – нейтралды жалпы атау, ал оны *шоқыншық* дегенде, жақтырмай, мұқатып атау реңкі сезіледі; сол сияқты *білімді* – бояусыз номинатив, *білімдар* – көтеріңкі тон қосылған, эмоциялы атау; *арызыл* – арыз жазғыш адамның нейтралды нақты атауы, ал оны *арызқой* десек, «арыз жазуға әбден бейімделіп алған» деген сияқты қосымша мағыналық сема (реңк) үстелген деуге болады. *Бейберекет* пен *берекетсіз, бейхабар* мен *хабарсыз* тәрізді жарыспалы қатарлардың екі сыңары да өзге сөздермен тіркесу қабілеттеріне қарай немесе белгілі бір функционалдық стильге жататын үлгілерде қолданылу мүмкіндіктеріне қарай өз орындарында жұмсала алады: *хабарсыз кету* дегенді *бейха-бар кету* деп алмастыруға болмайды, сондай-ақ *мазан тиесілі ақша* дегенді *маған тиісті ақша* деп ауыстыру жатық болмас еді; *жолдасым мазан бүгін келуге тиісті* дегенді *тиесілі* деп, *берекетсіз адам* дегенді *бейберекет адам* деп айту мүлде келмес еді. Сірә, бұл іспеттес қатарларды таза (тепе-тең) варианттар деп атауға болмайтын тәрізді. Тіпті *жұмақ ~ ұшақ, ұқсап ~ құсап* сияқты бірен-сарандарын әдеби варианттары алғашқысы деп нормаға айналдырған күннің өзінде екінші сыңарлары әр алуан қажеттілікке қарай әдеби тілде қолданыстан шығып қалмайды: *ұшақ* сөзінің мақал-мәтелдер құрамында сақталуы, *ұқсап* вариантының ұйқас, ырғақ сияқты өлең шарттарына қарай поэзияда еркін қолданыла беретіндігі осыны дәлелдейді.

Демек, әдеби тіл нормасы талабынан келгенде, лексикалық варианттар қатарына мейлінше сақтықпен (дұрыс таныммен) қарау керек болады. Олардың ішінде бір сыңарын сөздіктер арқылы реттеп, қолданыстан ығыстыру әрекетін іске асыра беруге болмайды.

4) Лексикалық варианттардың бір тобын белгілі бір атаудың көпшілікке танымал, яғни біршама норма ретінде қалыптасып қалған сөздің газет-журнал беттерінде жарыса жұмсалып

жүрген қатарлары құрайды. Мысалы, *қызылишаны* Жетісу өңірі казактары *қылиша* түрінде, *сіріңкені* батыс өлкедегілер *шырпы* деп, енді бір аймақта *оттық*, *күкірт*, *кеуірт* деп қолданылатындығын білеміз. Бұлар әдеби сөз бен жергілікті сөздердің қатарлары болғандықтан, сонғылары әдеби нормаға енбейді.

Норманы сөз еткен тұста әңгіме жазба тілде орын алып жүрген «әдеби сөз – диалектизм» қатарлары туралы ғана болмақ, әйтпесе ауызекі сөйлеу тілінде кездесетін әдеби тілдік – диалектілік қатар құрайтын сөздер едәуір көп екендігі мәлім. Әрине, ауызекі сөйлеуде де басы артық сөздерді қосамжарлап қолданбай, нормаға сай варианттарын жұмсасақ, нұр үстіне нұр болар еді ғой.

Әдеби - диалектілік деген қатарға әсіресе әр жерде әртүрлі аталатын бір ғана өсімдіктің, аңның, құстың, құрт-құмырсқаның екі-үш вариантта келген түрлері де жатады. Мысалы, *бәрні* деп аталатын өсімдік өзге өңірлерде *ұқорғасын*, *аюоты* деп, *бетегебоз* деген өсімдік енді бір жерлерде *тырса* деп аталады екен. Ал *бозбетеге* дегеннің төрт түрлі варианты бар: *селеу*, *садақбоз*, *көде*; құс атауларынан *суықторғай* ~ *бозшымшық*, аңдардан *саршұнақ* ~ *зорман*, *көдек* ~ *қодыға* ~ *қодық*, *қаракөз* ~ *торта* (балық), *мигұрт* ~ *бәдік*, *айналма* ~ *тентек* (орысша «вертячка») деп аталатын бір ғана мал ауруының әр жерде әртүрлі аталуы), *таңқурай* ~ *биемшек* («малина» деген жидектің аты), *жауынқұрт* ~ *шылаушын*. Бұлардың мына варианты әдеби, қалғандары жергілікті деп танудың өзі қиын. Әзірге ботаника, зоология оқулықтарында жиірек қолданылғандарын немесе түсіндірме сөздіктерде анықтама берілген вариантын норма (әдеби) деп, қалғандарының түсіндірмесін соған сілтеме жасау арқылы тұрақтандыру әрекеті байқалады, яғни мұндайда норма еместері бірте-бірте қолданыстан ығыстырылуы керек, өйткені бір зат (аң, құс, өсімдік) екі-үш түрлі аталмауға тиіс, ал мақал-мәтелдерде, фразеологизм құрамында сақталатындары нормадан тыс болса да, өз орындарында айтыла беретіні түсінікті.

5) Лексикалық варианттар қатарын жаңа тұлғалар: бұрын қазақ ұғымында жоқ заттарды, ұғымдарды қазақша атау процесінде жарыса қолданылатын сөздер құрайды. Бұлардың өзге топтардан өзгешелігі – біреуінің норма деп танылуы тезірек болады да, екінші, үшінші варианттары қолданыстан ығыс-

тырылады немесе басқа мағынаға ие болып, жеке лексикалық бірлік ретінде әдеби тілдіе өмір сүреді. Мысалы, ондаған, жүздеген адам түсетін, түнейтін, бірнеше сағаттан бірнеше күнге, айға дейін тұратын арнайы жай (орысша – «гостини-ца», Еуропа тілдерінде – «отель») бұрын қазақтарда болмаған, бірақ мұны қазақша атауға әбден болады, өйткені ол – ғылыми-техникалық термин емес немесе бұрын қазақ білмеген абстракт ұғым атауы емес, оның үстіне қазақ қауымы жолаушылап шығатын адамдарды далаға түнетпей, үйге түсіріп «қонақ», «мейман» деп атауды жақсы білген. Сондықтан «отель» қазақша *мейманхана*, *қонақ үйі*, *қонақүйі* деп күні бүгінге дейін жарыса аталып, арнайы ғимараттың төбесіне, маңдайшасына жазылып келеді. Мұның *мейманхана* вариантының жарыса жүруіне кейін пайда болған әр алуан әлеуметтік қызмет жайларының *хана* сөз-формантымен жасалу жүйесі де (*кітапхана*, *асхана*, *аурухана*, *төлхана*) себепкер болғанға ұқсайды. Мұндай жаңа атаулардың алғашқы кезде варианттары көбірек болатын. Мысалы, 1920-1960 жылдары *тыңайтқыш* ~ *құнарландырғыш*, *қосымша құн* ~ *түсер құн*, *басылу* ~ *басылым*, *оқушы* ~ *оқырман*, *азамат созысы* ~ *азаматтық соғыс*, *жұмыскер* ~ *жұмысшы* деген варианттар қатары болды. 1990 жылы жарық көрген «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» атты сөздікте *шірінді* ~ *қарашірік* (гумус), *айнамұз* ~ *мұзайдын* ~ *мұзойнақ* («каток»), *аяқжол* ~ *жаяу соқпақ* (тротуар), *балқайнатпа* ~ *қайнатпа* ~ *тосап* (варенье), *жолақы билет* ~ *сапарлық билет* («проезд-ной билет»), *жолқапшық* ~ *жолдорба* («рюкзак»), *көктат* ~ *көкөніс* (овощ), *қиғаштама* ~ *бұрыштама* («виза»), *қол күйме* ~ *бесік арба* («коляска»), *қорап* ~ *қау* («кузов»), *құлаққап* ~ *құлаққалқан* *құлақтама*, *құлақілдік* ~ *құлақілдірік* («наушник»), *қызан* ~ *қызанақ* (помидор), *анықтамалық* ~ *мағлұматнама* («справочник»), *өлікхана* ~ *мәйітхана* («морг»), *тежеме* ~ *тежегіш* («тормоз»), *жеңілгек* ~ *тиектүйме* («запонки»), *шыңылтыр* ~ *әйнекей* («глазурь») деген ондаған жаңа сөз қатары тіркелген. Бұлар – қазақ өмірінде, оның мәдениетінде бұрын болмаған жаңа заттардың атаулары, көбінесе олар – тұрмыстық лексика деп аталатын сөздер, сондықтан оларды орысша атамай, қазақша баламасын жасау барысында екі-үш, кейде тіпті 3-4 (*наушник* дегеннің атауын қараңыз) жарыспа жаңа тұлғалар пайда болғанын көреміз. Әрине, бір ғана нақты

заттың аты болғандықтан, оны әркім әртүрлі атамай, бір ғана сөзбен беру – норма талабы, бірақ бұл талап көп ретте бірден орындала қоймайтындығы, ауызекі сөйлеу тілі былай тұрсын, жазба дүниеде, әсіресе баспасөз беттері мен радио, теледи-дар сияқты ақпарат каналдары тілінде бірсыпыра уақыт бойы варианттар болып түрліше аталып келетіндігін мойындау қажет. Тіл мәдениеті саласында істелуге тиіс шаралардың бірі – осындай жарыспа атаулардың бірін норма ретінде қалыптастыру. Бұған варианттардың бірінің жиірек қолданылуы, оқулықтар мен анықтамалық құралдарға біреуін енгізу, әр алу-ан нормативтік сөздіктерге нормаға сай деп танылған біреуін беру сияқты іс-әрекеттер дәнекер болады. Айталық, жоғарғы көрсетілген варианттардың ішінде *тыңайтқыш*, *қосымша құн*, *оқырман*, *мұзайдын*, *анықтамалық*, *бұрыштама*, *басылым*, *мәйтхана*, *көгәніс* деген сыңарлары біршама орныға түскен сияқты. Ал енді бірқатарының дәл мына варианты норма болсын деп айта қою қиын. Мысалы, *помидор*-дың *қызанақ* немесе *қызан* деген аударма варианттарынан гөрі қолданыста «помидор» сөзі жиірек кездесетіндігін көреміз.

б) Орыс сөздері мен олардың қазақшаланған варианттарының қатар қолданылуы алдыңғы көрсетілген топтан бөлек талданып, танытылады. Мысалы: *скелет* ~ *қаңқа*, *артрит* ~ *шорбуын*, *атрофия* ~ *сему*, *реликт* ~ *қалдық*, *туберкулез* ~ *құрт ауру* сияқты қатарлардағы әсіресе медицина терминдері жазба тілімізде жарыса қолданылып жүр және сөздіктерде екі вариантын да норма деп беріп келеміз. Бұлардың санатында *паспорт* ~ *төлқұжат*, *космос* ~ *ғарыш*, *класс* ~ *сынып*, *телеграмма* ~ *жеделхат* сияқты көптеген тілдерге ортақ интернационалдық қорға жататын сөздерді екінші бір шет тілдің, көбінесе араб тілінің сөзімен алмастырудың уәжі қаншалықты күшті екенін айту қиын, сірә, бұл жерде әйтеуір «орысшылықтан» қашу ниеті рөл ойнаған болар, әйтпесе 70-80 жыл бойы қолданылып келген *класс* сөзін (мектеп кластары), мамандық дәрежесін білдіретін *класс* арабша *сынып* (дұрысы *синиф* болуы ке-рек) баламасымен алмастырғанда, оның қазаққа түсініктілігі, дағдылығы жағынан ұтып тұрмағаны белгілі, *космос* терминін *ғарыш* деп алмастырғанда, бұл арабизм «космос» дегеннің ғылыми мағынасын бере ме: түпнұсқа тілдегі негізгі мағынасы («тақ») мүлде жуыспайды, ал оның араб тіліндегі «көк аспан»

деген коннотативтік мағынасы *космос* дегенді білдірмейді, *космос* – жерден қарағандағы жай аспан немесе көк аспан емес. Оның үстінен *космос* түбірінен туындайтын *космогония*, *космонавтика*, *космизация*, *космография* деген сияқты терминдерді *гарышгония*, *гарышнавтика*, *гарышграфия*, *гарсизация* деп атай алмаймыз, демек, *космос* сияқты сөздерді ғылыми термин етіп қалдыру керек, яғни мұндай сөздердің көбінесе ғылыми әдебиетте жұмсалатын, барлық тілдеде жазатын ғалымдарға таныс халықаралық варианттарын норма деп қалдырсақ, қазақ тілінің байлығы ортаймайды. Бұл да қазіргі кезде лексикалық норма проблемасының бір қырына барып тіреледі, яғни әңгіме бұл жерде *космос*, *класс* сияқты жеке сөздердің қолданысқа ену-енбеуі туралы емес, терминология принциптерін жүйелеу жайында болмақ.

Ал *гарыш*, *Елбасы* (Республика Президенті), *халық қызметшісі* (депутат), *құрылтай* (конференция, съезд, симпозиум, сессия, жиын, жиналыс) сияқты сөздер сипаттаушы, суреттеуші баламалар болып қолданыла алады.

Міне, қазіргі таңда әдеби норма статусында бір вариантты үзілді-кесілді тұрақталмаған сөз топтарының сипаттары – осындай. Бұл топтарды осылайша бөліп-бөліп таныстырып өтуіміз қажет болды. Өйткені бірқатар тіл мамандары мен жазушы-журналистер жарыспалы варианттар мен синонимдер қатарын шатастырып жүрген ыңғайлары бар. Ал, дұрысында, фонетикалық, тұлғалық, мағыналық жақындығы жағынан жарыспа сөздер мен синонимдерді таза варианттық қатарлар деп қарауға болмайды. Бір заттың номинативтік атауы екеу (не үшеу) болса, олар – дублеттік варианттар болмақ, мысалы, *иінағаш* ~ *күйенте* дегендер – лексикалық варианттар, ал заттың сынын, қасиетін, қимылын, қимылдың амалын мағына жағынан жақын, бірақ түрлі сөздермен атаса, олар синонимдер болады. Мысалы, *есерсоқ*, *кеңкелес*, *әумесер* сияқты сын есімдер адамның бір қасиетін түрлі сөзбен білдіреді, олардың мағыналары жуық, бірақ сол мағына қосымша семантикалық реңктері (семалары) арқылы әр сөзді өз орнында қолданатын синонимдер етіп танытады. Демек, мағыналас бірліктердің (сөздердің) бәрі лексикалық варианттар болып шықпайды. Варианттар – фонетикалық, морфологиялық, генетикалық жағынан түрленетін жарыспа сөздер, ал синонимдердің ста-

тусы бұдан мүлде бөлек. Нормадан ауытқушылық көбінесе синонимдерді тандауда байқалады. Мысалы, *қайтыс бол-ды, қаза тапты, өлді* деген синонимдердің әрқайсысының қолданылатын орындары бар (бұлардың *келмеске кетті, о дүниелік болды, көз жұмды* деген сияқты ондаған бейнелі тіркес қатарларын былай қойғанда, олар да орын тандап, контекст тандап жұмсалатыны белгілі). Теледидардан Шешенстанда болып жатқан қақтығыстар жайында хабар жүргізуші журналист: «пәлен жерде, пәлен күні болған айқаста федералды үкімет әскерлері жағынанпәлен адам қайтыс болды» деп *хабарлағанын естідік. Ұрыста адам қайтыс болмайды, қаза табады, шейіт болады, аварияда опат болады, аурудан, жарақаттан қайтыс болады.*

Сол сияқты жылдың төрт мезгілінің келгенін білдіретін синоним сөздердің әрқайсысына дәл түсетін өз жыл мезгілдері бар: *қыс түседі, жаз шығады, көктем туады, күз келеді. Жаз түсті, күз шықты, қыс туды* деп қолданса, ол – лексикалық нормадан ауытқу болар еді. Баспасөз беттері мен көркем әдебиетте әдеби нормадан ауытқудың сөз тандауға қатысты түрі – ең жиі кездесетіні. Бұл ретте тек синонимдер қатарын тандауда емес, жалпы жоғарыда көрсетілген варианттар қатарын тандап қолдануда үлкен ағаттықтар, білместіктер, салақтықтар кездесіп келеді.

Фонетикалық-орфограммалық және лексика-фонетикалық варианттар

Әдеби норма тұрғысынан келгенде, біреуі нормативтік (нормаға сай), екіншісі (не екіншілері) нормаға үйлеспейтін қатарлар деп бөліп қарастыратын топтар бар. Бұндай жарыспа элементтерді біз *дублет* деп атағанды жөн көреміз. Дублеттердің ең үлкен бірінші тобы – **фонетикалық-орфограммалық** (бұны **лексикалық-фонетикалық** деп те атап жүрміз) болып келетін тұлғалар, яғни дыбысталуы бір-бірінен өзгеше түсетін, бір инварианттан өрбіген вариант сөздер: *зарар ~ залал, пенде ~ бенде, кәрі ~ қары, тиірмен ~ диірмен, мұнда ~ бұнда* т.т. Бұлардың өзін іштей топтастыру керек болады:

а) араб, парсы тілдерінен енген кірме сөздердің фонетикалық орфограммалық жарыспа қатарлары;

ә) қазақтың төл сөздерінің жарыспа тұлғалары; б) орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген кірме сөздер болып келетін жарыспалар; в) ауызша сөйлеу тілі мен жазба әдебиетте түрліше фонетикалық вариантта кездесетін қатарлар.

Дыбыстық тұлғасы (айтылуы мен жазылуында) жағынан дублет болып келетін бірліктердің басым көпшілігін араб, парсы тілдерінен енген кірме сөздер құрайды: *рұқсат* ~ *ұлықсат*, *уәде* ~ *уағда*, *зерек* ~ *зирек*, *зарар* ~ *залал*, *мехнат* ~ *михнат*. Қазақ тіліне шығыс тілдерінен сөздердің енуі ертеректен басталғаны мәлім. Олар негізінен оқу-ағарту, әдебиет, дін сияқты мәдениет каналымен келді. Басым көпшілігі халықтың сөйлеу тілінен орын алып кетті, олар тұрпаты жағынан қазақ тілінің фонетикалық заңдарына бағынып, қазақша қалыптасты. Мысалы, араб тіліндегі *ғайн* деген дыбыстан басталатын сөздер қазақ тілі үшін алдыңғы жат дыбысты түсіріп, сөзді дауыстыдан бастап айтуды қалыптастырды. Мысалы, *ақыл*, *әділ*, *әдет*, *аза*, *азан*, *айт*, *айып*, *амал*, *ар*, *арыз*, *асы*, *аян*, *аяр*, *әзіз*, *әйел*, *әлем* тұлғасында қолданылатын сөздердің басқы дыбысы – **ғайн** (*ғақыл*, *гәділ*, *гәдет* ...) болатын. Сол сияқты сөз басындағы **һ**, жіңішке **х** дыбыстары да қазақтың сөйлеу тілі үшін кәнігі болмағандықтан, *һәйбәт*, *хәйлә*, *хейван*, *хәққ*, *хәқиқат*, *хәлуа*, *хәдір*, *һаким*, *хәл* сөздері *айла*, *қайла*, *айуан*, *ақ* («аққа Құдай жақ»), *ақиқат*, *алуа*, *әзір*, *әкім*, *әл* болып халық тіліне «қазақы» тұлғада енді. Бірақ осы сөздердің бірқатары көп уақытқа дейін екі, кейде үш фонетикалық вариантта қолданылды. Мысалы: *әдет* ~ *гадет*, *әділ* ~ *гәділ*, *асы* ~ *гасы*, *әзіз* ~ *газиз*, *әлем* ~ *галам*, *айла* ~ *қайла*, *айуан* ~ *хайуан*, *ақ* ~ *хақ*, *әкім* ~ *хәкім*, *ақиқат* ~ *хақиқат*, *әл* ~ *хәл* сияқты қатарлар күні бүгінге дейін қосамжарланып келеді.

Тіл дамуы үшін сәтті орын алған бір құбылыс – бұлардың бірсыпырасының екі сыңары екі түрлі мағыналық дербестік алып, екі лексикалық бірлік (сөз) болып қалыптасуы, олар – *өкімет* ~ *үкімет*, *мәлімет* ~ *мағлұмат*, *хақ* ~ *ақ*, *ақиқат* ~ *хақиқат*, *әкім* ~ *хәкім*, *әл* ~ *хәл* сияқты тұлғалар. Демек, бұлардың енді фонетикалық дублеттер емес, жеке-жеке сөздер болып танылуы бел алып келеді. Араб, парсы кірме

сөздерінің фонетикалық дублеттер құрайтын тобы, әрине, тек сөз басындағы **ғайн, ғаш, ха** дыбыстарымен келетіндер ғана емес, өзге де көптеген тұлғалардан табылады. Мысалы, *пәле ~ бәле, тәспіқ ~ тәспі ~ тәспіх ~ тәспіық, тағылым ~ тәлім, қазір ~ әзір, разы ~ риза ~ ырза, рұқсат ~ ұлықсат ~ ұрықсат ~ лұқсат, ризық ~ ырзық, сағадат ~ сәт, секілді ~ сықылды, шайтан ~ сайтан, ауа ~ әуе, уәде ~ уағда, зерек ~ зирек* деген қатарлардың қазақша тұлғалануындағы фонетикалық заңдылықтарды фонетист-мамандар дәлелдеп танытар. Біздің бұл жердегі мақсатымыз – жарыса қолданылып келген, қолданылып жүрген вариант тұлғаларды көрсетіп, олардың әдеби нормаға қатысын айқындау.

Әдетте әдеби норма тұрғысынан келгенде, дублеттердің біреуі – нормативтік (нормалық), қалғандары – дәл сол қолданыста нормадан тыс тұратын бейнормалық болып танылуы қажет. Бұл талап әсіресе емлеге (жазылуына) келгенде, қатаң сақталуға тиіс. Жоғарыда да айтылды, тілдің ішкі даму заңдылықтарының бірі – әр ұғымды жеке-жеке атау (номинация) заңы бұл варианттардың біразын дублеттер дүниесінен ығыстырып жіберді, яғни дублеттік қатар түзіп тұрған тұлғалардың әрқайсысына өзгеше семантикалық дербестік беріп, жеке сөз статусына көтерді немесе стильдік мақсатта қоланылатын стилемаға айналдырды. Мысалы, *әкім* – мемлекеттік құрылым жүйесінің лауазымдық термині (Алматы қаласының әкімі), *хакім* – «дана, философ, ойшыл» (хакім Абай); *өмір* – ұғымның жалпы атауы, *ғұмыр* – жеке адамның өмірі (бұл даралану әлі тұрақталған жоқ деуге болады, бірақ жалпы мағыналық жағынан осылайша ажырату бағыты бар), *шайтан* – «жын-шайтан», *сайтан* – «керемет сиқырлы» («Мен қазақпын, қара көз *сайтан* қызбын» – Ж.Молдағалиев), *ғашық* – *асық* варианттары поэзияда өлең техникасы шартта-рын (тармақ өлшемін) дұрыс сақтауда орын алады (мысалы, Абай поэзиясында). Осы қатардан *абырой ~ абиыр, ауа ~ әуе, тағылым ~ тәлім* деген варианттарды көруге болады.

Демек, кірме сөздер болып келетін жарыспалы қатарлардың фонетикалық варианттарының лексикалық корды толықтыруда

белгілі қызмет атқаруы – тіл-тілдің қай-қайсысында орын алатын универсалий құбылыс болғанымен, қазақ тілінде оның едәуір өнімді түрде жүріп жатқаны байқалады. Бұған және бір дәлел – тек кірме сөздер емес, қазақтың төл сөздерінің де фонетикалық дублет қатарларының семалық үстемені (мағыналық қосымша ренкті) пайдаланып, екі лексикалық единица ретінде қолданылып келе жатқандары аз емес. Мысалы, *адыраю ~ одыраю, дөңгелек ~ доңғалақ, жиналыс ~ жиылыс, жұбаныш ~ уаныш, жұбату ~ уату, суару ~ сугару, үлгеру ~ үлгіру, бақ ~ бау* т.б.

Кірме сөздердің енді бірқатары көбінесе діни әдебиетте, шығыс философиясы, мәдениеті, әдебиеті т.б. жайында жазылған үлгілерде ғана қолданылатындар болып келеді, олар араб пен парсы тілдеріндегі түпнұсқа тұлғаларын біршама сақтап пайдаланылады. Айталық, *ихсан* «1) жарылқаушылық, жақсылық, қайырымдылық; 2) қайыр, садақа» («Өнер өзі де – мал, өнерді үйренбек – өзі де *ихсан*» – Абай¹¹); *инсан* «адам», *әһлислам* «мұсылмандар, ислам дініндегілер», *таби* '«1) бір-еуге ерушілер, біреудің жолын қуушы, шәкірт, жәрдемші; 2) қоласты, қарасты, бағынушы» («Олай болмаса, сипаттар өз орталарында бірі – *табиғ*, бірі – *мәтбуғ* болады ғой» – Абай); *садиқ* «1) дұрыс, шын, 2) нағыз, ақиқат, 3) күшті, мықты», *мұхтарам* «қадірлі»; *мазһаб* «1) тәсіл, жол, 2) діни ілім (мектебі, ағымы), 3) қауым, секта, жік, тарам».

Бұл фактілерге, яғни қазірдің өзінде түпнұсқаға мейлінше жуық айтылып, жазылып жүрген араб сөздерінің фонетикалық дублеттері жоққа жуық екендігіне көңіл аударған бізден бұрынғы зерттеушілер де, біз де вариантты қатарлардың пай-да болуының не болмауының бір себебі – олардың халықтың сөйлеу тіліне ену-енбеуіне де қатысты болып келетіндігінде дейміз.

Дублеттік қатар құрайтын сөздер біраз уақытқа дейін қолданыста жүре береді: *өмір ~ ғұмыр, мағына ~ мағана, даража ~ дәреже, уағда ~ уәде, ғалым ~ әлім, молда ~ молла, Алла ~ Алла* т.т. Ал тек жазба әдебиетте, оның ішінде де көпшілікке

¹¹ Фактілер, мысалдар Н.Ондасынов құрастырған «Арабша-қазақша түсіндірме сөздіктен» (1- том. - Алматы, 1984; 2-том. - Алматы, 1989) алынды.

бейтаныс күнделікті өмірде көп қолданылмайтын араб, парсы сөздері мүмкіндігінше түпнұсқа қалпында жазылып, айтылып келе жатқандығы байқалады, сондықтан бұл шағын топта жарыспалы қатарлар жоққа тән.

Сөйтіп, қазіргі қазақ әдеби тіл нормасы тұрғысынан қарағанда, фонетикалық жарыспа қатар – дублеттердіңүлкен тобын араб, парсы сөздері құрайды. Олардың бір тобы күні бүгінге дейін емле нормасының бұзылуына себепкер болып келеді. Мысалы, қазақ тіліндегі кірме арабизмдердің түсіндірме сөздігін құрастырған Н.Ондасыновтың көрсетуіне және келтірген фактілеріне қарағанда, арабша *иждиһат* болып тұлғаланатын бір сөз *иждаһат*, *иждағат*, *иждиһат*, *ыждағат*, *ыждаһат*, *іждаһат*, *іждиһат* болып, жеті түрлі жазылып келіпті (сөздік авторы мысал-фактілерді жазба дүниелерден алған). Сол сияқты арабтың *хаққ* сөзінен тараған *ақы*, *хақ*, *хақы*, *қақ*, *қақы*, *һақ* түрінде 5-6 тұлғада беріліп жүргендігін де осы сөздіктен таба аламыз. «Қазақ әдебиеті» сияқты беделді, көпшілікқолды газетіміз 60-80-жылдары *хикая* («әңгіме, повесть, тарих») сөзін бірде *һикая*, бірде *хекая* деп жазып жүрді.

Осы көрсетілген қатарлардың емле сөздіктері мен мектеп оқулықтарында біреуін тандап, сол вариантының жазылуын көрсету арқылы бұл күнде дублеттер қатары азайып келеді. Мысалы, көп уақытқа дейін *қауып*, *қауіп*, *хауіп*, *хауып*, *хауы-ф* деп жазылып келген сөздің қазіргі әдеби нормадағы тұлғасы – *қауіп* деп көрсетіліп, осы тұлға орныға бастады. Сол сияқты үстіміздегі ғасырдың алғашқы онжылдықтарында қалық ~ халық, бахт ~ бақыт, даража ~ дәреже, мисал ~ мысал, қан ~ хан, патса ~ патша, хүкімет ~ үкімет, рахмет *рахымет* ~ *рақмет* ~ *рақымет* ~ *рахмат* деген дублеттері орын алып келген сөздердің басым көпшілігі бұл күнде бір орфограммалық тұлғада тұрақталып қалды: *халық*, *бақыт*, *дәреже*, *мысал*, *хан*, *патша*, *рақымет* т.т. Енді бірқатарының бір сөз ретінде екі түрлі жазылуын норма деп қалдыру фактілері де жоқ емес, бұл топта **б** - **п** дыбыс алмасуымен келген бес-он сөз: *пейіл* ~ *бейіл*, *пәле* ~ *бәле*, *палуан* ~ *балуан*, *пейіш* ~ *бейіш*, *пұл* ~ *бұл* («баға»), *парапар* ~ *барабар*, *рұқсат* ~ *лұқсат*, *бәлекет* ~ *пәлекет*, *пәлі* ~ *бәлі*, *пенде* ~ *бенде*, *бесене* ~ *пешене*, *пітір* ~ *бітір* (беру),

тажал ~ дажал, сама ~ шама (шайдың *самасы*), хас ~ қас сияқты қатарларды емле сөздігінің норма деп алдыңғы сыңарларын көрсеткеніне қарамастан, қолданыста екі вариантта жазылып келе жатқаны байқалады. Сірә, бұны жаңсақтық, салақтық деп табудан гөрі, себебін тілде орын алған аналогиялардан іздеуге тура келеді. Айталық, қазақтың өз сөздерінің ішінде айғай ~ айқай, даярлау ~ таярлау, тызылдау ~ дызылдау, пырт-пырт ~ бырт-бырт, гүрілдеу ~ күрілдеу, дырыл ~ тырыл, шылдыр ~ сылдыр, шытырлау ~ сатырлау, түлей ~ дүлей, жүз *дүз*, *таяз* ~ *саяз*, *қаржілік* ~ *кәржілік*, *башай* ~ *бақай*, *өзге* ~ *өңге* сияқты қатарлардың орын алуы – кірме сөздердің де дыбыс алмасу арқылы дублеттерінің пайда болуына құқық («право») беретін сияқты.

Әрине, екеуі – екі мағынаға, не мағыналық реңкке ие дербес сөздер деп танылмаса, келе-келе олардың да біреуі ғана нормаға айналдырылады, ал қазіргі таңда бұл типтегі жарыспа қатарлардың қолданыста орын алу фактісіне көніп отырған жайымыз бар. Бір жақсысы – бұндай фактілер аса көп емес, ондаған сөз шамасында болып келеді.

Лексика-семантикалық варианттар

Алдымен, фонетикалық бітімі жағынан бір-біріне өте ұқсас, сырт қарағанда, бір сөз сияқты болып көрінетін қатарлардың өзін семантикалық, семалық табиғатына қарай ажыратып алу қажет. Норма тұрғысына келгенде, төл сөздердің ішінде фоне-тикалық тұлғасы жағынан бір сөз сияқты болып көрінетін *сартылдау* ~ *сыртылдау*, *дызылдау* ~ *тызылдау*, *сарт-сарт* ~ *сарт-сұрт*, *алақ-жалақ* ~ *алақ-жұлақ* тәрізді қатарлардың әрқайсысының семантикалық дербестігі бар варианттар екендігін айту керек. Мысалы, *сартылдау* ауқымы үлкен заттардың өзге заттарға соғылғанда (үйкелгенде) шығаратын дыбысы: пойыздың донғалақтары *сартылдайды*, шоқпар *сар-тылдан* соғылады т.т., ал *сыртылдау* ұсақтау, кішілеу денелердің (заттардың) өзге заттарға соғылғанда шығаратын үздіксіз ды-бысы, мысалы, малдың тұяқтары *сыртылдайды*, саусақтар *сыртылдайды*. «Түсіндірме сөздік», өкінішке орай, мұндай

семантикалық ренктерді көрсетпейді. Мұндағы түсіндірмелер: *сартылдау* – «сарт-сарт еткен дыбыс шығару, сатырлау», *сыртылдау* – «сырт-сырт ету, тырсылдау», ал қайткенде сарт-сарт еткен дыбыс, қайткенде сырт-сырт еткен дыбыс шығатыны айтылмайды. Демек, дауысты дыбыстарының ашық (**а**), қысаң (**ы, і** немесе **о-ұ, ү**) болып құбылып келетін еліктеуіш сөздер (*тарс ету ~ тырс ету, сарт ету ~ сырт ету, сырылдау ~ сарылдау*) мен етістіктер (*дордию ~ дүрдию, дөңкию ~ дүңкию, батпию ~ бытпию, балишию ~ былишию, қоңырсу ~ көңірсу*) сырт қарағанда, бір лексеманың инварианттары болып көрінгені-мен, шын мәнінде, семалық өзгешеліктері бар жеке-жеке сөз-бірліктер болып танылады, бұлар – дублеттер емес, сондықтан мұндай қатарлардың бірін әдеби нормадан ығыстыруға мүлде болмайды.

Төл сөздердің ішінде лексика-фонетикалық варианттардың үлкен бір тобын жуан – жіңішке болып дыбысталатын қатарлар құрайды. Олар: *ажым ~ әжім, ажсуа ~ әжсуә, абдыра ~ әбдіре, ары (тұр) ~ әрі (тұр), аула ~ әулі, қария ~ кәрия, қары ~ кәрі, пісті ~ пысты, пара ~ пәре, жай ~ жәй, жайт ~ жәйт, шай ~ шәй, жаңағы ~ жәңегі, және ~ жана, қайтіп ~ кәйтіп* т.б.

Бұл топтағы қатарлардың бірқатары жергілікті сөз машығына (говорлық, диалектілік қолданысқа) қатысты болып келеді. Диалектолог мамандардың зерттеулеріне қарағанда, Орта Азия республикалары мен соларға іргелес жатқан қоныстардың қазақтары тілінде, Қазақстанның Орта Азиядан шалғай жатқан тұрғындарында **а** дауыстысымен айтылатын сөздер **ә** дыбысымен айтылады: *мәңләй ~ маңдай, шәм ~ шам, пәте ~ бата, мәс ~ мас, бәршә ~ барша*. Диалектолог С.Омарбеков өзбек арасындағы және солармен іргелес қоныстардың қазағының тілінде көптеген араб, парсы кірме сөздері де жіңішке айтылатындығын көрсетеді: *әтіреп* (атырап), *шәрт* (шарт), *сәәт* (сағат), *кәсиет* (қасиет), *місәл* (мысал) т.т. Сол сияқты Қазақстанның қиыр шығысында, Алтай-Тарбағатай өңірлерінде, Монғолияның Баянөлгей аймағында тұратын қазақтардың тілінде де әдеби нормаға сай келмейтін **а-ә** дыбыс алмасулары байқалады: *жәңе, жәңәлік, тәутеке, шәрші, жәуінгер, жәртілей*.

Қазақ сөздеріндегі **а-ә** алмасулары кірме сөздерге де әсер етіп, бұлардың арасынан да жуанды-жіңішкелі дублеттер бар екендігін көрсетеді: *әбзәл – абзал, бәсі – бағасы, әтірәп – атырап, әбзел – абзал, мәусім – маусым, нәзер – назар.*

Әрине, бұл параллельдер – әдеби норма мен жергілікті ерекшеліктерден тұратын дублеттер. Ал көрсетілген құбылыстың жалпыхалықтық тілде де бары байқалады. Оған *кәрі – қары, жай – жәй, сәудегер – саудагер, әлдеқашан – алдақашан, бәлгер – балгер* сияқты дублеттерді көрсетуге болады, бұлардың дені айтылуда сақталып келе жатқанымен, емле сөздіктері арқылы реттелуде, яғни *әлдеқашан, жай, саудагер, балгер (бақсы-балгер)* деп жазу керектігін көрсету арқылы осы тұлғалар нормаға енуде.

Әдеби норманың бүгінгі талабы – көрсетілген типтегі дыбыстық-орфограммалық дублеттердің біреуін норма ретінде қалыптастыру болса, бұл бірте-бірте жүзеге асырылып келе жатқанын айтуға болады. Емле сөздіктерінде көрсетілген дублет қатарларының біреуі беріліп келеді және бұлардың сөздікте көрсетілген варианттарының орфограммасы (жазы-луы) біршама нормаға түсті деуге болады. Төл сөздердің ішінде жуан-жіңішке болып қатар түзетін бір топ тұлғалардың екеуі де – нормативтік деп танылатындары бар. Мысалы, *заңғар ~*

зеңгір, сықылды ~ секілді, орасан ~ ересен, қолбырау ~ көлбіреу, қоңырсу ~ көңірсу деген қатарлардың түбірі бір болғанмен, тіркесу орындары (қандай сөздермен тіркесетіндігі) біршама ажыратылған, яғни семалық ерекшеліктері еске алынатын жеке-жеке сөздер деп танылады да жоғарыда көрсетілген мысалдардай бір сынары нормадан (емле сөздіктерінен) ығыстырылмайды. Осы қатардан, *сірә, пысылдау ~ пышылдау, бырсу ~ быриу, бақыраю ~ бажыраю, батпию ~ бытпию, бедірею ~ безірею, едірею ~ ежірею, бүкішеңдеу ~ бүкішіңдеу, тымық ~ тынық* сияқты қосарлар да табылады деп санаймыз. Бұлардағы әр сынардың мағыналық реңктері (семалық ерекшеліктері), тіркесімдік таңдауы, стильдік қызметтері бар бірліктер, сондықтан әдеби нормадағы сөздер болмақ.

Төл сөздердің ішінде лексика-фонетикалық дублеттердің келесі тобын **б ~ п, б ~ м, қ ~ ғ, т ~ с, т ~ д, ш ~ с, е ~ і, а ~ ы, ұ ~ ы** дыбыс алмасуымен келген қатарлар құрайды. Олар

бірақ онша көп емес, бұл жерде *сайқымазақ* ~ *шайқымазақ*, *тілмар* ~ *ділмар*, *дөңбекиу* ~ *төңбекиу*, *бәйге* ~ *бәйгі*, *бүлдірге* ~ *бүлдіргі* (қамшының бүлдіргесі), *сүйінші* ~ *шүйінші*, *емешесі* *құру* ~ *емесесі* *құру*, *таяз* ~ *саяз*, *барқын* ~ *барқан*, *қортпа* ~ *құртпа*, *сопы* ~ *сұпы*, *алашақ* ~ *алажақ*, *құдағи* ~ *құдағай*, *бұлау* ~ *былау*, *таба* (нан) ~ *тана* (нан), *тоқаш* ~ *тоғаш*, *мақ-сат* ~ *мақсұт*, *өйткені* ~ *үйткені*, *бекіре* ~ *мекіре*, *мұқыл* ~ *тұқыл*, *аңқаю* ~ *аңқию*, *міне* ~ *міні*, *әне* ~ *әні*, *айқара* (құшақтау) ~ *айқыра* сияқты қатарларды көрсетуге болады. Бұлар да емле сөздіктері арқылы реттеліп келеді, яғни сөздіктерде көрсетілген дублеттердің көбінесе біреуі ғана беріледі, демек, алдыңғы сыңарлары норма ретінде тұрақтандырылды, тек *айқай* және *айғай*, *ділмар* және *тілмар*, *саяз* және *таяз* сияқты бірен-сараны ғана екі вариантта қолданыла беретіндігі «және» деген белгімен қалдырылып отыр.

«Және» белгісімен бұл есімдігінің септік тұлғаларда бұның ~ мұның, бұнда ~ мұнда, бұдан ~ мұнан, бұнымен ~ мұнымен, бұны ~ мұны болып келетін қатарлары да беріліп жүр.

Ал лексика-фонетикалық дублеттер болып көрінетін *өзге* ~ *өңге*, *нәрсе* ~ *нәсте*, *жұбату* ~ *уату*, *ыстық* ~ *ыссы*, *шырық* (бұзу) ~ *шырыш* (бұзу), *береке* ~ *берекет*, *дейін* ~ *шейін* ~ *шекейін*, *әуелде* ~ *әзелде* сияқты қатарлар сыңарларының әрқайсысы – тілде қолданылуға, оның ішінде әдеби нормаға еруге «кұқықты» дүниелер, өйткені бұлардың пайда болу себептері таза фонетикалық қатарлардан өзгеше: кейбірі түркі тілдерінің әртүрлі тобына жататын тұлғалардың көрінісі болса (*өзге* ~ *өңге*, *жұбату* ~ *уату*, *нәрсе* ~ *нәсте*), енді бір-сыпырасы түркі тілдеріндегі **к** ~ **ш**, **қ** ~ **ш** дыбыс алмасу құбылысын көрсететін (*шырық* ~ *шырыш*, *әпке* ~ *әпше*), үшінші тобы – кірме сөздердің әртүрлі тұлғада қабылдануына (*риза* ~ *разы* – *ырза*, *береке* ~ *берекет*) қатысты пайда болған қатарлар. Бұлар да бүгінде нормативті деп танылады, яғни ретіне қарай екеуі де қолданылуға бейім сөздер болмақ. «Реті» деп отырғанымыз – бұлардың функционалдық стильдерде қолданылуы, әсіресе көркем әдебиет үлгілерінен орын алуы (айталық, стильдік мақсатпен авторлық баяндауда немесе кейіпкерлер тілінде) әбден мүмкін.

Көркем әдебиетте, әсіресе поэзия тілінде заман ~ замана, алқа-салқа ~ алқам-салқам, әрегідік ~ әредік, әлгінде ~ әлгіде,

бәлкім ~ бәлки, бұғана – бұғанақ, бұзық ~ бұзақы, біруақ ~ бірауық, біржолата ~ біротала, ғажайып ~ ғажап, досым ~ достым, едәуір ~ недәуір, ерегес *егес*, *есіл-дерті* ~ *есі-дерті*, *жазғытұры* ~ *жазғытұрым*, *жиіркену* ~ *жирену*, *ишара* ~ *ишарат*, *кәр* ~ *қаһар*, *көкейкесті* ~ *көкейтесті*, *қапыда* ~ *қапияда*, *өңкей* ~ *өңшең*, *рең* ~ *реңк* тәрізді қатарлардың да табиғаты фонетикалық таза дублеттерден өзгеше. Бұлардың ішінде *заман* ~ *замана*, *қапы* ~ *қапия*, *Құдай* ~ *Құдайа* дегендер – «поэтикалық сұраныстың» дүниелері. Сөз соңындағы **а** формантын шақыру септігінің көрсеткіші (звательный падеж) немесе вокатив деп танушылар бар, демек, бұлардың екі варианты да тілде қолданыла алады, бұлар стильдік немесе контекстік дублеттер болмақ. Ал *әрегідік* ~ *әредік*, *көмекей* ~ *көмей*, *уағда* ~ *уәде*, *тағылым* ~ *тәлім*, *жиіркену* ~ *жирену* деген қатардың алғашқы сыңарларындағы **ғ, г, қ (ғы, гі)** дыбыстары су-сып, түсіп қалғаннан екінші қатары пайда болғанын көреміз. Бұл фонетикалық заңдылық қазақ тіліне тән екендігі мәлім (*құлғақ* ~ *құлақ*, *кигіз* ~ *киіз*). Сол сияқты **ж** дыбысының **й** дыбысына айналуы орын алған сөздер қатары да бар. Мысалы: *біржолата* > *бірйолата* > *біролата* > *біротала*. Сөз соңына не ортасына сынамаланып **м, н, л** сонорларының орын алуы *алқасалқа* ~ *алқам-салқам*, *бәлки* ~ *бәлкім*, *есі-дерті*, *есіл-дерті*, *жазғытұры* ~ *жазғытұрым*, *әлгіде* ~ *әлгінде*, *мынадай* ~ *мынандай*, *әлгідей* ~ *әлгіндей* деген қатарларда көрінеді. Бұл жерде түркі тілдерінде **м, н, л** дыбыстарының «жүрдек» («сусылдақ») (біресе қосылып, біресе жойылып кетіп отыратын) қасиетіне қатысты, яғни түркі тілдерінің даму барысында орын алған фонетикалық құбылыстардың қазақ тілінде «бой көрсеткен» тұстары деп танып, оларды да нормадан ығыстыруға болмай-ды деп есептейміз. Емле сөздіктерінде кейбіреулерінің **н** сусы-малы дыбысынсыз варианты берілген: *мынадай* (*мынандай* варианты жоқ) немесе көрсетілген қатарлардың біреуі ғана ұсынылған: *есіл-дерті*, *бәлкім* (*есі-дерті*, *бәлки* варианттары тіркелмеген), ал енді бірсыпырасының екі варианты да сөзтізбеден (реестрден) орын алған: *алқам-салқам* ~ *алқасалқа*, *жазғытұры* ~ *жазғытұрым*, *әлгіде* ~ *әлгінде*. Демек, бұларға келгенде қатаң нормативтік принцип ұстанылмаған.

м, л, н сонорларының сөз соңында не ортасында орын алуын және оларсыз келген варианттар қатарының біреуін әдеби нор-мада қалдырып, екіншісін ығыстыру процесінің әлі бір жүйеге түспеуін оларды ығыстыру уәжі дәлелденбеген құбылыс болғандықтан деп санаймыз да, бұлардың екеуін де нормативті тұлғалар санатына қосамыз.

Кірме сөздердің ішіндегі артық дыбысты қосар тұлғаларға да (*дос ~ дост, рең ~ реңк, ишара ~ ишарат*) қолданылу реттері (тұстары, орындары) бар бірліктер (сөздер) деп қараған жөн, мысалы, өлең текстерінде.

Қазақ тілінде **м ~ н ~ ң** сонор дыбыстарының, **б ~ м** дыбыстарының алмасуы да орын алған бірді-екілі фактіні таба аламыз: *бірдеңе ~ бірдеме ~ бірдеңке, ештеме ~ ештеңе ~ ештеңке, дәнеме ~ дәнеңе, батыру ~ матыру, бас ~ мас*. Бүгінгі қолданыста бұл қатарлар да жеке-жеке таза фонетикалық дублет (яғни біреуі ығыстырылатын) ретінде емес, сөзтізбеде орны бар жеке-жеке тұлғалар деп танылып, нормативті бірліктер қатарына қойылады (*бірдеңке, ештеңке* сияқты бірен-саран диалектілік тұлғалардан басқалары).

Лексикалық дублеттердің келесі тобын орыс тілінен енген сөздер құрайды. Олар: 1) дыбысталуы (фонетикалық тұлғалануы) мен жазылуы (орфограммасы) жағынан дублет болып келетіндері; 2) орысша-қазақша баламалары қатар қолданылып келген немесе келе жатқан дублеттер; 3) қазақ тілінің әртүрлі қосымшаларымен келген кірме сөздердің жарыспалы қатарлары.

Орыс тілінен орыстың өз сөздері мен өзге шет тілдер сөздерінің қазақ тіліне енуі ХХ ғасырдан бұрынырақ басталғаны мәлім. Ену каналдары әртүрлі болды: күнделікті тұрмысқа, сауда-саттыққа, шаруашылық түрлеріне қатысты сөздер көбінесе ауызша сөйлеу тілі арқылы келіп, орын тепті.

Самаурын, шәйнек, патынос, шәй, шекер (секер), *шыт, сәтен, бөз* (вязь), *барқыт, шәлі, бақалишы* (бакалейщик), *пәкәс* (покосы), *іспірт, мұржа* (труба), *тұрба, божы* (вожжи), *жәмшік, пеш, бөрене* (бревно), *бөшке* сияқты сөздер ауызекі сөйлеу тілі арқылы қалыптасқандықтан, олардың қазақтың фонетикалық жүйесіне бағындырылып, «қазақыланып» алынғанын көреміз.

Бұлар да о бастан бірден бір вариантта қалыптаспағандықтан, әр өлке қазақтар өздерінше «сындырғандықтан», *тұрба* ~ *мұржа*, *самауыр* ~ *самаурын*, *кереует* ~ *кірәуат*, *кір* ~ *гір* (гиря), *білте* ~ *пілте* (фитиль), *күпәйке* ~ *пупәйке*, *ләмпәси* ~ *мәмпәси* сияқты қатарлар ауызекі сөйлеу тілінде күні бүгінге дейін жарыса қолданылып келеді. Бұлардың бір вариантын нормативтік деп таныту әрекеті соңғы 50-60-жылдарда бастал-ды, яғни емле сөздіктері мен мектеп оқулықтарында мұндай қосарлардың біреуі көрсетілуде.

XIX ғасырда Ресей империясының қазақ даласындағы мемлекеттік-әкімшілік жүйесіне, сот істеріне, жаңа саудасаттыққа, орысша оқу-ағарту саласына қатысты сөздер де енгені мәлім, олар да негізінен сөйлеу тілінде қалыптасты: *бексел*, *задетке*, *сома* (сумма), *мұнанай* (меновой двор), *жәрмеңке*, *кеңсе* (канцелярия), *шкөл*, *кінеге*, *содия*, *сот*, *болыс* (волостной управитель), *ауылнай*, *газет*, *минөт*, *пошты*, *шот* (счет), *доқтыр*, *штат*, *үйез* (уезд), *гүбірнә*, *земтемір* (землемер), *мүлиеншік* (миллионер) т.б. Бұлардың бірқатары (*мұнанай*, *ояз*, *үйез*, *болыс*, *ауылнай*) бұл күнде тарихтық сөздер (историзмдер) қатарына кетіп, енді бірсыпырасы (*задетке*, *кінеге*, *земтемір*, *мүлиеншік*) қазақша баламасымен алмастырылып, әдеби нормадан шығып қалды. Ал *кеңсе*, *жәрмеңке*, *сот*, *газет*, *минут*, *почта*, *шот* сияқтылары қазірде осылайша айтылып-жазылатын нормадағы бірліктер болып саналады, енді бір тобының (*доктор*, *вексель*, *миллионер*) жазылуы (демек, айтылуы да) өзгерді. Орыс тілінен ауызша тіл нормасы бойынша енген сөздердің де норматив варианттарын тұрақтандыру әрекеті жүргізіліп келеді. Мысалы, сөздіктерде ауызша қалыптасқан *самауыр*, *кереует*, *келі* (кило) сөздерінің осылайша жазылуы норма деп ұсынылады (*самаурын*, *кірауат*, *килә* варианттары емес).

Орыс тіліне қатысты лексикалық варианттар қатарларының бір тобын бұрынырақ қазақша әртүрлі сөздермен беріліп келгендері құрайды. Мысалы, XIX ғасырда жарық көрген екі тілдік сөздіктерде *көтерме сауда* ~ *көтерме сауда* (аукцион), *процент* ~ *өсім* (процент), *банкир* ~ *өсіміші* ~ *сүтхор*, *төлеңгіт* ~ *қызметші* ~ *қызметкер* (слуга) деп тіркелген вариант қатарлары бар. Уақыт өте келе бұлардың да бір вариантын

нормаға айналдыру процесі орын алды. XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап жарық көрген екі тілдік сөздіктерде көбінесе біреуі беріледі. Мысалы, 1931 жылғы «Атаулар сөздігінде»:

процент ~ *процент*, *өсім*, *аукцион* ~ *аукцион*, *жарыс сауда*, *делегат* ~ *өкіл*, *делегат*. Олар да кейін қайта қаралып, әрі екі тілді сөздердің мағына жағынан дәл түсетін эквиваленттерімен алмастырылған, әрі варианттар қатарын азайтқан.

Орыс тілінен енген сөздердің дублеттік қатарларына қазақ тілі жұрнақтарын жалғауда түбірлерінің түрліше болып келетіндері немесе қызметтес жұрнақтардың жарыса жалғанғандары да жатады. Мысалы, *прогрестік* ~ *прогрессивтік*, *абсолют* ~ *абсолюттік*, *демократтық* ~ *демократиялық*, *педагогтік* ~ *педагогикалық*, *нормалық* ~ *нормативтік* сияқты қатарлар ешбір уәжсіз бірінің орнына екіншісі жұмсала беретінін байқаймыз. әрине, бұларды реттеу – лексиколог-мамандардың шаруасы, яғни әуелі орыс тіліндегі *норма*, *норматив*, *прогресс*, *прогрессив* деген тұлғалардың мағынасын айырып көрсету керек, содан соң осы түбірден жасалатын қазақша туынды тұлғалардың: *нормалық* немесе *нормативтік*, *прогрестік* немесе *прогрессивтік* дегендердің қайсысы дұрыс екенін дәлелдеп, жарыспа сөздердің біреуін нормативтік деп қалдырып, екіншісін ығыстырған жөн.

Сөздік деңгейіндегі дублеттік қатарлардың келесі тобын – жазба тіл мен ауызекі тілдегі дыбыстық өзгешеліктері бар қосарлар құрайды, яғни бір сөздің жазба тұрпаты мен ауызша айтылуында (дыбысталуында) сәл өзгешеліктері бар қатарлар болып шығады. Бұл – тіл-тілдің қай-қайсысына да (немесе басым көпшілігіне) тән табиғи заңдылық. Әңгіме бұл жерде – сөздердің жазылуы мен қолданыстағы айтылуын қайткенде де бірдейлестіру туралы емес, ол мүмкін де емес, қажет те емес. Бұл құбылысты нормаға орайластыра сөз еткенде, керісінше, жазу мен дыбыстау немесе орфография мен орфоэпия нормаларын ажыратып тану және ұстану мәселесі тұрады. Сондықтан осы жұмыстың келесі тараулары орфографиялық нормалар мен орфоэпиялық нормаларға арналады. Ал бұл жерде көңіл аударатын жайт – соңғы жылдары қазақ тілі мемлекеттік статус алып, өзіне орыс тілінің тигізіп келген ықпалын бірқыдыру те-

жеу бағыты бел ала бастаған тұста «төл сөздерді де, кірмелерін де естілуінше (айтылуынша) жазу керек» деген пікірлердің айтылуы. Төл сөздерге келгенде, ерін үндестігін сақтап жазу (*орұн, күмүс, құддұруп сөйлөду*), ілгерінді-кейінді, тоғыспалы үндестік заңдарын сақтап жазу (*орынбасар* дегенді *орұмбасар, көнбеді* дегенді *көмбеді* деп жазу дегендей), жуан **ый, ұу** дыбыстарын осылайша қос әріппен танбалау, жінішке **ій, үу** дыбыстарын да көрсетілген түрде жазу керек деген ұсыныстар жайында пікірсайыстар болды, әлі де бола бермек (ол жайында орфография нормаларын сөз еткен тұста тағы айтылады).

Сөздің жазылуы мен айтылуы – кірме сөздерге, оның ішінен орыс тілінен (орыс тілі арқылы) енген сөздерге қатысты, дәлірек айтсақ, бұлардың емлесі мен дыбысталуын «қазақыландыру» керек деген ұсыныс-пікірлер бүгінгі норма мәселесінің даулы тұсының бірі.

Бұл жөнінде де келесі тарауларда сөз болатындықтан, әзірге мына жайттарды ғана анықтаумен шектелеміз.

Орыс тілінен және орыс тілі арқылы интернационалдық қордан ХХ ғасырдың өн бойында, әсіресе кириллицаға көшкеннен кейінгі соңғы 60 жыл барысында қазақ тіліне жүздеген сөздер, сөз-терминдер енді. 1929-1940 жылдардағы латын жазуы кезінде бұл сөздердің емлесі қиын соқты: әуелі (1929 жылғы қабылданған ережелер бойынша) орыс тілінен енген сөздердің көбін, әрине, интернационалдық ғылыми-техникалық терминдерді айтылуынша (естілуінше) жазу ережесі қабылданды, нәтижесінде бір сөз бірнеше вариант-та жазылды. Проф. Құдайберген Жұбановтың ашына айтқан сөзіне қарағанда, бір ғана *коммунист* сөзі 16 түрлі жазылыпты. Сол кезеңдегі ең «киелі» сөздің бірегейі *коммунист* 16 түрлі жазылса, өзге сөздерге не жорық! Демек, тығырықтан шығудың жолы ізделуге тиісті болды.

Латын жазуын пайдаланған 10 жылдың ішінде оның графикалық жүйесі мен емле ережелері екі-үш рет қырналды. Мұның ішінде, әрине, орыс тілінен енген сөздерді игеру – айтылуы мен жазылуын реттеу бірінші кезекте тұрды. 1940 жылы қазақ қауымы «кириллица» деп аталатын «орыс» жазуын (әліпбиін, графикасын) қабылдағанда, орыс тілінен

енген кірме сөздерді дұрыс жазудың жолы оп-оңай табылды, яғни олардың бұрынырақ еніп, сөйлеу тілінде қазақша қалыптасқандарынан басқаларын, әсіресе ғылыми, әлеуметтік, саяси терминдер мен техника саласының атауларын орыс тіліндегі түрінде жазу ұсынылды. Бұл орайда қазақ емлесі «екі жеп биге шықты» немесе бір оқпен екі қоянды атып алды: біріншіден, мыңдаған «орыс» кірме сөздерін таңбалауда ду-блет қатарлардан құтылды, екіншіден, «коммунизмге тезірек апаратын жол» – орыс тілін игеру, орыс мәдениетіне бауыр басу саясатына – Ресейдің империялық мүддесіне «мәдениетті түрде» қызмет етті. Ұлттық тілдің, ұлттық мәдениеттің, ұлттық рухани дүниесінің даму барысын, бағытын саясатқа, идеология талабына мықтап бағындырудың басы осы жерден басталды деуге болады, яғни орыстар қолданып отырған кириллицаға көшу, орыс тілі арқылы еніп жатқан және әрі қарай да жүздеп-мындап ене беретін сөздерді орысша жазып, орысша игеру Ресейдің империялық мүддесін көздеді, коммунистік идеологияның талабын өтеді. Бұл процесс ондаған жылдарға созылды. Тіл дамуының бір заңы – дәстүрге айналу факторы жүзеге аса бастады. Дәстүрлілік факторын кері қайтару, яғни тілдегі дағдыға айналған құбылысты сол тілді қолданатын миллиондаған адамдардан «қайтарып алу», керісінше, басқаша дағдыландыру – оңай еместігін бүгінгі қазақ тілі мәдениеті саласында жүргізіп жатқан іс-қаракетіміз, күресіміз, талас-тартысымыз көрсетіп отыр.

Сөйтіп, сөз варианттары және лексикалық норма мәселесіне келгенде, әдеби нормаларды ұстану және одан уәжді-уәжсіз ауытқу туралы әңгіме болуы – заңды. Алдымен, варианттардың түрлерін айырып тану арқылы әдеби – әдеби емес қатарлардың соңғы сыңарларын әдеби тілде жазғанда не сөйлегенде қатыстырмау қажет. Ол сыңарлар: диалектизмдер, фонетикалық-орфограммалық дублеттер, қарапайым, дөрекі сөздер, варваризмдер. Мысалы, қолдан өсіріліп, адам, мал азығы ететін дақылдың әдеби атауы – *жүгері* сөзі тұрғанда, оның *борми*, *кәмбеқонақ* варианттары уәжсіз қолданылмауға тиіс. Егер кейіпкері Шығыс Қазақстан тұрғыны болып, оны жергілікті тілде сөйлеткісі келсе ғана жазушы *борми* вариан-

тын жұмсай алады, бұл – уәжді қолданыс болмақ. Варианттар-ды тандауда көркем әдебиет стилінің басқа функционалдық стильдерден ерекше тұратындығы қатты ескеріледі. Ал ресми-іс қағаздары, ғылыми, публицистикалық стильдер варианттар қатарын пайдалануда жоғарыда берілген талдауларға құлақ асуы – тіл мәдениетінің басты талабы.

Варианттардың нормалануы жөнінде және олардың әдеби нормадан ауытқу көріністері кейінгі «Лексикалық нормалану», «Грамматикалық нормалану», «Орфографиялық нормалану», «Орфоэпиялық нормалану» деген тарауларда, сондай-ақ «Тілдік норма және функционалдық стильдер» деген тарауда нақты сөз болады.

Грамматикалық варианттар

Қазақ тілінде грамматикалық тұлғалар мен амал-тәсілдер саласында варианттар қатарын түзетіндері аса көп емес. Әдетте кейбір зерттеушілер шылау, үстеу сияқты сөз таптарына жататын жеке сөздердің лексика-фонетикалық варианттарын морфологиялық тұлғалардың варианттары деп қарайды, оларға *шейін ~ дейін, бірдеме ~ бірдеңе, мұндай ~ бұндай, меніңше ~ менімше, барайық ~ баралық, жасамыс ~ жасамыш, іскер ~ ісмер, жұқалтаң ~ жұқалаң, ұлы ~ ұлық, кіші ~ кішік* сияқты қатарларды жатқызады¹². Біздің байқауымызша, бұлар да – лексика-фонетикалық варианттар, тек мұнда варианттық тұлғалардың пайда болу көздері әртүрлі. Мысалы, *ұлы ~ ұлық, кіші ~ кішік* дегендердің соңғы сыңарлары көне түркілік қалдықтар болса, *мұнша ~ бұнша-лардың* жарыспалылығы – **м** ~ **б** дыбыс алмасуларының нәтижесі, қысқасы, бұлар – морфологиялық амалдың варианттары емес, фонетикалық варианттар.

Морфологиялық, синтаксистік варианттар деп грамматикалық амалдардың жарыспа қатарларын айту керек болады. қазақ әдеби тілінің қазіргі қолданысында кейбір морфологиялық категориялардың тілдік көрінісінде варианттар қатары бары байқалады. Оларды **семантикалық-морфологиялық** деп атаған жөн, яғни мұнда вариант құрайтын негізгі объект

¹² Бизақов С. Тілдік норма және варианттылық. - Алматы: Ғылым, 1997. - 73-75-б.

морфологиялық категория ұғымының әртүрлі тұлғамен (жұрнақпен) берілетіндігі көзделеді. Мысалы, бұйрық рай семантикасы екі-үш түрлі амалмен жүзеге асырылады: 1) етістіктің II жақтық жекеше-көпше, анайы-сыпайы тұлғалары арқылы: *кел, келіңдер, келіңіз, келіңіздер*; 2) шартты райдың II жақтық тұлғасы арқылы: *барсаң, барсаңыз, барсаңдар*. Әрине, бұл варианттар қатары тепе-тең емес, қолданылар кеңістіктері де бөлек, мағыналарында да бір-бірінен ажыратылатын бұйрық мәндері (семалары) бар: *бар, барыңыз* – «таза» бұйрық болса, *барсаң, барсаңыз* – тілек мәнді, өтініш мәнді бұйрық.

Супин (мақсат) мәнді етістік тұлғаларының да вариант қатары бар: *бару керек ~ бармақ керек*. Күні кешеге дейін мұның **-ар+ға** жұрнақты варианты жарыса қолданылып келген: «Қарағайға қарсы бұтақ бітсейші Найзаға сап *қыларға*» (Махамбет), «*Мұңдасарға* кісі жоқ сөзді ұғарлық» (Абай).

Тұйық етістіктің де екі түрлі тұлғалық варианты бар: **-у** жұрнақты, **-мақ** жұрнақты: *бару, бармақ*. Бұл вариант қатарларының бұл күнде **-у** варианты активтеніп, **-мақ** тұлғалысы орын таңдап, көбінесе поэзия тілінде қолданылуға ығысып бара жатқан сияқты. Ал **-мақ** жұрнақты қатар XX ғасырдың басына дейін әлдеқайда актив тұлға болғанын Абай, Шәкәрім және бұлардан көп бұрын өткен ақын-жыраулар поэзиясы тілі көрсетеді.

Көптік категорияны, көптік мағынаны білдірудің де бірнеше морфологиялық амалдары (тұлғалары) бар; аффиксация ама-лы: **-лар (-лер, -дар, -дер, -тар, -гер)** жалғауымен келетін тұлғасы (*балалар, кітаптар*), *көп, біраз, бірсыпыра, едәуір* сияқты сөздермен тіркесіп келетін аналитикалық амалмен берілетін тұлғасы: *көп бала, көп кітап, бірсыпыра бала, біраз кітап* (алдым).

Етістіктің жақтық парадигмасында көптік мағынаның III жағының морфологиялық норматив көрсеткіші жоқ: олар *келді* (өзге бірқатар түркі тілдерінде бұл көрсеткіш барын білеміз: олар *келділер*), ал көптік семантиканы көбінесе көркем әдебиетте, оның өзінде де белгілі бір жазушылар қаламында, мысалы, Мұхтар Әуезовте, ортақ етіс тұлғасымен беру орын алады: «Қонақтар үйге *кірісті*»... Бұларды семантикалық-морфологиялық-стистикалық варианттар деу керек болар.

Белгілі бір морфологиялық категория білдіретін ұғымның әр түрлі тұлғалармен (бірақ бір тәсілмен, айталық, аффиксация тәсілі – жалғау, жұрнақтармен), кейде әр түрлі амалмен (айталық, біреуі – аффикс жалғау, екіншісі аналитикалық – сөз тіркестету) келетін варианттары аса көп болмағанмен, біразы бар екендігін көрсетуге болады. Жоғарыдағы мысалдарға (фактілерге) қоса, мынадай семантикалық-морфологиялық, морфологиялық-стилистикалық варианттар бары байқалады:

1) қалау райлық мағына беретін *барғым келеді ~ барғым бар, барғым келмейді ~ барғым жоқ* қатарлары. Мұнда көмекші сөздер екі вариантта (*келеді ~ бар, келмейді ~ жоқ*) көрініп тұр; екеуі де әдеби нормаға сыйымды, бірақ алдыңғысы – барлық аймаққа ортақ, көпшілік дұрыс деп қабылдаған, функционалдық стильдердің барлығында да қолданыла беретін, әсіресе ресми стильдер қатаң ұстанатын вариант, соңғысының жұмсалыуында көбінесе стильдік қосымша реңк бар және ол – негізінен ауыз-ша сөйлеу актісіне тән вариант;

2) сұраулық мәнде қолданылатын етістік тіркестерінің шақтық көрсеткіштері мен көмекші сөздері екі түрлі берілген варианттар: *айтқан жоқпын ба? ~ айттым емес пе?* Бұлардың алғашқысы әдеби норма ретінде орныққан, бірақ екінші сыңары да қолданыла береді, ол көбінесе ауызекі сөйлеу барысында және көркем әдебиет тілінде жиірек жұмсалады;

3) демеулік шылаулар тілдік құрылымдық норма бойын-ша өздері тіркесетін сөзден кейін келеді де, негізгі сөзге жалғанатын қосымшалар шылаудан бұрын тұрады: *қашықпын-ақ*, бірақ бұл құрылымның екінші варианты бар, мұнда шылау негізгі сөзге тікелей жалғанып, жіктік жалғауы содан кейін келуі мүмкін: *ғашықпын («ғашықпын еш күмәнсіз» – Абай)*; «Күн туса – ондай сөзді *айтарақпын*» («Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырынан). Бұл варианттардың екеуі де – әдеби норма, дегенмен соңғысы көбінесе көркем әдебиетке, поэзия тіліне, ауызекі сөйлеу тіліне тән болып келеді.

Бұл қатарда *баратын шығармын* деп құрылатын етістіктің *барам (ын) шығар* деген варианты тұрады. Мұнда да алғашқы сыңарда жіктік жалғау көмекші сөзге жалғанған болса, екіншісінде негізгі сөзге (*барамын*) жалғанған. Бұл қатардың

алыңғысы – әдеби норма, екіншісі – Қазақстанның батыс аймақтарына тән диалектілік вариант.

4) III жақты тәуелдік көрсеткішінің екі рет жалғануын да морфологиялық варианттар қатарына жатқызуға болар. Мысалы: *көбі* ~ *көбісі* (*көп+i+сі*), *бәрі* (*бар>бәр+i+сі*) ~ *бәрісі*, *ертеңіне* (*ертең+i+сі*) ~ *ертеңісі* (*не*), *уақытына* (*уақыт +ы+сы*) ~ *уақытысына* т.б. Бұл құбылысты диалек-толог зерттеушілер Қазақстанның оңтүстік аймақтарының тіліне тән деп табады. Шу бойы қазақтары *ақыр+ы+сы*, *үй мүлк+i+сі* деп өйлейтіндіктерін көрсетеді¹³. Сірә, бұл құбылыс тек оңтүстік говорларында ғана емес, қазақ жерінің өзге өңірлерінде де кездесетіндігін де өзге зерттеушілер айта-ды. Мысалы, Ұлытау, Жезқазған аудандарының тұрғындары да

көбісі, *бәрісі*, *уақытысы*, *қамын*, *ойлау* деудің орнына жүрудің *қамысын*, *ойлау* деп айтады екен¹⁴. Бұл фактілерге қарағанда, тәуелдік жалғауды қосарлап (қабаттап) қолдану – қазақ тілінде бір кезде жаппай болмағанмен, бірқатар тұстарда кеңірек орын алған құбылыс болар, кейінгі дәуірлерде жергілікті ерекшелік болып сақталып қалғанға ұқсайды деген ойға келеміз. Күні бүгінгі әдеби нормамыздың өзінде *көбі* ~ *көбісі*, *бірі* ~ *бірісі* деп баспасөз беттері мен көркем шығармаларда (авторлық баяндауда) қатар қолданылып келе жатқандығының бір себебі осыдан болар. Бұл қатардың екеуі де әдеби деп танылғанымен, тілдің құрылымдық жүйесіне сай келетіні – тәуелдік көрсеткішінің бірақ рет берілген варианты: *көбі*, *ақыры*, *уақыты* т.т. Бейнормалық сипатына қарамастан, қосарланған қосымшалы варианттардың әдеби үлгілерде жиі кездесетіндігі халықтың дағды – узустың көрінісі деуге болады.

5) Қатыстық сынды білдіру тұлғаларында да варианттар қатары бар: *бірі* – жұрнақ жалғау тәсілімен келсе (*азаматтық соғыс*), екіншісі – тәуелдік жалғаулы тіркес-изафетпен келген варианты (*азамат соғысы*). Бұл варианттардың аффиксация жолымен жасалатындары жазба тілде бел ала бастаған тәрізді. Бір кездерде, XX ғасырдың алғашқы жартысында *азамат соғысы*, *коммунист партиясы*, *қала өндірісі*, *ауыл мектебі* деп

¹³ *Нақысбеков О.* Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы. - Алматы: Ғылым, 1982. - 55-б.

¹⁴ *Досқараев Ж.* Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. - II бөлім. - Алматы: Ғылым, 1955.

қолданылып келген тіркестер бұл күнде көбінесе *азаматтық соғыс, коммунистік партия, қалалық өндіріс, ауылдық мектеп* деген варианттар әдеби норма ретінде жиірек қолданылып кетті. Дегенмен бұл қатардың әр сыңарының семантикалық реңктері бар екенін білу керек: жұрнақты түрінде қатыстық мән, изафеттік түрінде тәуелдік, меншіктік мағына басым болып келеді. Мысалы, *мектеп оқушылары* дегенді *мектептік оқушылар* деп атау қисынсыз көрінеді, өйткені *мектеп* – *оқушы бала* дегеннің қатыстық сыны емес, керісінше, «иесі», яғни бала (оқушы) – өзге орынның емес, мектептің «иелігінде», «құзырында», «шаңырағының астында». Бұл морфологиялық-семантикалық вариант қатарының ішінде қалыптасып, узуска айналып кеткен тіркестер аз емес. Мысалы, *кітап саудасы, ауыл шаруашылығы, оқу орны* сияқты варианттары жиі қолданылады.

Қазақ тіліндегі грамматикалық варианттарды норма тұрғысынан алып зерттеген арнайы еңбектер жоқ, әсіресе синтаксистік параллельдерді анық танытқан, олардың тілдік құрылымдық жүйесіне сай келетін немесе оған сәйкеспейтін варианттар қатарын көрсеткен монографияларды кездестірмедік.

Сондықтан морфологиялық варианттар қатарын да біз осы жұмыста түгел көрсете алмаған болармыз.

Синтаксистік варианттарды әңгімелеуіміз бұдан да кел-терек болады. өйткені синтаксисте вариант түзетін бірліктер таза құрылымдық-тілдік варианттар емес, стилистикалық - авторлық ерекшеліктер ретінде танылуға бейім тұратын сияқты. Мысалы, құрмалас сөйлем компоненттерін жалғаулықтармен немесе жалғаулықтарсыз құру, сырт қарағанда, сөйлем түрінің варианттары болып көрінгенмен, мұның стильдік, шеберлік, әсерлілік мақсатын көздеп жасалғандығы сезіледі. Мысалы:

Елге мойнымды созам, – көрінбейді. Маңайға мойнымды созам, – дәнеңе жоқ (С.Мұқанов) деген сөйлемдердің екеуі де *бірақ* деген жалғаусыз құрылған. Бұларды жалғаулықты вариантты: «Елге мойнымды созам, *бірақ* ел көрінбейді. Маңайға мойнымды созам, *бірақ* маңайда дәнеңе жоқ» түрінде құрылса, екеуінің қолданысында стильдік реңк айырмашылықтары бар: жалғаулықсыз вариантта амалсыздық, үмітсіздік реңкі бар, жалғаулықты варианты жай хабарлау болып танылады.

Бірыңғай мүшелердің әрқайсысы қайталама жалғаулықтармен құрылған сөйлем мен бірыңғай мүшелерді жалғаулықсыз келтіру де – сол сөйлемнің синтаксистік бір варианты болса, мұнда да стильдік мақсат көзделеді, демек, екеуі де – әдеби норма.

Бағыныңқы мүшелердің өзіне қатысты сөйлем мүшесінен бұрын орналасуы, құрмалас сөйлемнің бағыныңқы компоненті басыңқыдан бұрын туратындығы – тілдік құрылымдық норма. Осы нормаға қарама-қарсы түзілген сөйлемдер не норма-дан ауытқу болады, не диалогтерде берілетін ауызекі сөйлесу тәртібі болып танылады, не белгілі стильдік мақсат көздеп келген құрылым болады. Мысалы, жазушы Сәбит Мұқанов кейде шартты бағыныңқы сөйлемді басыңқыдан бұрын келтіруді өзіне тән қолтанбасы ретінде қолданады. Мысалы:

Ол шалқалап құлап түсетін еді, артынан біреу келіп қапсыра құшақтамаса деген сияқты сөйлемдер.

Сайып келгенде, бұл да – синтаксистік варианттың стилдік мақсатпен келген нормативтік түрі.

Сөйтіп, лексикалық және грамматикалық варианттылық құбылысын қазақшалап «жарыспалылық» деп те атай отырып, вариант бірліктерді (тілдік единица: дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, көріктеуіш құралдарды) «жарыспалар» (әлде «жа-рыспалылар» ма?) деп «жарыстыра» қолданып, бұл құбылыс пен оның объектілері туралы жоғарыда айтқандарымызды тұйықтасaq:

1) варианттар – «ұқсас дүниелер», дүниеде, оның ішінде тілде де «ұқсас» (мағыналас, қызметтес, үндес) бірліктер – единицалар баршылық, бірақ баршасы тура мәніндегі вариант-тар болып танылмайды. Мысалы, синонимдер де – бір-біріне ұқсас, яғни мағыналас сөздер. Оларды *варианттар* деп атау мүлде шартты, бұл жердегі «вариант» сөзі «қатар» сөзінің эквиваленті болмақ. Демек, біз жоғарыда норма тұрғысынан талдаған варианттар мен синонимдерді шатастырмау керек. Әрине, белгілі бір жарыспа тұлғаларды вариант (дублет) деп тану немесе синонимдер деп қарау кейде қиындау соғады.

Мысалы, орыс тіл білімінде *неграмотный ~ безграмотный* деген қатарларды синонимдер деп қарайды, бұлайша танысақ,

бейкүнә ~ күнәсіз, әдепсіз ~ бейәдеп деген жарыспа тұлғаларды біз де варианттар дегеннен гөрі, жасалуы жағынан бір-біріне синоним болып келетін сөздер деуімізге болады. Сірә, бұлайша танымауға олардың тіркесімдік қабілеттерінің түрліше екендігі де себеп болатын сияқты: *күнәсіз жазғыру, бейкүнә жан* дегеннен гөрі *күнәсіз жан, бейкүнә жазғыру* деп айту – жатық, дұрыс, яғни норма.

2) Варианттарды «тегіне» қарай: әдеби тілдік және әдеби-диалектілік қатарлар, әдеби және ауызекі тілдік дублеттер, ауызша және жазбаша (орфоэпиялық-орфографиялық) варианттар, орфограммалық (графикалық) дублеттер деп бөліп-бөліп қарастырған жөн.

Тілдік-құрылымдық сипатына қарай варианттар фонетикалық – орфографиялық – морфологиялық – лексикалық болып бөлінеді. Қазіргі қазақ тілінде ең көп кездесетіні – лексикалық және фонетикалық жарыспа қатарлар. Аталған жарыспа бірліктердің қай-қайсысы да нормаға қатысты қарастырғанда едәуір пікірлер қайшылығы мен әр алуан қиындықтар келтіріп жатқаны мәлім. Тілдегі варианттар қатары неғұрлым көп болса, олардың әдеби нормалануы толық жүріп болмағанын көрсе-теді. Варианттарды әдеби – әдеби емес, әдеби-стилистикалық (әдеби-функционалдық) деп ажыратуда, әсіресе фонетикалық қатарлардың емледе біреуін тандауда бірнеше факторларға иек арту керек болады. Мысалы, фонетикалық дублеттердің бір сынарының күнделікті баспасөзде қайсысы жиірек қолданылып келе жатса, соны норма деп ұсынушылық орын алды. Мысалы, сонғы 50-60 жыл барысында баспасөзде *патша*

(*патса* емес), *дұшпан* (*дұспан* емес), *мысалы* (*мисалы* емес), *бәйге* (*бәйгі* емес) тұлғалары жиірек қолданылғандықтан, тек газет-журналдарда емес, оқулықтар мен ғылыми әдебиетте, функционалдық стильдердің өзге салаларында олар әдеби норма ретінде ұсынылып отыр.

3) Әдеби және жергілікті деген оппозициялық қатарлардың әдеби сыңарын тандау біз үшін аса қиынға соқпады, өйткені қазақ тілінің тірек диалектісі айқын көрініп тұрмағанымен, қазақтың кен даласының көптеген аймақтарында қолданылатын варианттарын әдеби норма деп тануға мүмкіндік берді. Мысалы, Қазақстанның батыс өлкесінде *құдағай, сұпы, жарын, ақа, жар* (газеті) деген сынарлары жиірек қолданылғанымен,

қалған солтүстік, орталық, оңтүстік, шығыс өлкелерінде *құдағи, сопы, келер жылы, аға, қабырға* (газеті) деп қолданылатындықтан, осы көрсетілген тұлғалары сөздіктерде норма деп ұсынылып жүр және солай қалыптасып қалды деуге болады. Бұл іспеттес жарыспа қатарларының бір сынарын тандауда «күштеу» де жоқ емес, яғни бір тұлғасын норма ретінде баспасөз жиі қолданса, емле сөздіктерінде «осылай жазылды» деп ап-анық көрсетіп қойсақ, сөз жоқ, 10-15 жылдан кейін қатардың сол варианты дағдыға айналады да дублеттіліктен арылады.

Әдеби-ауызекі тілдік қатарлардың, әрине, «әдеби» деп танылатын сынарын тұрақтандыру керек, дегенмен бүгінгі танда, яғни соңғы 5-10 жылда ауызекі сөйлеу тілі элементтерін әдеби айналымға (қолданысқа) әдейі қатыстыру әрекеті байқалады. Мысалы, *кәдуіскі, кәдуілгі* (*кәдімгі*-нің ауызекі сөйлеудегі сыңарлары), *пошым, дей тұрғанмен* сияқты бес-он сөз баспасөз беттерінде көркем әдебиеттегі авторлық баяндауды былай қойғанда, радио мен теледидарда жиірек қолданыла бастады. Бұл құбылыс белгілі бағытқа (тенденцияға) айналса, дублет қатарын көбейтуі – даусыз, ал «басы артық» дублет сыңарларын әдеби нормадан ығыстыру әрекеті – бүгінгі тіл мәдениетінің басты шарттарының біріне кері ықпалын тигізері де анық.

4) Варианттардың бір тобы өзіміз дублет деп бөліп қараған жарыспаларға жатады, дублеттер тілдік норма тұрғысынан келгенде, бір сынары «кәдеге асып», екінші сынары бірте-бірте мүлде ығыстырылатын (мысалы, *даража, дұспан, мағана, мағна, алдақашан, үйткені, кәйтiп* сияқты орфограммалық сыңарлар) немесе өз алдына «отау тігіп» кететін, яғни дербес мағынаға ие болатын (*үкімет ~ өкімет, ауа ~ әуе, заңғар ~ зеңгір* сияқты қатарлардың әрқайсысы бір-бір лексика-семантикалық единица болғаны сияқты) я болмаса қолданыста стильдік жүк арқалап, өмір сүре беретін (*шайтан ~ сайтан* сияқты) сөздер болады. Ал синонимдер – керісінше, қатары толығымен түсетін, ешбірі қолданыстан ығыстырылмайтын сөз қатарлары. Синонимдер – тілдің икемділігінің, семантикалық бояуларға байлығының, бейнелігінің көрінісі. Синонимдерге бай тіл – мықты тіл, қазыналы тіл.

5) Варианттар қатарын түзетін бірліктердің, әсіресе лексикалық жарыспалардың барлығы жоғарыда көрсетілген дублеттер тобын құрамайды. Басқаша сөзбен айтқанда, норма тұрғысынан келгенде варианттылықтың шегі деген ұғым (қағида) бар. Бұл – теориялық жағынан жеке зерттеу жұмысында (диссертацияларда, ғылыми монографияларда) сөз болатын үлкен тақырып. Ал біз мұнда осы кең тақырыптың бір пұшпағы – әдеби тілден орын алуға «құқықты» және «құқықсыз» варианттар қатарын қарастырдық.

6) Вариант құбылысының тілдің дамуы мен өзгерістеріне тигізетін әсері, рөлі деген проблема да – дербес ғылыми ізденістің нысаны, сондықтан «Вариант және норма» атты бұл тарауда арнайы сөз етілмеді.

7) Ұсынылып отырған бұл жұмыста варианттардың пай-да болу негіздері мен себептері, уәждері, сөз тұлғаларының дыбыстық өзгеріске ұшырау жағдайлары, варианттылықтың тарихы, реттеу тарихы, реттеу кезендері сияқты тақырыптар сөз болған жоқ. Бұларды да арнайы ғылыми ізденістердің объектілері (нысандары) деп есептейміз және бұл тақырыптар зерттеуші С.Бизақовтың көрсетілген еңбегінде едәуір жақсы сөз болды.

8) Көрсетілген дублет жарыспаларды реттеу, яғни әдеби тілдегі орфографиялық, лексикалық нормасы ретінде тұрақтандыру: бір сыңарын ығыстыру немесе екі дербес сөз етіп жұмсау – күні бүгінге дейін жүргізіліп келе жатқан және бір-шама жүзеге асып отырған іс-әрекет. Мұнда 50-60 жыл бойы ұстанып отырған емле ережелеріміз, әр алуан сөздіктер, әсіресе емле сөздіктері, мектеп оқулықтары басты рөл атқарып келе жатыр. Демек, тілдік нормаларды сұрыптау мен орнықтыру ісі әлеуметтік саналы әрекет сипатын алып отырғаны – қазақ әдеби тілінің даму бағыты мен барысы бірқыдыру ғылыми-теориялық негіздерге сүйеніп, жүйелі түрде өтіп жатқанын көрсетеді.

9) Дублеттердің, әсіресе фонетикалық-орфограммалық жарыспа бірліктердің толық реттелмеуі ең алдымен оқу-ағарту ісінде, әсіресе мектептердегі оқу процесінде қиындық туғызып келеді. Сауатты жазу, әдеби тілде сөйлеу, мұғалімдердің

сұрақтарына ауызша жауап беру сияқты тұстарда емледегі алақұлалықтар, оқушының сөзқолданысындағы ақаулықтар, яғни әдеби нормадағы сөз бен олардың қарапайым, жергілікті варианттарын ажырата білмеуі, төл тілдік сөз бен бөгде тілдік эквивалентін араластырып сөйлеулері т.т. оқушының, студенттің білім дәрежесін бағалауда, тіпті жоғары дәрежедегі аттестаттар мен дипломды беру-бермеуде үлкен қиындық келтіріп, кейде таластарға, дау-дамайға апаратыны да белгілі. Сондықтан тіл мәдениетін көтерудегі басты жұмыстардың бірі – вариант-дублет проблемасына ерекше назар аудару міндеті күн тәртібінен түспейді. Бұл проблеманы шешуде емле ережелерінің едәуір қырналған жаңа редакциясын ұсыну, оны бұлжытпай қолдануды міндеттеу, соған сәйкес түзілген қазақ тілінің толық орфографиялық сөздігін жарыққа шығару, тіл мәдениеті курстарын мектептің жоғарғы кластарында, колледждер мен гимназияларда, сондай-ақ университет пен институттардың қазақ тіліндегі барлық факультеттерінде оқыту кестесіне енгізуді Білім министрлігі қолға алуы қажет деп санаймыз. Бүгінгі үлкен ұлттық саясатымызда мемлекеттік тіліміздің тек әлеуметтік қызметін жолға қоюды ғана емес, оның дұрыс қолданылуын, мәдениетін көтеруді де қоса жүргізілетін күрес деп тану – тек ғалымдар мен мектеп мұғалімдерінің міндеті емес, алдымен және пәрменді іс-әрекет иесі – жоғары әкімшілік – басшылық органдары екенін баса айтамыз.

ЛЕКСИКАЛЫҚ НОРМАЛАР

Лексика саласындағы тілдік нормаларды үш салаға бөліп сөз ету керек: бірінде жалпы жазба әдеби тілдік сөз нормаларын, екіншісінде ауызекі сөйлеу тілінің нормасын, үшіншісінде сөздердің қолданыстағы нормаларын талдап, таныту керек болады.

Тіл-тілдің лексикалық қазынасы ғасырлар бойы қалыптасып, адамдардың қатынас және эстетикалық құралы болып қызмет ететін, әлеуметтік талғамнан өткен сөздер тобы әдеби нормасы болып танылады. Диалектизмдер, қарапайым сөздер, дөрекі элементтер, жаргон, арго сияқтылар әдеби лексикалық құрамнан тыс тұрады, бірақ бұлар ауызекі сөйлеу нормасынан орын ала алады. Ал сөздердің әсерлі, орынды қолданысын бұл қолданыстың дұрыс-бұрысын таныту стилистикалық норма проблемасының өзегі болып келеді.

Лексикалық норманы сөз еткенде, әңгіме жеке сөздердің қолданысқа түскендегі дұрыс-бұрыстығы, оңды не сәтсіздігі туралы болмақ. Бұл – қиын шаруа, өйткені сөздердің барлығы бір қалыпқа түсіп, бір үлгімен жұмсалмайды. қолданысқа келгенде, әр сөздің «бас бостандығы», әр сөздің «өз қылығы» (орыс тіл білімінде мұны «поведение слов в речи» дейді) болады.

Тілдің сыртқы факторларға: қоғамның әлеуметтік ахуалына, идеологиясына, мәдениетіне, ғылым мен техникалық дамуына тікелей қатысты болатын саласы – лексикасы, яғни сөздер. Дұрыс не бұрыс деген бағаны жиірек алатын да – сөз нормасы. Жаңа сөздердің барлық әлеуметтік топтар тарапынан бірден қабылдана қоймайтындығы, кейбір беделді қалам иелерінің бірқатар жаңа тұлғаларды «көзге ілмей» қоятындығы белгілі. Мысалы, Мұхтар Әуезов *тарихи, адами, дүнияуи* сияқты жат жұрттық журналмен келген сын есімдерді публицистикалық туындыларында (көркем шығармалары түгіл) қолданбағандығын, сондай-ақ Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Сәбит Мұқановтар көпке дейін *оқырман, көрермен* сөздерін жатсынып келгендігін білеміз. Әрине, лексикалық нормалардың қалыптасуы тек «беделділердің», ірі жазушылар мен журналистердің, «ақсақалдау» тіл мамандарының ғана талғамына тәуелді емес, бұл ретте тілдің ішкі құрылымдық

зандылықтарының да (мысалы, сөз мағынасының тарылу не кеңеюу құбылысы, сөздердің функционалдық стильдер-де қолданысына қарай жіктелуі т.т.), экстралингвистикалық факторлардың да сұранысы үлкен рөл атқарады.

Тілдің өз ішкі дамуына қатысты емес, сыртқы экстралингвистикалық факторлар дегеніміз – жаңа атаулардың пайда болуы, белгілі бір сөздердің не лексикалық топтардың ак-тив қолданылуы, мектеп оқулықтары мен әр алуан сөздіктер сияқты реттеуші каналдардың күші (қызметі) т.т.

Қысқасы, сөз әлемі – қыры мен сыры көп, күрделі де қиын дүние, сондықтан оны жұмсаудың реттері, қисыны, жүйесі, түйіндеп айтсақ, нормалары туралы жеке әңгіме қозғау керек болады.

Сөз мағынасы және оны түсініп жұмсау

Алдымен, «сөз мағынасы дегеніміз не, оны тіл маманы емес өзге адамдар, қалың жұртшылық, оның ішінде жазатын, сөйлейтін ақын-жазушылар, журналистер, комментаторлар, лекторлар, мұғалімдер мен өзге де ұстаздар және т.б. «жазармандар» мен «сөйлермендер» сөз мағынасын түсініп қолдану деген талапқа қалай қараулары керек?» дегенді әңгімелесек.

Жалпы тілдік норма тұрғысынан алғанда, сөздің «лексикалық мағынасы» деген болады, ол – сол сөз білдіретін негізгі мағына, номинативтік мағына. Мысалы, *күн* деген сөздің негізгі лексикалық мағынасы (оны ғылым тілінде денотатив мағынасы деп атайды) – «әлемге жарық, қызу беретін планета» («Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», 5-том, 311-бет). Бұл сөздің «Күн» планетасына қатысты туған «таңның атуы мен күннің батуы аралығындағы уақыт, күндіз» және «24 сағатқа тең уақыт, тәулік» деген 2-3-мағыналарын да «лексикалық мағына» деуге болар әлде оны негізгі лексикалық мағынадан өрбіген «қосалқы лексикалық мағына» дейміз бе – қысқасы, ең түпкі мағынадан туындағандар.

Қазақ тілінде өзге де тілдердегі сияқты *ай, күн, жер, бас, көз, қол* сияқты көптеген сөздердің бірнеше мағынада жұмсалатындығы белгілі. Олардың біреуі негізгі лексикалық не жоғарыда көрсеткеніміздей, негізгіге жуық мағына болады да қалғандары – не ауыспалы, не стильдік (контекстік), не тіркесімдік т.т. мағыналары болады. Айталық, *күн* сөзін «уақыт,

мезгіл, дәуір, кез» мәнінде («Бұл *күнге* аман жеттім» дегендегі сияқты) немесе «өмір, тіршілік» («Бұрынғы *күнім* күн бе еді?» дегендегідей), «ауа райы, табиғат құбылысы» («Бүгін *күн* ыстық дегенде») сияқты мағыналарда қолданғанда, *күн* деген сөздің ауыспалы мағыналарын пайдаланамыз. Ал *күн бат-ты* сияқты тіркесте *күн* сөзі «планета» деген өз мағынасында қолданылып тұрған тәрізді болғанмен, бұл тіркесте ол мағына мүлде жоқ, алдымен, күн планетасы батпайды, жер планетасы күнді айналғанда, күн көрінбейтін кез туады, екіншіден, әңгіме бұл жерде тіпті күн планетасы туралы емес, қараңғы шақтың түсе бастағаны, тәуліктің бір кезеңінен екіншісіне көшкені ту-ралы, демек, осы тіркесте *күн* сөзінің мағынасы «жіпсіз байла-нып тұр», тіркестің әр компоненті (*күн, бату*) өздерінің негізгі мағыналарынан айрылып, тек бір-біріне қосақталған түрінде басқа бір мағына беріп тұр.

Тілдің лексикалық қазынасындағы сөздердің көпшілігінің негізгі мағынасы айқын, баршаға түсінікті болып келеді. Оларды *бейтарап (нейтралды) сөздер* дейді. Ал енді бір топтарының мағыналары көпшілікке тегіс түсінікті бола бермейді. Ол топтарға архаизм деп аталатын көне сөздер, тарих іздері бар, қазіргі қолданыста сирек кездесетін сөздер (историзмдер), контекстік қолданыстарға жататын кейбір қарапайым сөздер, авторлық бір қолданар сөздер болып танылатын окказионализмдер, бірқатар жаңа сөздер – неологизмдер жатады. Осылардың әрқайсысын жұмсаудың норма талабынан келген-де мақсатын, орнын, қажеттігін білу бірінші кезекте тұрады да олардың орынды-орынсыз қолданыстары көзге түседі. Енді осы топтардың сыр-сипатын жеке-жеке танытсақ.

Жаңа сөздер мен қолданыстар, олардың нормалану процесі

Жаңа сөз дегендер тіл дамуының белгілі бір кезеңіне қарай танылуы тиіс. Өйткені өткен кезеңдерде «жаңа сөз» болған бірліктер келесі кезеңдерде «жаңа» деген белгісінен (анықтауышынан) айрылып қалады немесе олар тілден орын ала алмай, ығысып кетеді, сондықтан бұл жерде қазақ әдеби тілі даму барысының бүгінгі кезеңіндегі жаңа сөздерге көңіл аударылады. Қазіргі күні тіліміздің лексикалық қазынасының

толығу процесі әлі де жүріп жатыр. Бұл процесс кейде баяулау, кейде белгілі экстралингвистикалық факторларға байланысты едәуір қарқынмен өтіп келе жатқаны белгілі.

Сөздік қазынаны толықтыратын көздер бірнешеу, олар: ауызекі сөйлеу тілі, бұл канал арқылы әдеби тіл айналымы-на диалектизмдер мен қарапайым сөздер өте алады; ауыз әдебиеті үлгілері, бұл бұлақтан әдеби тіл көне сөздермен, сирек сөздермен толығады; қарым-қатынасқа түскен өзге халықтардың тілі (шет тілдер), бұл көздің қазіргі кезеңдегі ең үлкені – орыс тілі арқылы русизмдер мен халықаралық немесе интернационалдық деп аталатын қор еніп отыр.

Лексикалық құрамның толығуына себепкер болатын факторлар да әр алуан: 1) тілдің өзіне тән ішкі даму заңдары: сөз мағынасының кеңеюі, әр затты, әр құбылысты, әр ұғымды даралап жеке - жеке атау қажетті; 2) экстралингвистикалық факторлар: термин жасау процесі, аударма әдебиеттің дамуы, бұқаралық ақпарат құралдарының жаңа түрлерінің дамуы, қоғам өміріндегі саяси-мәдени өзгерістер, ғылыми-техникалық революция. Міне, осылардың баршасы лексикалық нормалану процесіне тікелей әсер етеді.

Көрсетілген лексикалық топтардың әдеби тілдің сөздік қазынасына өтіп, тұрақтану, яғни нормалану процесі едәуір қиындықпен жүреді, атап айтқанда, сөздердің біршама орнығуы үшін, қолданыс жиілігі, варианттық қатарлардың тежелуі, нормативтік сөздіктерге енуі, күнделікті сөйлеу тәжірибесінен орын алуы уақытты және саналы түрде жүргізілетін жұмысты қажет етеді. Сөздердің жаңа лексикалық бірліктер ретінде тілге енуі үшін әдеби норманың өлшем-межелеріне (кри-терийлеріне) сай келуін күту керек болады, яғни бұларды көпшіліктің дұрыс деп тануы, нормативтік сөздіктерге тірке-луі, жарыспалылықтан арылуы қажет. Сол себептен де 1985 жылы тұңғыш рет жиналып «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» деген атпен жарияланған сөздік «Жаңа сөздер» деп аталмай, «Жаңа қолданыстар» деп аталуының мәні сөздікте берілген тұлғалардың барлығы бірдей «жаңа сөз» статусына ие болу-болмауы неғайбіл екендігінде. Ал бұлардың басым көпшілігі «жүз ойланып, мың толғанып барып» ұсынылған

сөздер болғандықтан, әдеби нормаға еніп, тұрақтала түскенін, енді біреулері әлеумет сынынан өте алмай, яғни көпшілік дұрыс деп бағалап қабылдамай қалып қойғанын (мысалы: *мүлікбасы* – «товаровед», *жүрісші* – «пассажир», *күлдеуіш* – «пепельница», *амалшы* – «иллюзионист» т.т.), келесі бір тобы екі- үш вари-антта ұзағырақ жүріп қалғанын (*балқыма* – *қорытпа*, *қонақүй* – *мейманхана* – *қонақ үйі*, *тілдескіш* – *тілашар*) сөздіктің кейінгі (1990, 1992 жылғы) басылымдары көрсетеді.

Осы сөздіктің соңғы толықтырылған басылымдарында жаңа қолданыстардың 6-7 жылдың барысында (1985-1992) бір-шама сұрыпталып, көбінің әдеби тілге еніп, нормаланып келе жатқаны байқалады. Мысалы, сөздіктің 1990 жылғы алғашқы кітабында *айнамұз* («каток») түріндегі жаңа тұлға көрсетілген болса, келесілерінде оның *мұзойнақ* варианты қалыптаса түсті деп атайды. Дегенмен нормалану процесіне келгенде, олардың соңғы жылдардағы қолданыс жиілігіне қарап, аталған ұғымды дәлірек беретін мағынасын салмақтап, әдеби тілге ену әлеуеті (потенциалы) барларын бір бөлек, жарыса қолданылып келе жатқандарын өз алдына, қолданысқа көп түспей, тілден шығып қалғандарын және іріктеп көрсеткен тағы бір жұмыс керек. Сол күнде жаңа тұлғалардың нормалану процесі айқынырақ көрінер еді. Ал әзірге біз «Жаңа қолданыстардың» үш басылымында хатқа түскен сөздердің нормалану процесін біршама талдап көрсетелік. Сол арқылы әдеби тілге енген жаңа сөздер, оларды түсініп қолдану туралы жоғарғы әңгіmemізді жалғастырамыз.

Алдымен, осы кітаптардың алғы сөзінде ескертілгендей, бұларда тіркелген тұлғалардың барлығы әдеби тіл нормасына сай келетін жаңа сөз ретінде берілген жоқ. Олар – қазақ тіліндегі әр алуан жазба әдебиет үлгілерінде, әсіресе баспасөзде кез-дескен бірліктер. Бұлардың ішінде жеке жазушылардың, газет-журнал редакцияларының не өзге де авторлардың бір-екі рет-тен қолданған «жаңа сөздері» де бар. Мысалы, иллюзионистті бір журнал *амалшы* деп, екіншісі *сиқыршы* деп қазақша атап, жаңа сөз ұсынады. Әдебиетші ғалым Едіге Тұрсынов «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» (1976) де-ген еңбегінде бұрын көбінесе орысша атап жүрген терминдер мен өзге де сөздердің қазақша баламасын ұсынады. Мысалы,

таусыншық («реликт»), *сірі* («маска», мифтік дүниелер бейнесіндегі басқа киетін жапсырма); жазушы Д.Досжанов «Жібек жолы» романында *зертас* («мозаика»), *қышкер* («қыш құюшы»), *жидашы* («салық жинаушы»); Сәбетқазы Ақатаев қолданған *аңсар* («трактат») сияқты соны сөздерді авторлық не-ологизмдер деуге болар, олардың жалпықолданыстық нормаға енуі екіталай.

Жаңа қолданыстардың бірқатары өлеңде келетін поэтикалық, стильдік мақсатқа қолданылған жаңа тұлғалар, мысалы, *альпинист* дегеннің *асқарпаз*, *әлем* (вселенная) дегеннің *әлемие*, *флагман* дегеннің мағынасында *жалаугер* сөздері – өлең текстерінде ғана кездескен жаңа тұлғалар. Бұлардың да жалпыға ортақ әдеби тіл нормасына енуі екіталай.

Жаңа қолданыстар сөздігінде екі-үш, кейде тіпті төрт вариантта хатталған қатарлар біршама реттеліп, бір варианты тұрақтала, нормалана бастаса, қалғандары әлі де қосамжарланып келе жатыр. Олар – көбінесе ғылыми, саяси, мәдени термин-дер емес, тұрмыстық зат атаулары, мысалы, күні кешеге, тіпті бүгінге дейін, *варенье*, *печенье*, *кнопка*, *шпатель* (вилка), *простыня*, *значок*, *ванна*, *клюшка*, *наждак*, *наволочка* сияқты атаулар бұрынырақ не орысша түрінде, не суреттеме тіркес түрінде қолданылып келген болса, енді оларға қазақша балама іздеп (жасап) табу әрекеті бел алды, жаңа қолданыстардың едәуір басым бөлігі осы салаға кіреді. Бұлардың ішіндегі сәтті баламалардың әдеби лексика қорына ену мүмкіндіктері зор (*ақжайма*, *бұлау*, *жастықтыс* т.т.).

Жаңа қолданыстардың «Жаңа атаулар» деген атпен үшінші рет 1992 жылғы басылымы – алдыңғыларының (1985-1990) толықтырылып ұсынылғаны. Ең алдыңғы 1985 жылғы кітапта осыған дейінгі 10-15 жылдың ішінде жазба әдебиетте орын алған жаңа қолданыстар тіркелген. Алғашқы басылымдарда жаңа ұғым, жаңа зат атауларымен қатар бұрын орысша айтылып келген немесе дұрыс берілмеген атауларды қазақшалап не түзетіп беруден туған жаңалықтар болса, соңғы басылымдарда солармен қатар қоғамымыздың өмірінде пайда болған жаңа зат, жаңа ұғымдардың атаулары да орын алғаны көрінеді.

«Жаңа қолданыстар» атты сөздіктерде, әрине, бүгінгі, дәлірек айтсақ, соңғы ширек ғасыр барысындағы қазақ тіліндегі әр

алуан әдебиет үлгілерінде көрінген жаңа бірліктердің баршасы түгел қамтылған жоқ, дегенмен газет-журнал беттерінде, де-мек, публицистикалық стильде, сондай-ақ кейбір ғылыми ен-бектер мен оқулықтарда, демек, ғылыми стильде және көркем әдебиет стилінде, яғни прозалық шығармалар менөлендерде сөздік құрастырушылардың көзіне түскен соны тұлғалар ғана хатталды. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – тек лексикалық жаңалықтарды жинап, тіркеп, мағынасын түсіндіріп қою ғана емес, қалың жұртшылықтың күнделікті баспасөзді, көпшілікке арналған ғылыми әдебиетті, көркем шығармаларды дұрыс түсініп, түйсініп оқуға көмектесу, жаңа ұғымдарды дәл атауға, оларды орнымен қолдана білуге септігін тигізу. Сонымен қатар сөздіктің ең басты көздегені – қазақ тілі лексикасының норма-лану процесін көрсететін материалды жинақтап, реттеп ұсыну, тіркелген сөздердің нормаға сай келгендерін тұрақтандыру, сай келмейтіндеріне жаңа варианттар іздеу, жаңа сөздердің жасалу модельдерін жүйелеу, қолданыс жиілігін анықтау, сол арқылы әдеби тіл нормасына ену-енбеу мүмкіндіктерін көрсету сияқты тіл мәдениетіне қатысты мақсат, міндеттер болатын. Бұл ізденістер әрі қарай да жүргізіле береді. Сол себептен осы басылымдарда берілген жаңа қолданыстарды нормалану тұрғысынан біршама талдап, танытуды жөн көрдік.

Алдымен, жаңа қолданыстар дегеніміз – тілдің құрылымдық нормасына сәйкес келуін, көпшіліктің дұрыс деп бағалауын көздеп ұсынылған сөздер болғандықтан, басым көпшілігі бел-гілі мерзім ішінде, алды – 20-25 жыл, соңы – 5-10 жыл барысын-да жиі қолданылып, әдеби тілдің лексикасынан норматив бір-ліктер ретінде орын алып кетті. Бұл күнде бұқаралық ақпарат құралдарында, кеңсе-іс қағаздары мен ғылыми әдебиетте, тіпті көркем туындыларда да жиі қолданылып жүрген *егемен, егеменді, ақпарат, бағдарлама, құжат, ұжым, хатишы, төраға, зейнетақы, мерейтой, демеуші, айдар* (рубрика), *айыппұл, ардагер, әмбебап, балабақша, баспагер, бейнетаспа, жанкүйер, жарнама, зілзала, кешен, өркениет* сияқты ондаған, тіпті жүздеген жаңа сөздер – әдеби тілден орын алған жаңа лексикалық қазына. Сонымен қатар жиі қолданылып, нормаға ене бастағандар да қомақты топ құрайды. Мысалы, *ауысым*

(смена), *ашылым* (открытие), *есімнама* (персоналий), *жүктеме* (нагрузка), *лездеме* (летучка), *уәждеме* (мотивировка), *балқыма* (сплав), *айтыскер* тәрізді соны сөздер әрі қарайғы қолданыс жиіліктеріне, нормативтік сөздіктерге тіркелуі сипатына қарай әдеби лексика қорына қосылады деуге болады. Бұлардың әдеби тіл нормасының талаптарына жауап беретін белгілері бар. Атап айтқанда, бірінші белгісі – ұсынылған жаңа тұлғаның мағынасы затты не дерексіз ұғымды дұрыс білдіруі. Айталық, *мерей-той*, *демеуші*, *айыппұл*, *зейнетақы*, *балабақша*, *жанкүйер* сөздерінің семантикасы өздері атап тұрған затты не ұғымды дәл береді. Бұл топтағы *егемен*, *зілзала*, *әмбебап*, *төраға*, *кешен*, *ұжым*, *құжат* сияқты сөздер – «ескінің жаңалары», бұлар – осы мағынада қазақтардың қолданысында бұрыннан болған сөздер, олардың ішіндегі *егемен*, *ұжым* сияқты бірен-сараны – жұмсалып өрісі шектеулі жергілікті сөздер болғанмен, жаңа сөз жасаудың бір каналы – ауызекі сөйлеу тіліне иек арту арқылы пайда болған неологизмдер. *Ауысым*, *салым* (вклад), *салымшы*, *ашылым*, *қойылым*, *оқылым*, *есімнама*, *уәждеме*, *балқыма* сөздерінің де нормативтік қатардан орын алу потенциалы күшті: олардың түбір морфемасы осы сөздер білдіруге тиіс ұғымды қамтитын болса (*ауыс (ым)* – кезектің ауысуы, *сал (ым)* – ақша салу, *балқы (ма)* – металл балқыту т.т.), одан кейінгі қосымшалар тілдің морфологиялық нормасына жауап береді: -**ым/-ім**, -**ыл+ым/-іл+ім**, -**қы+ма**, -**де+ме**, -**нама** көрсеткіштері – туынды сөз жасайтын актив қосымшалар.

Жаңа сөздердің нормалану процесінде әлеуетті сөздердің (потенциальные слова) өтпелілік қызметі күшті екенін айтуға болады: әлеуетті сөздер жаңа тұлғаларды нормативтік қорға жақындататын аралық топ.

Жаңа қолданыстардың үлкен тобын қазақ өміріне кейін келген жаңа зат, бұйым, керек-жарақтардың атаулары құрайды. Олар көбінесе тұрмыстық лексика қазынасына кіреді. Бұл ұғымдар бұрын көбінесе орыс сөздерімен не түсіндірме сөз тіркесімен аналитикалық амалмен берілетін. Солардың енді қазақша баламасын іздеп, бір сөзбен атау талабы қолға алынды. Мысалы, *значок*, *форточка*, *простыня*, *тесьма*, *оправа*, *грелка*, *коляска*, *календарь*, *компас*, *наушник* сияқты қазақ

тұрмысында бұрын болмаған зат, бұйымдарды, әрине, қазақша атаудың қажеттігі – даусыз, оның үстіне бұлардың дені – орыс сөздері, ал орыс сөздерін аударып қазақша атау дәстүрі белгілі. Зат, бұйым атауларын бірден таба қою қиынға соққанын бұлардың қазақша баламасының екі-үш, кейде тіпті төрт вариантта болып келгені көрсетеді. Мысалы, аталған сөздіктің үш басылымында *наушник*-тің қазақша *құлаққалқан*, *құлаққап*, *құлақілдік*, *құлақілдірік*, *құлақтама* деген бес түрлі атауы тіркеліпті, *мәшиненің кузовын* – *қау* және *қорап* деп қазақшалап келеміз, *варенье* деген тәттінің *мұраппа*, *қайнатпа*, *тосап* деген қазақша варианттары тіркеліпті, сөздік балалардың *коляскасын* – *қолкүйме*, *күйме-бесік*, *бесік-арба* деп қазақша атанғанның біреуін тандауды ұсынады.

Бұл жарыспа атаулардың біреуінің бірден нормаға айналуына еркін жол бермейтін себептер бар: алдымен ұсынылған балама сөздің номинативтік мағынасы аталатын затты толық бере алмайды, айталық, *қолкүйме*, *құлаққап*, *құлаққалқан* деген күрделі атаулардың *күйме*, *қап*, *қалқан* деген екінші компоненттері атайтын заттың ұғымын бермейді: *коляска* – *күйме* емес (*күйме* – үлкен арбаның бір түрі), *қап*, *қалқан* дегендердің де мағынасы *құлаққа* ілетін дыбыс тыңдайтын аппаратқа келмейді: *наушникпен құлақты қаптамайды* немесе *наушник – құлаққа қалқан етіп қоятын зат* емес.

Көзілдіріктің морфологиялық моделімен *құлақілдірік* немесе *құлақілдік* варианты мағына жағынан дұрыстау келеді. Әрине, *қап*, *қалқан* сөздерінің де коннотатив (туынды, екінші) мағынасын пайдаланып, *құлаққап*, *құлаққалқан* сөздерін де жасауға болар. Сондықтан төрт вариант та қатар тіркеліп, норма үшін біреуін таңдау процесі жүріп жатқан жайы бар. *Значок* сөзінің сөздікте *белгіше* деген баламасы көрсетіліпті, соңғы кезде оның *төсбелгі* деген вариантын да ұшыраттық, мұнда *белгі* сөзі мағына жағынан *значок* сөзін атауға қатысатын компонент ретінде тілдік нормаға сай келеді, сірә, екеуінің бірі, әсіресе соңғысы әдеби тілге ену мүмкіндігі бар тұлға болар.

Сөздің номинатив мағынасына сүйеніп жасалған жаңа қолданыстардың біразы әдеби тілге еніп, нормаланулары әбден

мүмкін. Мысалы, *газқағар* (противогаз), *гүлкесте* (газон), *гүлтәж* (венок), *жағажай* (пляж), *жастыққап* (наволочка), *жылытқы* (грелка), *қондырғы* (установка, аппарат), *құрылғы* (устройством), *тетік* (механизм), *себезгі* (душ) дегендердің *қағу*, *гүл*, *кесте*, *тәж*, *жаға*, *қап*, *жылыту*, *қойдыру*, *құру*, *себу* деген компоненттерінің түбірлері беретін мағынасы атайтын заттар мен құрал-жабдықтардың мағынасына сай келеді.

Тұрмыста қолданылатын бұйым, зат, жабдық атаулары мен кәсіп, жұмыс иелерін білдіретін адамдарды атайтын сөздердің ішінде қазақша баламасы сәтсіз шыққандары да баршылық. Мысалы: *айырша* (штепсельная вилка), *аларман* (покупатель), *аспансерік* (стюардесса), *аяқжол* және *жаяусоқпақ* (тротуар), *домалақшы* (анонимщик), *жапсырма шеге* (кнопка), *желкөз* (форточка), *жүрісіі* (пассажир), *қызықшы* (конферансье және клоун), *сушарап* (шампанское), *тұсқағаз* (обои), *шақыру* (лозунг), *танымгер* (мастер), *шыртетпе* (включатель) деген жаңа қолданыстар «жаңа сөз» статусына ие болып, әдеби тілдің қатаң нормасына ене алмайды деуге болады, өйткені бұлардың да лексикалық бірлік (сөз) ретінде танылатын белгісі осал, яғни мағынасы мен тұлғасының (в плане содержания и в плане выражения) сай еместігі. Айталық, қала көшелерінде жаяу адам жүретін бөлігін *жаяусоқпақ* деп атағанда оның «далада түсетін жол» дегенді білдіретін *соқпақ* сыңары мағына жағынан келмейді, немесе *қызықшы* сөзінің түбірі *қызық* – концерттерде орындалатын өлең, күй, билердің атын, композиторын, сөзін, қоюшысын, орындаушысын атап, сахнаға шығатын адам – конферансьенің мағынасына тіпті жуыспайды, қалған мысалдар да осы сипаттас.

Жаңа қолданыстар сөздігінен орын алған сөздердің ішінде ғылыми, өндірістік, техникалық терминдердің қазақша баламалары аса көп емес деуге болады. *Басқосулар* (встречи), *дүниеқоңыздық* (вещизм), *кеудемсоқтық* (амбиция), *мерейгер* (лауреат), *мүшелтой* (юбилей), *көземел* (гипотеза), *рәсім* (церемония), *салауаттық* (трезвость), *сарасана* (самосознание) сияқты 5-10 жаңа қолданыс әлеуметтік, саяси, мәдени терминдерге жатады деуге болады, олардың қатарында *жеңіскер* (чемпион), *желаяқ* (бегун) сияқты бірді-екілі спорт термині

де бар. Көрсетілген жаңа қолданыстардың терминдік топ құрауларынан гөрі, күнделікті мәдени өмірімізде жиі қолданылатын көпшілікқолды сөздер ретінде сезілуі басым. Сондықтан сөздік құрастырушылар, солардың бірі және сөздіктің редакциясын басқарған мен де бұл сөздерді жай атаулар ретінде жинап, сөздіктің тұтас принципіне қайшы келмедік деп есептеген болармыз. Бірақ олардың да бірқатары (*кеудесоқтық, мерейгер, сарасана* сияқтылар) – тиянақталып, нормативтік сипатқа ие бола қоймаған бірліктер. *Прописка* сөзінің қазақша баламасы ретінде біреулер *мортаңба*, енді біреулер *тіркелгі* деп жаңа сөздер ұсынса, бұлар да – сәтсіз. Әсіресе «робот-ты» *көктемір* деп, «интуицияны» *көкейкөз* деп, «обществе-ность» дегенді *қауымкеш*, «кафедраны» *құжыра*, «библиографты» *ғұмырнамагер*, «доносты» *көрсетінді*, «гипотеза» дегенді *көземел*, «нигилизмді» *көрсөқырлық*, «лупаны» *кұнтартқыш* деп қазақша ұсынылған баламалар тіпті сәтсіз шыққан, бұлардың норма ретінде тұрақталмайтындығы – даусыз, өйткені бұл жерде белгілі бір зат, ұғым атауларын дәл табу принципі емес, әйтеуір «орысшасынан» қашу мақсаты алға қойылған, сондықтан бұлардың бірде-біреуінің мағынасы атап тұрған ұғымды (орысша көрсетілген) бере алмайды: *робот* – темір ме екен және ол неге көк? *Нигилизм* дегеніміз – тек көрсоқырлық па екен? т.т.

Жаңа сөздер деп жүргеніміздің келесі бір шағын тобын *гарыш, гарышкер, галамиар* (планета), *гарышнама* (космология), *жанұя* (отбасы, семья), сондай-ақ сөздікке кірмеген *Елбасы* (Президент) сияқты қолданыстар құрайды. Бұлар – тілдік лексикалық бірлік емес, стильдік бірлік (сөз), яғни *космос, космонавт, космология, планета, отбасы, Президент* сияқты атаулардың көріктеуші, сипаттаушы, қосалқы сыңарлары, олар белгілі бір көтеріңкі үнмен келген мәтіндерде қолданылатын поэтикалық элементтер деуге болады. Айталық, ресми құжаттарда, ресми материалдарда республика басшысы туралы әңгіме болса, *Президент* атауы, ал публицистикада, көтеріңкі үнмен келетін мәтіндерде бас әріппен *Елбасы* деп қолданылып жүр. Сондай-ақ физика, астрономия салаларына қатысты ғылыми әдебиетте өзінің тура мағынасында келгенде,

космос, космогония, астронавт, космонавт деп қолданылуға тиіс термин атаулар публицистикада, поэзиядағы *ғарыш, ғарышкер* деген «көркем, сәнді» қосалқы аттармен берілуі мүмкін. Сондықтан оқулықтар мен ғылыми еңбектерде, ресми құжаттарда *ғарыш, ғарышкер, жанұя* деген варианттар – норма емес, олар – «көріктеуші», «суреттеуші», «бағалаушы» сөздер.

Бүгінгі кезеңдегі әдеби тіліміздің лексикалық нормасын реттеуде, оны дұрыс қолдануда жалпы тілдік норма мен стильдік, эстетикалық норманы шатастырмау керек. Бұл орайда *ғарыш, жанұя, жеделхат, төлқұжат* сияқты «көріктеуші» атаулар-ды терминдік, жалпы лексикалық норматив бірліктерге айналдыру әрекеті бар, бұл – әрі сөз табиғатын, сөздің терминдік варианты мен оның «сипаттауыш» (характериологический) варианты да болатындығын және олардың әрқайсысының қолданылатын орны, мақсаты, уәжі болатындығын жете түсінбеу-шіліктен туындаған құбылыс. Осыны сезінген біраз редакциялар *ұнқағаз* (газет), *көктемірлерге* (компьютер) көп әуестенбей келе жатқаны, енді біреулері әлі де «редакторды» *сарапшы*, «газетті» *үнжария*, «комментаторды» *түсініктемеші*, «па-спортты» *төлқұжат*, «телеграмманы» *жеделхат* деп термин-деп нормаландыруға барынша күш салып жатқаны байқалады.

Қазақтың өз сөздік қазынасынан жасалсын, өзге туысқан түрік халықтары тәжірибесінен алынсын, жоғарыдағыдай сипаттауыш қызметі жоқ жаңа атауларды, әрине, норма ретінде орнықтыруға болады. Мысалы, *ақпарат, расытхана* (обсерватория) деген 5-10 сөздің төркіні және көршілерден алынған бау-бақша, егіншілікке, жер бедерінің атауларына қатысты бірқатар сөздердің де қазақтың лексикалық қазынасына қосылып, нормаға айналып жатқанын мақұлдау керек. Деген-мен кейбіреулерінің сәтсіз екендігін де айту керек. Мысалы, *клоун* дегенді өзбек ағайындар *масқарапаз* десе, оны қазақ тілі үшін қабылдау – сәтсіз, өйткені қазақта *масқара* – жағымсыз мағынадағы сөз, ал *клоун* ж– ағымсыз өнер иесі емес, сол сияқты *дом инвалидов* дегенді *мүсәпірхана* деп қазақшалау да ыңғайсыз: қазақтар ұғымында *мүсәпір* адам – «нағыз сорлы, әбден титығы жеткен, айналасына мейлінше жалтаңкөз болған жан», ал мүгедектер (инвалидтер), әсіресе соғыс мүгедектері

– мүсәпірлер емес қой. Мұндайда *хана*, *жай* деген қосымша іспеттес тұлғаларды (*мүгедекхана*) пайдалану қолайсыз болса, «мүгедектер үйі» дегендей аналитикалық (тіркестік) амалды пайдалануға болады.

Жаңа сөздердің теріліп көрсетілуі олардың қолданысына жарамды болып, еніп кеткен және әрі қарай еніп кететін варианттарды сұрыптауға мол мүмкіндік береді. Сондай-ақ жаңа қолданыстарды тіркеген сөздіктер қазақ тілінің бүгінгі кезеңдегі лексикалық құрамының статикалық та, динамикалық та тұрғыдан нормалану барысын, процесін қадағалауға, сөйтіп, саналы түрде әсер етуге көмектеседі.

Тілдің құрылымдық жүйесіне сай келмейтіндері, көпшілік қауымның талғамы дұрыс деп танылмағандары бір-екі жер-де (біреу авторда, бір газеттің бір-екі нөмірінде, біреу мақала немесе көркем шығармада) ғана қолданылған жаңа сөздер әрі қарай жалғаспай, әдеби тіл айналымына түспей шығып қалады, мысалы, *білдірме* (сводка), *безендірме* (транспарант), *бұйырман* (заявка), *домалақшы* (анонимшик) дегендердің орнына басқа варианттар іздестіріледі не шет тілдік сөздер қолданылады. *Мердігерлік*, *қайта құру*, *мыңшылар*, *тоқырау* (кезеңі), *айлық* (белгілі бір жұмысты, қоғамдық компанияны өткізу үшін бөлінген бір айлық уақыт, науқан, орысша *месячник*) сияқты жаңа қолданыстардың көбі саяси-әлеуметтік әдебиетте, мерзімді баспасөз беттері мен теле, радиохабарларда орын алатындығы ескертіледі.

Ал көркем әдебиетте жаңа сөздер әлдеқайда сараң кезде-седі, оның өзінде де көбінесе стильдік мақсатпен, яғни жаңа ұғым атау қажеттігінен гөрі, бұрынғы бар атауларды сол кон-тексте ұтымды деп табылған өзгеше тұлғамен ауыстыру үшін дүниеге келгендер болады. Мысалы, «Жаңа қолданыстар» сөздігіне тіркелген *базарман* сөзіне келсек, бұл сөзді жазушы М.Мағауин XVI-XVII ғасырлардағы оқиғаларды суреттеу үстінде пайдаланған, сол тұстағы қоғам тіршілігін баяндау-да сауда-саттықпен арнайы айналысатын әлеуметтік топтың болғандығын көрсету үшін *базарман* сөзін әдейі қолданады немесе осы шығармасында автор бұл күнде *барлаушы*, *тыңшы* түрінде қалыптасқан норматив сөздердің орнына *хабаргер* сөзін

жұмса, шығарма тілін тарихи стиль тезіне түсіру мақсатымен, яғни бұдан 2-3 ғасыр бұрынғы әскери тыңшыны қазіргіден айырып атау мақсатын көздеп, жаңа сөз ретінде ұсынып отыр. Көркем шығармаларда орын алатын стильдік немесе авторлық деп те атауға болады, жаңа сөздер көпшілікке ортақ, жалпы тілдік лексика қазынасының нормативтік бірліктері қатарына енбейді. Бірақ олардың орын алуы көркем әдебиет стилінің қолданыс нормасына жауап береді.

Жаңа қолданыстардың нормалану-нормаланбау мәселесіне орай және бір ескертер жайт – соңғы 5-10 жылдың барысында олардың көбейе түскендігі. «Жаңа атаулар» сөздігінің соңғысы 1992 жылы жарияланған болса, содан бергі уақытта орынды-орынсыз ұсынылып жатқан жаңа сөзқолданыстар қаншама! Олардың дені – ғылыми-техникалық және саяси-әлеуметтік терминдердің қазақша баламасы (немесе аудармасы) ретінде дүниеге келгендер. Бұлардың ішінде бұдан 15-20 жыл бұрын пайда болған жаңа сөздердің орнына дұрысырақ деп тапқан варианттары да бар. Мысалы, осыған дейін *вкладшы* деп тіркелген экономика термині соңғы жылдары *салымшы* деп беріліп жүр. Осы қатарға нормаға жуықтау деген *мынақып* (некролог) сөзі қазір көбінесе *азанама* деп, бұрынғы *ауданышық* (микрорайон) сөзі *мәлтек аудан* деп ауыстырылды, *әріптес* сөзі қазірде бұрынғыдай «партнер» емес, «коллега» деген мағынада қалыптасып қалды (ал «партнердің» *ойынсерік* деген баламасы – дұрыстау). *Императрица*, *царица* ұғымдары ертеден *қатын патша*, *патшайым*, *патшаханым* сияқты бірнеше вариантта аталып келсе, әлі біреуі норма ретінде орныққан жоқ. Бұл күнде едәуір нормаланып қалған *жанкүйер* деген спорт терминінің де *сүйермен* деген жарыспасы, 5-10 жыл бұрын «творчест-во» мағынасында *өнернама* деп қолданыла бастаған сөздің кейінірек *шығармашылық* деген жарыспа варианты, *спонсор* ұғымын алдыңғы кезде *қаражатшы* деп келсек, енді *демеуші* варианты дүниеге келді.

Жаңа сөздерді ұсынуда байқалатын және бір құбылыс – бір тұлғамен мағыналары бөлек екі-үш ұғымды білдіру және, керісінше, бір ұғымды екі-үш тұлғамен атау. Алдыңғысына фактілер келтірсек: *жариялама* деген тұлғамен «репортаж»

және «объявление» деген ұғымдарды атап келіппіз. *Жарияла-ма* сөзі мағына жағынан соңғы ұғымға жақын келсе де (бірақ бұның *хабарлама* деп қалыптасқан варианты тағы бар ғой), *ре-портаж* дегенге мүлде жуыспайды. Сол сияқты *әріптес* деген сөзбен «партнер» және «коллега» ұғымдарын білдірушілік бар; киімге салынатын *тесьма* деген зат атауы мен көзілдіріктің әйнек кигізетін «оправасын» білдіруге *жиектеме* деген бір жаңа сөз ұсынылыпты, мағына жағынан бұл тұлға екі ұғымның екеуін де атауға жақын келеді, дегенмен *тесьма* мен *оправаны* қазақша бөлек-бөлек атағандары жөн; *қойылым* деген жасан-ды жаңа сөзбен «постановка» (спектакльдің қойылымы) де-генді де, музейлерге қойылатын «экспозиция» дегенді де атау бар екен. Сірә, орыс сөзі *постановка*-ны аударған – дұрыс, ал «экспозиция» сияқты ұғымды, біздіңше, халықаралық термин ретінде сол күйінде әдеби тіл нормасында қалдыруға болады. Екінші жайтқа, яғни бір ұғымның қазақша атауын екі, кейде үш вариантта ұсынушылыққа келсек, олар бұдан да көбірек: *қаражатшы /демуши* («спонсор»), *қайтарым /қайтарыс* («отдача», экономика термині), *дерекнама /деректеме* («источник»), *дәйексөз /дәйектеме* («цитата») т.т. (бұлар жөнінде жоғарыда кенірек айтылды). Бұл екі түрлі фактінің екеуі де лексикалық нормалану процесінде елеулі орын алады, яғни олардың біреуін норма ретінде ұсынуда талдау, дәлелдеу сияқты реттеу жұмыстарын жүргізуге тура келеді.

Жаңа қолданыстардың әдеби тіл қорына көшіп, нормалану процесі уақытты және тәжірибені қажет етеді, әсіресе көпшілік күнбе-күн пайдаланатын газет, журнал, радио, теледидар сияқты ақпарат құралдарында жиі қолданылуының мәні айрықша. Қолданылу жиілігі – нормаланудың ең пәрменді факторы.

Кейбір сөздер өте жиі жұмсалғандықтан, тілдің құрылымдық нормасына да, мағыналық дәлдігіне де жауап бермейтіндігіне қарамастан, нормаға айналып, әдеби тіл қазынасынан орын алып отыр не орын ала бастады. Мысалы, «трезвость» ұғымын беретін *салауаттылық* сөзі, «отбасы» мағынасындағы *жанұя* деген нағыз жасанды тұлғалар, «космос» ғылыми терминінің «ғарыш» аудармасы, *космодром* сөзінің *ғарыш айлағы*,

аэродромның әуежай болып өте жиі қолданылуы – соңғы айтылған пікіріміздің айғағы.

Лексиканың толығыуы немесе біршама сапалық өзгерісі – қоғамның әлеуметтік, саяси, мәдени, экономикалық дүмпулері, күрт өзгерістері кезінде болатыны белгілі. Соңғы онжылдық – қазақ қауымы үшін осындай өзгерістер, төңкерістер, алмасулар кезеңін бастан кешуде. Қоғам өмірінің әрбір сәтінің «жүрек соғысын» жедел көрсетіп отыратын тілдің лексика саласы зерттеуші ғалымдар түгіл, жай көзге, қалың жұртшылыққа бірден сезіледі, нәтижесінде лексикалық жаңалықтарды қабылдау немесе жатырқай қарау, кейде тіпті қабылдамай қою қарекеттері орын алады: пікірсайыстар, таластар, ұсыныстар көбейеді. «Тілдің лексикалық нормалануы» деген проблемаға мұның тікелей қатысы болатындығы белгілі. Және бұл – процестің дұрыс нәтижесі, яғни жаңа сөздердің нормалануы, әдеби тілден орын алып тұрақтануы – қаулы-қарармен, үкім-жарлықпен, «көпшілік дауыспен» шешілмейтін кезеңде тұрмыз, бұл – «тілдік норма және оның кодификациясы» деген проблемаға ғылыми тұрғыдан қарауды қажет етеді, термин жасау саласынан бастап, қарапайым сөздерді де нормаға келтіруде мұқият ізденістерді талап етеді. Бұл ізденістер жаңа қолданыстарды теріп жинастыру, іріктеп, жүйелеу, дұрыс-бұрысын «меніңше былай» деген принциппен емес, тіл білімінің теориялық негіздері бойынша дәлелдеу, әр алуан сөздіктер, анықтағыштар, көмекші құралдар арқылы жариялап отыру сияқты іс-әрекеттер түрінде жүргізілуге тиіс. Біздің бұл жұмысымыз (кітабымыз) сөздердің нормалануына арналған осындай істерге бастама әрі бағдарлама іспеттес болса дейміз.

Терминология мәселелері және норма

Жазба әдеби тіл нормаларының ең бір өзекті тұсы терминология мәселелеріне келіп тіреледі. Қазақ тілінің терминология проблемасы – ХХ ғасырдың жемісі мен сұранысы. Бұл проблема ана тіліміздің ХХ ғасырдың 20-ншы жылдарынан бер-мен қарайғы даму кезеңдерінің қай-қайсысында да өзектілігін жоғалтқан емес, керісінше, күні бүгінге дейін пікірсайыстар, қиыншылықтар ешбір толастар емес.

Термин дегендерді экстралингвистикалық факторлар туғызады, яғни қоғамның саяси-әлеуметтік жағдайы, оқу-ағарту ісі мен жалпы мәдениетінің дамуы, шаруашылық-экономикалық құрылысының даму дәрежесі, дүниежүзілік ғылыми-техникалық төңкерістерге ілесіп отыру, ғылым салаларының пайда болуы, ол салаларда оқыту мен зерттеу жұмыстарының қолға алынуы – осылардың баршасы лексикалық қазынаның термин деп аталатын ерекше қорын дүниеге келтіреді. Терминдер негізінен атау сөздер болып келеді. Терминнің атауыштық қасиеті (белгісі) үшін оның «дефинициялық» түсіндірмесі болуы керек, яғни бір нәрсенің не құбылыстың тек қана өзіне тән ұғымдық анықтамасы ол сөзді термин етіп танытады. Терминдерді керек ететін әр алуан ғылым салалары болғандықтан, сөздің дефинициясы сол ғылымның танымы үшін ұсынылады.

Термин жасауда байырғы сөздерге үстеме мағына арту бар, жұрнақ жалғану арқылы жаңа жасанды тұлға ұсыну бар, өзге тілдерден сөз алу бар, біздің күндерімізде туып жатқан ғылым мен техникаға қатысты жаңа зат, жаңа ұғым атауларын интернационалдық қордан алу бар – қысқасы, бүгінгі қазақ жазба әдеби тілінің терминологиялық қазынасын толықтыру процесі – тек соңғы бес-он жылда басталып отырған жоқ, қазақ тілінің мемлекеттік деген дәрежеге ие болған кезден ғана, тек сол дәрежеге сай ету үшін ғана жүргізіліп отырған жұмыс емес, ұлттық әдеби тілдің қалыпты даму заңдылықтарының көрінісі ретінде жүріп келе жатқан процесс. Әрине, бұл процестің соңғы жылдарда жүру қарқыны күшейе түсті, бұған қоғамның әлеуметтік күштері белсенді араласа бастады, әлеуметтік пікір-лер жанданды.

Тіл дамуының осы бір заңды құбылысы – термин сөздерді ұсыну процесінде жетістіктермен қатар сәтсіздіктер де орын алып отыр. Жоғарыда айттық, бүгінгі әдеби тілімізде кейбір сөздерді орысша-қазақша жарыстыра қолдану көзге түседі, яғни лексикалық варианттар қатары өсті, олардың нормалану процесі қоса жүре бастады: көбінесе қазақшасы бұқаралық ақпарат құралдарында, тіпті оқу-ағарту әдебиетінде жиі қолданылып, әдеби норма ретінде қалыптасуға бет алды. Мыса-

лы, бағдарлама, әдістеме, мәтін, шығармашылық, жекешелендіру, құжат сияқты сөздердің орысша сыңарлары қолданыстан ығыстырылды. Мұндай жаңа терминдер, біріншіден, қазақ тілінің құрылымдық нормасына сай жасалғандықтан, екінші-ден, ресми түрде мақұлданғандықтан (Терминком бекітіп) тез қабылданып кетті және бұнда бұқаралық ақпарат құралдары айтарлықтай рөл атқарып келеді: газет-журнал беттері мен ра-дио, телехабарларда жиі қолдану жаңа терминдерге көпшіліктің құлақ-көзін үйретіп, оларды жатсынбайтын дәрежеге көтеріп келеді.

Тіл дамуының осындай оң құбылысын пайдаланып, көп-теген ғылыми терминдік атауларды, тіпті кейбір термин емес, бірақ күнделікті өмірде жиі қолданылатын, 70-80 жыл бойы қазақ тілінде әбден орныққан жай сөздердің де бірқатарын қазақшалау әрекеті де басталды. Тілдің нормалану процесінде бұл екі әрекеттің екеуінің де оң да, теріс те сәттері бар. Қазақшаға алмастырылған сөз атап тұрған терминдік ұғымды дәл, толық бере алатындай болса, ол – орынды, норма тала-бын ақтайды. Ал ғылыми-терминдік атаулардың ішінде негізгі интернационалдық қор деп аталатын, көптеген мәдениетті, өркендеген елдердің халықтарына ортақ, түптамыры латын, грек тілдері болып келетін мыңдаған терминді де барынша қазақшалау бағыты (тенденциясы) бой көрсете бастағанына сын көзімен қарау керек. Мысалы, кейбір газеттердің бетінде жарияланған мақалаларда, тіпті редакциялардың өздерінің қолданысында *депутатты* «бек», *кандидат* дегенді «үміткер», *парламент* сөзін «ұлттық құрылтай», *министрді* «уәзір», *министрлікті* «уәзірлік» деп атауды ұсынғандар бар. Ғылыми абстракт ұғымдағы термин емес бірқатар сөздерді де қазақшаға өзгерту әрекеті бұдан да күштірек: *редакторды* «сарашы», *стюардессаны* «аспансерік», *роботты* «құлтемір», *газетті* «ұнқағаз», *дыбыс жазылған кассетаны* «ұнтаспа», *радионы* «ұнсандық», *альпинист* дегенді «асқарпаз» деп қолданған фактілері бар екенін жоғарыда да көрсеттік. Бұлардың бірқатары біреу қолданыстан, біреу автор қаламынан аспайды.

Әңгіме бұл жерде – осы қазақшаланған атаулардың әдеби тіл нормасына енетін-енбейтіндігі жайында емес, принципінде:

«жаппай қазақша балама іздеу, табу, қолдану, әдеби нормаға енгізу принципін бұлжытпай ұстану керек пе әлде «өзге тілдік» терминдерге де орын қалдыру керек пе?» деген сауалдарда. Бұл – терминология саласындағы норма проблемасының өзегі және оны тек практикалық тұрғыдан (аудару, жаңа термин жа-сау) ғана емес, ең алдымен, теориялық негіздерін айқындау тұрғысынан термин жасаудың принциптерін, терминделетін ұғымдарды сала-салаға бөліп қарастыру керектігін термин жа-саушылар да, зерттеушілер де, оларды пайдаланатын қалың жұртшылық та дұрыс түсініп, жақсы білулері керек. Мұны мүлдем білмей де отырған жоқпыз. Сондықтан болар, *Президент, парламент, сессия, депутат, экономика, бюджет, кредит, аудит, институт, университет, студент, академия* дегендерден бастап жүздеген (әлде мыңдаған ба) сөзді осы түрінде қолданып келеміз.

Әдеби тіл нормасын көздей әңгімелесек, аударылып жүрген терминдердің тек «қазақтығына», «түркілігіне», «мұсылмандығына» (араб сөзі екендігіне) қызықпай, әйтеуір «орысшалығынан» құтылуды мақсат етпей, олардың мағыналық дәлдігін, қазақ тілінің құрылымдық жүйесі мен тұлғасының сәйкестігін, ғылым мен танымның қай саласына жататындығын қатты ескеру керектігі – жалпы тіл мәдениетінің талабы, норма талабы. Сондықтан ұзақ жылдар қолданып келген «орыс» сөздерін арабша, парсыша, шағатайша, ұйғырша, осман түріктерінше «қазақшалаудың» жөнді-жөнсіздігін ойластырған абзал. Егер *приватизация* деген жаңа ұғымды *жекешелендіру*

деп түсінікті, нағыз қазақ сөзімен беріп жатсақ, оның жөні – бір бөлек, дұрыс-ақ, ал *класс*-ты *сынып*, *процент*-ті *пайыз*, *паспорт*-ты *төлқұжат* деп бір шет тілдік атауды түсініксіз екінші бір шет тілдік сөзбен алмастырғанда, мұнымыз тек «орысшылдықтан қашу» болып шығатын тәрізді. Ал бірқатар қазақыланған терминдер аударылып тұрған сөздің мағынасын мүлдем бермейтіндігі – өз алдына. Мысалы, «ресторан-ды» *мейрамхана* деп аудару мүлдем келмейді: ресторан – мейрамдайтын, той тойлайтын орын емес, көпшілік тамақтанатын орын, сол сияқты «музыка» деген – *саз* емес. *Космос, аэропорт, аэродром, паспорт, ресторан, кафе* дегендер – тіпті орыс сөздері де емес, бұлар – көптеген тілдерде қолданылатын, тек дыбысталуында айырмашылық бар «халықаралық» сөздер.

Жаңа қолданыстар мен терминдердің реттеліп, нормала-нуын сөз еткенде, олар білдіретін ұғымдарды орысша атауы-мен көрсетіп отыруымызды ескертеміз. Оның себебі негізінен мынада: жаңа сөздердің бірқатары бұрын орысша айтылып келген атаулардың қазақша баламасын ұсынуға байланысты пайда болды: *документ, программа, протокол, коллектив, рубрика, микрорайон, тротуар, коллега, значок, вклад, вкладшы, чемпион, проводник* т.т. Бұлардың көбі – терминдер емес, зат, ұғым атаулары және бірсыпырасы орыс сөздері (*значок, вклад, проводник, грелка, теплица, варенье, кузов, наушник, летучка, творчество, трезвость, болельщик* (спортта), *зачет, разговорник, прописка, включатель, выпуск* т.б.). Орыс тілінің өзінен алып жұмсалып келген сөздердің қазақша баламасын тауып атау принципі – қазақ тілі тәжірибесінде бұрыннан бар принцип болатын, әңгіме – олардың қазақша баламаларының көпке дейін ізделінбей келгендігінде, орысшасын қолдана салу қалың көпшілікке де түсінікті болатындығында, әсіресе тұрмыстық сөздердің күнделікті ауызекі сөйлеу тәжірибесінде қазақшасын іздеп жатпай-ақ орысшасын айта салудың жеңілдігінде және солай дағдыланып кеткендігімізде, қысқасы, осындай сан түрлі себептермен ондаған (тіпті жүздеген) қарапайым сөздер (ғылыми терминдердің әңгімесі бөлек тұрады) орысша жұмсалып келгенін мойындаймыз. Соңғы ширек ғасырдың барысында «етек-жеңіміз біраз жиналып», «есіміз кіре бастағалы» олардың қазақша баламасын іздеу әрекеті дүниеге келді, бұл қарекет әлі де жалғаса бермек және оның салқыны (әсері, үрдісі) ғылыми, техникалық терминдерді де, әсіресе әлеуметтік, саяси, мәдени терминдерді де қазақшалау әрекетіне тиіп жатқан жайы да бар. Тіпті оларды жаппай қазақыландыру сияқты «ұлттық ұранды» көтерушілер де жоқ емес.

Бұл мысалдардың ішінде, әсіресе орыс сөздерімен келгендерінде, әрине, қазақша баламасы дұрыс табылатындары бар, олар едәуір қалыптасып та қалды. Сонымен қатар қазақ тілінің қазіргі даму сатысында ғылым мен техникаға қатыс-ты интернационалдық (халықаралық) қор деп аталатын лекси-калық қабаттың болуы – заңды. Бұл қор – көптеген мәдениетті халықтардың, әсіресе Еуропа, Америка жұрттары мен орыс

халқының тіліне де ортақ, көбінің түптөркіні – латын сөздері, бір алуаны – ағылшын, неміс, француз сөздері болып келетін бірліктер. Олардың бәрін қазақшаға аударып, дәл балама-сын қазақша беру мүмкін де емес, қажет те емес. Терминжа-сам теориясы бойынша техника саласына жататын мәшине, аппарат, құрал-жабдық, олардың бөлшектері сияқты нақты зат атауларының дені аударуға келмейтін, түбірі көптеген мәдениетті тілдерге ортақ, түсінікті сөздер болады, олар-ды қай тілден келсе (мысалы, қазақ тіліне орыс тілі арқылы келді) сол қалпында пайдаланған жөн, ал нақты зат емес, дерексіз (абстракт) ұғым атауларын қай тілде де өз сөздерімен білдіру мүмкіндігі зор болады. Дегенмен оның ішінде де интернационалдық қор сөздерінің қалыптасып кеткен факті-лері аз емес. Мысалы, қазақ тілінде *айсберг, альманах, альбом,*

аппарат, аспирант, студент, асфальт, бак, валюта, велосипед, вирус, витамин, газет, газ, галстук, гараж, гимназия, гор-мон сияқты жүздеген нақты зат атаулары қолданылып келеді.

Ал *аграрлық, академия, акт, актілеу, актив, пассив* (экономика терминдері), *акцент, акционер, альянс, атом, валенттілік, вариант, бюджет, ген, генетикалық* сияқты ұғым атаулары да шет сөздермен беріліп, әдеби тіл нормасын білдіріп отыр.

Міне, бүгінгі қазақ әдеби тілінің лексикалық нормалануы дегенде көңіл аударатын үлкен мәселенің бірі – жаңа қолданыстар мен терминдер және олардың әдеби тіл қорына ену-енбеуі, нормалану процесі, кодификациясы жөнінде зерттеуші ретінде өзіміздің пікіріміз бойынша ұсынылған мағлұматтар – осындай.

Сирек қолданылатын лексикалық топтың нормалануы

Жоғарыда айтылды, көпшілікқолды күнделікті газет-журналдар мен теледидар, радио сияқты ақпарат көздерінде, яғни публицистикалық стиль үлгілері тілінде, сондай-ақ көркем әдебиетте, оның ішінде әсіресе поэзияда оқырман мен тындаушыға тек мағынасы түсінікті ғана емес, әсерлі, жағымды сөздерді іздеу – заңды, дұрыс әрекет. Ал әсерлі, әсем сөздер лекиканың тосын, сирек қолданылатын топтарынан табылады.

Осылардың лексикалық мағынасын дұрыс түсінбей, сондықтан жұмсалатын орындарын тап баспай қолдану нормаға қайшы келеді. Мысалы, ХХ ғасырдың 60-70-жылдарында *майталман* сөзін жиі қолдану етек алды. Оны мадақтау эпитеті ретінде адамдардың кез келген тобының атауына тіркестіріп, *майталман тракторшы, майталман сауыншы, майталман геолог, майталман құрылысшы* деген қолданыстардан етек алып жүре алмай қалдық. Көбінесе осы тіркестерді жұмсаған журналистер, комментаторлар *майталман* деген сөздің түпкі мағынасын анық білмеген.

Майталман сөзі *майталман жүйрік, майталман күйші, майталман шешен* деп қалыптасқан тұрақты тірестерде келеді. Өткен ғасырда жарық көрген Н.И.Ильминскийдің, Л.З.Будаговтың, В.В.Радловтың қазақ-орыс сөздіктерінде бұл сөздің тек қана қазақ тілінде қолданылатындығы көрсетілген де ол «самый красивый (человек, лошадь), прекрасный» деп аударылған, бірақ қай сөздермен тіркесіп айтылатындығына мысалдар келтірілмеген. Соның өзі бұл сөздің өте сирек қолданылатындығын және сөз таңдап тіркесетіндігін байқа-тады. Сірә, *жүйрік, күйші, шешен* сөздерімен келетіндігіне қарағанда, *майталман* сөзінде «аттың жүрісі» (шабысы), «сөздің, күйдің төкпелілігі» сияқты қимылдың шапшаңдығына қатысты мағына бары байқалады. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» бұл сөздің мағынасын «қажымайтын, талмайтын, қиыншылықтан мойымайтын» деп анықтайды. Бұл түсініктің осы кездегі *майталман тракторшы, майталман сауыншы*

деген жаңа қате тіркестерден шығарып ұсынылғаны көрініп тұр. Бұрынғы да, қазіргі де сөздіктер бұл сирек ұшырасатын сөздің беретін ұғымын тап баспаған, өйткені «самый красивый, прекрасный» дегенді атайтын тұстың бәрінде, мейлі ол адам, жылқы болсын-ақ, *майталман* эпитетін қатыстыруға болмай-ды. Жүзі сұлу қызды *майталман қыз* деп, мүсіні әсем құлынды *майталман құлын* деп сөз танитын қазақ айтпайды. Бұл – сөз мағынасын түсінбей қолданып, жай бір-екі рет айтып қоймай, әрі қарай жаңа тіркестермен жалғастырып, лексикалық норма-дан ауытқудың классикалық көрінісі. Құдай оңғарғанда, бұл қолданыс соңғы 15-20 жылда саябырлап, әйтеуір әрі қарай

майталман бухгалтер, майталман етікші, майталман са-тушы деп жалғаспай, тоқтап тынды: оған бір емес, бірнеше рет жазған біздің сын-ескертпелеріміз әсер етті ме әлде сөз мағынасын түсініп барып қолданатындар көбейді ме, сөз мәдениетінің арта түскен жалпы ахуалы себепкер болды ма – қайткенде де «Құдай сақтады».

Дәл осы қатарға *саңлақ* сөзінің де 60-70-жылдардағы қолданысын қосуға болады. Жылқыға байланысты «сәйгүлік, аса жүйрік, ұшқыр» ұғымын беретін *саңлақ* сөзі де – талғампаз эпитет, ол көбінесе «ұшқыр, аса жүйрік» деген өз мағынасында поэтикалық стильде қолданылады: «қазақы жылқыдан алу-ан түрлі *саңлақ* шыққан»... Ал *саңлақ ұшақ, саңлақ мәшине* тіркестерін сөз қадірін білетін ауыз айтпас болар.

Қазақ тілінде негізгі де, ауыспалы да мағынасына орай сөз тандап тіркесетін эпитет сөздер аз емес: *асқар* сөзінің түпкі мағынасында «биіктік» ұғымы болғанмен, *асқар үй, асқар адам, асқар мұнара* деп айтылмайды, қазақ құлағына *асқар тау* тіркесі ғана жағымды, дұрыс естіледі. «Өте нәзік, жіңішке» ұғымын бергенмен, *қытша* сөзінен *қытша жіп, қытша саусақ* деген тіркестер құрастыруға болмайды, ол көбінесе *қытша бел* тіркесін ғана қалайды. Демек, лексикалық норманың бір талабы – сөз тандап тіркесетін поэтикалық эпитеттердің қолданылатын орнын жақсы білу, сондықтан олардың қалыпты тіркестердегі мағынасын кез келген сөзбен тіркестіріп пайдалану нормадан ауытқу, норманы бұзу болып шығады.

О бастағы лексикалық мағынасынан ажырап бара жатқан сирек сөздердің бірі – *үдере*. Бұл – қазақ халқының көшпелі кезеңінде баршаға әбден түсінікті, жиі қолданылатын сөз болған, ол *көшу* сөзімен ғана тіркесіп, *үдере көшу* деп айтылған, мағынасы көштің кештетіп жүріп келіп, бір жер-ге қонып, ертеңіне ертемен қайтадан ілгері қарай көшу, яғни көштің талтүсте аялдап тынығуы, өйткені талтүстегі ыстықта жүргеннен гөрі, таңертеңгі және кешкі салқынмен көшу – адамдарға да, көлікке де, айдап отыратын малға да қолайлы. Бұл сөздің дұрыс мағынасын өткен ғасырдағы қазақ тілі сөздіктері анық, айқын, дұрыс берген болатын, өйткені ол кезде қоғам қауымы жаз жайлауға, қыс қыстауға көшуді бастарынан әлі өткізіп жататын.

Бұрын *үдерім жер* деген де өлшем болған, ол – 20-25 шақырымдық жер, яғни 20-25 шақырымның бір бөлігін кештетіп, қалғанын ертеңіне ертелетіп көшіп жететін қашықтық. *Үдеру*, *үдерім* сөздерінің түбірі – *үд*, бұл монғол тілінде «талтүс» де-ген мағынаны білдіреді, осы түбірден жасалған *үделе*- етістігі Сібір түркілерінің бірі – алтай тілінде де болғандығын, оның «көштің күндіз демалу үшін аялдауы, түскі тамақтарын ішуі» деген мағынаны беретіндігін өткен ғасырда Л.Будагов көрсеткен болатын. Демек, *үд* түбірінен жасалған сөздер көшпелі тұрмыс кешкен қазақ, алтай, монғол сияқты халықтардың тілдерінде кездесетіндігі осы халықтардың (өзге түркі халықтарының тілдерінің сөздіктерінен бұл сөзді кездестірмедік) мекендеген жерлерінің ландшафт және климат ыңғайына қарай күндізгі ыстықта аялдап, кешкі және ертеңгі салқында көшу тәртібі болғандығында деп түюге болады. Көшпенділік тұрмыс тоқтағаннан кейінгі соңғы кезендерде бұл сөздердің мағынасы күнгірттеніп, оны өз орнында қолданбау фактілері кездеседі.

Үдеру сөзін «жаппай қозғалу, жүру, аттану, бірінің артынан бірі жүру» деген мағынада қолданушылық та бар, бұны біліп, дұрыс жұмсау керек. Бұл да (*үд*-) – деген көне түркілік «жалпы жүру, бірінің артынан бірі жүру» мағына беретін етістік. Осы етістіктің *үдере тарту*, *үдере шабу* сияқты тіркестермен келуі сөз мағынасын айқындай түседі. *Үдеру* етістігінің екі түрлі мағынада жұмсалатын көне сөз екенін айырып, әрқайсысын өз орнында жұмсау нормаға сыйымды болады.

Мағынасын түсінбей қолданылатын сөздердің тағы бірі – *сұрқылтай*. Бұл да – көне этнографизм, сирек кездесетін сөз, түркі-монғол төркінді тұлға. Ол монғол тілінде – «хан, сұлтан, әмір сияқты билеушінің жанында болатын кеңесші міндетін атқаратын сановниктің лауазымы». Сөз түбірі – *сірә*, монғолдың «оқыту», «бір нәрсені үйрету», «тәрбиелеу» мағынасын беретін *сурга* (*x*) болу керек, сөз түбіріне жалғанған **-тай** – монғол тілінде сын есім тудыратын жұрнақ, демек, *сургаалтай*, қазақша *сұрқылтай* «үйретуші, ақыл-кеңес беруші» деген сөз болып шығады. Бұл сөздің «кеңесші, ақылшы» мағынасы «әр ханның тұсында – бір *сұрқылтай*» деген мәтелде сақталған. Мәтелдің мәнісі – «әр билеушінің өз кеңесшісі, өз ақылшысы болады, соған орай әр ханның ұстанатын саясаты, жүргізетін

билігі әртүрлі болып келеді» дегенді танытады. *Сұрқылтай* сөзін өткен ғасырлардағы қазақ ақын-жыраулары мен шешендері өз мағынасында, дұрыс қолданған. Мысалы, өткен ғасырда Жетісуда Шыңғыс әулетінен төрелік еткен Тезек төре Сүйінбаймен айтысында:

«Тұсында Абылайдың Бұхар жырау,

Хан әділдің кезінде Түбек тұр-ау.

«Әр заманның бар дейді *сұрқылтайы*»,

Сұрқылтайым менің де екен мынау», – дейді.

Бұдан *сұрқылтай* сөзі «ханның кеңесшісі, ақылшысы, идеологы, сөзін сөйлейтін ділмары, ақыны» мағынасында жұмсалғаны көрінеді, демек, Бұхар – Абылай ханның ақылшысы, *сұрқылтайы*, Тезек төренің айтуына қарағанда, әділ ханның *сұрқылтайы* – Түбек жырау болған. Әдебиеттанушы ғалым – Мырзатай Жолдасбеков: «Тезек төре Сүйінбайды да, Бөлтірікті де өзінің *сұрқылтайы* еткісі келген», – деп жазады. Сөз түбірі – таза қазақтық емес әрі *сұрқылтайлық* институт хандары бір кездерде Шыңғыс әулетінен болып келген қазақ қоғамында ұмыт болғаннан кейін, оны атайтын сөздердің де мағынасы күнгірттеніп, көпшілікке түсініксіз сирек сөздер қорына ауысқан. Кейбір жазушылар осы сөздің мағынасын түсінбей қолданған тұстары бар. Мысалы, Сәкен Жүнісов: «Көп *сұрқылтайды* көрген көзі... тәжірибелі, арлан аттарды түр-түсіне дейін анық көрді», – деп жазады. Бұл жазушы тағы бір-екі жерде *сұрқылтай* сөзін жылқыға қатысты қолданады. Енді бірқатар жазушылар *сұрқылтай* сөзін жағымсыз мағынада жұмсайды. Мысалы, Д.Досжановта: «*сұрқылтай* оқиға...», Қ.Ысқақовта: «Бұл *сұрқылтайдың* да жаны сірі екен... таңнан кара кешке дейін нәр татпай іздейтіні – ілік». Сірә, бұл жерде *сұрқылтай* сөзінің *сұрқия*, *сұрқиялылық* сөздерімен сырттай дыбыстық ұқсастығына қарай топшылаған мағынасы болар.

Сирек кездесетін, оның ішінде көбінесе көне болып келетін сөздердің әдеби тілде қолданылуын шектеуге болмайды, дегенмен олардың көбіне-көп номинатив мағыналарында жұмсалуларынан гөрі, образ жасауда жиірек кездесетіндігін айту керек. Ол үшін де сөз мағынасын дұрыс танудың мәні зор, өйткені образдың негізінде оны жасап тұрған сөздердің түпкі семантикасы немесе мағыналық ренктері (семалары)

жатады. Мысалы, Махамбет ақын: «Мен қарақұстан туған қалықпан» деп жауынгер ақын образын жасағанда қолданған қалықпан сөзінің құстың атауы екенін білеміз, өйткені өлеңнің тағы бір жерінде қалықпандай қомданып дейді, сондықтан өзі қарақұстан туған болса, өзі қомданатын болса, құс емей, немене! Ал ақын бұл образға қыран атауын алуына да болар еді, қыран сөзі – өз замандастарына да, кейінгі оқырмандары – біздерге де әбден түсінікті, батырлықтың, биік дәрежеге көтерілудің кәнігі символы, үйреншікті образы. Бірақ ақын тыңдаушысын отты сөзімен шарпып өтетін тіл құралдарын іздейді, ол үшін қалың жұртшылық құлағына таныс ескі образдарды да, бұрын көп естімеген сиректерін де табады. Бұл ізденіс архаизмге айналған қалықпан сөзіне алып келген. Сөз түбірі – қалық, ол көне түркі тілдерінде «көк, аспан» дегенді білдірген, сол аспанда биіктеп ұшатын құстың қалықпан атауы ата-бабаларымыздың тілінде өзінің тура номинатив мағынасында қолданылып, келе-келе тілден ығысқан да енді образ жасайтын элементтердің бірі ретінде поэзия тілінде, мүмкін мақал-мәтелдерде де сақталған. Ақын сөз мағынасын жақсы біліп, оны әсерлі образға пайдаланған. Қазақтың өткен ғасырлардағы поэзиясында және фольклор мұраларында қалықпан сөзі сияқты тарпаң, тарлан, құлан, бұлан сөздері де актив қордан гөрі, қолданыс шеңбері тарылған көне поэтизмдер қатарында тұратынын бүгінгі жа-зушылар мен оқырмандар жақсы білсе, мұндай сөздердің қолданысында нормадан ауытқушылықтары кемде-кем болмақ.

Сирек қолданылатын сөздердің келесі тобы – тарих іздері бар (*тарихи, тарихтық, тарихаят* сөздеп те аталып жүр), күні бүгінге дейін ғылыми әдебиетте орысшалап «историзм» деп келген атаулар. Көне сөз – архаизм мен тарих ізі бар сөз – историзм дегендер бір емес: архаизмдер актив қолданыстан шығып қалған, мағыналары күнгірттенген, яғни көнерген сөздер, ол атаулардың өздері көнергенмен, олар – білдіретін заттар, ұғымдар жойылмаған, өмірде әлі барлар, ал исто-ризмдер – тарихтың көбінесе бізге белгілі, «күні кешегі» бір кезеңінде болған заттарды, оқиғаларды, адамдар тіршілігін т.т. білдірген сөздер. Қоғам дамуының келесі кезеңдерінде бұл сөздер білдіретін объектілер тарих сахнасынан кетеді де бұларды атайтын сөздердің мағыналары да бірте-бірте ұмытыла

бастайды, екiнiн бiрi дeл бiле бермейтiн сипатқа ие болады. Мысалы, *сауын айту, қандақ, ереуiл ат, шоры* сияқты сөздер мен әскери, қару-жарақ атаулары болып келетiн *кертартар, көбе, қылиан, бiлтелi, саржан* тәрiздi сөздер, ертеректе қазақ тiлiнде болған *аталық, емелдес, бөкеуiл, ертеуiл* деген атаулар, *шөншiк, талыс* тәрiздi ыдыс аттары, *кебенек, жалаңқат, сақсыр* тәрiздi киiм-кешек атаулары, бүгiнгi ата-әжелерiмiз жиi қолданған *еңбеккүн, социалистiк жарыс, колхоздастыру, белсендi, тыңшы* сияқты сөздер, күнi кешегi *ауылнай, елубасы, жүзбасы, шабарман, поштабай, атишабар* дегендер – «историзм» – тарихтық сөздер.

Тарихтық сөздердiң де заман өткен сайын мағыналары түсiнiксiзденiп, әркiм әрқалай ұғатындығына классикалық мысалдың бiрi – *ереуiл ат* дегендегi *ереуiл* сөзi. Оның ұмытыла бастағаны соншалық – тiптi тұлғалық кейпiне де таласып, бiреулер *ереуiл*, ендi бiреулер *ереули, ерули*, тiптi *ерттеули* деп айтылуға тиiс деген де пiкiрсайыстарға барып қалды. Осы жұмыста (кiтапта) оқушыларға түсiнiктiлеу болу үшiн *ереуiл* сөзiнiң түптөркiнi мен мағынасы туралы өзге зерттеушiлердiң және өзiмiздiң талдауларымыз бен танымдарымызды баяндаған «Сөздер сөйлейдi» деген еңбегiмiздегi пiкiрiмiздi қайталап берелiк: Махамбет Өтемисұлының (XIX ғасырдың I жарты-сы) атақты «Ереуiл атқа ер салмай» деп басталатын өлеңiндегi *ереуiл* сөзi ақын жинақтары мен оқулықтарда көпке дейiн «ерттеули ат» деп түсiндiрiлiп келдi. Бұл – әрине, мүлде қате. Бұл сөздiң төркiнiн арнайы зерттеген Құлмат Өмiрәлиев оны монғолдың *ирэгуль* сөзiнен шығарады, ол «қан майданда жек-пе-жекке шығатын батырлардың сайысы, одан барып сол ба-тырлар мiнетiн ат дегендi бiлдiрген» деп табады. Махамбеттiң осы өлеңдерi жарияланған 1910 жылғы «Шайыр» жинағын құрастырушы Ғабдолла Мұштак (Ғұмар Қарашев) мұны «мiнбей сақталған ат» деп түсiндiредi. Бiздiң топшылауымыз-ша, монғол, қалмақ тiлдерiнде *эрүүл, эрұл* деген сөздер «денi сау», яғни «мықты, тың» деген мағынаны бiлдiредi. Ертерек-те үлкен, ұзақ жорыққа шыққанда, астындағы атпен қоса және бiр мықты ат ала шығу дәстүрi түркi-монғол халықтарында орын алған. Ұрыста не жолда астындағы аты мертiксе, оққа ұшса не өлiп қалса, жорықшы алып шыққан қосалқы атына ер

салып мінетін болған. Махамбет айтқан *ереуіл аты* «мықты, тың қосалқы ат» дегенді білдірген деп санаймыз. *Ереуіл* сөзінің бұл мағынасы қазақ тілі үшін күңгірттеніп, бір жағынан, бұл сөзді мүлде қате түсінуге («ерттеулі ат» деп) алып келсе, екінші жағынан, тұлғасының құбылып кетуіне (*ереуіл, ереулі, ерулі*) жол берген. Көне түркі, монғол сөздерін образ үшін пайдалану – қазақ көркем тілінің ең бір әсерлі, актив тәсілі.

Ереуіл сөзінің бүгінгі таныс мағынасы да бар: *ереуілге шығу, ереуілдеу* «белгілі бір іс-әрекетке алдын ала, өзгелерден бұрын шығу» деген мағынаны білдіреді. Осыдан «қарсылық көрсету, наразы болу, көтеріле қозғалу» деген мағына туған. «Забастовка»-ны *ереуіл* деп терминдеуде осы мағынаға сүйенген.

Ереуіл ат пен *ереуілге шығу* дегендердегі *ереуіл* – екеуі екі бөлек сөздер, сірә, омонимдер деуге болар. Сондықтан орындарын шатастырып (алмастырып) қолдану – нормадан жөнсіз ауытқу болады.

Сірә, омонимдер (тұлғалары бірдей, мағыналары әр бөлек сөздер) болып келетін *ереуіл* сөзінің екінші «қарсылық көрсету, наразылық білдіру, көтеріле қозғалу» немесе «өзгелердің алдын ала, жұрттан бұрын» деген семалары (мағыналық қосалқы реңктері) бар «саяси-әлеуметтік күрес, жорық, ат-таныс» деген мағынасы – көнерген де емес, тарихтық сөз де емес, бүгінгі актив сөз, сондықтан *ереуіл* сөзінің және одан туындаған *ереуілдеу, ереуілді, ереуілші, ереуілшіл* сөздерінің соңғы мағынасын көпшілік жақсы біліп, көбінесе орнымен қолданады, лексикалық норма бұзылмайды («Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» берілген түсініктемелер мен мысалдар-ды қараңыз – ҚТТС, 3-том, 395-396 беттер).

Сауын айту дегендегі *сауын* сөзі де, жалпы тіркестің өзі – күні кешеге дейін қазақ қауымының тыным-тіршілігінде, тұрмыс-салтында орын алып келген этнографизм (белгілі бір халықтың тұрмыс-салтына қатысты сөздер). Бүгінгі адам-дар тіркестің мағынасын ертедегі өлең-жырлардағы, әсіресе ауыз әдебиеті үлгілеріндегі, сондай-ақ тарихи роман, әңгіме, повестердегі, поэмалардағы қолданысына қарап жалпы-лай біршама түсінеді, *сауын айту* берілетін үлкен астарға, үлкен тойларға, жиындарға қарата айтылатындығын біледі,

мағынасын «осы ас-тойларға шақыру» деп ұғады, бірақ *сау-ын* сөзінің жеке алғандағы семантикасын біле бермейді, оның түбірі – *сауу* етістігі деп топшылап, «асқа, тойға сауын-қымыз әкелуді хабарлау» деп түсінетіндер де бар, ал, шындығында, *сауын* сөзінің түбірі – *саб/сап* көне түркі тілдерінде «1) сөз, 2) сөйлеу, 3) хабар, хат, 4) мақал, мәтел, 5) баяндау, әңгіме, 6) сәуегейлік» деген 5-6 ұқсас, тақырыптас мағыналарды білдірген. Көне түркілік 6-мағынасы қазақтың *сәуегей* сөзінде, алғашқы екі мағына *сөз саптау* тіркесінде сақталған: *сөз саптау* – қазіргі «сөз сөйлеу» дегеннің варианты. Ал *саб/сап* түбірінің *сау(ын)*, *сәу(егей)* тұлғасына айналуы – түркі тілдерінің «дыбыс алмасу» деп аталатын фонетикалық заңдылықтарының жемісі. Демек, «сөз айту, хабарлау» мағынасындағы көне этнографизм *сауын айту* сияқты бірліктер де – бұл күнде сирек кездесетін сөздер, оларды да түсініп барып жұмсау – әдеби тіл нормасының талабы болмақ.

Көнерген, тарихтық сөздерген өзге де сирек қолданылатын, негізінен лексиканың пассив қорына жататын сөздердің келесі тобын бір алуан сипаттама есімдер, жер бедерін білдіретін бірқатар сөздер, кейбір аң-құс, өсімдіктердің атаулары, кәсіби сөздер құрайды. Айталық, бүгінгі кейбір ірі жазушылардың шығармаларында кездесетін «*жұлмыт* елші», «*мұғдарлы* әсер», «*марайма* мінез», «*тымсақ* адам», «*қойторы* тірлік», «*қоймірет* адам», «*жөш* қуаныш», «*сарамжал* қыз», «*тотанақ* мезгіл» сияқты анықтауыш болып тұрған сипаттама сөздер – сирек кездесетін бірліктер, бұлардың көбін диалектизмдер деуге де болмас немесе жазушылардың өздері жасап алған авторлық неологизмдер деп тануға да болмайды, тілде, қолданыста (демек, өзгелерде де) бар әсерлі, экспрессиясы күшті сөздер. Сірә, кейінгі өздері тіркесетін сөздеріне қарағанда, шығарма авторлары мағыналарын аңғарып барып қолданған тәрізді. Ал енді осы тұлғаларды өзге авторлар, әсіресе қолдарына қаламды енді ала бастаған жастар жұмсай қалса, бұл бейтаныстау, сирек кездесетін дүниеліктерді әрқайсысы өзінше түсініп, өзінше келтіре салулары мүмкін, ол күнде лексикалық норма бұзылады.

Көркем әдебиетте сирек қолданылатын тұлғалардың орын алуы – нормадағы құбылыс, өйткені олардың экспрессивтік

бояулары қалың болады да оқырманға эмоциялық әсері күшті сезіледі. Мысалы, Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романында *қозғалақтау*, *қымыңдау*, *қозғақ қағу* деген сөздерді бір сөйлемде келтіреді: «Қасқа тілмаш Құнанбай мен майырға кезек жалтақтады. Жүгінген бойында құнысып *қозғалақтай* берді. Кейде жер шұқып қап, кейде *қымыңдап*, *қозғақ қағады*» (М.Әуезов, I том, 113-бет). Мұндағы көрсетілген сөздердің мағыналары түсінікті, бірақ сирек жұмсалатын тұлғалар: *қозғалақтау* – тынымсыз қозғала беру, *қымыңдау* – жайсыз-дану, *қозғақ қағу* – қозғала түсу. Осы үш сөздің үшеуінің де қызметі, экспрессивтік жүгі – алдыңғы сөйлемдегі тілмаштың әкімдер алдында жалтақтаған қылығын күшейте түсу. Демек, сирек қолданылатын сөздер болып танылатын *қозғалақтау*, *қозғақ қағу* сияқты дағдылы емес тұлғалар стильдік мақсатта келгенде, нормадағы қолданыс болып шығады. Жазушы олардың түсініктілігін контекст арқылы қамтамасыз етеді.

Жалпы білдіретін мағынасы сөз түбіріндегі семантикасы-нан немесе контекстен біршама түсінікті сөздердің үлкен то-бын экспрессиясы күшті сөздер құрайды, олар көбінесе сын есімдер мен зат есімдер, сондай-ақ үстеулер болады. Әдеби норма тұрғысынан келгенде, олардың да мағынасын жақсы біліп, орнымен жұмсау керектігін қазақтың мықты жазушыларының сөзқолданыстары көрсетеді. Мысалы, *сарпылтаң*, *қырымпоздану*, *кеңкелесу*, *тәмілжу*, *сүркіл*, *мұғдарлы*, *қотиын*, *аңқиттау* сияқты экспрессивтік сөздерді (әдейі стильдік мақсатта қолданылатын әсерлі сөздерді) Ғ.Мүсіреповтің, О.Бөкеевтің, Д.Досжановтың көркем шығармаларынан кездестіреміз. Бұлардың көпшілігінің нормативтік сөздіктерде не мағынасы дұрыс көрсетілмеген, не диалектизм деп белгіленген (*сүркіл*), не тіпті сөздікке енбей қалған (*қотиын*). Көрсетілген сөздердің барлығы да – лексикалық қорда бар бірліктер, бірақ орын тан-дап сирек жұмсалатын, көбінесе стильдік мақсатпен көркем әдебиет тілінде кездесетін сөздер. Әдеби норма мұндай тұлғаларды мейлінше дұрыс тандап, белгілі экспрессиялық жүк артып, дәл қажет жерінде қолдануды талап етеді. Экспрессивтілігіне қызығып, оларды орынсыз жерде қолдану тек тілдік норманы емес, алдымен қолданыстық-стильдік норманы бұзушылық болады. Мысалы, *қырымпоздану* сөзін қазақ тілінің

толық түсіндірме сөздігі «жинақы жүретін; сылан, кербез» мағынасындағы *қырымпаз* сөзінің ауызекі сөйлеу тіліндегі, демек, әдеби нормадан тыс тұратын сөз» деп көрсеткен (ҚТТС, 7-том, 18-бет). Ал Ғ.Мүсіреповтің: «Мұны да қырымпазданбай, қикаңдамай істеді» («Оянған өлке», 1955, 2-том, 59-бет) дегенінде жаралы жалшы жігіт – Жабайға Игілік байдың ерке жиені – Сейіттің қызмет еткенін, ол қызметін міндет етпей, қалтқысыз істегенін айтып отыр. Бұл жерде түсіндірме сөздік көрсеткен «кербездену, сыландау» немесе «жинақы, әсем жүру» деген мағына емес, автор мұнда «сыр алыспаған жас жігіттің жаралы жалшы жігіт – Жабайға әйелдер араласа алмай-тын күтімдерге шейін риясыз көңілмен, жиіркенбей, іркілмей істегенін» *қырымпазданбай, қикаңдамай* деген экспрессивті етістіктермен әдемі суреттейді. Демек, осы екі сөз өз орынында, контекст сұранысында дәл жауап беріп тұр.

Әрбір сөзді тандап, талғап барып, өз орнында жұмсайтын Ғабит Мүсірепов, Мұхтар Әуезов сияқты ұлы жазушылардың тілінде кездесетін *кәугөрік* («...Осы елдің көп *кәугөрік* еркегі айтқанына түсінбейді» – Тандамалы шығармалар. - Алматы, 1955. - 2-том. - 36-бет), *құнезер* («Тақымдарына бір-бір темір күрек, сірі жан торсықтарын қанжығаларына тізіп алып онай кесіптің *құнезерлері* ойды-қырды ылғи шарлап жүреді» – сон-да, 60-бет)). Бұл сөз дыбыстары алмасып ұшыраған, сондықтан оның *құнезер* варианты да бар. Сол сияқты ұлы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілінде кездесетін *жошын* («... Осы, ана Ысқақ бір *жошын*» – М.Әуезов Тандамалы шығармалар. - I том. - Алматы, 1955. - 17-бет), *құж* («Жаным-ау, қасқыр бала мынау ғой! –*құж* десеңші» – сонда, 19-бет), «молда *сүрей* кәрі» (146-бет), *нор* («қалың нөпір қара *нор*» – 189-бет), *қыжал* сияқты сөздерді де не жергілікті сөз, не автордың өзі жасаған неологизм, не этнографизм, не тіпті көне сөз, тарихтық сөз деуге болмайды. Олар – сирек қолданылатын, көбі экспрессивті тұлғалар. Бірқатары сөздіктерге енбей қалған. Ал енгендерінің сөздікте көрсетілген мағынасы жазу-шы қолданған мағынасынан бөлек. Мысалы, *жошын* сөзі – ҚТТС-да бар болғанмен, Әуезов қолданған мағынадағы тұлға емес, *сүрей* – бұл да сондай: М.Әуезовте сөздіктегі «есуас, делқұлы» деген мағынада жұмсалып тұрған жоқ, *нор* – бұл да алдыңғылардай.

Демек, көркем әдебиетте болсын, публицистикада болсын оларда кездесетін сөздер мен сөз тұлғалары нормадан тыс элементтер болып танылмайды, керісінше, бұлардың жазушы, ақын, публицист сияқты қалам иелерінің тілінде жұмсалуды – белгілі бір қолданыстық, стильдік мақсатпен келетін, нормаға сай тілдік (лексикалық) құралдар деп есептеледі.

Қолданыстағы жоғарыда көрсетілгендей номинативтік (негізгі лексикалық) мағыналары жеке алғанда қалың көпшілікке түсініксіздеу сөздерді іріктеп жинап алып, олар-ды жергілікті сөз – диалектизмдерден, ұмытылып бара жатқан этнографизмдерден, әдеби нормадан тыс тұратын қарапайым не дәрекі сөздерден, мағыналары күңгірттенген архаизмдер мен тарихтық сөздерден ажыратып қарап, әрқайсысының жал-пы тілдік те, контекстік те (қолданыстық та) мағыналарын көрсетіп беру – тілді нормалаудың үлкен бір шаруасы болуға тиіс. Алдағы уақыттарда бұндай сөздердің сөздігі жасалып, түсіндіріліп берілсе, ол – көпшілік қауымның, қазақ тілін үйренушілер мен пайдаланушылардың, оның ішінде жазу-шы қауым мен қалың оқырмандардың тіл нормаларын игере түсулеріне көмектесер нақты істердің бірі болмақ.

Құрылымдық нормаға да, қолданыстық-стильдік нормаға да жатпайтындай болып көрінетін сөздердің аса бір шағын тобы – окказионализм деп аталатын бір қолданар сөздер, яғни авторлық түзілімдер (тұлғалар). Көркем әдебиетте, әсіресе өлең тілінде жазушы мен ақын айтпақ идеясын (ойын) әсерлеп, бейнелеп беру үшін қалыптан тыс, яғни семантикалық, морфологиялық, кейде синтаксистік нормаға сәйкеспейтін жасанды тұлғаларды «окказионализмдер» деп атайды, кейбір сөздер өздеріне тән дағдылы мағынасынан басқа ұғымда жұмсалса, олар да окказионалдық құбылыс болып шығады. Мысалы, ақын Кәкімбек Салықовтың: «Бір ақын бір ақынан *ақынырақ*, өйткені ол жүрекке жақынырақ. Ел-жұртқа қалды десек қалай унап, Күшті ақын күрделі де жабайырақ. Қашанда мықты ақындар *Махамбеттеу*, Кемеңгер ойлы ақындар *Абайырақ*. Жақсы ақын – әлеуметтің жаңашыры, Даралау, ке-мел, дана *Пушкинірек*» деген жолдарындағы *ақынырақ*, *Махамбеттеу*, *Абайырақ*, *Пушкинірек* деген қолданыстары тілдің құрылымдық нормасына мүлде қайшы, өйткені **-рақ/-рек**,

-ырак/ -ірек, -тау/- теу, -лау/ -леу жұрнақтары адам, жер-су аттары сияқты жалқы есімдерге жалғанбайды, олар – сын есім шырайларының жұрнақтары, яғни *бала, жас* сияқты сындық мәнді де қоса беретін сөздер болмаса, жалпы зат есімдерден грамматикалық мағына тудырмайтын қосымша. Мұндағы «бейнормалық» болып тұрған сөздер – өлең тілі үшін нормалы (норматив) қолданыс: олар – көріктеу құралдарының бірі – окказионализмдер. Мұнда Кәкімбек Салықов ақындарға сипат-тама береді: «мықты ақындар Махамбет сияқты ақындардың мықтысы, Абай сияқты кемеңгер, ойлы ақындардың, Пушкиндей ең күштісі дара, кемел ақындардың асқаны» деп көп сөзбен айтылуға тиіс поэтикалық идеясын (ойын), жалпы тілдік нормадан ауытқып, шырай жұрнақтарын жалқы есімдерге «заңсыз» жалғаған бір ғана сөзбен – окказионализммен беріп тұр.

Екінші бір мысал: окказинализм құбылысын арнайы зерттеген Г.Мұратова өз жұмысында ақын Исрайыл Сапарбаевтың: «Сарқылған Балқаш – мынау, Арал – мынау, *Жазымдас* жәми жұрттың тағдырымен Жазылмас жанымда бір жара бар-ау» деген жолдарындағы *жазымдас* сөзін окказионализм деп көрсетеді, бұл да – «заңсыз» жасалған авторлық неологизм: *жазым болу, жазым жасау, жазым қылу* деген сияқты тіркестермен келетін «жазатайым болған сәтсіз оқиға» дегенді білдіретін *жазым* сөзі *жолдас, құрдас, сыбайлас, еншілес, курстас* сияқты сөздерді жасайтын **-дас/-дес, -лас/-лес, -тас/-тес** жұрнағын қабылдамауға тиіс, өйткені бұл сөздің семантикалық мағынасы оған жібермейді, *өлімдес, тірілес, аурулас* деп айтуға болмайтыны сияқты, *жазым* «ортақтасу, еншілесу» мағынасын қабылдамайды, тіпті жазатайым болған сәтсіз оқиғаға, айта-лық, аяғын сындырып алуға біреу емес, бірнеше адам бірден ұшыраса да, тілдік нормада *жазымдас* деп айтпайды. Ал ақын айтады, ақын үшін *жазымдас* деген норма шырқын бұзып, қолдан өзі жасаған тосын сөз бүгінгі замандағы қалың жұртшылықтың (жәми жұрттың) өмір тіршілігі, тағдыры тар-тылып бара жатқан Балқаш көлінің, тартылып қалған Арал теңізінің табиғаттың ба, адамдардың ба тарапынан «жаза-тайым», «күтпеген жерден», күтпеген кезде жайсыз оқиғаға – суалып қалуына саясаттың ба, шаруашылықтың ба салдарынан қоғам тарихында тап болған жоқшылық, берекесіздік,

тәртіпсіздік тағдыры, жазымы ұқсас, бірдей: «жазымдас». Сол сияқты Сұлтанмахмұттың «ойлау» мағынасында *мыйлау* сөзін жасап алуы, И.Сапарбаевтың *Хиросима* топонимінің, яғни атом бомбасының апатына ұшыраған қала атауының моделімен *Жеросима* сөзін тіл нормасын бұзып (- **осима** деген жұрнақ жоқ) авторлық меншікті сөз – окказионализмді пайдалануы – заңды, нормадағы қолданыс. Мұндай «бір қолданар» сөздер тілдің құрылымдық нормасына қайшы жасалғанымен, көркем әдеби тілінің стильдік нормасына сай келеді. Бірақ бұл сияқты «нор-ма бұзарлар» мың ойланып, жүз толғанып барып табылған, қайткен күнде де өзінің сол жерде (тексте) қажеттігін, яғни стильдік жүгін дәлелдей алатын элемент болуға тиіс. Окказио-нализмдер – өте сирек кездесетін құбылыс.

Авторлық неологизмдер – қандай сөздер? Тілдегі бар сөздер шығарманың тақырыбына, автордың айтпақ ойына, поэтикалық идеясына қатысты ұғымды дәл бере алмайды-ау деп санаған тұста өздері жаңа сөз ұсынады, ол жаңалар не мағынасы ауыстырылған байырғы сөз, не қолдан жасалған туынды сөз, не мағынасы жаңғырған көне сөз, не әдеби тілге ену құқығы бар жергілікті сөздер немесе ауызекі тілдік қарапайым сөздер бо-лып келеді. Бұлардың да мағынасы көпшілікке бірден түсінікті болмауы мүмкін, өйткені олар – әрі «жаңа», әрі «авторлық» деген «паспорты барлар», әрі өте сирек кездесетіндер. Соған қарамастан, бұлар да тілдің құрылымдық нормасынан да, әсіресе қолданыстық-стильдік нормасынан толық орын ала-ды. Мысалы, Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романының әңгіме өзегі (тақырыбы) – қазақ жеріндегі алғашқы өндіріс, көмір өндірісі, техникалық жаңалықтар екенін білеміз. Мұнда «Қызылжар капиталисі – Никон Ушаков қазақ даласын көкжал бөрідей кезіп, Сарыарканың әр қырқасына бір қызық қағып, ...

таңба бастырып, өз атына бекіттіріп алып, Жезқазған, Нілді, Ақбұйрат, Құлжұмыр, Сасық, Соран, Қарағанды сияқты кенді шиырларды кесек-кесегімен қылғып келеді» (Ғ.Мүсірепов Тан-дамалы шаығармалар, 2-том, 65-бет) деген сөйлемді оқимыз. Бұл жердегі *шиыр* сөзі – автордың «туындысы», өйткені жа-зушы *кенді шиырлар* деп қазіргі *кен орындары, рудниктер* деген сөздердің авторлық баламасын ұсынған, ал бұл сөздің лексикалық мағынасы – «айқыш-ұйқыш, қым-қиғаш, шытыр-

ман, шым-шытырық» (ҚТТС,10-том, 231-бет). Мүсірепов бұл сөзді «орын, мекен» деген мүлде жаңа мағына беріп қолданған (мүмкін, бұл сөздің «айқыш-ұйқыш», «әр тұстағы» деген сема-сын – қосымша мағыналық реңкін де пайдаланған болар).

Сол сияқты домна пешінде мыс қорытуда шығатын шлақтың бұрын қазақша терминдік атауы болмаған, оны осы күнге дейін «шлак» деп жүрміз. Осы өндірістік зат атауын жазушы *боқат* деп, өзінше жаңа тұлғамен береді: «Карл Карлович біраз асықтырмағанда үйіндіге кететін *боқатты* бұдан гөрі де қақтап, тазалап қалуға болатын еді» (Сонда, 76-бет).

Тегі, көркем шығармада мұндай авторлық жаңа сөздер өте аз болады, олар да дәл сол жерде қолданылу қажеттігін дәлел-дей алатын заңды, нормаға сыйымды лексикалық бірліктер қатарын құрайды. Әрине, авторлық неологизмдер – тек өнді-ріске, ғылымға, техникаға қатысты туынды атаулар ғана емес, өзге де «қарапайым» мағынадағы сөздер де болады. Бірқатар диалектизмдер мен сирек сөздерге жазушы жаңа мағына беріп қолдана алады. Мысалы, *сөдегей* деген жергілікті сөз – диалектологтардың көрсетуі бойынша, Қазақстанның шығыс өлкелері мен Жетісу тұрғындарының тілінде «бейсауат, оқшау» және «тұрпайы, өрескел, жағымсыз» деген мағынаны білдіреді: *сөдегей сөз, сөдегей нәрсе*, ал солтүстік аудандарда «икемсіз, ебедейсіз, сөлекет» деген мағыналарда қолданылады, бұл тұста *сөдегей-солтақ* түрінде қос сөз құрамында да келеді (Ж.Досқараев Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері (лексика). - II бөлім. - Алматы, 1955. - 107-бет). Ал осы сөзді ұлы Мұхтар Әуезов Қазақстан жерінде тың көтеріліп жатқан алғашқы жылдардың бірінде, сірә, газеттің сұрауы бойынша жазған кішігірім мақаласында «Бұрын жер өгей, жел *сөдегей* еді» деген сөйлемде келтіреді. «Біз бұрын естімеген *сөдегей* сөзін қай мағынада жұмсадыңыз, Мұхтар аға?» деп сұрағанымызда: «Босқа соғып жатқан» деген мәнде әрі *өгей* сөзіне ұйқастырып алғаным ғой», – деген-ді. Бұл сөз Мұхаңа біршама бұрын да таныс болғанын оның 20-жылдарда жазылған бір мақаласынан кейін көрдік. Демек, жалпы әдеби тілде жоқ болғанымен, кейбір жергілікті сөздерді де жазушы реті келгенде не сол диалектілік мағынасында, не мағынасын ауыстырып өзге мәнде, көбінесе стильдік мақсатта жұмсай алады.

Қарапайым сөздер, жаргондар және әдеби норма

Қарапайым сөздер деп аталатын лексикалық топ та, жаргон деп аталатын шағын бірліктер де – әдеби нормадан тыс тұратын сөздер. Олар – негізінен ауызекі сөйлеу үрдісінің дүниелері. Қарапайым сөздердің жазба үлгілерде кездесуі шектеулі, көбінесе көркем әдебиетте, оның ішінде де прозалық шығармалар мен драмалық туындыларда қолданылады. Мұның өзінде де жазушы, драматург оларды негізінен кейіпкерлердің аузына салады. Демек, қарапайым, жаргон сөздер ауызекі сөйлеу тілінің нормасы болады. Сонымен қатар оларды көркемсөз иелері стильдік мақсатта өз баяндауларында да қолдана алады.

Қарапайым элементтердің көркем әдебиетте қолданыла алатын құқығы бар тұсы, ол – адамның ішкі дүниесіне үңіліп, психологиялық күй-қалыпты шынайы беруді мақсат еткен жазушы айтпақ ойын (идеясын) кейіпкерлердің көзімен, дүниетанымымен беруге ұмтылады. Мысалы, Әбіш Кекілбаевтың «Құс қанаты» атты повесінде бірнеше диалектизм, қарапайым сөз, сөз тіркестері, тіпті ауызекі сөйлеу тіліне тән синтаксистік құрылымдарды авторлық баяндау тілінде қолданады. По-весь ауылдан қалаға, баласының қолына келген «салпы етек, шұбалаң жаулық қара кемпірдің» психологиясымен баяндалады. Кемпір – оқымаған, сауаты жоқ, баяғының «өкілі». Сондықтан мұнда сол кемпірдің аузына оралуға тиісті сөздер көбірек орын алған, бірақ сөйлейтін – кемпірдің өзі емес, жазушы. Автордың баяндауында *бозымбай* (әдеби нормада

– бозөкпе), *шұқыншақ* (еңбекқор), *тасырайып отыру* (шалқып отыру), *бұтқа толуды* (бәлдену), *тортиып жүру* (ренжу), *жырқылдау* (орынсыз күлу) сияқты қарапайым элементтер және *бөтеке* (әдеби нормада – бүйрек), *бойлы-сойлы* (текті, жақсы) сияқты жергілікті қолданыстар да орын алған.

Кемпірдің қалалық келіні *«сидаңдаған қу сирақ, шүйке бас»* болуы мүмкін, *«бұл жақтың үкіметі»* (қалалық кеңес) деген сөздер де – автордікі, бірақ қара кемпірдің көңіл-күйімен, танымымен аталған сөздер. Үй ішіндегі әжетханадағы унитар – *«тас келі»*. Соңғы мысалдардағы *қу сирақ, шүйке бас, бұл жақтың үкіметі, тас келі* деген сөздер – жеке алғанда, қарапайым бірліктер емес, олардың қарапайымдық статусы

– контекстік, яғни бұлар – «шұбалаң жаулық» кемпірдің танымы, бірақ оларды айтып отырған – кемпір-кейіпкер емес, жазушының өзі. Соған қарамастан, бұл қарапайым элементтер – өз орнында қолданылған сөздер.

Бұл повестегі бейнорма деп саналатын элементтер: көрсетілген қарапайым сөздердің, диалектизмдердің, *жүзіқара*, *итжегір*, *құрып қалғыр*, *пәтшағар*, *кәпір*, *бетпақ* сияқты дәрекі ұрыс-қарғыс сөздердің, тіпті бұзылып айтылған *божалыста*, *бәбушке*, *кәзит*, *қуаз* (квас), *іздірәсти* сияқты орыс сөздерінің – барлығының көркем шығармадан орын алып тұрған уәжі (мотиви) бар: ол – шығарманың баяндау стилі, яғни кейіпкердің көзімен, психологиясымен, демек, сөзімен баяндау қажеттігі. Мұндай фактілерді көп болмағанмен, сөзге (шығарма стиліне) ден қоятын қалам иелерінен табуға әбден болады. Мысалы, жазушы Марат Қабанбайдың балалар өмірінен жазылған әңгімелеріндегі көптеген қарапайым сөздерді автордың өз тілінен (баяндауынан) кездестірсек, олардың да қолданысы – уәжді, демек, сол шығарма тілі үшін норма.

Көркем әдебиет тілінде қарапайым сөздер әрдайым стильдік мақсатпен келмеуі де мүмкін. Ол күнде, әрине, бейнормалық, нормадан уәжсіз (жөнсіз) ауытқушылық болып шығады.

Демек, қарапайым, жаргон сөздердің көркем шығармаларда белгілі бір стильдік жүк арқалап қолданылуы – заңды, уәжді құбылыс. Бұған мысалдарды өзге жазушылардан да табамыз. Жазушы Қалихан Ысқақов «Ақсу – жер жаннаты» атты романында қарапайым сөздерді кейіпкерлерінің аузына да салады, өз баяндауында да қолданады: «Бекет осымен біржола *шоңқиган...*», «Ол *қойт-қойттан* қоймады...», «Қағазсыз қара басыңыз *қотқа жүрмейді...*». Бұл қолданыстарды да жазушы өз тіліне тектен-тек қатыстырып отырған жоқ. Бұлардың экспрессиясы нормадағы әдеби варианттарынан (*ұтылған*, *жеңілген*, *отырып қалған... айдап салуын қоймады... түкке тұрмайды, кәдеге аспайды* деген сияқты) әлдеқайда күшті, әсерлі. Жоғарыда бірінші келтірілген сөйлемді жазушы: «Бекет осымен біржола *жеңілген*» деп норматив сөзбен жазса, оның экспрессиялық әсері күшті сезілмес еді. Демек, бұл қолданыстар – әдеби тіл нормасынан уәжді (себепті) ауытқулар болып танылады. Оның үстіне автордың баяндауында сәл әжуа, мысқыл (сарказм, юмор) тоны сезіледі.

Қарапайым сөздердің мағыналары көпшілікке таныс боп келеді, сондықтан ол келеке-сықақ жанрындағы немесе үнін-дегі туындыларда белгілі бір стильдік мақсатпен еркін қол-данылады. Бұларды да уәжді қолданыстар деп атау керек. Соны-мен қатар тек көне, сирек сөздер емес, кейбір дағдылы, ұғымы айқын сөздердің де лексикалық та, стильдік те мағыналарына зер салмай, кейде тіпті түсінбей не жаңсақ ұғынып уәжсіз қолданушылық та әдеби тіл нормасына қайшы келеді. Мы-салы, жолшыбай жолдасы жоқ салт келе жатқан адамды *жалғызілікті жолаушы* деу (*жалғызілікті* сөзі күнделікті «тұрмыста қолғабыс ететін, қарайласатын ешкімі жоқ» дегенді білдіреді және ол көбінесе үй шаруасымен, күнделікті тұрмыс қарекеттерімен айналысатын әйелге қарата айтылуға бейім), *жігерлене жұтыну*, *түн кескінінде* (*баласында* деудің орнына), асықша *ширатылу* (*үйірілу* болса керек), көңілі *қайысу* (*қалды* деудің орнына), іші *еріді* (*жылыды* деу керек), төсек *жаңарту* (*жаңғырту* деудің орнына) деген қолданыстарда жазушы-лар көрсетілген сөздердің мағыналарына үңілмеген (негізгі мағыналарын мүлде білмейді деуге болмас), бұлар – әдеби нор-мадан уәжсіз ауытқулар болып табылады.

Сөйтіп, көркем әдебиетте болсын, өзге функционалдық стильдерде болсын, жеке сөздерді қолдануда әдеби нормаға қайшы келіп, ол нормадан уәжсіз ауытқуға себеп болатын фак-торлар бірнешеу болады. Олардың бірі – көне, сирек, жергілікті, сөздердің мағыналарын жете білмей қолдану болса, екінші бір сәттерде ұқыпсыздық, лексикалық нормаға салғырт қарау се-беп болады, үшіншіде функционалдық стильдердің өздеріне тән ерекшеліктерін араластырып жіберу (мысалы, ғылыми стильде диалектизмдерді, қарапайым сөздерді қолдану) сияқты ағаттықтар орын алады.

Әдеби тілдің ғылыми және ресми (кеңсе-іс қағаздары, қаулы-қарарлар, жоспарлар т.т.) стильдерінде қарапайым сөздер қол-данылмайды, олар мұнда нормадан тыс тұрады. Публицис-тикалық стильде қолданылуы да кемде-кем, стильдік мақсат-пен, көбінесе тырнақшаға алынып келтірілуі мүмкін. Мысалы, *ішін-жеп қою* – сөйлеу тілінде жиі қолданылатын, ауыспалы мағына келтірілген тіркес, «Жас Алаш» газеті информациялық мақалада «қайырымдылық шараларына арналған қаражатты

Бразилияның бұрынғы Президентінің жұбайы «ішіп-жеп» қойыпты» (ЖА, 20.05.2000) деп жазғанда, көрсетілген тіркесті қарапайым элемент ретінде, хабарды жағымсыздық бояумен беріп тұр. Сірә, бұл іспеттес сөздер мен тіркестерді «контекстік қарапайым сөз статусына ие болғандар» деп тану керек, яғни бірліктердің өздері қарапайым лексика тобына жатпайды, бірақ келеке, мазақ үндерімен берілген сөйлемдерде сол жағымсыз реңкті білдіретін тілдік элементтің бірі ретінде нормадағы сөздердің өзін қарапайымға айналдырып қолдана алады. Мысалы, «Жас Алаштың» көрсетілген нөмірінің тағы бір жерінен: «Мәжіліс депутаты Ғ.Қасымов әріптестеріне ренжігені сондай, жеке партия құрып, «күреске» шығуға бел буыпты» деген сөйлемді оқимыз. Мұндағы *күрес* сөзі өзінің номинативтік мағынасында емес, ол – нағыз күрес емес, келеке етіп көрсетілген жағымсыз қарекет, сондықтан сөз өзінің нормативтік мағынасынан ажырап, қарапайым сөз сияқты пәс (төмен) стиль элементіне айналып тұр.

Диалектизмдер және әдеби норма

Лексиканың нормалану процесін әңгімелеуде диалектілік бірліктердің қолданысына айрықша назар аударылады. Қазақ әдеби тілінің бүгінгі даму кезеңінде мұның бірнеше себептері бар. Алдымен, «Қазақстанның әр өлкесінде тек өз шенберінде қолданылатын, яғни таралу шегі бар жергілікті сөздердің бүгінгі лексикалық, стилистикалық статустары қандай? Диалектизмдердің әдеби лексиканы байытудың негізгі көзі болып келді ме немесе әрі қарай бола ала ма?» деген проблемалардың бар екендігінде. Екіншіден, «диалек-тизмдердің көркем әдебиеттегі қолданысы мен өзге функцио-налдық стильдердегі орын алуындағы ерекшеліктерді дұрыс танып жүрміз бе? Қазіргі қазақ әдеби тілінің тірек диалектісі болды ма, жоқ па? Болса – қай диалект негіз болып танылады?» деген теориялық-танымдық проблемаларды былай қойғанда, жоғарыда көрсетілген сауалдар «диалектизмдер және әдеби норма» деген тақырыпты алға тартады. Әрине, бұл тақырып – бір емес, бірнеше ғылыми монографиялардың нысаны (объектісі) екені даусыз. Сондықтан біз бұл жерде қазақ тіл

білімінде біршама орныққан пікірлер мен диалектизмдердің қолданысындағы уәжді- уәжсіз ауытқуларды қысқаша баяндаймыз.

Жергілікті сөздер – ауызекі сөйлеу тілінің элементтері. Ал сөйлеу тілі – әдеби тілдің қайнар көзі. Сондықтан ұлттық жазба әдеби тілдің қалыптасып, сөздік қазынасының толығуында диалектизмдердің орны, рөлі бар екендігі даусыз.

Тілдің лексикалық қорының толығу заңдылықтарына сәйкес, диалектизмдер де аз-аздап әдеби айналымға түседі. Оған әр алуан тілдік те, экстралингвистикалық та сұраныстар себеп болады. Айталық, шаруашылықтың, кәсіптің бұрын қазақ даласына тегіс жайылмаған түрлері енді қоғам өмірінен орын алып жатса, бұларға қатысты зат, құбылыс, ұғым атауларын жергілікті қолданыстардан ауыстырып алу фактісі бар, бұл қазақ тілінде де орын алып келгендігін зерттеуші-диалектологтер көрсетіп келеді. Мысалы, бау-бақшаның және егін-шіліктің басқа да кейбір түрлерінің балық өсірудің, балық аулаудың, бұғы, түйе өсірудің кейбір атаулары жергілікті қордан алынып отырғанын көптеген мысалдармен дәлелдеуге болады. Айталық, диалектологтер бұл қатарға бағбан, мұрап, зембіл, гүлзар, атыз, жеңсе, жозы, дәліз, мәре, *арықтың* жан арық, бас арық, бау арық, желке арық, қол арық, оман арық, оң арық сияқты он шақты түрінің атауын көрсетеді.

Диалектизм дегеніміз – әдетте әдеби баламасы бар бірліктер, сондықтан жалпыхалықтық баламалары жоқ жоғарыда көрсетілген сөздердің әдеби тіл нормасынан орын алуы – орынды. Диалектілік ерекшеліктер тек зат атаулары емес, қимыл, сын атауларынан да кездеседі. Қазіргі қалың көпшілікке едәуір таныс болып қалған *бағамдау, тәжікелесу, сейдін, албаты* сияқты сын есім, үстеу, етістіктердің де түптөркіні жергілікті қолданыстар екенін екінің бірі біле бермейді. Бұлар – әдеби баламасы бар сөздердің синонимдік қатарлары ретінде әдеби тіл айналымына түскендер. Соңғылардың әдеби нормаға ену мүмкіндігін өзге сұраныстар туғызып отыр, олар: әр сөздің мағыналық реңктерін пайдалану, экспрессиялық бояуы қалыңдау қатарларды іздеу, көркем шығармада стильдік мақсаттарды көздеу т.т.

Сірә, көркем әдебиетте кейбір жазушылардың диалектизмдерге көбірек баруының бірнеше себебі бар, олардың бірі – «әркім өзі туып-өскен өлкеде қолданылатын тіл элементтерін, бала кезінен құлаққа сіңіп, үйреншікті болып кеткен сөздерді қимай, соны дұрыс деп есептейтіндіктері» (Ш.Сарыбаев), екіншісі – әсерлі, экспрессивті сөздерді іздеуі. Алғашқысы – көбінесе санадан тыс, оның үстіне әдеби нормадағы сөздер мен нормадан тысқары тұратын сөздерді ажыратып танымайтындықтан болып жатса, соңғысы – саналы түрде, бірақ кейде сәтсіз (уәжсіз) шығатын әрекеттер болып кетеді.

Жалпы тіл білімінде *диалектизация* деген термин бар, ол – көркем әдебиетте (кейде тіпті тұтас әдеби тілде) жергілікті ерекшеліктерді еркін әрі молынан жұмсау әрекеті. Тілдер дамуының белгілі бір кезеңінде бұл процесс орын алуы мүмкін. Қазақ тілінде диалектілендіру (диалектизация) құбылысы айқын және қарқынды түрде болмағанмен, ХХ ғасырдың 70-80-жылдарында қылаң беріп қалғанын айтуға болады. Көркемсөз шеберлерінің бірқатарының (Д.Досжанов, Т.Әлімқұлов т.б.) шығармаларында жергілікті тіл ерекшеліктерінің айтарлықтай орын алғанын Ғ.Мүсірепов сияқты аға жазушылар мен кейбір тіл мамандары (Б.Қалиев) баяндамалары мен мақалаларында арнайы атағаны мәлім. Диалектизмдерді стилизация мақсатында пайдалану айтарлықтай күш алып, әрі қарай дамымағанымен, көркем дүниені диалектизмдермен өрнектеудің шама-шегін, амал-тәсілін, орын-кезеңін тап баса алмай, әдеби нормадан шығып кетіп жатқан фактілерді 80-жылдардағы туындылардан тауып, жинап біз де көрсетіп едік. 1984 жылы жарияланған бір мақаламызда айтылған пікірлер мен келтірілген мысалдарды қайталасак. Жазушы Бекділда Алдамжаровтың «Қара нөсер» атты кітабында («Жазушы», 1981) *ояқ, анаяқ, іжқайда, ақ кеуіл, еге, мәттақым, ауыш, бәте (бата-ның орнына), кәйтін, дайра, керпіш, отқан (отырған-ның орнына), ешек, пәт (бет), ыңғи, кәдірлі, бір күншідей* сияқты диалектизмдер кейіпкерлерінің де аузында (мұны дұрыс-ақ делік, егер кейіпкерлердің белгілі бір өңірдің адамдары екендігін жазушы әдейі көрсеткісі келген болса), автордың өз баяндауында да кездеседі. Бұл жергілікті ерекшеліктерді осы автор ешбір стилизация мақсатын көздемей, тек өзінің сөз машығы

бойынша қолданып тұр. Мұндай «тоғытып» жіберілген диалектизмдер ешбір мақсатсыз қолданылғанда, әдеби норма-дан ауытқушылық болып табылады. Бұл жерде диалектиза-ция құбылысы емес, тілге, әдеби нормаға жауапсыздық (әлде білместік, әлде салақтық) таныту деп бағаланады.

Диалектизм және әдеби норма мәселесінде «әдеби баламасы бар ұғым атауларына жарыстыра жергілікті сөздерді пайдалану жөн бе, жөнсіз бе?» деген мәселе де пікірталас тудырып келе жатыр, соның бірі – әдеби баламасы бар, тіпті әдеби синонимдік қатары мол кейбір сын есім, үстеу, етістіктердің диалектілік варианттарын оларға семантикалық реңк үстеп (дәлірек айтсақ, олардың семалық реңктерін пайдаланып) әдеби тіл нормасы-на ауыстыруға болады. Өйткені етістік, сын есім, үстеу де-гендер – экспрессивтік бояуын қалындағып, құбылта түсуге бейім элементтер. Біздіңше, *лақса* (әбден қартайған), *бодау* (өтесін, төлеу, қарым), *бағамдау* (пайымдау, аңғару), *мәуріт* (шақ, мезгіл, кез), *оңаза* (ашқарақ), *сейдін* (сергек), *мондыбас* (жуас) деген сөздердің көбінің «тұрағы» – белгілі бір өңірлер болар, бірақ олардың жақша ішіндегі әдеби баламаларының барына қарамастан, оларды 60-90-жылдардағы әр автордан кездестіреміз, ол – бұлардың әдеби тілге енгенін танытады.

Диалектизмдерді әдеби тілге енгізуде у ә ж д і л і к (мотивация), шама - шарықтық (пропорция) және ұтымдылық принциптерін қатты ұстау керек. Әйтпесе, ауызекі сөйлеу тілі элементтерінің көбінің экспрессиясының күштілігіне, сонылығына (көпшілік үшін тың, жаңа сөз болып көрінетіндігіне) қарап, оларды әдеби үлгідегі жазба дүниелерімізге тоғытып жіберсек, норма бұзылады. Мұны ескермесек, әдеби тілді диалектілендіру қаупі тууы әбден мүмкін. Ал тілді диалектілендіру – көпшілікке ортақ, тұрақталған әдеби тіл нормаларына нұқсан келтіру де-ген сөз, яғни әдеби үлгілер тілінің барлық өңір тұрғындарына түсініктілігі, айқындығы, жүйелілігі бұзылады деген сөз. Диалектизмдерді уәжсіз қолдану – нормадан ауытқу, сондықтан кейбір жазушыларымызда кездесетін *бөлтек-салтақ* (бөлек-салақ), *үпірмелі-шүпірмелі* (үбірлі-шүбірлі), *қападар* (қапалы),

тоңқару (төңкеру), *міселі қайту* (меселі қайту), *пәре* (пара беру) деген сөздерді жақша ішінде көрсетілген әдеби түрлері тұрғанда, ешбір уәжсіз қолданудың реті жоқ.

Қысқасы, әдеби норма тұрғысынан келгенде, диалектизмдер сияқты мол қордың өзіне үлкен сақтықпен қарау керек. Оның лексикалық қазынаға қосар үлесі барын еске ала отырып, жазба тілге, әсіресе көркем әдебиеттен өзге стильдерге енгізу әрекетінде белгілі бір шек қойылғаны жөн.

Сөйтіп, жергілікті элементтердің әдеби нормаға қатысы, әдеби тілге ену әлеуеті (мүмкіндігі), көркем әдебиеттегі орны, қызметі туралы қысқаша қайырылған мағлұмат-танымдарды қорытындыласақ:

1) қазақ тілінің қазіргі даму сатысында диалектизмдер деп аталатын едәуір мол лексикалық топтар мен жергілікті фонетикалық, грамматикалық бірліктер бар. Олар – негізінде, әдеби тіл нормасынан тыс тұратын элементтер.

2) Жергілікті тіл ерекшеліктері – ауызекі сөйлеу бірліктері, ал халықтың ауызекі сөйлеу үрдісі – жазба әдеби тілді толықтыратын көздердің бірі, сондықтан баламасы жоқ зат ата-уларын, кәсіпке, әр алуан шаруашылық ұғымдарына, әр өлкеге тән ландшафтыға және тағы да басқаларына қатысты сөздерді жергілікті сөйлеу тәжірибесінен – диалектизмдер құрамынан тандап алу процесін әлі де тоқтатуға болмайды.

3) Диалектизмдер көркем әдебиетте суреткерлік құралдың бірі ретінде қолданылады. Олар тек кейіпкерлердің диалог, монологтерінде ғана емес, шығарманың стильдік тонына қарай автордың баяндауында да жұмсала алады, бірақ мұнда қайткенде де бейәдеби сөздің қолданыс уәжі (мотиві, себебі, қажеттігі) болуы керек және ол уәж ғылыми тұрғыдан дәлелденетіндей болуы шарт.

4) «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі» сияқты құнды материалдардың ішінен бүгінгі және ертеңгі жазба әдеби тіліміздің лексикалық қазынасын байытуға қажет бірліктерді іздестіру, іріктеу, тандап алу қарекетін жүргізе беру – алдағы міндеттеріміздің бірі ретінде саналады.

Сөйтіп, жана сөздер, көне сөздер, сирек қолданылатын лексикалық топтар, терминдер, диалектизмдер деп топтан бөліп алып, олардың әрқайсысының әдеби тілдегі орны, қызметі, қазіргі күйі, нормалану процесі жайында жасаған талдауларымыз бен білдірген пікірлеріміз мынадай қорытындыға келтіреді:

1) қазіргі қазақ жазба әдеби тілінің лексика саласы айтарлықтай нормаланып, ол нормаларды қалыптастыру (кодификация) процесі жүргізілуде. Әдеби лексикалық нормалардың негізгі базасы – халықтың сөйлеу тілі мен жазба тіл үлгілері: көркем әдебиет, публицистика, ғылыми әдебиет бо-лып саналады, олар қазақ сөздерінің әдеби қазынасын таны-тады. Оларды норма ретінде тұрақтандырып, қалыптастыруда оқу-ағарту құралдарының, баспасөздің, әр алуан сөздіктердің, оның ішінде анықтағыш құралдардың қызметі айрықша.

2) Қазіргі күнде лексикалық нормалардың ішінде вариант-тар қатарын туғызып, пікірталастарға шақырып отырғандары – терминдерге қатыстылары, мұнда тек термин жасау принцип-тері ғана емес, кірме терминдердің тұлғалануы, оларға қазақша қосымшалар жалғану ерекшеліктері туралы да әртүрлі пікірлер мен ұсыныстар айтылуда.

3) Әдеби нормадан тысқары тұратын лексикалық топтардың ішінде әдеби үлгілерде орнымен (уәжді) қолданылатын сәт-терімен қатар, нормадан ауытқитын қолданыстар да орын алуда. Әдеби норма шарттарына мұқият қарайтын, ғылыми ізденістерді талап ететін саланың бірі – бейәдеби элементтердің қолданысы.

Қазақтың әдеби тілінің сөздік құрамын толықтыра түсу – әлі де жүріп жатқан процесс, сондықтан ауызекі сөйлеу бір-ліктерінен, әсіресе диалектизмдерден мүлде бас тарту әлі ерте. Оларды тек стильдік мақсатпен көбінесе көркем әдебиетте ғана қолданып қоймай, жаңа ұғымдарды атаудың бір көзі ретінде қарау керек.

4) Лексикалық нормаланудың ең өзекті мәселесі – вариант-тары жайы. Оларды да айырып қарап, әдеби нормаға енетін қатарлар мен бір сыңарын әдеби норма ретінде тұрақтандырып, қалғандарын бірте-бірте қолданыстан ығыстыру әрекеті дұрыс бағыт алып келе жатқандығын айтуға болады.

5) Лексика саласындағы әдеби нормаларға келгенде, көркем әдебиет стилі өзге функционалдық стильдерден бөлек тұрады. Сондықтан «көркем әдебиеттегі сөзқолданыс және әдеби норма» деген тақырып өз алдына талдауды қажет етеді.

6) Әдеби нормадан жөнсіз ауытқуға апаратын тұстарды жинақтап көрсетсек, олар мыналар: қазақтың бүгінгі кең

байтақ даласының түкпір-түкпіріне тегіс түсініксіз жергілікті сөздерді молынан не орынсыз келтіру, көне сөздердің мағынасын дұрыс түсінбей жұмсау, қолданыстан шығып қалған «пассив» сөздерді «тықпалау», қажетсіз тұста жаңа сөз жа-сай қою не оның сәтсіз шығуы, «орысшылдықтан» орынды-орынсыз қашқақтау, яғни орыс тілі арқылы енген, едәуір орын тепкен, нормаға айналған халықаралық кірме сөздерді аударып, қазақша балама «тауып беру» немесе сыртқы тұлғасын өзгертіп, «қазақыландырып» жұмсау, штамп элементтерге, жылтырауық «әдемі» сөздерге үйірсектік таныту, сөздердің стильдік қызметін дұрыс танымау т.т.

Осы көрсетілген тұстардағы ағаттықтар мен кемшіліктерді болдырмау үшін жүргізілетін іс-әрекеттердің, ұсынылатын анықтағыш құралдардың, ғылыми ізденістердің мақсаты – қазақтың қазіргі ұлттық жазба әдеби тілінің нормаларын реттеу, айқындау, орнықтыру, қалыптастыру (кодификациялау) жолындағы үлкен әлеуметтік, тіпті саяси мәні бар шаруа. Тіл мәдениетін көтеру қарекеті – мемлекеттік тілдің жетілген, сын-дарлы болуы үшін жүргізілетін күрес.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ СӨЗҚОЛДАНЫС ЖӘНЕ ӘДЕБИ ТІЛДІК НОРМА

Көркем әдебиет тілінің өзге функционалдық стильдерден айырмашылығы бар екендігі жалпы тіл білімінде бұрыннан айтылып келеді. Сондықтан да кейбір ғалымдар көркем әдебиет үлгілерін функционалдық стильдер қатарына қоспауды ұсынады. Функционалдық стильдердің әрқайсысы: пуб-лицистикалық, ғылыми және кеңсе-іс қағаздары үлгілері бір-бірінен өзіне тән белгілерімен азды-көпті бөлініп тұратын бол-са, көркем әдебиетте мұндай стильдік тұйықтық болмайды, көркем шығармаларда барлық стильдердің де, ауызекі сөйлеу тілінің де элементтері орын ала алады. Және бұл – бейнормалық, нормадан ауытқушылық емес, көркемсөз нормасының өзіне тән белгілері болып саналады.

Қай тілдің болмасын көркем әдебиет стилі өзге халықтар-дың көркем дүниесінен өзінің ұлттық көркемсөз нормалары-мен (белгілерімен) ажыратылады. Көркем әдебиет, бір жа-ғынан, жалпы әдеби тілдің құрылымдық нормаларына, екінші жағынан, көркем сөздің ұлттық нормаларына иек артады. Ұлттық нормалар деп отырғанымыз – қазақтың көркем әдебиет негізін жалпыхалықтық тілден, ұзақ дәстүрлі ауыз әдебиеті тілі мен ауызша дамыған ақын- жыраулар тілінен алады, бұлар – бүгінгі қазақ жазба көркем әдебиетінің лексикалық қазынасы мен көріктеуіш құралдарының қайнар көзі. Жалпы қазақ әдеби тілінің екінші ұлттық белгісі – оның аса бейнелі тіл екендігі, әсіресе синонимдер мен жалпы әдеби сипаттағы жарыспа қатарлардың молдығы. Осы белгіні көркем әдебиет барынша пайдаланады. Үшінші белгісі – қазақ тілінде диалектілік ерекшеліктердің аз байқалатындығы, бұл – көркем әдебиет тілін Қазақстанның барлық аймағына түсінікті тіл болып таны-луына мүмкіндік береді. Қысқасы, қазақтың жазба көркем әдебиеті санғасырлық жазба дәстүрге емес, өте ертеден келе жатқан аса бай ауызша тараған көркемсөз дәстүріне иек артып, дамыды. Қазақ көркем сөзінің дамуында поэзия ерекше орын алды. Ал кейінгі ғасырларда (XIX-XX) қазақ әдеби тілі, өзге тілдер сияқты, ұлттық жазба статуска ие болып, оның өзге де

функционалдық стильдері пайда болды, ол стильдер көркем әдебиеттің белгілерін айқындай, ажырата түсті.

Поэтикалық тіл теориясындағы тұжырымдарға қарағанда, көркем әдебиетте сөз, бір жағынан, жалпы ұлттық нормаға сай қолданылуы тиіс болса, екінші жағынан, көркем дүние жа-сау міндетін көздеуі керек. Осыған орай көркем шығарманың лексикасын тілдік норма тұрғысынан екі бөліп қарау керек: бірі – сөзді жалпы дұрыс қолдану, екіншісі – әсем қолдану. Алдыңғысында сөздің жалпы нейтралдық, атауыштық қызметі, соңғыда көркемдік қызметі нысанаға алынады.

Тіл мәдениетінің негізгі қарастыратыны – әдеби норма, нормалану процесі, ол нормалардың қалыптастырылуы (кодификациясы). Қазақ көркем әдебиетіндегі бүгінгі лексикалық нормаларды әңгімелегенде, жоғарыдағы тарауларда көрсетілген мына мәселелерге назар аударылды: а) әр алуан жарыспа қатарлардың сыңарларын тандап, өз орнында жұмсау; ә) көне, жаңа, сирек, қарапайым, жергілікті сөздердің мағыналарын жақсы біліп, керек жерінде ғана дұрыс қолдану; б) өзге стильдердей емес, көркем әдебиетте жаңа сөз жасауға әуестенбеу; в) ғылыми-өндірістік терминдерді кемде-кем жұмсау; г) әдеби нормадан тысқары тұратын сөздер тобын, әсіресе көне сөздер мен диалектизмдерді, сирек қолданылатын сөздерді көбінесе белгілі бір стильдік мақсатпен, образ жасауда пайдалану; д) публицистика мен ресми құжаттар тілінде орын алатын штамп сөздер мен стереотип тіркестерге бой алдырмау. Бұлар – норманы ұстануға қажет шарттар. Қазіргі қазақ көркем әдебиеті осы көрсетілген талаптарды біршама орындап отыр.

Соңғы онжылдықтардың барысында қазақ көркем әдебиетінде тілдің сөздік байлығын мейлінше кең қамту бағыты сезіледі. Ол үшін алдыңғы тарауларда көрсеткеніміздей, жұмсалы аймағы шектеулі диалектизмдерді де, мағынасы күңгірттеу көне сөздерді де, мағынасы бейтаныстау сирек кездесетін сөздерді де, тіпті кейбір қарапайым сөздерді де әдеби тіл нормасына икемдеу фактілері бар. Бұл құбылыстың саналы түрде, белгілі бір стильдік мақсатпен де, ешбір уәжсіз, білместікпен де жүріп жатқаны байқалады.

Бүгінгі қазақ жазба әдеби тілінің даму кезеңінде сөздік құрамды толықтыра түсу, жауыр болған «терминмен» айтсақ,

«сарка пайдалану» – әлі де жүріп жатқан процесс. Бұл – тек көркем әдебиеттің ғана емес, публицистика мен ғылыми әдебиеттің, әсіресе соңғы стильдің басты мүддесі. Сөздің семантикалық реңктерін ажыратып атауда, бұрынғы сөздердің, терминдердің мағынасын айқындап, дұрысын ұсынуда жаңа зат, құбылыс, ұғымдарды білдіруде әдеби тілге көптеген лексикалық жаналықтар еніп жатыр. 80-90-жылдарда жаңа қолданыстардың бумы (қауырт көбеюі, тасқындауы) басталды деуге болады. Бұл процесте әдеби тілдің сусындайтын көзі, бір жағынан, көне, сирек, жергілікті сөздер қоймасы болса, екін-ші көзі – жаңа тұлғаларды қолдан жасау (аффиксация арқылы және мағына ауыстыру арқылы), үшінші каналы – шет тіл-дерден сөздерді, көбінесе ғылыми-техникалық терминдерді қабылдау.

Көркем әдебиет тілінде осылардың біріншісі, ішінара екін-ші көздері іске қосылды. Көне, сирек сөздерді не өз мағына-сында, не жаңа мағына үстеп жаңғыртып қолдануға тарихи тақырыптарға жазылған шығармалар, мысалы, Ә.Кекілбаевтың, М.Мағауиннің, С.Сыматаевтың, І.Есенберлиннің, Д.Досжановтың, Қ.Жұмаділовтің романдары мен Т.Ахтановтың, Қ.Бекхожиннің, С.Сыматаевтың, Ә.Кекілбаевтың драмалық шығармалары себепкер болды. Демек, лексикалық қазынаның толыға түсуіне экстралингвистикалық факторлардың үлкен мәні бар екені байқалды (мысалдарды, яғни фактілерді алдыңғы тараулардан оқып көруге болады).

Көркем әдебиет сөздік құрамға әдеби нормадан шет тұра-тын қарапайым сөз, жергілікті сөз сияқты элементтерді тек қана белгілі бір стильдік мақсатпен енгізетіндігін және мұны қазіргі белгілі жазушылар саналы түрде, шеберлікпен жүргізіп отырғандығын баса айтуға болады. Мұны тарихи шығармалардағы көне қару-жарақ, киім-кешек, әскери зат, ұғым, қимыл атаулары, яғни алдыңғы тарауларда Ә.Кекілбаевтың, М.Мағауиннің, Т.Ахтановтың романдары мен драмалық шығармаларынан келтірген фактілер дәлелдейді. Сол сияқты бір-қатар қарапайым сөздердің автордың тілінде (баяндауында) қолданылуы да белгілі бір стильдік жүк арқалап тұрса, олар – әдеби нормадан ауытқу болып табылмайды. Мысалы, жазу-

шы Марат Қабанбаев «Бақбақ басы толған күн» деген шағын әңгімесін баланың көзімен ұсынады, сондықтан мұнда кейбір жеке сөздердің, теңеулердің, суреттеулердің баланың ауызекі сөйлеуінде болатын қарапайым, кейде тіпті тұрпайылау варианттары қолданылған. Мысалы, бұл баяндауда автор – бала – кейіпкер қосылып кетеді, сол себептен автордың баяндау тілінде «адамдар ыстық күн астында *тоңқаңдап* шөмеле салады», «дәрігер бостан-босқа *сарнайды*» («денсаулық жайында әңгіме өткізеді» дегені), «еттің тұрамшалары *жүдеу*» («тым кішкентай, аузың толмайды» дегені баланың), «шешесі басына еріксіз байлап жіберген орамал *оңбаған...*», «Оқас шалқасынан *тыраң* құлайды», «класта қыздар *өріп жүреді*» («көп»), «бала мықтап *есінеп тастайды*». Бұларда көрсетілген қарапайым немесе мағыналары сай болмай қолданылған сөздер (мысалы, орамал оңбаған бола алмайды, есінеу тастап жіберілмейді), сырт қарағанда, яғни осы әңгіменің кімнің көзімен, танымымен, ойымен беріліп отырғаны ескерілмесе, әдеби нормаға қайшы элементтер болып көрінуі мүмкін. Бірақ дәл осы шығармада олардың қолданысы – уәжді. Мұндай қолданыстарды тіл білімінде «уәжді ауытқулар» деп атайды.

Тағы бір мысал келтірсек. Жазушы Дулат Исабековтің бір пьесасының аты – «Әпке». Бұл – бірге туған балалардың кішілерінен үлкен қыз бала (орысша – «старшая сестра») деген мағынада қолданылған атау. *Әпке*- диалектизм, әдеби варианты – *ана*, мұны *аналы-сіңлілі*, *аналы-жесделі*, *ана-жесдесі*, *ана-інісі* деген оппозициялар арқылы дәлелдеуге болады. Бірақ бұл сөз – қазақтың сөйлеу тілінде әр өлкеде әртүрлі қызметте (мағынада) жұмсалатын тұлға: Қазақстанның көп жерлерінде *ана* – баланың шешесі, тіпті әжесі, бұл өңірлерде әдеби нормадағы *ана* дегеннің *әпке* варианты бар. Жазушы осы вариантты тандаған, өйткені Қазақстанның барлық өңірінде қойылатын бұл пьесаның атын «Апа» деп қойса, әңгіме кім туралы, бірге туған баланың жасы үлкені ме әлде ол баланың (не балалардың) анасы ма, әжесі ме – бірден түсініксіз болар еді. Міне, осы қолданысты да әдеби нормадан уәжді ауытқу деу керек. Ілгеріде жазылған бір мақаламызда *зуза* деген жергілікті сөзді дұрыс қолданып, оны әдеби тілге енгізу

мүмкіндігі бар тұлға деп таптық. Бұл – «өлікті қабір басына алып баратын зембіл» дегенді білдіретін диалектизм, ал *табыт* – өлікпен бірге көмілетін орысша «гроб» дегеннің баламасы, *зембіл* – кәдімгі «носилки».

Бірақ ауызекі сөйлеу тілінен ауысып, әдеби тілге еніп, нормаға айналып жатқан сөздердің болу фактісін пайдаланып, *еге* (ие), *бостекі* (бос), *нәжүйе* (жүйесіз), *ақырамаш* (ақырғы), *ұқшасатын* (ұқсайтын), *құсап* (ұқсап), *кермеқар* (кереғар), *ауыш* (ауыс), *еме-жемге келгенде* (жеме-жемге келгенде) деген сөздерді автордың өз тілінде бір емес, бірнеше рет және ешбір стильдік мақсат көзделмей, жақша ішіндегі әдеби варианттарының орнына тектен-тек («аузына түскендіктен», «ауылы солай айтатындықтан») қолдана беру – лексикалық та, стилистикалық та нормадан уәжсіз, жөнсіз, себепсіз ауытқу болады.

Көркем мәтіндегі әдеби нормадан уәжсіз ауытқу жөніндегі пікірлерімізді толық жалғастыра түсу үшін бұрын жазылған кейбір талдауларымызды қайталап келтірелік.

Уәжсіз (жөнсіз) ауытқуларды да екі тұстан қарастыру керек: бірі – жалпы әдеби тіл нормасына қайшы келетін қолданыстар, екіншісі – көркем әдеби тіл нормасын бұзатын қолданыстар.

Лексикалық қолданыстарда жалпы әдеби тіл нормасына сай келмейтін ауытқулар, біздіңше, мынадай сәттерде байқалады:

Сөзді өз орнында жұмсамау. Бұл көбінесе сөздің дербес лексикалық мағынасын дұрыс түсінбеуден туады. Мысалы, жазушы Т.Шадықұловтан бірнеше фактіні келтіруге болады: «...Қазынаның елу мың ақшасын аман-сау қауыштырды» («Соңғы тілек», 1985) деген сөйлемде *қауыштырды* етістігінің мағынасын автор дұрыс білмеген. *Қауышу* іс-әрекеті адамдарға байланысты айтылады, сондықтан қазынаға түгел қайтып оралған ақша қазынамен *қауышпайды, қайтарылады, толтырылады, орнына салынады*. Сол сияқты: «Ауылдағы екі көтерем шал әрі жұбатты, бері жұбатты» (Сонда) деген сөйлемде *көтерем* сөзі өз орнында емес: бұл сөз малға қатысты айтылады, адам көтерем болмайды, *жүдеу, арық* болады.

Бірқатар жазушылар кейбір көне сөздер мен сирек қолданылатын сөздердің немесе этнографизмдердің мағынасын жете түсінбей, орынсыз жұмсайды. Мысалы, алдыңғы та-

рауларда *сұрқылтай* деген көне сөзді бірқатар қалам иелері жансақ жұмсағанын көрсеттік.

Сөз мағынасы түсініксізденіп, көпшілікке нақты белгісіз болғандықтан, әр жазушы өзінше топшылап, өз түсінігінше, біреуі – зат есім, екіншісі – сын есім т.т. ретінде құбылып, әртүрлі мағынада жұмсауы, әрине, нормалылыққа қайшы келеді: біріншіден, текстің түсініктілігіне нұқсан келтіреді, екіншіден, сөздің, әсіресе көне, сирек сөздердің тұрақты мағынада қалуына кедергі келтіреді. Көне, сирек сөздер көбінесе образ жасауға жұмсалатындықтан, олардың белгілі бір мағынада орнығуы өте қажет, өйткені көркем әдебиетте ұлттық образдар әлемін бұзу – көркемсөз нормасын бұзу болып табылады.

Тек көне, сирек сөздер емес, кейбір дағдылы сөздердің де лексикалық мағынасын түсінбей қолдану – қазіргі қазақ проза-сында орын алып келеді деуге болады. Мысалы, *жалғыздікті* сөзі – «тұрмыста қолғабыс ететін, қарайласар ешкімі жоқ» адамға қарата айтылатын сөз, сондықтан жазушы жалғыз бала-ны өсірген адам туралы: «Бәрінен де *шиеттей* баланы далаға тастамай өсіріп адам қылғанын айтсайшы!» (Қ.Жұмаділов) деп қолданғанда, автор *шиеттей* сөзінің мағынасын тап баспаған: ол көп бала жайында сөз болғанда айтылуы керек, жалғыз бала *шиеттей* бола алмайды, өйткені *шиеттей* сөзі «көп, то-лып жатқан» деген ұғымды береді. Тағы бір жазушы: «Жігіт *жігерлене* жұтынды» (Шадықұлов) деп жазады. Мұндағы *жігерлене* сөзі жұтынудың амалын бере алмайды, адам *жігерлене* сөйлеуі, *жігерлене* іске кірісуі мүмкін, ал жұтыну үшін жігердің қажеті жоқ. «Үлкен кісі *қанат жая* (?) жарқылдап қарсы алды» (Шадықұлов), «Қызметші екі-үш жігіт қайта *жосқындай* (?) кірді» (Д.Досжанов) деген сөйлемдердегі сұрақ қойылған сөздердің де мағынасын жазушы жақсы түсініп қолданған деу қиын. Келтірілген мысалдар көрсеткендей, қазіргі қазақ прозасында әсіресе сипаттамалық қызметтегі сын есімдер мен үстеулердің мағынасын шатастыру жиірек кездесетіні байқалады.

Әдеби тіл нормасынан ауытқудың ерекше, яғни уәжді деп те, уәжсіз деп те тануға болатын және бір түрі бар. Жазушы әлдебір себеппен (мотивпен) тұрақты тіркестердің немесе

мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздерді өзгертіп пайдалануы мүмкін. Бұл амалға апаратын себептер әртүрлі. Бірі – дыбыстар үнділігін (әуезділігін) көздеу, яғни аллитерациялы, ассонансты құрылым түзу. Осы себептен болу керек, О.Бөкеев «тасы *тауға* домалаған жігіттің Құдаймен жұмысы қанша?» деген сөйлем ұсынады. Фразаның қалыпты түрі – «тасы *өрге* домалаған» болуы керек. Мұнда жазушы **т - т - д** (*тасы-тауға-домалаған*) дыбыстарынан басталатын аллитерациялық қатар түзу үшін *өрге* сөзін *тауға* деген мағынасы жуық сөзбен алмастырған.

Халық тілінде, оның әдеби түрінде қалыптасқан тіркес-тер сөздердің өзара іштей семантикалық жымдасуы арқылы немесе аллитерациялық-ассонанстық әуезділік жолымен, я болмаса ғасырлар бойы солайша қалыптасқан дағдысымен тұрақты болып келеді. Сондықтан олардың құрамын себепсіз өзгерту әрдайым орынды да, сәтті де бола бермейді. Мысалы, *өтірікті судай сапырып* деген тіркестегі соңғы екі сөз аллитерация үдерісінен шығып тұр, оның үстіне *судай сапыру* деген образ өзінің берекесіз іс-әрекетті білдіретін мәнімен экспрес-сивтік өн алып тұр: өзі өтірік болса, сол өтірікті оңды-солды араластырып, үстемелеп көпке жаяр болса және суды қаншама сапырғанмен, берекелі еш нәрсе шықпайтыны сияқты, өтірікті де қанша құбылтып, араластырып, үстемелегенмен, берекесіз әрекет болып шығатынын дәл әрі әсерлі етіп білдіру үшін тек осы *өтірікті судай сапыру* деген тұрақты тіркес қолайлы. Де-мек, мұны өтірікті *судай араластырып* деп берген (өзгерткен) жазушы еш нәрсе ұтып тұрған жоқ. Осы қатарға *түн кескінінде* (*баласында* деудің орнына), *жаны ауырды* (*ашыды* деудің орнына), *асықша ширатылды* (*үйірілді* деудің орнына – мысалдар Ө.Ахметовтен), *менің көңілім қайысты* (*қалды* немесе *қайтты* деудің орнына), *жүрегімді шымырқантты* (*тербеді* деудің орнына – Т.Тілеуханов), *етті-жеңді толық адам* (дұрысы: *ет-жеңді* болуы керек), *іші еріді* (*жылыды* деудің орнына), *төсек жаңартты* (*жаңғыртты* болса керек – М.Ысқақбаев) т.б. мысалдарды қосып көбейте беруге де болар еді. Бұл жерде мақсатымыз – жеке бір жазушылардың қателіктерін көрсету емес, нормадан осындай сипатта ауытқушылықтардың бар екенін айту.

Екінші – кейбір мақал-мәтелдерде сақталған дөрекі естілетін карапайым сөздерді «әдептілеу, әдемілеу» вариантымен ал-мастырып қолдану қазір дәстүрге айналып барады. Мысалы, «иттің *боғы* дәрі болса, дарияға *тышады*» деген мақалда екі дөрекі сөз бар, халық тілінде бұлар осы мақалда айтылмақ сентенцияны мейлінше өткір етіп жеткізу үшін келтірілген, ал осыны жазушы «иттің тезегі *дәрі* болса, дарияға *көмеді*» деп береді (Қ.Ысқақов «Қара орман»). Сол сияқты «аузында тиек, *артында* орнық болсашы» дегенде де *артында* сөзі өзге дөрекілеу сөзді ауыстырып тұр; «жылап ішіп, шыңғырып *қыр астына жүгірген*» дегенде соңғы сөздер *ішіп-ке* ұйқасатын, дөрекі *тышып* сөзінің «кезекшісі» болып тұр. Мұндай ауыстырулардың ішінде сәтсіз шығатындары да аз емес. Мысалы, *бөрінің көмекейінше шулап* деген қолданыс сәтті емес, мұнда автор *бөрінің көтінше* дегенді сыпайыламақ болып «әдепсіз» сөзге дұрыс эквивалент таба алмаған. Сол сияқты «*шілдің балапанынша* (?) тоз- тоз болып шашыраған бірдеңе» (Қ.Ысқақов) деген сыпайылық та сәтсіз: шілдің балапаны ша-шырамайды, боғы шашыраса – бір жөн.

Мұндай әр алуан мақсатпен сөз құрамы өзгертілген фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді стильдік не өзге себептерсіз қолдану – жөнсіз (мотивсіз) ауытқу болмақ. Қазіргі қазақ прозасында бұл да – көзге түсерлік дәрежеде етек алып бара жатқан жағымсыз құбылыс. Мысалы, *жанын шытқа түйген* (Т.Жұртбаев), дұрысы – *жанын шүберекке тую*, ал ол шүберек шыт па, жібек пе – әңгіме онда емес, әйтеуір түйіп алуда, яғни *жанын шүберекке тую* – образ. Сондай-ақ *көлеңкесінен қалтыраған* (*қорыққан* болса керек), *қылтасы қалтырап* (*тізе-сі қалтырап* деудің орнына), *жүрегіне мұзды су құйып жібергендей* (*жүрекке су құю* деген образды қазақ айтпаса керек), біреу қыз алып қашса, біреу *босқа* (*қызығына* болу керек) қашады (Қ.Жұмаділов), мұрттарын *балта кесер ме* (*бал-та шабар ма* деудің орнына), аузынан азу тісі *аршылғанша* (*түскенше* болса керек, егер *аршылу* етістігі қолданылса, *аузынан* емес, *аузы* болуы керек, өйткені аршылатын – азу тіс емес, ауыз ғой, демек, бұл қолданыста бір ауытқу, бір грамматикалық қате бар), *елмен* (*көптен* болуы керек) көрген – ұлы той, абыройын *айрандай ақтарып алған* (Қажыбаев) (*төгіп* болса

керек: *ақтару* – саналы түрде істелетін нәтижелі іс, ал *төгу* – абайсызда болатын шығынды іс, демек, бұл етістік атаулары бірін-бірі алмастыра алмайды), *жібек шыттай үлбіреу* (*жібектей* немесе *жібек матадай* болса керек, өйткені *шыт* – мақта маганың атауы, бір мата әрі *жібек*, әрі *шыт* деп аталмайды ғой), менің *көңілім қайысты – қабырға қайысады*, ал *көңіл қалады, жабырқайды*) т.т. Осылардың барлығы тұрақты құрылымдарды уәжсіз құбылту болып шығады. Бұлар – норма-дан жөнсіз ауытқулар.

Мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздерді себепсіз өзгерту тіпті жиірек кездеседі. Мысалы, «жерден *жеті теңге*» (халық *қоян* деп айтады) тапқандай; *қызғыштай қорған* (*қорып* болуы керек); «*қуырдақ* (дұрысы: *ет*) тәттілігін қойса, мен ұрлығымды қояр ем»; «*бір аязын екі етікке тығып*» (С.Досанов); «алақанындағы *аялысы*» (*аяулысы* болар? – Тілеуханов); «*хабарына кіріп шықпайды*» (*қаперіне* болар? – Қ.Исабаев). Жазушының (Т.Жұртбаев) *Ерегіскен ел болмас* деп келтірген мәтелі – сірә, Махамбет ақынның атақты *Егескен жау ел болмас* деген өлең жолының қайталанған варианты бо-лар. Жазушы егер бұл әдемі сентенцияны орайы келіп тұрғанда қолданғысы келген болса, сөздерін бұзбай алуы қажет еді, өйткені *егесу* етістігінің де, *ерегісу* сөзіндегі сияқты «аразда-су», «жанжалдасу, дауласу» семантикасы болғанмен, бұл сен-тенция осы бір бейтаныстау, бірақ тілде бар тұлғаның (*егесу* сөзінің) қатысуымен әсерлі болып тұр.

Сөздерді өз орнында жұмсамау этнографиялық ұғымдарға байланысты қалыптасқан қолданыстарды (сөз тіркестерін, күрделі етістіктерді, мақал-мәтелдерді т.б.) бұзып, олардың құрамын өзгертіп, компоненттерін мағыналас синонимдер-мен ауыстырып атауда көзге түседі. Мысалы, *құйрық-бауыр жеу* – этнографиялық рәсім атауы, ол құда түскендерге келісім беру рәсімі, сондықтан бұл тіркес көбінесе *құда бо-лып, құйрық-бауыр жесті* түрінде қолданылады. Осы күрделі этнографизмді *құйрық-бауыр асасын тарасты* деп өзгертіп қолданғанда (У.Қалижанов) оны рәсім атауы ретінде емес, жай ғана тағам жеу, қонақ болу мағынасында деп түсінуі керек бо-лады. Сол сияқты *бел* сөзі *бел баласы, бел құда* тіркестерінде келіп, біріншіде «әкесінің өз баласы, туған баласы» ұғымын

береді, ал *бел құдалар* деген этнографиялық атау – тумай жатып ұл-қыздарын атастырған адамдардың атауы. Сондықтан *нағашыммен бел құрдаспыз* деген сөйлемде *бел* сөзі орынсыз жұмсалған.

Қазіргі қазақ әдебиеті тілінде сипаттама сын есімдердің ішінде де өте сирек қолданылатын не жергілікті, не көне, не жасанды тұлғалары жиірек көріне бастады. Мысалы, Д.Досжановта:

«*жұлмыт* жігіттер», «*жұлмыт* елші», «*мұғдарлы* күй», «*мұғдарлы* әсер», «*марайма* мінез»; О.Бөкеевте: «*мантырақ* ой», «*тымсақ* адам», «*қойторы* тірлік», «*қоймырет* адам», «*жөн* қуаныш»; Т.Әлімқұловта: «*мондыбас* біреу», «*сарам-жал* қыз»; С.Бердіқұловта: «*тотанақ* мезгіл» т.б. сияқты анықтауыш сөздер кездеседі. Мұндай сөздердің бірқатарын бірнеше жазушы бірдей қолданып, тұрақтандыра бастағандары да байқалады. Мысалы, 20-40-жылдардағы қазақ прозасы тілінде көп ұшыраспайтын *можантопай* (қыздар), *ұлы жіңгір*

(той), *мамырстан* (заман), *төрткұл* (дүние), *құйын-перен* (спортшы) сияқты сөздер О.Бөкеев, Ә.Кекілбаев, С.Жүнісов, С.Бердіқұлов т.б. жазушыларда жиі кездеседі. Бұл сөздердің әдеби тілде әлі берік орын теуіп лексикалық нормаға еніп болмағандығын олардың әртүрлі жазылып, кейде тіпті әртүрлі мағынада қолданылып жүргендігі танытады. Мысалы: *можантопай /мәжен топай /мәж топай; ұлы жіңгір /ұлы жәңгір; құйын-перен / құйын-перін* деген орфографиялық дублеттер түрінде ұшырасады. Бұлардың *мамырстан*, *төрткіл* сияқты бірен-сараны болмаса, көпшілігі не жергілікті сөйлеу тілінде қолданылатын, не көнеріп, ұмыт болған ежелгі сөздер болып келеді. Қалам иелерінің бұл сияқты сипаттама сөздерді қолдануы – тіпті кейбіреулерін активтендіруі – принципінде құптарлық іс. Өйткені бұларды іздеттіріп, жұмсаптырып отырған себеп, уәж бар, ол – бір нәрсені сипаттаудың ең дәл әрі әсерлі атауын табу. Бірақ әңгіме – осындай сөздердің түсініктілігін қамтамасыз ете білуде. Көркем әдебиет дүниесіне қойылатын шарттардың бірі – тілінің қалың оқырманға түсінікті болуы, автордың айтпақ ойының оқырманға қиындықсыз әрі әсерлі түрде жеткізілуі. Сондықтан мағынасы қалың көпшілікке бейтаныстау немесе мүлде түсініксіз тұлғаларды белгілі бір зәрулікпен қолданған күнде, олардың оқушыға жетуін ойласты-

ру керек. Бұлардың семантикасын жалпы контекстен шығатын етіп бере ме, өзге синонимдерін қатар келтіріп ұсына ма, бет соңында сілтемеде түсіндіріп бере ме – қысқасы, әр алуан жол-ды пайдалану – жазушының өз шаруасы. Осы жағдайда ғана бейтаныс сипаттама сөздердің қолданысын уәжді деп тануға болады.

Нормадан жөнімен немесе жөнсіз ауытқу қарапайым сөздердің қолданысында да байқалады. Қарапайым сөздер – ауыз-екі тілдік категория, олар әдеби тілден тысқары тұратын дүниеліктер екені мәлім. Қарапайым сөздердің әдетте әдеби тілдік эквиваленті болады. Жазба стильдердің ішінде қарапайым сөздердің молынан пайдаланылатын орны – көркем әдебиет тілі. Оның ішінде әсіресе драмалық шығармалар мен көркем прозада қарапайым элементтер кейіпкерлер тілінде де, автордың өз баяндауында да еркінірек жұмсалады. Кейіпкерлер тілінде келуі – сол кейіпкерлердің образын жасау үшін қажет болса, автор сөзінде келуі белгілі бір стильдік мақсатты өтеу үшін қажет.

Халықтың ауызекі сөйлеу тіліндегі қарапайым сөздердің экспрессиясы күшті болып келеді. Сондықтан олар, ең ал-дымен, өмірде қолданылатын сәттерінде кейіпкерлер тілінде бұлжытпай беріледі. Мысалы, С.Жүнісов кейіпкерін: «Әкесінің бар малын *куди-суди зып...* (шашып болды)» деп сөйлеткенде, осындағы орыс тілінен алынған *кудисуди* (*куда-сюда* дегеннен) тұлғасы ауызекі тілде «малды қалай болса солай бейбереркет шашу» ұғымын беруде ең бір әсерлі сөз болып танылады. Сол сияқты Ғ.Мүсіреповке жиен Сейіттің аузына: «*Тырқиюыңа болайын!*» деген сөздерді салғанда да ауызекі тілдің осы табиғатын сақтап, экспрессивтілігін көздеген.

Осы ретте *бозымбай* («Бұл неғып тап осынша *бозымбай* болды екен? – Ә.Кекілбаев), *келгінбай* («Тегеден қосылған келгінбайлар» – С.Жүнісов), *оттаубай* («Оспанның шығарып жүрген *оттаубайы*» – О.Бөкеев) сияқты адамды мінездей атайтын дөрекілеу сөздер мен *помыштау* («Мұны да мұжықтармен бірігіп, *помыштап* көтердік, қазақта да ұдықтасу деген болушы еді ғой» – С.Жүнісов), *тырапай асу* («баяғыда *тырапай* асар еді»), *сумақайлану* («Бір көрген қызға қырындап, *сумақайлана*

беру – қадетіне жат»), *қотиын* («Біз оның *қотиын* қылығына өкпелеген жоқпыз»), *аңқиттау* («суырша *аңқиттап...*» – соңғы сөздердің бәрі де О.Бөкеев шығармаларында), *құйтақандай* («құйтақандай арманы боушы еді» – Д.Досжанов) сияқты қарапайым сөздердің кейіпкерлер тілінде де, авторлық баянда-уларда да орынды, белгілі бір стильдік жүкпен қолданылғанын көрсетуге болады.

Ал *аңқиттама*, *ботырама*, *аталақтама*, *оттама*, *не мантырап отырсың* сияқты адамның мінез-қылығына қатысты халық тіліндегі «уытты» сөздер кейіпкерлер аузына орынды салынған.

Қазіргі көркем әдебиетте кейбір қарапайым сөздерді активтендіру нышаны байқалады. Мысалы, *толайым* сөзін лексикологтар әдетте қарапайым элемент қатарында санайды. Бұл тұлға М.Әуезов тілінде де бар, бірақ оны автор көбінесе кейіпкерлердің диалогтерінде келтіреді: «Байсал:

– Соқпа! Сырттың соқпасы ма? Ішті жеген жегінің соқпасы ма? Әйтеуір келді ғой *толайым*» («Абай жолы», I). Ал О.Бөкеев сияқты кейінгі жазушылар бұл сөзді өз тілінде де, кейіпкерлер диалогтерінде де жиірек жұмсайды: «Дүние *толайымы* аппақ нұрға бөленді» («Өз отынды өшірме»); Мамырлап басатын саржағал бәйбіше... *толайым* баланы... («Мұзтау»). Бұл тұлға арагідік өзге авторларда да қолданыла бастады. Осы заман саудасында орын алған «оптовая торговля» дегенді *толайым сауда* немесе *толайым сату* деп бере бастағанын да көреміз. *Пошым* сөзі де – *тұр*, *бейне* сөздерінің қарапайым эквиваленті. Бұл сөзді де әдеби айналымға түсіру әрекеті жоқ емес. Мысалы, О.Бөкеевте: «Тек *пошымы* ғана сүлделенеді», «Алтайдың алып *пошымы* көріністене бастады...», «Үңілген *пошымын* танытады» т.б. әдетте ауызекі сөйлеу дағдысына тән болып саналатын *жыны келді*, *ит жыны келді*, *жынына тиді* деген сөздерді де автор тілінде жиі келтіріп, әдеби нормаға айналды-ру ниеті бұдан да күштірек сезіледі. Соңғы сөздер осы күнгі орта және жас буын прозаиктердің бірқатарында жиі кездеседі деуге болады және олар ешқандай стильдік жүк арқаламайды.

Тегінде, автор тілінде қарапайым элементтер экспрессия үдесінен шыққанда ғана жұмсалуға тиіс. Мысалы, Т.Ахтанов

тырқылдақ катер деп анықтағыш сөздің қарапайым вариантын (*тырқылдақ*) алғанда, катердің «оңып тұрмағанын» мейлінше әсерлі етіп көрсететін тек қана осы сөз болғандығына қызыққан. Ал мұндай мақсат болмаса, қарапайым сөздерді автор баяндауында талғаусыз қолдану – әдеби нормадан жөнсіз ауытқу болады. Сондықтан қазіргі қазақ прозасы тілінде әйтеуір халық аузында барын желеу етіп, кейбір қарапайым сөздерді көркем дүние тіліне тықпалау, сол арқылы жарыспалы қатарлар то-бын мұқтажсыз көбейту – құптарлық әрекет емес. Айталық, *ақырамаиш, ілә, мұттәйім, тәмпишке* сөздерін олардың әдеби сыңарлары бар тұрғанда және оларға ешқандай стильдік жүк артылмай қолданылғанда, жазушы не ұтпақ?

Сөйтіп, қазіргі қазақ көркем әдебиеті тіліндегі сөзқолданыс проблемасын жалпы әдеби тіл нормасынан да, көркем әдебиеттің ұлттық нормалары тұрғысынан да қарастырғанда, мәселе әдеби стандарт (қалып) және сол қалыптан жөнді-жөнсіз ауытқушылық деп қойылады да сөз таңдау проблема-сына барып тіреледі.

Сөз белгілі стильдік үн (бояу) алғанда, өзінің номинативтік мағынасынан, қалыпты қызметінен ауытқып қолданылуы – заңды. Сондықтан жалпы әдеби тілдің лексикалық нормасына сәйкеспейтін қолданыстардың барлығы бейнормалық құбылыс болып табылмайды. Стильдік мақсатпен келген ауытқулар көркем әдебиет тілінің нормасына сай келеді. Осы себептен көркем әдебиеттің лексикасын норма тұрғысынан зерттеу-де ауытқудың жөнімен-жөнсіз (уәжді-уәжсіз) түрлерін айы-ра білу – басты шарт. Жөнсіз ауытқу жалпы әдеби тіл талабы тұрғысынан да, көркем тіл заңдылықтары тұрғысынан да болуы мүмкін. Әсіресе, көркем тіл нормасына қайшы қолданыстың баршасы дерлік уәжсіз ауытқу болып шығады.

Жазушы жеке сөздің лексикалық (номинатив) мағынасын дұрыс түсінбей, орынсыз (өз орнын таппай) қолданса, тұрақты тіркестердің, мақал-мәтелдердің компоненттерін ешбір стильдік мақсат көздемей өзгертіп жіберсе, әдеби тілдің сыртында тұратын диалектизм, жаргонизм, қарапайым сөз, жасанды сөз сияқтыларды ешбір зәруліксіз жұмсаса, бұлар жалпы ұлттық әдеби тіл нормасынан жөнсіз ауытқу болмақ.

Нормадан тысқары тұратын элементтердің уәжді қолданыстарының ішінде бірер рет, бірер авторда ғана емес кезде-

сетіндері де, сол қызметте сол уәжділікпен сан рет қайталанып жұмсалғандары да болады және соңғылары бір жазушыдан емес, бірнешеуінен табылады, демек, көне, сирек, жергілікті болып табылатын бұл сөздерді әдеби тілге әкелу әрекеті бар деп тану керек, яғни бір жазушыда сәтті, орынды шыққан көпшілікке әзірге бейтаныстау сөзді не сөздерді өзге жазу-шылар да қош көріп, қабылдағаны деп білеміз. Мысалы, осы қатардан қазіргі күнде бірнеше автордың көркем туындылары тілінен табылатын *құянпұрыс, можан-топай, төрткіл дүние, құсу* (безу), *лақса* (әбден қартайған, көбінесе мал, ит-құсқа қарата айтылады: лақса төбет, лақса бие) сияқты сөздер – көркем әдебиет арқылы бірте-бірте әдеби тілге ене бастаған бірліктер деуге болады.

Жазушы әдетте образ іздейді, өйткені көркем әдебиет бір нәрсені, затты, құбылысты баяндамайды, суреттейді. Сурет-теу үшін оқырманға әсер ететін бейнелі сөздер керек. Ондай бірліктер, яғни экспрессивтік бояуы бар сөздер диалектизмдерден, көне, сирек сөздерден, тіпті тосын жаңа тұлғалардан табылады. Әсіресе мұндай сөздер сын есім, үстеу, етістіктер болып келеді. Бұл – тіл-тілдің баршасына ортақ заңдылық. Қазақтың мықты жазушылары мен ақындары, драматургтері бұл заңдылықты мүлт жібермейді. Бірақ бұл жерде әңгіме – бейнелі сөздерді тауып, құр қолдана салуда емес, орнымен, дұрыс қолдана білуде. Жазушының бейнорматив сөзді дәл сол жерде (контексте) неге қолданып отырғаны мейлінше заңды, дәлелді болуға тиіс және әңгіме желісінен, мазмұнынан, алды-артындағы сөздерден, яғни контекстен сол сөздің түсініктілігі, қажеттілігі байқалатын болуы керек. Алдыңғы тарауларда келтіргеніміздей, Мұхтар Әуезовтің *жошын*, О.Бөкеевтің

мантырап отыру, Д.Досжановтың *кермалдасу*, Т.Әлімқұловтың *сейдін* деп қолданған варианттары – осындай уәжді қолданыстар. Қысқасы, бүгінгі қазақ көркем сөзінде мұндай уәжді- уәжсіз қолданыстарды тіл мамандары да, оның ішінде біз де, жазушы-журналистердің өздері де, әдебиеттанушы ғалымдар да жақсы байқап, сан рет әңгіме өзегі етіп келеді. Біздің бұл кітаптағы мақсатымыз – көркем әдебиет стиліндегі байқалған тілдік және стильдік жетістік-кемістіктерді түстеп, түгендеп беру емес, әдеби тіліміздің лексикалық нормасының жазба әдебиеттің осы саласында жай-күйін көрсету.

ГРАММАТИКАЛЫҚ НОРМАЛАНУ

Қазақ тілінің грамматика саласындағы құрылымдық заңдылықтары біздің кезеңімізден көп бұрын қалыптасып, едәуір нормаға түскен болатын. Сөздердің септелу, жіктелу, тәуелдену парадигмалары әбден қалыптасып, параллель (вариант) қатарларынсыз қолданылып келеді. Етістіктің етіс категориясы, сын есімнің шырай түрлері де бір тұлғада көрініс тапты.

Қазіргі әдеби тілімізге осы нормаларды жік-жікке таратып, хатқа түсіру (фиксация) үлесі тиді. Қай-қай тілдің де грамматикалық заңдылықтары лексикасына қарағанда, әлдеқайда тұрақты болатындығын зерттеушілер айтып келеді. Грамматика саласындағы нормалану процесінің айқынырақ көрінетін тұсы – синтаксистік құрылымында. Бұған, бір жағынан, жазба тілдің стандарттыққа бейімделе түсуі себеп болса, екіншіден, функционалдық стильдердің бір-бірінен ара-жігін аша түсіп, белгілерінің орныға беруі әсер етті.

Дегенмен соңғы ХХ ғасырдың барысында, әсіресе оның екінші жартысында қазақ жазба әдеби тілінің морфологиясы мен синтаксисінде нормаланудың динамикасын көрсететін фак-тілер жоқ емес. Бұл қозғалыс тілдің өзіндік даму нәтижесінде болатын эволюциялық та, сыртқы күштердің әсерімен болатын экстралингвистикалық та сипатта жүрді.

Қазақ тілінің өзінің ішкі даму заңдылығы бойынша, кейбір морфологиялық көрсеткіштердің тұлғалық жағынан ықшамдалу процесі бел алғаны байқалады. Ауызекі сөйлеу тілі мен көркем әдебиет стилінен басқаларында **-тын < -тұғын < тұрған;** **-ғасын < -ған соң < -ғаннан соң;** *да < дағы; мен < менен* қатарларының ең алдыңғы көрсетілген ықшам варианттары норма ретінде қалыптасты, бұлардың публицистика, ресми-іс қағаздары үлгілерінде вариантсыз жұмсалуды берік орын тепті. Тек жазба үлгілерде көркем әдебиетте, әсіресе оның поэзия жанрында **-тұғын, -ған соң, -ғаннан соң, -менен** деген толық түрлері қолданыла береді. Көркем әдебиет стилі үшін бұлар да – норматив тұлғалар. Бұлардың қолданылатын орындары жай-ында «Варианттар» деген тарауда кенірек айтылды.

Жалғаулық шылаулардың актив қолданылуы да – соңғы ХХ ғасырдың жемісі. Ауызекі сөйлеу тілінде жалғаулық шылаулардың қолданылуы сараң. Оның классикалық үлгілерін мақал-мәтелдерден, қарапайым сөздерден табамыз. Мысалы, *Үйде батыр – жауда жоқ, үйде шешен – дауда жоқ* деген мәтелде *бірақ* шылауы сұранып тұрады. Мақал-мәтелдердегі жалғаулық шылаулардың болмауы, ең алдымен, мақал, мәтел, қанатты сөз сияқты құрылымдардың мейлінше ықшам болу табиғаты-нан (нормасынан) туындап тұрса, екіншіден, бұлардың синтак-систік құрылымы сөйлеу тілі заңдылықтарына бағынды-рылатыны мәлім. Осы заңдылық жазба әдеби тілдің алдыңғы кезендеріне де тән болады. Ал қазіргі кезеңде функционалдық стильдердің қай-қайсысында да *бірақ*, *ал*, *сондықтан*, *алайда*, *өйткені*, да сияқты жалғаулықтардың қолданылуы – норма та-лабы. әсіресе публицистикалық, ғылыми, ресми-іс қағаздары стильдерінде жалғаулық шылаулардың келуі – міндетті.

Бұл саладағы нормаланудың екінші түрі – жалғаулықтардың, оның ішінде демеуліктердің де көп вариантты болып келгендігіне қатысты. Қарсылықты білдіретін *бірақ* шылауының *сонда да*, *сөйтсе де*, *алайда*, *дегенмен* деген қатарлары, сондай-ақ соңғы жылдарда ауызекі сөйлеу тілінен алынған *дей тұрғанмен* және ортаазиялық әдеби тіл дәстүрінен келген *ләкин*, *уа ләкин* варианттары бар. Мұның контекстік ыңғайына қарай *ал*, *ал бірақ* сияқты қатары да қолданылады. Бұл күнде *да* варианты – норма, оның *дағы* варианты тек көркем стильде орын ала-ды. *Туралы* деген демеулік шылаудың осы тұлғада нормалануы – тіпті соңғы кезеңнің жемісі. Мұның *турасында*, *жайында*, *жайлы*, *жөнінде*, *хақында*, *хұсасында* варианттары да жазба тілімізде орын алып келеді, дегенмен *туралы* варианты – әсіресе ресми-іс қағаздарында негізгі нормативтік қолданыс. *Туралы* шылауының *хақында*, *хұсасында* варианттары тіп-ті сирек қолданылатын пассив элементке айналды. *Өйткені* шылауының *себебі* вариантының қолданылуы солғындау, *сондықтан* шылауының *сол себептен*, *солдай болғандықтан* тәрізді аналитикалық (тіркеспен келген) варианттары да – контекстік орын тандап қана қолданылатындар, ал *сондықтан* тұлғасы – нормативтік деп ұсынылып жүр. *Және* жалғаулығы

да – көп вариантты. Кітаби тілдік *уа, һәм* қатарлары қазақ жазба тілінде сирек қолданылады, қолданылған күнде де публицистика мен көркем әдебиетте стильдік мақсатпен келуі мүмкін.

Кейбір демеулік шылаулардың өзіне қатысты сөзбен меңгерілу амалында да нормалану процесі байқалады. Мысалы, күні кешеге дейінгі жазбаларда *менің туралы, менің үшін, соның үшін* сияқты ілік жалғаулы сөзді меңгеріп тұрса, бұл күнде *мен туралы, мен үшін, сол үшін* деген жалғаусыз (немесе атау тұлғалы) сөзбен жұмсалуды нормаға айналды.

Жазба әдеби тіліміздің ілгергі кезеңдерінде өткен шақ есімшенің оғұздық **-мыш** жұрнағымен берілуі жиірек ұшырасатын, осы дағды ХХ ғасырдың басында-ақ тежеліп, есімшенің қазақтық (қыпшақтық) **-ған** жұрнағымен келуі норма болды. Соңғы 30-40 жыл ішінде **-мыш** көрсеткішін қайтадан жандандыру әрекеті байқалды: *аталмыш* оқиға, бірақ бұл тек *айтылмыш, аталмыш* деген сөздермен ғана және ол есімше тұлғаларының анықтауыштық қызметте келген сәтімен ғана жұмсалып жүр.

Тұйық етістік **-у** (*бару, жүру, оқу*) және **-мақ** (*бармақ, жүр-мек, оқымақ*) жұрнақтарымен келетіні белгілі, бірақ бұл варианттардың **-у** тұлғалы сыңары – қазіргі кезеңдегі әдеби тіл үшін жиі қолданылатын нейтралды варианты. Ал **-мақ** варианты күні кешеге, тіпті Абай тілінің өзінде **-у** вариантымен тепе-тең қолданылған. Тұйық етістіктің *керек* сөзімен тіркескен тұлғасында да өзгеріс бар: бұрынырақ, XV-XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулар шығармаларында, XIX ғасырдың өн бойын-дағы ауызша, жазбаша үлгілерде, Абайдың тілінде бұл тіркес барыс септігімен келген: *баруға керек, бармаққа керек*, тіпті супиндік (мақсаттық) мәнде **-арға керек** (*барарға керек*) тұлғасымен де беріліп келген. Бұл күнде барлық стильге тән болып **-у керек** (*бару керек, келу керек*) варианты норма болып қалыптасты да, өлеңдерде, жалпы көркем әдебиетте **-мақ керек** (*бармақ керек, келмек керек*) варианты да қолданылу құқығына ие болып қалды, ал **-арға керек** (*барарға керек*) жарыспасы нормадан мүлде ығысып қалды.

Морфология саласындағы нормалану жайын сөз еткенде кейбір жұрнақтардың активтеніп, енді бірқатарының сөз жа-

сау әлеуеті азайып бара жатқанын айтуға болады. Мысалы, **-шы/-ші** жұрнағының шет тілдік түбірлерге жалғануы орын алды: *футболшы, гипнозшы, комбайншы, колхозшы*, дегенмен адамның кәсібін, мамандығын, бір нәрсеге икемдігін, қабілетін т.б. көрсететін **-шы, -гер, -кеш** жұрнақтары көптеген кірме сөздердегі **-ист, -ор, -щик, -ант (-ент), -ург, -ер** т.б. сияқты орыс тілі қосымшаларын алмастыра алмай келеді. Мысалы, *гастролер, акционер, монтер, гимназист, диктор, диктатор, конструктор, аспирант, комендант, металлург, анархист, социалист* сияқты сөздер қазақ тілі үшін түбір мен жұрнақтан тұратын морфемалар тіркесі ретінде емес, тұтас тұлға (сөз) ретінде қабылданды деуге болады.

Аталған мағынаны білдіруде бұл күнде **-гер** (*баспагер, айтыскер, қаламгер, тәлімгер, танымгер* (знаток), *мерейгер* (дипломант), *майдангер, иегер*) жұрнағы активтенді. Сол сияқты жаңа сөз жасауда **-ым** (*қойылым, оқылым, сұраным*), **-ыс** жұрнақтары да жиі кездесе бастады.

Қысқасы, бірқатар сөз тудырушы жұрнақтардың варианттар қатары ұлғая түскені байқалады. Ал, керісінше, жалғаулық-тардың кітаби тілдік (шағатайлық, арабтық, парсылық) жары-спа қатарлары тежеліп, қолданыстан, демек, әдеби нормадан ығыстырылғаны да байқалады.

Морфологиялық нормалардың бүгінгі күй-қалпын анықтау үшін, сөз жоқ, кешегі қалпымен салыстыра қарастыру керек болады, біздің жоғарыда көрсеткендеріміз – өзіміздің XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілін және жеке-дара Абай шығармаларының тілін зерттеу нәтижесінде көзге шалынған фактілер. Грамматикалық тұлға-тәсілдердің бүгінгі әдеби нормасы мектептің грамматикаға арналған оқулықтарында, қазақ тілінің жоғары оқу орындарына жазылған ғылыми курстарында, академиялық грамматикасында баяндалады. Норманы сөз еткенде, осыларда көрсетілген заңдылықтардың бүгінгі күй-қалыпқа түскенге дейінгі эволюциясын танып-білу керек болады.

Синтаксис саласына келсек, мұндағы нормалану процесі де едәуір қарқынмен дамып келіп, бұл күнде көптеген амал-тәсілдері әбден орнықты деуге болады. Ол тәсілдердің басты-бас-

тылары: сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібі, яғни бағыныңқы мүшенің басыңқы мүшеден бұрын тұруы, құрмалас сөйлем түрлерінің реттелуі, көркем әдебиет стилінде диалогтардың берілу тәртібінің түрленуі, стильдік мақсатпен қолданылатын қайталама тәсілінің дамуы, парцелляцияның қолданылуы, атаулы сөйлемдердің көрінуі т.т. осы сияқты синтаксистік-стильдік амал-тәсілдер бір жүйеге түсіп, әдеби нормаға айналды. Бұлардың да қазіргі нормативтік түрлері қазақ тілі оқулықтары мен ғылыми курстарында толық көрсетілген.

Синтаксис саласындағы нормалану процесінде бірнеше фактордың үлкен рөлі барын айтуға болады, алдымен, мұнда күнделікті баспасөздің рөлі айрықша, әсіресе ресми стильдердің синтаксистік нормалары газет-журнал беттерінде қалыптасып, ғылыми және іс-қағаздары үлгілерінен орын алады. Екінші, әрбір функционалдық стильдің сөйлем құрылымында, түрлерінде бір-бірінен ажыратылатын тұстары болады. Мысалы, кеңсе-іс қағаздарының, оның ішінде қаулы-қарарларды, сот ісі баптарының, әр алуан нұсқау, бағдарламалардың сөйлемдері мейлінше қысқа, түсінігі жеңіл, мазмұны (беретін информациясы) айқын болып келуі керек. Кейбір іс қағаздарының сөйлем құрылысы, баяндау стилі тіпті стереотип түрінде келеді.

Ал көркем әдебиеттегі синтаксистік құрылыстар мен құрылымдар сан түрлі болады, онда жарты беттік, ширек беттік бір сөйлемнің де, бір-екі сөзден тұратын атаулы сөйлемдер мен парцелляциялардың да кездесетіндігі белгілі. Тіпті стильдік мақсатпен синтаксистік құрылымдық нормалардың бұзылуы да әбден мүмкін. Мысалы, Ғабиден Мұстафиннің романда-рында «төңкеріліп жүрген», яғни бастауышы баяндауыштан соң орналасқан сөйлемдер кездеседі, оларды жазушы норма-ны бұзу мақсатымен емес, белгілі бір стильдік жүк арқалатып қолданған. Сәбит Мұқановта кездесетін бағыныңқы сөйлемнің басыңқыдан соң келген құрылымдары да стильдік ерекшелік-тер қатарынан саналады.

Ал поэзияның синтаксисі – әдеби тілдің қай кезеңінде де өз алдына автономиялық дүние, онда стандарт кемде-кем, бір ақынның әр өлеңінің синтаксистік құрылымы әртүрлі болып берілуі – заңды құбылыс.

Синтаксистік нормалар – стилистикамен тығыз байланысып жататын сала. Бұл нормалардың қатаң сақталуы мен одан уәжді (мотивпен) ауытқуы көбіне-көп стильдік мақсаттарға орай орын алады. Оның үстіне, жоғарыда айтылғандай, әрбір функционалдық стиль үлгілерінің қатаң ұстанатын немесе түрленіп келетін синтаксистік амал-тәсілдері болады, норманың да сипатын солар танытады.

Синтаксистік нормаларды ұстану өзге салалардың заңдылықтарына қарағанда, әлдеқайда еркіндеу болып келеді. Синтаксис – автор стилінің көрінісі, айнасы, қолтаңбасы. Сондықтан синтаксистік нормалардың көп түрлілігі, құбылып отыратындығы, уәжді ауытқуларға жиірек ұшырауы – тілдік нормалардың өзіне байланысты емес, шығарма жанры-на, авторына, автордың көркемдік идеалына қатысты болады. Зерттеушілердің айтуынша, синтаксис – стиль, ал стиль дегеніміз – автордың өзі. Демек, синтаксистік нормалардың жалпы тілдік (ұлттық) сипатын көрсетумен қатар, әр жазушының, ақынның, әр ғалымның – қысқасы, әр автордың жазу мәнерін арнайы зерттеп талдау керек болады.

ОРФОГРАФИЯЛЫҚ НОРМАЛАР

Бұл күнде адамдар айтайын деген ойын бір-біріне ауызша, жазба түрде де жеткізеді. Жазба түрде жеткізу үшін сол халық пайдаланып отырған жазу (*жазу* деген терминнің *графика*, *әліпби* деген балама синонимдері бар) түрімен қоса белгілі бір жазу тәртібі, яғни нормалары болуы керек. Ол тәртіптер хатқа түсіп реттелген болуы да мүмкін, тіпті ереже түрінде хатталмай-ақ, бірінен бірі оқып, көріп дегендей жаза беретін болуы да мүмкін. Дегенмен ұлттық жазба әдеби тілдің, яғни бүгінгі қазақ тілінің дұрыс сауатты жазу қағидалары түзіліп, хатқа түскен нормаларды көрсетуі – шарт. Ұлттық тілдің емле нормалары көпшілікке ортақ әрі міндетті сипатта болуы және шарт.

Емле заңдылықтары да – тілдің өзі сияқты, өмірмен тығыз байланысты болып, әрдайым даму, жаңару үстінде көрінетін құбылыс. Қазіргі таңдағы мәдени тіршілігіміздің басты тала-бы – жазу таңбаларының (графиканың) тілдің дыбыс жүйесіне сай түсіп, көпшіліктің пайдалануына қолайлы болуы және сол таңбалармен сауатты жазу үшін емле ережелерінің дұрыс түзілуі. Ол емле қағидалары, әрине, белгілі бір принциптерді ұстанған, теориялық негіздерге сүйенген болуы және шарт. Бұл айтылғандар – баршаға аян жалпы әңгіме. Енді бүгінгі қазақ емлесі жайында нақты әңгімеге көшсек.

Қазіргі емле ережелерінің қысқаша тарихына көз жіберсек, оның іргесі 1940 жылы кириллицаға (халық тілімен айтсақ, «орыс жазуына») көшкен кезде қаланды. Қазақ тілі емлесінің осы жазу бойынша түзілген қағидаларының 15-16 жылдық тәжірибеден кейін кем-кетігі ескеріліп, едәуір реттелген нұсқасы 1957 жылы ұсынылып, заңдастырылды. «Заңдастырылды» дегеніміз ресми түрде үкімет қаулысымен бекітілді. Еуропа елдері мен қытай, үнді, жапон сияқты халықтардың, жүздеген, тіпті кейбіреуінде мыңдаған жылдарға созылған жазу үрдісі бар халықтардың дұрыс жазу қағидаларын Үкімет тарапынан бекітіп, көпшілікті соған бағынуға міндеттеу шарт та болмас. Бұларда дәстүр факторы өз-өзінен қызмет етіп жатады. Ал 1940 жылға дейін бас-аяғы он бес-жиырма жылдың ішінде үш түрлі: Ахмет Байтұрсынов түзген қазақтың тұңғыш ұлттық жа-

зуы – араб таңбаларын, одан кейін он шақты жыл (1929-1940) қолданған латын жазуын, 1940 жылдан бастап қабылданған кириллицаны пайдалануға мәжбүр болған қазақ сияқты халықтың әр жазудың емлесінде дәстүрі қалыптасып, орнығып үлгермеді, сондықтан әркім бұрынғы жазудың тәртібін сақтап, ала-құлалық туғызуы әбден ықтимал еді, сол себептен 1940 жылы жаңа «орыс» жазуына көшкендегі емле ережелері де, 1957 жылғы оның қырналған, біршама түзетілген жаңа редак-циясы да ресми Үкімет тарапынан арнайы қаулымен бекітілген болатын.

Емле немесе сауатты жазу нормалары да ең бір «көпшілікқолды», «талқыға түскіш» құбылыс болғандықтан, үнемі түзету, қырнау, толықтыру, қысқасы, неғұрлым жетілдіре түсу процесін басынан кешіреді. Қазақ тілі емлесі де бұдан шет қалмады. Тағы да әрі қарай жазу тәжірибеміз көрсеткендей әрі енді жазу мәдениетіне де көңіл бөліне бастағандықтан, сауаттылықтың тетігін ғылыми негізге сүйеніп табу әрекеті қолға алына бастағандықтан, 1983 жылы қазақ емле ережелері кодексінің біраз түзетулер мен өзгерістер енгізілген жаңа редакциясы ұсынылды. Бұл соңғы нұсқа да заң жүзінде қабылданды: 1983 жылы 23 тамызда Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указымен (сол кездегі терминдер мен атауларды сақтап келтіріп отырмыз) бекітілді және бұл қаулыда: «Министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, ведомстволарға, газет-журнал редакцияларына, баспаларға, ғылыми-зерттеу мекемелеріне, оқу орындарына қазақ тілі орфографиясының осы негізгі ережелері жарияланған күннен бастап оларды жазу практикасында алу міндеттеледі», – деп жазылды.

Дәл бүгінге дейінгі қолданып отырған сауатты жазу әрекетіміз осы қаулыға бағынып келе жатыр. Қоғам өмірінде небір күрделі де зор әлеуметтік-саяси өзгерістер болып жатқанымен, сауатты жазуға қойылатын талаптар түбегейлі өзгеріске ұшырамауға тиіс болып келеді. Әңгіме тек ресми заң күшінде емес, заң болсын-болмасын, қабылданған ережелерді (тәртіпті, заңдарды т.т.) орындап отыруға қалың жұртшылық өзін-өзі міндеттемесе, ол ережелерді әркім өзінше бұра тартып өзгеше қолданып жатса, ол – мәдениетті жұрттың, көзі ашық, жаппай сауатты елдің нышаны емес. Сондықтан да болар, күнделікті

баспасөздің басым көпшілігі, оқу-ағарту орындары: мектептер мен институт, университеттер, ресми мекемелер күнделікті жазу тәжірибесінде қазақ тілінің 1983 жылғы соңғы бекітілген емле ережелерін, негізінен, ұстанып отыр.

Әрине, қазақ емлесінің сан рет қырналған, түзетілген, толықтырылған ең соңғы нұсқасында ешбір ақау жоқ, ойланатын тұстары мүлде аз деуге болмайды. Тілдің көмекшісі – жазу да – таңба талдаудан бастап, дұрыс жазу тәртіптеріне дейін уақыт өткен сайын жаңарып, жақсарып отыруы – табиғи құбылыс. Жаңа графикаға көшкен 60 жылдың ішіндегі дұрыс жазу заңдылықтары сөз болып отырған қазақ тілі түгіл, санғасырлық орыс емлесінің де бірнеше онжылдық өткен сайын кейде көп, кейде аз өзгерістер, түзетулер енгізіп отырғанын білеміз.

Орфографиялық нормалардың дұрыс көрсетілуі мен олардың берік орнығуына тек емле ережелерінің дұрыс-бұрысы емес, сол ережелер қамтитын тілдік құбылыстың дәл, анық танылмауында, ғылыми негізде оның сыр-сипатының дәлелденбеуінде. Мысалы, емле ережесі бойынша «Біріккен сөздер бірге (немесе қосылып) жазылады» деген бап бар. Ереже бабы айқын, анық айтылған. Ал бірақ бөлек және бірге жазылатын сөздер – қазақ емлесіндегі ең бір қатесі көп, қайшылығы мол, қиын бөлік болып отыр. Бұл жерде «кінә» – емле ережесінде емес, сөз табиғатын танытатын лексиколог мамандардың таным-түсінігінде, дәлірек айтсақ, сол таным-түсініктің саяздығында, дәлелсіздігінде.

Қазақ тілінде, өзге де түркі тілдері сияқты, күрделі сөз дегендер болады. Олар екі, кейде одан көп сөзден құралып, бір мағынаны білдіреді. Мысалы, *келе жатыр, көріп отыр, құлап қала жаздадым* деген етістіктер – күрделі сөздер, бұл тіркестердің әрқайсысы бір-бір ұғымды береді, олардың құрамындағы екі сөз жеке екі ұғымды, үш сөз үш бөлек-бөлек үш ұғымды емес, бір-ақ ұғымды білдіретін күрделі сөздер болып танылады. Күрделі етістіктерді жазуға келгенде көп қателеспейміз, оларды тіркес ретінде әр компоненттің бөлек-бөлек жазамыз.

Күрделі сөз категориясы басқа сөз таптарында да бар: зат есімдер де (*жан қалта, төс қалта, бет орамал, қол орамал,*

жақ сүйек), сын есімдер де (*ақ сары, қара көк, қызыл күрең, ал қызыл; ұзын бойлы, ақ көңіл, қара ниетті*), үстеулер де (*таң ата, ат үсті*), сан есімдер де (*он бір, отыз бес, он бес*) күрделі болып келе береді. Бірақ бұлар – бір мағынаны бергенмен, біріккен сөздер емес, әр компоненті (құрамды бөлігі) бөлек-бөлек жазылатын күрделі сөздер дегенді мектептен бастап мықтап үйрете алмай келеміз немесе күрделі сөздердің семантикалық-тілдік табиғатын зерттейтін лексиколог мамандар көпшілік қауымға мұны айқын, анық етіп түсіндіріп, дәлелдеп бере алмай келе жатыр. Нәтижесінде біреулер қате *атүсті, алқызыл, таңата, онбір* деп жазса, оған емле ережесі «кінәлы» болып шығады. Демек, кей сәттерде сөздерді қосып, не бөлек, не дефис арқылы жазылуын реттейтін емле ережесінің өзі емес, сол ережеге мысал болып келетін сөз табиғатын дұрыс танытатын ғылым саласы болып шығады.

Фразеологизм деп аталатын сөз тіркестерін жазуда ереже анық: фразеологизм компоненттері бөлек-бөлек жазылады. Соған карамастан, *атсалысты* деп қосып жазушылық жиі ұшырасады, ал осыдан табиғаты жағынан өзгешелігі жоқ *құйрық тістесті, қамыт киді, қамшы жеді, шошқа таза-лады, үзеңгі қазысты* деген тіркестерді бөлек жазамыз. Бұл көрсетілген әрбір тіркес бір ғана ұғымды, ауыспалы, бейнелі ұғымды білдіреді, фразеологизм дегеннің көп қасиетінің бірі де – осында.

Тегі, кейбір екі компонентті тіркесті қосып жазып жіберуге олардың біреуінің не екеуінің де аз буынды сөздер болып келетіндігі болар деп топшылаймыз. Мысалы, *ат салысты* дегенде бірінші сөз – бір буынды, ал *үзеңгі қағысты* дегенді қосуға екі сөздің де көп буындылығы кедергі жасай ма екен? Әрине, бұл – әлсіз топшылау. Ал, шындығында, *атүсті, атсалысты* дегендерді бір кезде қосып жазып жіберіп, дағдыға айналу факторын жоққа шығаруға болмайды. Емле мәселесінде қалың жұртшылықтың көзін үйрету, дағдыландыру дегеннің рөлі өте зор, өйткені жазу процесі, ауызша сөйлеу сияқты, негізінен автоматизм сипатында жүреді, яғни сауатты адам әрбір сөздің жазылу ережесін есіне түсіріп ізденіп отырмайды, сөздер «өзінен-өзі» жазылып жатады.

Жазба дүниені көп оқитын адам сауатты жазады. Олардан *атүсті, атсалысты, алқызыл* деп жазылғандарды оқи-оқи, көз алдында бұл сөздердің осылайша қосылып жазылған таңба-лары санадан тыс түрде сақталып отырады. Сондықтан сау-атты жазуда кітап, газет, журнал сияқты дүниелердің жауап-кершілігі, қызметі орасан зор болады. Емле ережелерін адам мектепте не өзге де оқу орындарында, олардың да филология факультеттерінде бір-ақ рет оқиды, ол ережелердің көбі уақыт өткен сайын ересектердің есінде де қалмайды, бірақ қатесіз жазады, өйткені әрі қарай жазу дағдысы іске қосылады, сол дағдының бір каналы – жазба дүние беттеріндегі сөздердің «суреті».

Емле қағидаларын түзуде қиындық келтіріп, кейде пікір-таластарға соқтырып отыратын тұстар – жалғыз біріккен, бір-ікпеген сөздер емес, қазақ тілінің сингармонизм заңдарын сақтап жазу не олардан ауытқу, кірме сөздерде түбір мен қосым-шалардың жазылуындағы ерекшеліктерді ескеру сияқты сәт-тер де қазіргі ұстанып отырған емле ережелерімізге корректив-тер енгізуді: қайта қарастыруды, түзетуді, реттеуді, бір жүйеге келтіруді қажет етеді. Бұл реттегі мәселенің ең үлкені – орыс тілінен енген сөздердің қазақ жазуындағы танбалануы жай-ында. Жалпы қазақ тіліне, тіпті оның емле сияқты «қосалқы бөлшегіне» заманымыздың «құқайы» – саясаттың араласқан тұсының бірі – осында.

Орыс тілінен енген (әлде «келген, алынған» дейміз бе, өйткені енген сөз – кірме сөз, ал кірме сөздің статусы – өз алдына бөлек таным) сөздерді генетикалық, яғни төркіні жағынан екі топқа бөліп әңгімелеу керек. Орыс тілінің өз сөздері және өзге тілдік, негізінен интернационалдық, халықаралық деп аталатын, ғылым, мәдениет, техника салаларына жататын сөздер қоры. Алдыңғысы сан жағынан соңғы топқа қарағанда әлдеқайда аз және көбі – қарапайым сөздер, интернационалдық сөздер негізінен терминдер болып келеді, олар қазіргі қазақ тілінің жазба дүниесінде бірнеше есе көп. Оған нақты мысал ретінде мынадай статистикалық мәліметті келтіруге болады. Бұдан 7-8 жыл бұрын бір мақала жазу үстінде мынадай фактілерді жинап алдық: «Егемен Қазақстан» сияқты саяси-әлеуметтік беделді газеттің 1992 жылдың 21 қаңтарындағы бір нөмірінде орыс

тілінен (тілі арқылы деуге де болады) алынып, газет бетіне түскен 862 сөз бар екен. Олардың 12-сі қазақша тұлғаланған: *газет, облыс, сот, сома, пойыз, нөмір, жеребе, минут, килә, рөл, зауыт, тауар*. Бұл сөздердің қайталап келуімен қоса есептегенде, «қазақшаланған» кірме сөздердің барлығы – 34 екен. Демек, 862 «орыс» сөзінің қалған 828-і орысша тұлғасында жазылыпты. Сол кезде шығып тұрған «Халық кеңесі», «Алматы ақшамы» газеттерінен де жинаған фактілер де осы шамадағы арасалмақты көрсетті. Әр сөздің қайталанғанын есептемей, жеке-жеке бір сөз деп санағанымызда, бұл үш газеттің бес нөмірінде барлығы 521 сөз орыс тілінен алынып орысша тұлғада, олардың тек 14-і ғана «қазақы» тұлғада жазылыпты. Сірә, қазіргі кездегі фактілердің де осыдан көп айырмасы жоқ болар. Мұның сыры, себебі неде?

Шеттен кіретін сөздердің қабылдаушы тілдің фонетикалық заңдылықтарына бағындырылып, «сұндырылып» қолданылуы – көптеген тілдерге ортақ құбылыс. Мысалы, орыс тілінің өзіндегі мыңдаған кірме сөздер «орысшаланып» алынған және түптілдегіден өзгеше, орысша жазылады. Бұл – тіл-тілдің ішкі заңдылығы. Осы заңдылықтың бұзылған фактілері де бар екен, бұған қазақ тілі және орыс графикасын қабылдаған біраз түркі тілдері мысал бола алады.

Қазақ тіліне орыс тілінен сөз ауысу процесі ертеректен басталғаны мәлім. Бодандықтың, сауда-саттықтың, қазақ жеріне орыс шаруаларын, әскери адамдарын қоныстандырудың нәтижесінде қазақтың сөйлеу тіліне бірқатар тұрмыс-салттық сөздер мен әкімшілікке қатысты атаулар кіре бастады. Олар ауызекі тіл арқылы енді, сондықтан *шәй, самауыр, бәтес, сәтен, шыт, пәуеске, құнт* (қазақша *қамшы* сөзі барына қарамастан, орыстың *кнут* сөзін қабылдаудың да дәлелі бар шығар: салт атты адамның қолындағы қамшы мен арбаға, шанаға жегілген малды айдайтын қамшылардың айырмасын көрсеткісі келді ме екен), *пәкөс* (бұрын шөп шауып, жинап алуды көп білмеген қазаққа орыстың шабылған шөпті *покос* деп атайтыны ұнап кеткен болар), *кір* (сауда-саттықпен көп айналыспаған қазекем қолына безбеннің *гиря* деп аталатын бөлігін білмегендіктен, орыстан қазақшалап *кір* деп «жымқыра» қойған ғой), бертін келе XIX ғасырда орыс империясының ел билеу, сот, әкімшілік,

оқу, ағарту, мәдениет жүйесіне қатысты *ояз, жандарал, болыс, сот, содия, ыстатия, закон, газет, кінеге, үшкөл, зауыт* сияқты сөздері де қазақы түрде еніп, қалыптасты. Бұлар қазіргі қазақ тілінің орфографиялық та, орфоэпиялық та нормасын-да сол қалыптасқан тұлғаларын сақтап жазылады, айтылады. Емленің бұл ережесіне қазір ешкім таласпайды.

Талас туғызып отырған – осы топтан бірнеше ондаған есе көп болып келетін «орыс» сөздері туралы. Олардың бірін-сараны болмаса, басымы – интернационалдық сөздер, олардың да дені – латын, грек тілдерінен дүние жүзіне ертеден тараған ғылыми терминдер, кейінгі кезендерде, әсіресе ХХ ғасырдың ІІ жартысында күрт дамыған техника, космология, космо-навтика, аэронавтика, биология салалары әкелген ағылшын, неміс, француз, орыс тілдерінен (*спутник, совет* сияқты бес-он сөз) пайда болған терминдік атаулар. «Осыларды қазақ тілі қалай игеріп, қалайша жазып, қалайша дыбыстауы тиіс?» де-ген сауалдың көтерілуі – заңды. Өйткені соңғы аталған топ бүгінде орыс тіліндегі қалпынша жазылып, тіпті орысша ай-тылып (дыбысталып) келеді. Және бұл тәртіп – соңғы бес-он жылдың жемісі емес, алпыс жылдан бері қолданылып келе жатқан тәжірибе. Оның объективті себебі бар. Бұл себепті қазақ тілінің ішкі құрылымдық даму заңдылығынан іздемей, сыртқы экстралингвистикалық факторлардан іздеу керек. Ол факторлардың бірі – орыс (кириллица) жазуына көшуіміз бол-са, екіншісі – орыс тілін «екінші ана тіліміз» деп қоса меңгеру қажеттігін мойындатқан саясат, империялық саясаттың тепкіні.

Орыс тілін жақсы білу талап етілген соң, оны тез, дұрыс меңгеруді жеңілдететін жолдың бірі – осы тілден алынған сөздердің тұлғасын бұзбай айту, бұзбай жазу болып келді. Өмір мен саясат осыған мойынсұндырды. Үшінші фактор және бар. Интернационалдық терминдер қазақ жазба тіліне 30-жылдардың өзінде-ақ молынан енебастаған-ды. 1929 жылы да саясаттың тепкінімен араб әліпбиіне негізделген қазақтың тұңғыш ұлттық жазуы – Байтұрсынов жазуын тәрк етіп, латынға көшкенде қабылданған емле ережелеріміз бойынша «бөгде тілдік» сөздерді қазақша естілуінше, айтылуынша жазу тәртібі ұсынылды. Осы кітаптың өзінде бірнеше жерде айтып көрсеткеніміздей, 1929-1940 жылдарда латынша жазу кезінде

орыс тілінен келген сөздердің әрқайсысы бірнеше вариантта жазылды. Проф. Құдайберген Жұбанов көрсеткендей, бір ғана *коммунист* деген сөз 16 түрлі болып жазылып жүріпті.

Орыстардың өздері қолданып отырған графикадан өзге жазу түрлерін пайдаланған кезде, әрине, ол сөздерді дәл орыс тіліндегідей етіп бұлжытпай жазу мүмкін емес. Әсіресе **я, ю, э, ё, ъ, ь, ц, ч, щ** таңбаларымен келетін сөздер дәл орыс-ша тұлғасында жазылмайды. Ал кириллицаны қабылдағанда бұл сөздердің жазылуында тығырықтан шығатын тәсіл табылғандай болды: оларды орысша тұлғасында жазу ережесін қабылдап, әрі ала-құлалықтан құтылуға, әрі орыс тіліне «бауыр баса түсуге» мүмкіндік туған сияқты болды.

Бұл күндерде Ресейдің империялық өктемдік, билеушілік ықпалынан босанып, аз жылдың ішінде тәуелсіздікке, дербестікке жедел жеткенімізбен, бұл жеделдікті тілге келгенде жүргізе алмайтын жайымыз бар: бас-аяғы 9-10 жылдың ішінде бір, бір жарым ғасырлап енген сөздерді кейбіреулер та-лап еткендей түгел аударып, қазақша баламасын тауып беру, аударылмағандарын, тіпті соңғы жарты ғасырда молынан енген интернационалдық ғылыми-техникалық терминдерді түгел қазақ тілінің фонетикалық заңдарына икемдеп, өзгертіп, қазақша тұлғада жазу – қиын шаруа екенін өмір көрсетіп келеді. Қиындық – тек дәстүрдің бұзылуында емес (үйреніп қалғаннан көз жаза алмай отырғаннан емес), бұл орайда біраз нәрсені ескеру керек болады. Алдымен, ана тілімізге қатысты соңғы он шақты жылдың барысындағы іс-шаралардың ең негізгісі – қазақ тілін мемлекеттік тіл статусына көтеру, тіпті дәлірек айтсақ, әлеуметтік қызмет аясы тарылып, тарих төрінен ығыса бастаған қазақ тілін сақтап қалу үшін күрес. Ол

– көп күшті, нақты жүргізілетін қыруар іс-қарекеттерді қажет етіп отырған майдан. Екіншіден, кірме сөздердің фонетикалық тұлғасын қазақшалап жазуды жаппай жүргізу үшін бүкіл ба-спа ісін жаңғырту, газет- журналдарды, оқулықтарды, бүкіл терминологиялық сөздіктерді, екі-үш тілдік сөздіктерді, анықтағыш құралдарды, жылма-жыл шығып отыратын өзге де әдебиет түрлерін, қайта басылатын немесе баспаға ұсынылған кітаптарды, құралдарды, жарнамаларды, қала, көше аттарын – қысқасы, есебі жоқ жазбаларды жаңаша басып шығару үшін

көп қаражат керек екендігі де ескерілуі керек. Мұндай жазба дүниенің жартысын бұрынғыша, жартысын жаңаша емлемен ұсынуға мүлде болмайды. Осы кезге дейін шығып келгендеріне дауа жоқ, ал енді баспа жүзін көретіндер бірізді, бір сипатты болуы шарт. Үшіншіден, кириллицаны пайдаланып отырған кезеңде орыс тілінен келген кірме сөздерді фонетикалық тұлғасын өзгертіп қазақшалаудың қажеті бар ма? Оның үстіне «күні ертең жазу графикамызды латынға ауыстырғалы отырғанда, алдағы 5-10 жыл үшін қазақшасы шала, сауаты мәз емес халқымызды уақытша қайтадан жазу үрдісін өзгертіп қиналудың пайдасы мен зияны қандай?» деген пікір-ой туады. Бұл пікірлер айтылып, жазылып келеді. Сірә, дұрысы – осы бо-лар.

Сөйтіп, кірме сөздер қай тілден келсе де, қазақ тілінің табиғи дыбыс заңдарына бағындырыла айтылсын және сол бағынған түрінде жазылсын деген идея – теориялық тұрғыдан дұрыс. Бірақ сол идеяны жүзеге асыратын негіздермен санасуға бүгінгі қоғам өмірінің шындығы мәжбүр етіп отырғанын дәлелдедік.

Ал жаңа латын жазуына көшкен кезде кірме сөздерді қазақ тілінің өз заңдарына икемдеп айту және жазу идеясының жүзеге асатыны – даусыз. Бірақ ол енді 1-рет қолданылған латын кезіндегідей әркім өз естуінше, өз айтуынша жазыл-май, белгілі емле ережесі бойынша таңбаланатын болады, өйткені бір тілдің сөздері өзге тілде айтылғанда белгілі бір фонетикалық заңдылықтарға негізделеді және ол заңдылықтар жүйелі түрде келеді. Жаңа латын жазуының емлесі бірден ғылыми-теориялық негізде түзілетін болады. Бұл талап кірме сөздердің орфограммасында да берік сақталады.

Орфографиялық нормаларды, дәлірек айтсақ, дұрыс жазу ережелерін тұрақтандырып, нормаға айналдыруда ғылыми пікірталастар да жоқ емес. Бірқатар фонетист мамандар қазіргі емле ережелеріміз қазақ тілінің үндестік заңдарын бұзып барады, яғни екінші, үшінші буындарда езулік **і, ы** әріптерін жазу (*құлып, күміс*) тілімізге тән ерін үндестігін жойып келеді, сондықтан түбір сөздің өз ішінде де, қосымшаларда да ерін үндестігін сақтап *құлұн, құлұнұм, күмүс, күмүстү* деп жазу керек, сондай-ақ қазақ тілінің буын үндестігі деп аталатын фонетикалық нормасын жазуда да сақтау керек, ол үшін төл

сөздерді де, кірме сөздерді де тұтас не жуан, не жіңішке дауыстылармен таңбалау керек (*кітәп, қызмат, тәкәппәр, көзәйім, атпан* келдік, *қаламман* жаздық, *ауылдықы, қаланықы*) деген пікірлер айта бастады.

Қысқасы, сөздің дыбысталуы мен жазылуын бірдейлестіру арқылы қазақ тілінің фонетикалық табиғатын сақтау керек де-ген идея ұсынады. Әрине, қай-қай тілдің де ұлттық сипатының бірі, әсіресе өзге туыс тілдерден ажыратып тұратын белгісі – дыбыстық ерекшеліктерін сақтау – игілікті идея. Бірақ кез келген дұрыс идеяны жүзеге асыруда көлденең тұратын объективті факторлар бары және аян. Айталық, қазақ тілі ешбір кірме элементтерсіз жалаң өз сөздерінен ғана құралған болса, бір сәрі (онда да ойланатын тұстар көп), ал кірме сөз, кірме жұрнақ дегендер қазақ тіліне тән фонетикалық варианттарсыз болып келеді. Мысалы, **-қор, -паз, -қой** жұрнақтарының жіңішке варианттары да, басқы дауыссыздарының қатаң-ұяң болып құбылатын варианттары да жоқ. Оларды жіңішке сөздерге қалай жалғаймыз: *сәнқой, әсемпаз, өнерпаз, әуесқой* деген сөздерді қалай айту керек: *санқой, асампаз, онарпаз, ауасқой* деп айту мүмкін бе?

Кірме сөздердің ішінде буындары жуан-жіңішке болып ара-ласып келетін мындаған бірліктер бар, оларды қалай жазуымыз керек: *құрмат* (құрмет), *қытап* (кітап), *парламант* (парламент), *декларәция* (декларация), *көнгірес* (конгрес) деп жазу қазақ тілінің буын үндестігін сақтауға септігін тигізер ме еді? Тіпті қазақтың өз бірліктерінің де не тек жуан, көбінесе тек жіңішке болып келетіндері бар: көмектес септігі тек жіңішке (*мен, бен, пен*), тәуелдік жұрнағы да сондай (**-нікі, -дікі, -тікі**), бір дауыс ырғағымен айтылатын қос сөздердің, біріккен сөздердің ішінде бірі – жуан, екіншісі – жіңішке буынды сөздер аз емес: *аз-кем, Айгүл, Гүлзайша*, бұларды қалай біркелкі жуан, не жіңішке ай-туымыз және жазуымыз керек: *әз-кем, әйгүл, Гүлгәйшә* ма әлде басқаша ма?

Әрине, тіл – тарихи құбылмалы, аса күрделі, үнемі дамушы құбылыс, сондықтан ол өзгеріссіз болмайды, кейбір тұстары сетінеп де жатуы мүмкін. Аралас буынды кірме элементтердің мол болуы және көбінің күнделікті қолданыста жиі келетіндігі бір кездегі буын үндестігін әлсірете бастаған тәрізді. Сірә,

кейбір араб, парсы сөздерін аралас буынды етіп жазуды өзіміз жасағанға ұқсаймыз, өйткені *мұғалім, қадір, қазір, қауіп, қате*

сияқты сөздер күні кешеге дейін, әсіресе араб, латын жазуы кезінде *мұғалым, қадыр, қазыр* немесе *кәзір, қауып, қата* вариантында жазылып келді. Буын үндестігін қазіргі кезде, орфоэпияда (сөзді дыбыстауда) біршама ұстануға болар, ал орфографияда кірме сөздердің басым көпшілігін жазуда буын үндестігіне сәйкестендіру мүмкін емес тәрізді.

Емле нормаларын реттеуде көңіл аударатын және бір тұсы – біріккен сөздердің ара-жігіндегі **қ, к** қатаң дыбыстарын сөздің айтылу нормасына сай ұяндатып айту және жазылуын соған сәйкестендіру мәселесі. Мысалы, қазіргі емле ережеміз бойынша *шекара, қыркүйек, көкөніс, қылқалам* түрінде жазып жүрген сөздер айтылуда *шегара, қыргүйек, көгөніс, қылғалам* түрінде келеді, емле ережелерінің латын жазулы жаңа кодексінде (тіпті оған дейін де) бұл тәрізді коррективтер болуы мүмкін.

Сөйтіп, бүгінгі жазу мәдениетіміздің бірнеше онжылдық тәжірибесінде ойласатын, пікір алысатын, әрі қарай ғылыми негізде зерттеп, дәлелдейтін, жаңа ұсыныстар жасайтын тұстары баршылығына қарамастан, қазақ тілінің орфографиялық нормалары біршама айқындалып, көбі тұрақталып, қызмет етіп отыр. Олар емле ережелері ретінде көрсетіліп, сол ережелер бойынша орфографиялық сөздіктер ұсынылып келеді.

Орфографиялық ережелер белгілі **принциптер** негізінде түзіледі. Көптеген тілдердің емле заңдарына екі-үш, кейде үш-төрт түрлі принцип негіз болады. Олар: фонематикалық, фонетикалық, морфологиялық, тарихи-дәстүрлік т.б.

Морфологиялық принцип бойынша, сөз бөлшектерінің (морфемалардың) түбір тұлғалары сақталып жазылады, фонематикалық принцип бойынша жазуда дыбыстардың бір сөз ішіндегі немесе сөз аралықтарындағы бір-біріне тигізетін әсерлері ескерілмей, олардың негізгі фонемалық түрі сақталады. Фонетикалық принцип бойынша, сөз бөлшектерінің дыбыстық өзгеріске ұшырауы есепке алынып, олар айтылуынша жазылады, ал тарихи - дәстүрлік принцип бойынша жазу сөз бөлшектерінің түбір тұлғасын сақтау ережесіне де, естілуінше жазу ережесіне де сай келмейді, мұнда сөздердің бір кездегі қалыптасып, үйреншікті болып кеткен жазылу түрі сақталады.

Қазақ орфографиясының негізгі принциптері морфологиялық, фонематикалық және фонетикалық, сонымен қатар тарихи-дәстүрлік принцип те орын алады. Бұл принциптердің әрқайсысының қолданылатын тұстары жайында қысқаша мәлімет берсек.

Морфологиялық принцип сөз бөлшектерінің, яғни түбір, жұрнақ, жалғауларының түбір тұлғаларының сақталып жазылуын талап етеді. Мысалы, *жұмыс, іс, аш* деген түбірлерге **-шы, -шең, -са** деген қосымшалар жалғанғанда, олардағы аралық дыбыстар бір-біріне әсер етіп, сөздер *жұмұшышы, ішшең, ашша* болып айтылады және солай естіледі, бірақ сөздердің түбірлері мен жалғанған қосымшалар өз тұлғаларын сақтап, *жұмысшы, ісшең, ашса* болып жазылады.

Фонематикалық принцип бойынша, жазуда бір сөз ішінде дыбыстардың (фонемалардың) қосалқы реңкі (варианты) ескерілмейді, сөз бөлшектеріндегі фонемалардың негізгі реңкі (инварианты) сақталады. Мысалы, *қашанғы, түңгі, күнге* деп жазылған сөздер *қашаңғы, түңгу, күңгө* болып айтылады, естіледі. Қазақ орфографиясында морфологиялық принцип пен фонематикалық принциптердің тоғысып келетін сәттері жиі кездеседі. Сондықтан қазақ емле нормаларының негізі – морфологиялық-фонематикалық деп ұластырылып (қосақтап) атауға болады. Мысалы, біріккен сөздер мен қос сөздердің, негізінен, әр құрамды бөлігінің жеке тұлғасы сақталынып жазылады, ол компоненттердің аралығындағы дыбыстардың айтылуда бір-біріне ететін әсері ескерілмейді. Айталық, *қара+күйе* (кұрт), *қара+құйрық* (жануар), *жар+қабак, орын+басар, шек+ара, алма+кезек, көзбе+көз, қиян+кескі* деген сөздер біріккенде не қосарланғанда, айтылуы *қарагүйө, қарақұйрық, жаргабақ, орымбасар, шегара, алмагезек, көзбөгөз, қыйаңгескі* болып естіледі, бірақ морфологиялық-фонематикалық принциппен әр компоненттің түбір тұлғасы сақталып, *қарақүйе, қарақұйрық, жарқабак, орынбасар, шекара, алма-кезек, көзбе-көз, қиян-кескі* болып жазылады.

Қазақ орфографиясында фонетикалық принцип те кеңінен қолданылады. Ол принципке а) септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларының, сондай-ақ жұрнақтардың көпшілігінің сөздің соңғы буынының жуан-жіңішке әуеніне қарай және

ең соңғы дыбысына қарай түрленіп келетіндігі (-лар / -лер, -тар / -тер, -дар /-дер; -шы /-ші; -дың /-дің, -тың/-тің, -ның /-нің т.т.); ә) сөз соңындағы қатаң **к, қ, п** дыбыстарының дауыстыдан басталатын қосымшалар жалғанғанда, ұяңдап **ғ, г, б** болып өзгертіндігі; б) бірқатар кірігіп кеткен біріккен сөздердің компоненттерінің айтылуынша жазылуы (*бүгін, биыл, қолғабыс, қолғап, белбеу, екіншігәрі*); в) бірқатар кірме сөздердің қазақ фонетиасына икемделген түрінде жазылуы (*пәуеске, самауыр, божы, шөген, әділ, пайда, ақпар, пәнсі, ауа*) сияқты тұстары бағынады.

Тарихи-дәстүрлік принцип бойынша жазу үрдісі бізде түрі жағынан аса үлкен емес. Оған шартты түрде орыс тілінен енген сөздердің орысша тұлғасын сақтап жазылуын және бірқатар араб, парсы сөздерінің **х, ь** әріптерімен жазылуын (*халық, хабар, хат, Ахмет, Гауһар, жиһан, Хамит*) жатқызып жүрміз, яғни осылай жазылсын деп 1940 жылы ұйғарып, содан бері дәстүрге айналған жазуымыз. Бұл принципті «тарихи» деп атау да – шартты. Қазіргі емлеміздің тарихы жарты ғасырдан асар-аспас болған соң, жазуда сіріленген тарихы бар сәттер жоқ де-уге болады.

Бұл кітапта емле ережелерін жеке-жеке көрсетіп баян-дап беру мақсаты көзделген жоқ, емле қағидалары «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері» атты кодексте (ол «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің» 1988 жылғы кітабында берілді) орын алды және біздің 1960 жылы баспа қызметкерлері мен мұғалімдерге арналған қазақ тілі емлесі мен тыныс белгілері ережелерінің тұңғыш анықтағышының әр ба-сылымында баптарға таратылып, кеңінен баяндалған болатын. Қазақ емлесінің нақты ережелерін білгісі келгендер, әсіресе ба-спа қызметкерлері мен мұғалімдер, оқушылар, студенттер осы аталған құралдарды пайдаланып отыр.

Біз бұл еңбекте қазақ тілінің орфографиялық нормалануының тарихын да сөз етпедік, ол – жеке ғылыми ізденіс нысаны болмаққа керек. Қазіргі қазақ жазба әдеби тілінің қай саласының нормалануын сөз етсек те, зерттеу нысанымыздың бір жүйеде, бір мақсатта баяндалуын көздедік, сондықтан әр саланың нормалану тарихы, жеке-жеке қағидалары (ережелері), олардың келешегін болжау сияқты мақсат қойылған жоқ.

ОРФОЭПИЯЛЫҚ НОРМАЛАНУ

Қазақтың бүгінгі ұлттық әдеби тілі жазбаша және ауызша түрде қызмет етеді. Жазба әдеби тіл жазба әдебиеттің өмір сүруі мен дамуына қатысты болғандықтан, ол көркем әдебиет пен баспасөзде, ғылыми әдебиет пен оқу-тәрбие кітаптарын-да, ресми құжаттар мен кеңсе-іс қағаздары беттерінде көрініс табады. Аты айтып тұрғандай, жазба әдеби тіл – жазылған дүниелердің тілі, ал әдеби тілдің ауызша түрдегі қызметінің мәні бүгінгі қазақ қоғамының тіршілік-тынысында жазба тіл-ден кем емес. «Ауызша әдеби тіл» деген термин мен «ауызекі сөйлеу тілі» деген категориялар – бір емес, соңғыда адамдар бір-бірімен таза әдеби тілде емес, күнделікті тұрмыстағы өзара сөйлесу мәнерінде қарым-қатынас жасайды, ол – әлдеқайда еркіндеу, өзіне тән ерекшеліктері бар тіл үрдісі, бұл ерек-шеліктер сөйлем құрастырудан бастап, сөз тандауға дейінгі өрісті қамтиды, мұндайда адамдар бөгде тілдік элементтерді (көбінесе орыс сөздерін) қосып жіберу, қарапайым сөздерді, «паразит» сөздерді араластыру, одағай сияқты «көңіл күйі» сөздеріне салмақ салу дегендерге барады. Ауызекі сөйлеу тілі – адамдардың үй ішінде, үйден, жұмыстан тыс кездескен жерде, ресми емес орындарда (айталық, отырыстарда, қонақта) өзара қарым-қатынас жасайтын тұрмыстық тіл, қарапайым тіл.

Ал ауызша әдеби тіл – әдеби тілдің бір түрі. Оның жұмсалатын орындары тұрмыстағы сәттерден өзгеше, олар: әр алуан көп не аз адам қатысатын жиын-жиналыстар, мәжіліс-мәслихаттар, саясат, ғылым, өнер, шаруашылық тақырыптарына арналып көпшілік алдында айтылатын сөздер, әңгімелер, лекциялар, ақыл-кеңестер, нұсқаулар, балабақшалардан бастап мектеп, жоғарғы оқу орындарына дейінгі оқу-тәрбие жұмыстары, ра-дио мен теледидардан берілетін хабарлар, бұларда сөйленетін сөздер, театрлар мен өзге де өнер сахналарынан айтылатын және шырқалатын ән сөздері. Бұларда айтылатын, естілетін тіл ауызша әдеби тіл деген дәрежеге ие. Демек, оның нормалары жазба әдеби тілден де, ауызекі сөйлеу тілінен де өзгеше болуға тиіс. Ауызша әдеби тілге қойылатын басты талап – сөйлеу ак-тісінде сөздерді дұрыс дыбыстау, дұрыс айту. Бұл нормаларды

ғылымда орфоэпиялық нормалар тдеп атайды, ал біз осы нормаларды қалың жұртшылыққа ереже түрінде талдап баяндаған көмекші құрал ретіндегі еңбегімізде мұны қарапайым халыққа түсінікті болу үшін «Сөз сазы» деп атадық (Р.Сыздықова. Сөз сазы. Алматы: Санат, 1995. 2-басылым). Сөз сазын талап ететін жер – шаршы топ алдында ауызша сөйлеу сәттері. «Шаршы топ» дегеніміз – көпке арналып сөз айтылатын жер, яғни сол сөзді тыңдайтын адамдар тобы. Шаршы топ алдындағы сөз (орысша «публичная речь») аз болсын, көп болсын әлеуметтік мәні бар, яғни жұртшылық назарына ұсынылған, қоғам мүддесіне арналған әңгіме болуы керек. «Шаршы топ алдындағы сөз» деп ұзындау сөз тіркесімен атап отырған категорияны тер-миндеп атаудың да қажеттігі байқалады. 20- жылдардағы ғалымдарымыз *публицистика* терминін *көсемсөз* деп атапты. Тегі, *көсемсөз* термині публицистикадан гөрі, «шаршы топ алдындағы сөз» дегенге мағына жағынан жақындау келетін сияқты, өйткені көсемдік сөз, әдетте ақыл-насихат сөзі ғой, көсем – халықты «идеология» жағынан басқаратын, ол үшін ақыл сөзін айтатын адам ғой, яғни *көсем* – рухани басшы, ал ондай басшының «бес қаруы» – тілі және жай тіл емес, ақылды, логикалы, әсерлі, құлаққа жағымды, ойға қонымды, көпшілік қауымға арналатын тіл болмаққа керек.

Ондай тілмен ұсынылатын сөзді қазақ «шешендік сөз» деп те атайды. Бұл тұрғыдан келгенде, шаршы топ алдындағы сөзді «шешендік сөз» деп атауға да болар. Бірақ бұның қисыны кел-мейтін себептері бар: біріншіден, бұл терминнің бұрыннан қалыптасқан ұғымы бар, ол – «шешендер» деп аталатын би, рубасы, елағасы сияқты әлеуметтік топтың сөз үрдісі, дәлірек айтсақ, әр алуан дауларды қазақтың әдет-ғұрып заңы бойын-ша (бұл заңды орыс тіліндегі ғылыми әдебиетте «обычное право казахов» деп атап жүр) шешіп, үкім айтатын билер ай-тысы, әркілы дауға барған жақтардың өзара айтыстары, ел қорғауға шақыратын жиындардағы хандар мен батырлардың сөздері, ас-тойларда көпке қаратып айтылатын ру-тайпа, ауыл-ел ағаларының (басыларының) сөздері, киелі ауыз иелерінің көпке арналған ақыл-кеңестері, тілек-баталары, қысқасы, өлең-толғаумен емес, қара сөзбен айтылатын сөздері «шешен-дік сөздер» деп аталған.

Ал біздің заманымыздағы шаршы топ алдындағы «шешендік сөздердің» айтылатын орындары да, сипаты да (мазмұны, тақырыбы да), тыңдаушылардың топтары да мүлде басқаша екендігі белгілі. Сондықтан бүгінгі шаршы топ алдындағы сөздің бәрі, мысалы мұғалімнің сабақ түсіндіруі, ұжым жиналыстарында жұмыс жөнінде пікір айту сияқтылар «шешен» деген анықтамаға (эпитетке) сай келмейді, олар да, әрине, дұрыс құрылған, түсінікті, дұрыс дыбысталған болуы ке-рек, бірақ мұнда қазақтың «шешендік сөз» деп аталатын сөз үрдісінің атрибуттары табылмайды. Осы себептен не «шаршы топ алдындағы сөз» деп тіркеспен атауды қалдырған, не «көсемсөз» деп «ығыстырып» алған термин дұрыс болар деп топшылаймыз.

Қайткенде де бүгінгі қазақ тілінің жұмсалыу тәжірибесінде ауызша әдеби тілде сөйлеудің осы түрінің бары анық және оның әрі қарай дами түсері де даусыз. Өйткені бұл күнде қазақ тіліндегі «шаршы топ» аясы, түрлері көбейіп отыр. Әсіресе «шаршы топтағы» сөздің ең жиі, ең «көпшілік қолдысы» – теледидар мен радиодан ауызша «табан аузында» айтылатын сөздер жиі естіле бастады. «Орыс тілді» бастық (әкім) қазақтарды бір-бір сөйлеммен болса да, қазақша сөйлетуді теледидар дағдыға айналдырып келеді. Сірә, бұл – үлкен істің барлық іс-әкімшілік тұтқасын ұстап отырған адамдар мемлекеттік тілде сөйлей алатын, жаза алатын болуға міндетті болуы үшін күрестің (іс-шаралардың) бастамасы шығар деп танимыз. Біздің бұл жердегі айтпағымыз – бүгінгі шаршы топ алдындағы сөздердің, жалпы шешендік сөздің тарихы, түрлері, қолданылатын орын-дары, маңызы жайындағы ой-толғамдарымыз емес, сол сөздің бір шарты – сөйлеу актісіндегі сөздердің дұрыс айтылуы, дыбысталуы жайындағы пікірлеріміз, талдауларымыз, яғни орфоэпия проблемасы.

Бұл проблема да – ғылымның, оның ішінде тіл білімінің нысаны (объектісі), бірақ ең кенжелеп дүниеге келетін, кеш қолға алынатын және қалың бұқара онша көп мән бере қоймайтын саласы. Бұл – халықтардың қай-қайсысының да мәдени, ғылыми дүниесінде өзге салалардан гөрі қолға кейінірек алынатын сала. Атап айтқанда, орфоэпия мәселелері әдеби тілдің ұлттық

сипатқа ие болғаннан кейін, оның лексикалық, грамматикалық, стилистикалық нормалары едәуір қалыптасып, орныққаннан соң, яғни әдеби тілді пайдалану жалпыхалықтық, баршаға ортақтық дәрежеге жеткеннен кейін, оның өзінде де жалпы ауызша сөйлеу, оның ішінде шаршы топ алдында сөйлеу өрісі кеңейген соң, қысқасы, «тіл мәдениеті» мықтап назарға іліккенде пайда болады, ғылым-таным объектісіне айналады.

Қазақ тілінің орфоэпиялық заңдылықтарын танып-білу мен зерделеп-таныту, нормаларын әңгіме ету – соңғы онжылдықтардың жемісі. Тіл білімінің бұл тармағы 60-жылдардың ішінде қауырт қолға алынып, едәуір жұмыстар да істелді: орфоэпиялық сөздіктер жарық көрді; орфоэпиялық ережелер ұсынылды; ондаған мақала жарияланды. Бірақ бұлардың барлығы да – үлкен істің беташары ғана болып келеді. Орфоэпиялық нормаларды қазіргі аппараттарды пайдалана отырып, ғылыми негізде зерттеу, орфоэпия ережелерін де, емле ережелері сияқты, дұрыс пайдалануды қалың көпшілікке міндеттеу, ол үшін орфоэпиялық жаңа құралдар, ережелер кодексі, сөздік, анықтағыштар шығару жұмыстары тұр.

Біз бұл жұмыста орфоэпиялық нормалардың өзін жеке-жеке талдап көрсетуді мақсат етпейміз (олар «Сөз сазы» атты екі рет жарық көрген көмекші құралда жақсы, толық көрсетілді).

Орфография мен орфоэпияның бір-біріне ұқсас жақтары бар: екеуі де – практикалық - қолданбалы сала, ережелер-ге сүйенеді, жалпыға ортақ болады, міндетті болады. Сөйте тұра үлкен айырмасы да бар. Сөздерді дұрыс жазуға арналған орфографиялық ережелерді өзіміз жасаймыз, ол жазу таңбасы өзгерген сайын жаңадан түзіліп, оның өзі уақыт озған сайын жетілдіре түсу мақсатымен өңделіп, қырылып, толықтырылып отырады. Ал сөздерді дұрыс дыбыстау нормаларын біз жасаймаймыз, ол – қазақ тілін қолданушылардың ұрпақтан ұрпаққа көшіп, жалғасып отыратын ежелгі тәртібі, тілдің табиғи құбылысы. Ол нормаларды, емле ережелері сияқты, әлсін-әлсін өзгерте алмаймыз. Орфография нормалары, оның көрінетін жері – тілге сырттай қабыстырылған нәрсе, бұл күні кеше пайда болуы да мүмкін (мысалы, қазіргі жазуымыз бен оның емлесінің тарихына бар-жоғы 50-60 жыл ғана өтті), ал қазақ тілінің орфоэпиялық нормалары – тіліміздің өзімен бірге ежел-ден келе жатқан табиғи заңдылықтар.

Тілдің жазудағы нормалары мен дыбысталудағы нормаларын бір-бірінен мүмкіндігінше алшақтатпау әрекеті қашанда да орын алып келеді. Дегенмен өзге де көптеген мәдениетті жазу дәстүрі ұзақ Еуропа халықтары, оның ішінде орыстардағы сияқты, сөздерді жазу мен оларды дұрыс дыбыстауда бір-біріне сай келмейтін тұстар қазақ тәжірибесінде де бар. Бұл да – заңды құбылыс. Мысалы, көптеген сәттерде қатаң **қ, к, п** әріптерімен жазылатын сөздер айтуда ұяндап **ғ, г, б** болып естілетіндігі (дыбысталатындығы) жиі кездеседі. Мысалы, орфографиялық норма бойынша *өнеркәсіп, Қазақстан, келе қалды, келе-келе, ала көбеден* деп жазылған сөздер *өнергәсіп, Қазағыстан, келегалды, келегеле, алагөбөден* болып айтылуы

– орфоэпиялық норма талабы.

Орфоэпиялық нормаларды сөз еткенде, бүгінде бізді алаңдататын жайттар бар. Олар:

1) жазу мен сөзді дыбыстаудың бір-біріне қатысы, әсері;

2) орфоэпияға әлеуметтік көзқарастың қалыптаспай келе жатқандығы;

3) орфоэпия нормаларын үйрету, сақтау, насихаттау жұмыс-тарының әлсіздігі;

4) қазақ орфоэпиясы бойынша ғылыми зерттеулердің енді-енді, яғни кеш басталып келе жатқандығы. Осылардың әрқайсысының сыр-сипатын танып көрелік.

1) Жазу – адам баласының мәдени-рухани тірлігінде тапқан орасан зор табысы. Қатынас құралы ретіндегі тілдің осы қызметін түрлендіре түскен, күшейте түскен ғажайып дүние. Бірақ медаль сияқты оның екі жағы бары байқалды: бірі – халықты тегіс сауаттылыққа көтерді, екіншісі – тілдің табиғи дыбысталу заңдылықтарына ықпал етті. Бұл құбылыс тек қазақ тілі емес, өзге тілдерде де байқалғанын білеміз. Атақты орыс ғалымы акад. Л.В.Щерба: «тілді жазудың бұғауынан құтқарып (эмансипация от письменного языка), жанды тілге бет бұратын кез келді», – деген болатын ХХ ғасырдың 20-жылдарының өзінде-ақ. «Жанды тіл» деп отырғаны – табиғи заңдылықтарымен қолданған тіл, оның сөйлеу актісіндегі көрінісі.

Қазақ тілінің сөздерді сөйлеу актісінде дұрыс дыбыстауға оның жазба түрінің ықпалы соңғы кезеңдерде едәуір болып

келе жатқаны байқалады. Сөздерді жазылған түрінде айту (оқу) етек алды. Мектеп балалары түгіл, институт, универси-теттердің филология, журналистика факультеттерін бітірген мамандардың өзі мәгінді оқып тұрғанда былай тұрсын, айтпақ ойын қағазсыз ауызша білдіріп тұрғанда да сөздерді үндестік заңдарына бағындырып, қиюластырмай, олардың жазудағы көрінісін көз алдарына келтіріп, жазылған түріндегідей айта-тындықтарының куәсіміз. Мұны әсіресе радио мен теледидар-дан хабар жүргізетін дикторлар мен журналист- тілшілердің, ауызша интервью берушілердің, сөзге тартқан адамдардың сөздерінен жиі кездестіреміз. Теледидардан әр алуан хабар жүргізетін дикторлардың *шекара, қыркүйек, қол қойды* деп қы-қылап тұрмай, *шегара,қыргүйөк, қолғойдұ* деп дұрыс айтатын-дары кемде-кем.

Жазудың ықпалын күшті қабылдайтындар лекция оқитын-дардың, тіпті мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орында-ры оқытушыларының, кейбір әншілердің, драма актерлерінің арасынан да табылады. Бұл сияқты жазудың ықпалымен тілдің табиғи заңдылықтарының бұзылуының бірнеше себебі бар: алдымен, орфоэпиялық нормалар мектепте дұрыс үйретілмей-ді, дәлірек айтсақ, бұған көңіл бөлінбейді, баланың білімін бағалауда сөзді дұрыс-бұрыс айтып тұрғаны ешбір есепке алынбайды; жоғары оқу орындарының қазақ бөлімдерінде, тіпті олардың филология, журналистика факультеттерінде тіл мәдениеті пәні, оның ішінде тілдік нормалар дегендер, сірә, мүлдем жүргізілмейтін болу керек, сабақ кестесінде бұл пәндер бар болса да, оған мән беріп, дұрыс жүргізетін маман-дар да жоқ болар.

Екінші фактор – сөздерді нақпа-нақтап, қалай жазыл-са, солай оқып (айтып) берсем, тыңдаушыларға анығырақ, түсініктірек шығады деген жансақ ой да орын алуы мүмкін. Әр сөзді жазылғанынша айтқанда олар анық, түсінікті шығуы мүмкін, бірақ есесіне сөздер сіресіп естіледі, тілдің үнді сазы жоғалады, бояуы солғындайды.

Сөйтіп, жазу және дыбыстау дегендерді айырып таныту, әрқайсысының тіл мәдениеті үшін мәнін білу, бірін екіншісінің құрбандығына шалмау керектігін білетін кез туды деуіміз ке-рек.

2) Кезінде сөздерді дұрыс қолдану, сөйлемді дұрыс құрас-тыра білу, сауатты жаза білу сияқты лексикалық, грамматика-лық, орфографиялық нормаларды үйретуге, насихаттауға үлкен мән берілді, талап етілді, ал осындай қажет нормалардың тағы бірі – орфоэпиялық сауаттылық бізде әлі әлеумет назарына ілікпей келеді, қалың жұртшылық сөзді дұрыс дыбыстаудың тәртібі, заңдылығы болады дегенді тіпті білмейді де. Қалың көпшілік түгіл, көптеген мектеп мұғалімдерінің де бұл сала-дағы таным-білімі аз ба деп қалдық. Жақында мектеп оқулық-тарын шығарып жатқан баспа редакторларының бірі маған мынадай адам нанғысыз бір әңгімені айтты: «Оқулықтың бір авторы: Сөзді дұрыс айту нормасы деген не? Оны ғалымдар шығарып жүр. Мектеп үшін керегі жоқ» дегенде қатты шошы-дым». Әрине, бұл – тек шошитын емес, тіпті айтып жеткізуге болмайтын сауатсыздық, өресіздік. «Егер оқулық жазып жүрген мұғалім «тілдік норма» дегендерді осылай танитын болса, ағартушыларға әбден жарыған екенбіз, мектеп мұғалімдері тіпті еш нәрсе оқымайтыны ғой, бір кезде училищеде не инсти-туттарда шала-шарпы алған білімімен қалып қояды екен ғой» деген ой келді маған. Әрине, барлық мұғалім дәл мұндай бол-мас, дегенмен ең мықты деп оқулық жазуға сенген маманның сөзі жоғарыдағыдай болса, тіл, оның мәдениеті, тілдік норма-лар, олардың түрлері, бұл нормаларды мектепте оқыту, үйрету дегендер мүлде қалып келе жатқан майдан деуге болады. Де-мек, сөйлеу үстінде сөздерді бір- бірімен дыбысталуы жағынан үндестіріп, «сындырып», құлаққа жағымды, тілге ыңғайлы етіп айту туралы нормаларға көпшілік назарын аудартуды, әсіресе балабақшадан бастап, мектептерде, жоғары оқу орын-дарында мықтап қолға алу керектігі – қазақ тілі мәдениетін көтерудің басты міндеттерінің бірі.

3) Орфоэпиялық нормаларға баулу, ол нормаларды арнайы үйрету жұмыстары – өз дәрежесінде емес.

Баланың тілі, ең алдымен, үй ішінде, отбасында шығады, баланы тілге үйрететін тұңғыш ұстазы – ата-анасы мен үй ішіндегі өзге де үлкендер болады. Сөйлеу үстінде сөздерді бір-бірімен үндестіре айта білуге баулуға балаға ертегі, әңгімелер айтып (оқып) берудің мәні зор. Мұнда орфоэпиялық норма-ларды сақтауға үлкендер мейлінше көңіл қоюға тиісті. Балаға

ертегі, әңгімелердің мазмұны ғана емес, оның тіліндегі үннің музыкалылығы қатты әсер етеді, ұйқасы мен ырғағы әсем болып келген өлең шумақтарын, қызықты, әсем тілді ертегі-лерді жаттап алуға құштар болады. Бізде, қазақ қоғамында, отбасылық тәрбиеде де орны толмай жатқан жайттар баршылық.

Жас бүлдіршіндердің ана тілін жақсы меңгеруіне, оның әсіресе дыбыстық заңдылықтарын бұзбай, дұрыс қолдануына тәрбиелейтін бастапқы орын – балабақшалар. Мұндағы тәрбиешілер тек баланы бағып-күтушілер емес, тәлім-тәрбиенің өзге түрлерімен қатар тіл үйрететін, тілдің дұрыстығына баулитын нағыз ұстаздар болмаққа керек. Әзірге азын-аулақ болса да, бүлдіршіндерге арналған өлең, тақпақ, ертегілерді дұрыс жаттатқызу, дыбыс үйлесімін келтіріп айтқызу – тәрбиешінің педагогтік бірінші міндеті. Әрі қарай, әрине, бұл жұмысты мектеп жалғастырады. Мектепте, біздің байқауымызша және бағдарламалармен, оқулықтармен танысқанымызға қарап, орфоэпиялық заңдылықтарды оқыту өз дәрежесінде емес деп табамыз. Бастауыш кластардан бастап қазақ тілі сабақтарында, кейінірек грамматика бағдарламасы бойынша қазақ тілінің үндестік заңдарын өтеді, баптарға таратып жаттайды, оқушы ереженің өзін жап-жақсы айтып береді, бірақ оны іс жүзінде қолдануды білмейді. Сөздерді дұрыс айтуға мектепте тек қазақ тілі сабағында ғана емес, барлық пәндердің сабақтарында да үйрете беруді, қате айтса, түзетіп отыруды қолға алса, бұл саладан бүгінгі кездесіп келе жатқан кемшіліктер кеми түсер еді.

Орфоэпиялық нормаларды үйренудің ерекшелігі сонда – олар негізінен «теория жүзінде» білу, яғни оқу, жаттау арқылы емес, құлақпен тындап үйрену арқылы игереді. Бұл ретте күнде тыңдайтын радионың, күнде қарайтын теледидардың және сахнадан естілетін сөздер мен әндердің рөлі айрықша. Сөзді дұрыс айтуға баулитындар нағыз осылар: радио, теледидар қызметкерлері, сахна қайраткерлері. Дыбыстар гармония-сын сақтау – сахна мен радио, теледидар сөздеріне мамандық тұрғысынан қойылатын талаптар. Актерлер мен әншілерді, жалпы сахна қайраткерлерін дайындайтын оқу орындарында да тіл мәдениеті, сауатты жазу, сөзді дұрыс дыбыстау норма-лары деген пәндерді міндетті түрде енгізуді талап етер едік. Тек актерлер емес, режиссерлер де, көркемдік жетекшілер де

өз мамандықтарының тетіктерін жақсы білумен қатар, қазақ тілінің де сөз сазын дұрыс сақтауды естен шығармаса.

4) Орфоэпия тақырыбының тәжірибедегі күй-қалпын, заңдылықтарын танудың өзі кешендеп қолға алынғандықтан, оның жеке мәселелерін ғылым нысаны (объектісі) ретінде зерттеу жұмыстары да кенжелеп келеді. Бұл іске ғылыми қызметкерлермен қатар, мектеп мұғалімдері, баспа ісіндегілер, баспасөзде қызмет ететіндер де нақты ұсыныстарымен, күнделікті тәжірибеде байқалған жетістік-кемістіктерді көрсетуімен араласса, тіпті орынды болар еді. Бірақ, өкінішке орай, жазудың (емленің) тауқыметін тартып отырған осы топ, әсіресе қазақ мұғалімдері, тіл нормаларын сөз етуге мүлде ен-жар, ынтасыз, дағдыланбаған. Ал тіл – тек тіл мамандарының ғана «мүлкі» емес, қалың жұртшылықтың, оның ішінде тікелей тілмен жұмыс істейтіндердің құзырындағы нәрсе. Рас, «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», ара-тұра «Жас алаш» сияқты газет беттерінде, бір кезде араб жазуымен шығып тұратын «Шалқар» газеттерінің беттерінде сөзді дұрыс қолдану, әсіресе бұл орайдағы кемшіліктер, орфография мен орфоэпия тақырыптарына жазылған мақалалар жарияланып тұрды, авторлары – тіл мамандарын былай қойғанда, көбінесе жазушы, журналистер мен өзге де мамандық иелері, бірқатары қазақ сөзінің табиғатын, сыр-сипатын жақсы білетін зейнеткерлер. Бірақ осылардың ішінде сөз сазы туралы мақала-пікірлер мүлде аз (біздің әр кезде әр газетте жарияланған 5-6 мақаламыз болмаса, мүлде жоқ деуге болады). Бұл, сірә, көпшілігіміздің орфоэпия проблемасына не тісіміз батпай жатқанын, не сөзді дұрыс дыбыстау дегенге немқұрайды қарап келе жатқанымызды көрсететін сияқты.

Бұл айтылғандардан шығатын бір түйін – қазір қазақ орфоэпиясы нормаларын реттеп баяндау, ережелерін түзу сияқты атқарылған істер бар, бірақ бұл нормалардың кодификация-сы әлі жоқ, яғни ол заңдылықтар заңдастырылып (оқытылып, міндеттеліп, тіпті емле ережелері сияқты ресми түрде бекітіліп) тұрақтандырылған жоқ. Сол себептен орфоэпия мәселелеріне мамандар болып және қалың жұртшылық болып назар аударсақ, тілдің бұл қырының да барынша реттеліп, нормалары орнығып, тіл мәдениетіміздің де, сол арқылы жалпы ұлттық мәдениетіміздің де көтеріле түсуі хақ.

СӨЗ САЗЫ

Сөзді дұрыс айту нормалары



Белгілі бір тілде сөйлеу үстінде сөздерді дұрыс дыбыстау заңдылықтарын айқындап, оларды қалың жұртшылыққа, әсіресе жастарға үйретуде оқу орындарымен қатар, радио мен теледидардың және сахна өнерінің, сондай-ақ баласын ана тілінде тәрбиелейтін әрбір ата-ана мен отбасындағы өзге де ересектердің рөлі өте зор. Қазақ тілінде сөз қағидаларын жақсы білу мұғалімдер мен лекторларға, дикторлар мен актерлерге өте-мөте қажет. Бұл құрал осы қажеттікті өтеу тұрғысында сөздерді қазақша дұрыс дыбыстау заңдылықтарын түсіндіреді. Сонымен қатар мұнда сөз сазының көркем әдебиет пен өнердегі маңызы, қазақша сөзді дұрыс айту нормаларының қазіргі қолданыстағы жай -күйі ғылыми негізде әрі тәжірибелік мақсатта кеңінен сөз болады.

Бұл еңбек мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының студенттеріне, сахна қайраткерлері мен радио, теледидар диктор-ларына және ана тілінің сөйлеу мәдениетіне көңіл аударатын қалың көпшілікке арналады.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ АУЫЗША ТҮРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ӨРІСІ

Бұл күнде қазақ тілі білім мен ғылымның, әдебиет пен мәдениеттің, әлеуметтік-саяси өмір мен өндірістік-шаруашылық тірліктің, күнделікті тұрмыс-тіршіліктің барлық саласына қызмет ететін жоғары сатыда дамыған әдеби тілге айналып отыр. Ол – мемлекеттік дәреже (статус) алған ұлттық тіл. Ұлттық әдеби тіл болғандықтан, қазіргі қазақ тілі – қоғамның барлық мүшелеріне бірдей және Қазақстан жерінің бүкіл аймағында біркелкі қолданылатын, сондай-ақ қазақ жерінен тыс өлкелерді мекендеген қазақтар үшін де дағдылы тіл, яғни баршаға ортақ жазу, сөйлеу тәжірибесі бар тіл.

Мемлекеттік тіл дәрежесі қазақ әдеби тілінің бүгінгі қоғамға қызмет ету өрісін кеңейте түсті: бұл күнде қазақ тілі – ең ал-дымен, оқу-ағарту, тәрбие құралы, одан соң сан салада дамып, жоғары деңгейге көтерілген ұлттық көркем әдебиеттің тілі, мазмұны мен мақсаты түрлене түскен баспасөздің тілі, енді өрістей түскен ғылым тілі, республика қолданатын заңдар мен ресми іс қағаздары тілі, театрлар мен радионың тілі, кино мен теледидардың тілі.

Сонымен қатар, әрине, қазіргі қазақ тілі – бүгінгі адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде өзара ұғынысатын ауызша сөйлеу тілі мен ауызекі сөйлесу тілі. Қысқасы, қазақ тілі – бұл күнде республикамыздағы 7-8 миллионға жуық, ал жалпы дүниежүзіндегі 10 миллионнан асатын қазақ халқының ана тілі.

Әдетте ұлттық әдеби тілдер қоғамға жазба және ауызша түрде қызмет етеді. Жазба әдеби тіл жазба әдебиеттің өмір сүруі мен дамуына, оның түрлері мен өрісіне байланысты болғандықтан, ол көркем сөз (көркем әдебиет) пен баспасөзде, ғылым сөзі мен оқу-тәрбие сөзінде, ресми құжаттар мен кеңсе-іс қағаздары тілінде көрініс табады. Қазіргі күнде бұлардың кеңінен өріс ала бастауы жазба тілдің әр саладағы (стильдегі) заңдылықтарын орнықтырып, оның әлеуметтік қызмет ету пәрменін күшейтіп отыр. Бұдан біз жазба әдеби тілдің қоғам өміріндегі рөлі мен маңызы зор екенін аңғарамыз.

Ал әдеби тілдің ауызша түрдегі қызметі бүгінгі қазақ қоғамының тіршілік-тынысы үшін бұдан еш кем емес деп

тану керек. Өйткені мұның да қолданылар өрісі кеңейе ба-стады. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне ие болуы әр алуан жиын, жиналыс, мәслихаттардың қазақ тілінде жүргізілуіне жол ашты; саясат, ғылым, өнер, шаруашылық т.б. тақырыптарына арналған лекция-әңгімелердің қазақ тілінде кеңірек өткізілуін күн тәртібіне қойды; балабақшаларда қазақ бүлдіршіндерін ана тілінде тәрбиелеуді қолға алуға мүмкіндік берді; қазақ мектептерінің көбейіп, оларда оқу-тәрбие жұмыстарын ана тілінде жүргізуге, жоғары оқу орындарының барлық факультеттерінде дерлік (әзірге тіпті түгел болмай, көпшілігінде-ақ болсын) қазақ бөлімдері ашылып, оларда білім-ғылымның көптеген салаларынан қазақ тілінде лекция-лар оқылып, сабақ жүргізілуіне кеңінен жол ашты; радио мен теледидардан қазақ тілінде берілетін хабарлар сағаты көбейіп, бұл каналдар бойынша қазақша сөйлейтіндердің жиірек көріне бастауын, ұлттық сахна өнерінің түр-түрінің даму-ын қамтамасыз етті. Осылардың баршасы қазақ тілінің ауыз-ша түрін, яғни ауызша қолданылуын, айтылмақ ойды ауызша түрде білдіру тәжірибесін жандандырды.

Бұлардың ішінде радио, теледидар, театр, киноның орындары айрықша, өйткені бұлар ең кемі жүздеген, әйтпесе мыңдаған, кейде тіпті жүз мыңдаған адамдарды қамтиды. Сахнадан айтылатын сөзді бір спектакльдің өзінде жүздеген адам естиді, бір концертте айтылған ән мен көркем сөзді де жүздеген, кей-де мыңдаған адам тыңдайды. Ал радио мен теледидардан және қазақша дыбысталған кинодан ауызша айтылған сөзді мыңдаған, жүз мыңдаған адамдар есітіп, тамашалайды. Демек, жазба тіл сияқты, ауызша тілдің де қоғамдағы орны зор екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Мемлекеттік ұлттық тілдің баршаға ортақтығы осы тілді қолдануда белгілі бір заңдылықтардың, яғни нормалардың болуын талап етеді. Тілдік нормалар оның барлық қаттауында: сөздік саласында (лексикасында), грамматикасында, дыбыстар жүйесінде, стильдік-көркемдік тәсілдерінде болуы – шарт. Норма сондай-ақ тілдің қолданылу түрлерінде де, яғни жазба және ауызша түрде қызмет ету барысында да орын алуы қажет. Сондықтан ана тіліміздің жазба түрімен қатар, ауызша түріне қойылатын талаптардың да күшейе түсуі – заңды.

Демек, қазақ әдеби тілінің барша заңдылықтарын, оның ішінде ауызша сөйлеу, әсіресе шаршы топ алдында сөз айту нормаларын бұзбай, дұрыс пайдалануда, тек пайдалану ғана емес, ол нормаларды көпшілікке үйретіп, таратуда, орнықтырып, бекітуде балабақша тәрбиешілерінен бастап, мектеп мұғалімдерінің, институт, университет оқытушыларымен қатар, қазақ сахна қайраткерлерінің, радио, теледидар дикторлары мен хабар жүргізушілерінің, әншілер мен эстрада шеберлерінің міндеттері мен қызметтері орасан зор екенін айту керек. Әрине, ана тілін игеру, оны дұрыс жұмсай білу отбасынан, баланың ата-анасы мен айналасындағы үлкендерден басталуы керек екендігі – даусыз ақиқат.

Тәрбиешілер мен мұғалімдер – жасөспірімдерді тек тәрбиелеп, білім берушілер ғана емес, сонымен қатар тіл үйретушілер, тілдің байлығы мен әсемдігін бала бойына сіңірушілер. Ал актерлар мен әншілер – халыққа тек өнер көрсетіп, эстетикалық ләззат берушілер ғана емес, сонымен қатар ана тілінің құдіретін танытушылар. Дикторлар мен комментаторлар – радио мен теледидардан тек әр алуан хабар берушілер ғана емес, сонымен қатар сөзді дұрыс айта білуді, дұрыс дыбыстай білуді үйрететін ұстаздар болуға тиіс. Демек, бұл топтардың әрқайсысының төл қызметтерімен қатар, тілге қатысты міндеттерінің де әлеуметтік мәні бар екенін жеке-жеке баса айту қажет.

Бұл жұмыстағы негізгі тақырып қазақ сөзін дұрыс айту заңдылықтары жайында болғандықтан, аталған топтардың жалпы тілге қатысты оны үйрету, сөздік байлығын молықтыру, грамматикалық тұлға-тәсілдерді дұрыс қолдана білуге бау-лу, ана тіліміздің көркемдік-бейнелеуіш құралдарын игерту сияқты мәселелерін емес, тек қана қазақша сөйлегенде (не дауыстап оқығанда) сөздерді табиғи түрде дұрыс дыбыстай білуге қатысты жайттарға ғана назар аударамыз.

Ең алдымен, баланың тілі үй ішінде, отбасында шығады, демек, баланы ана тіліне баулуда, оның ішінде сөздерді дұрыс дыбыстай білуге үйрететін тұңғыш ұстазы – ата-анасы және үй ішіндегі өзге де үлкендер екені мәлім. Сөйлеу үстінде сөздерді бір-бірімен жымдастыра, үйлестіре айта білуге, қазақ тілінің өзіне тән дыбыс заңдылықтарын сақтап сөйлеуге ба-

улуда балаға ертегі, әңгімелер айтудың мәні зор. Үлкендер ертегі, әңгімелерді баппен мәнерлеп, яғни үндестік заңдарын сақтап, сөздерді киюластырып айтуға мейлінше көңіл қоюлары қажет. Сірә, өсіп келе жатқан баланың таным-білімдік талабы мен психологиясына әңгіме, ертегілердің мазмұны ғана емес, оның тіліндегі үннің құлаққа жағымды, музыкалылығы да қатты әсер ететін сияқты. Баланың өлең сөзге құштарлығының сыры осында жатады. Үн (дыбыс) гармониясы – адамның жан дүниесі қажет ететін заңдылықтардың бірі. Сондықтан жас балаға тек прозамен ұсынылған әңгіме, ертегілерді емес, өздеріне арналған өлеңдерді оқып беруге ұмтылу керек. Ол өлеңдерді балалар жатқа айтқанда, сөздерін дұрыс дыбыстау-ына назар аударып, қате тұстарын түзетіп отыруды қазақ ата-аналары мен өзге үлкендері де дағдыға айналдырса. Шынына келсек, отбасылық тәрбиенің осы түрі бізде айтарлықтай емес екенін мектеп табалдырығын жаңа аттаған балалардың сөйлеу тәжірибесінен аңғарамыз. Сірә, үй ішінде баланың сөзді қалай айтуына зер салып, түзетіп отыру машығы бізде жоққа тән.

Айталық, бала өзінің құрбысын «қалқан құлақ» деп мазақтағанда, әр сөздің жеке-жеке күйіндегіше екінші сөзді **қ** дыбы-сынан бастап, алдыңғы сөзді **н** дыбысына аяқтап, *қалқанқұлақ*, *қалқанқұлақ* деп жатса, «Жоқ, балам, сен оны құлағы үшін мазақтама, ал мазақтайды екенсің, онда *қалқанқұлақ* деме, бұл сөзді сен *қалқаңғұлақ* деп айт» деген сияқты түзету жасап жат-пайтын тәріздіміз.

Әрине, ол үшін қазақ тіліндегі сөздердің дыбыстары бір-бірімен киюласып, үндесіп айтылатын заңдылықтарын алдымен ересектердің, ата-аналардың өздері жақсы білулері керек (бұл құрал сондықтан осы мақсатты өтеуге арналады).

Осы талаптар балабақша тәрбиешілеріне де қойылады. Олардың «Мәнерлеп оқу» сияқты тәрбие сағаттарында көңілді тек оқып беруге ғана аудармай, сол оқыған мәтіндегі сөздердің дұрыс айтылуына зер қою абзал. Бүлдіршіндерге өлең-тақпақ айтқызғанда, олардың тек тілі келмейтін дыбыстарын түзету емес, ең алдымен, сөздерді киюластырмай, бөлек-бөлек айтулары сияқты қателіктеріне де көңіл аудару қажет. Бүгінгі қала балалары әр нәрсеге үйренуді отбасынан гөрі балабақшалар-дан бастайды, өйткені ата-аналардың көбі жұмыс істейді,

олардың кешкі екі-үш сағат баламен бірге болған уақыттары күн ұзаққа балабақшада өткізген тәрбие-сабақпен теңесе ал-майды. Оның үстіне, жоғарыда айттық, әзірге біздің жас ата-аналарымыздың, оның ішінде әсіресе қала тұрғындарының өздері қазақ тілінің сөзді дұрыс айту нормаларын, ғылыми тілмен айтқанда, орфоэпиялық ережелерін жақсы білмейтіндіктерін ескеру қажет. Сол себептен ана тілімізді үйретуде алғашқы үлкен жүк балабақша тәрбиешілеріне түседі.

Бұл орайда балабақша тәрбиесіне ұсынылатын оқу-методикалық құралдарда қазақ тілінің орфоэпиялық заңдылықтарына арнайы назар аударылса, тіпті бүлдіршіндерге арналған кейбір өлеңдердің дұрыс айтылу (оқылу) үлгісін қоса көрсетіп отырсақ, артық болмас еді. Мысалы, балабақшаларда оқуға арналған бір жинақта («Оқып, ойнап, ән шырқайық», 1983) берілген «Бұл қалай?» деген 8 жолдық өлеңнің мәтіні мынау:

Аппақ гүлден
Қызыл алма *өседі*.
Қара бұлттан От
шығады *деседі*.
Аппақ гүлден
Ақ бұлт неге
өнбейді? Бұлт ішінде
От қалайша
сөнбейді?

Жазуда осылай берілген бұл өлеңді тәрбиеші балаларға былайша оқып беруі керек:

Әппақ гүлден
Қызыл алма *өседі*.
Қара бұлттан От
шығады деседі.
Әппақ гүлдөн
Ақ бұлт неге
өмбөйді? Бұлт ішінде
От қалайша
сөмбөйді?

Осылайша оқығанда ғана өлең құлаққа жағымды, тілге (айтуға) жеңіл болып шығады. Мұны бүлдіршіндер жаттап алғанда, жазылуынша емес, осылайша оқылуынша жаттауға тиіс. Бұл мәтінде еріндік дыбыстардың үндесуіне және **б** дыбы-

сынан бұрын тұрған **н** дыбысының **м** болып айтылатындығына (*өсөді, өмбөйді, сөмбөйді*) көңіл бөлінеді.

Тағы бір мысал. 5-6 жастағы балаларға арнап, Тұманбай Молдағалиевтың «Көл» деген шағын өлеңі ұсынылған, оны ба-лалар былайша айтып жаттаса:

Жатыр әсем көл *тұнұп*,
Көзүңдей жас ботаның.
Құшақтаймын
толқұнын, Құуанышқа
батамын. Жағадағы тал
ғұрақ Өзүн содан *көрөді*.
Қозұлардай жамырап,
Құстар *ұшұп* келеді.
Күлүмсүреп күн гүндүз,
Көг аспанды шолады.
Кешке *ғарай көб жүлдүз*
Кеудесіне қонады.
Әлдилейді майда жел,
Таң *нұрланыб* атады.
Тербетіліп *айна гөл*
Жерде аунап жатады.

Мұнда *тұнып, көзіндей, тал құрақ, өзін, көреді, қозылардай, ұшып, күлімсіреп, күн күндіз, көк аспанды, кешке қарай, көп жүлдыз, нұрланып атады, айна көл* деп жазылған сөздердің өлең тексінде келгендегі дұрыс айтылуы (оқылуы) көрсетілді. Егер тәрбиеші өлеңнің осы көрсетілген тұстарын жазылған түрінде оқыса, ол сөз сазынан үлкен қате жібереді, өйткені мұнда еріндік дыбыстар үндестігін де, қатаң дыбыстардың ұяндайтын сәттерін де ескеру қажет.

Балаларға жасы өсіңкіреген кезде (5-6 жастарында), әсіресе мектеп жасында Абайдың табиғат туралы немесе «Аттың сыны» сияқты өлеңдерінен үзінділер оқып, жаттатуды дағдыға айналдыру қажет, өйткені Абай өлеңдері әуенді (музыкалы) бо-лып келеді, ол әуенді бұзбас үшін, өлең сөздерінің бір-біріне үндесетін сазын сақтап айту керек. Мысалы, «Жаз» деген өлеңінен мына бір үзіндіні былайша оқыған дұрыс (бір деммен айтылатын сөздерді қосып жібердік, ал жазуда бұлар түбірлері сақталып, бөлек-бөлек жазылады, мысалы, *көшіп ауыл, ұшып тұрса* т.т.):

Жаздыгүн шілде болғанда,
Көгорай шалғын, бәйшешек
Ұзарыбөсүп толғанда.
Күркүрөб жатқан өзенге
Көшүбауыл қоңғанда.
Шүркүраб жатқан жылқының
Шалғыннан жонұ қылтылдап.
Атайғырлар, бійелер Бүйүрү
шығып, ыңқылдап, Сұуда
тұрұп, шыбындап,
Күйрүғұмен шылпылдап.
Арасында құлұнтай Айнала
шауұп бұлтұлдап. Жоғары
төмөн үйрекқаз Ұшұптұрса
сылпылдап.

Бұл үзікте еріндік үндесуімен келген сөздердің шоғырланып келуі өлеңнің бірыңғай дыбыс үнін сақтауды, сол арқылы белгілі бір әуезбен айтылуын қажет етіп тұр. Бұл әуенді сақтамасақ, өлеңнің музыкалық бояуы жоғалып, құлаққа түрпідей тиер еді. Міне, осы жайттарды мектепке дейінгі бала тәрбиесімен айналысатындар ата-аналар мен балабақша тәрбие-шілерінен бастап, даярлық кластардың мұғалімдері, тіпті 1, 2-кластарда сабақ беретіндер, оларға арнап оқу-методика-лық құралдар ұсынатын авторлар жақсы біліп, ескеріп, көңіл аударулары өте-мөте қажет.

Мектепке дейінгі бала тәрбиесінің ана тілімізде жүргізілуі енді ғана қолға алына бастағандықтан, әлі көп нәрсе жоқ екендігі мәлім. Бүлдіршіндерге қазақ тілінде оқитын өлеңдердің, айтатын ертегілердің өте аз екендігі, кейбіреулері баланың жасына, танымына, психологиясына сай еместігі, дидактика-лық материалдардың, методикалық құралдардың кемшіні – осылардың барлығы – сөз жоқ, баланы ана тілімізде тәрбиелеуде салқынын тигізетін жайттар. Дегенмен баланы қазақ тіліне баулуға бірнеше міндетті қатар атқаруға тура келеді. Солардың бірі және бүгінгі күнде ақсап жатқан саласы – сөзді дұрыс айту болса, ауызша сөйлеу барысында сөздерді дұрыс дыбыстауға үйретуді бір сәт көңілден шығаруға болмайды.

Адамның тіл үйренудегі, ана тілін жақсы игерудегі келесі баспалдағы – мектеп. Мектептің алдыңғы сатыдан үлкен айыр-

масы – мұнда тілді игеруде тек үлгі көрсетіп, ауызша түзетіп отырмайды, сонымен қатар тіл заңдарын оқытып үйретеді. Ол заңдардың ішінде, әрине, сөзді дұрыс айту қағидалары да бар. **Үндестік заңдары** деп аталатын құбылыстың мектепте төменгі кластардан бастап оқылатыны мәлім. Бірақ тағы да, өкінішке орай, ережені оқытып жаттатуымыз бар да оқушылардың сөйлеу үстінде оларды қалай сақтайтынын қадағалап отыру бар. Міне, осыған көңіл бөлушілік шамалы тәрізді. Қай пәннен болса да, оқушы тақырыптың мазмұнын толық, бұзбай айтып берсе, баға көбінесе осы дәрежеге қарап қойылады, ал сол тақырыпты баяндау барысында сөздерді қалай дыбыстап тұрғаны көбінесе ескерілмейтіндігі байқалады. Оған он жыл-дық қазақ мектебін, төрт-бес жылдық институттар мен универ-ситеттердің қазақ бөлімдерін бітірген диктор, комментатор, журналистердің көпшілігінің үндестік заңдарын сақтамай, *бір қатар, бұл күнде, қол қойды, Жез қазған* деп қа-қақалап тұратындары куә.

Қазақ мектептерінде әлі күнге дейін тіл мәдениеті де-ген проблемаға жеткілікті мән берілмей келеді. Қазақ тілін оқыту бағдарламасында бір кездерде «Тіл мәдениеті» деген тақырып енгізілгенмен, кейін ол алынып тасталыныпты, яғни бұған арнайы сағат бөлінбей, оның міндеті «Тіл ұстарту» де-ген бағдарламаға жүктелген сияқты. Бірақ оқулықтардағы «Тіл ұстарту» дегенге берілген материалдар бірер беттік қана екі-үш тапсырмадан тұрады (мысалы, 8-класс оқулығын қараңыз), түсіндіру деген жоқ. Сонда оқушы тіл ұстартатын, яғни тіл мәдениетіне баулитын бұл тапсырмаларды (онда да бұлар мақсатқа сай келіп жатса) қалайша орындайды? «Тіл ұстарту» бөлігінің бағдарламада көрсетілген міндеті дұрыс-ақ: «Мектептегі қазақ тілінің жүйелі курсы негізінде жүргізлетін тіл дамыту жұмыстарында оқушының сөздік қорын, сөз байлығын толықтыру, ой өрісін кеңейту, дамыту және өз ойын анық, дұрыс етіп ауызша, жазбаша жеткізе білу жолдарына баулу мақсаты көзделеді» дегенді оқимыз. Бірақ әңгіме – осы мақсаттың орындалу сапасында, амалдары мен әдістерінің әлсіздігінде, тіл мәдениетіне баулудың нақты көрнекі, матери-алды негізде жүргізілмейтіндігінде және осы шараның тек тіл дамытуға арналған сабақтарда ғана емес, 10-11 жылдық оқу

процесінің бүкіл барысында, барлық пәндерді оқыту үстінде үзбей қолданылмайтындығында.

«Сөз мәдениеті», «дұрыс сөйлеу мәдениеті», «сауатты жазу дағдысы» дегендерді тек бөлінген сағаттың бойында ғана үйреніп шығуға болмайды. Тіл мәдениетін, сөзді дұрыс қолданып, дұрыс дыбыстап, дұрыс жазу дағдысын мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап, оны бітіргенге дейін (тіпті одан кейін де) үзбестен игертуді тек тіл мен әдебиет пәні мұғалімдері ғана емес, барлық пәннен сабақ берушілер сезініп, күш жұмсағанда ғана ана тіліміздің табиғи қасиетін, ғасырлар бойы жиналған мол қазынасын, бабалар қалдырған көркемдік құдіретін сақтай аламыз. Әсіресе бүгінгі осал тұсымыз – сөйлеу үстінде сөздерді дұрыс айтпау, яғни орфоэпиялық нор-маларды білмеу, оған мән бермеу сияқты кеселдерден арылуға ең алдымен мектеп күш салуы керек. Ол үшін сөзді сазына келтіріп айта білуді мұғалімдердің өздері жақсы меңгерулері қажет болса, әзірге бұл саладан олардың қолдарында арнаулы құралдар да шамалы. Ұсынылып отырған құрал мұғалімдердің осы қажеттігін өтейтін орфоэпиялық анықтағыш болмақ. Бұл ережелер – тек қазақ тілі пәнін оқытатындар үшін ғана емес, барлық пәндердің мұғалімдері үшін де қолдан түсірмес күнделікті көмекші құралы болуы тиіс.

Адам орфоэпиялық нормаларды, олар жөніндегі ережелерді негізінен жаттау арқылы емес, құлақпен тыңдап, үйрену арқылы игереді. Бұл ретте күнде тыңдайтын радионың, теле-дидар үнінің және сахнадан естілер сөздер мен әндердің орны айрықша. Бұлар сөйлеу барысында сөздерді дұрыс айтуға үйрететін нағыз ұстаздар болуға тиіс. Сахна қайраткерлері мен радио, теледидар қызметкерлеріне тілге келгенде қойылатын талап – айтылмақ сөздің (бұл жердегі «сөз» деп отырғанымыз жеке сөздер емес, жалпы айтылмақ ой, хабар т.т.) анық және әсем болуы. Анықтықты актерлер, әншілер, дикторлар, негізінен, сөйлеу техникасын жетілдіру мен сөз логикасына көңіл қою амалдары арқылы қамтамасыз етсе, әсемдік пен әсерлілік, негізінен, сөзді дұрыс әрі көркемдеп айту арқылы жүзеге асырылады. Ал құлаққа естілер сөздің көркем айтылуы дегеніміз – оның үнді, әуезділігі (музыкалылығы). Үнділік сөйлеу үстінде дыбыстардың бір-бірімен үндесіп, тілдің табиғи дыбыс

зандарына бағынып айтылуы арқылы пайда болады. Дыбыстар әуезін (гармониясын) сақтау – сахна сөзі мен радио, теледидар сөздеріне мамандық тұрғыдан қойылатын талаптардың бірі.

Тіл жайындағы әңгіме бүгінгідей арнайы көтерілмеген күннің өзінде де қазақ сахна өнері мен радиосының өмірге келген алғашқы кезеңдерінде қазақ сөзі бұларда негізінен дұрыс, көркем түрде айтылып келді. Қазақ сахна шеберлерінің алғашқы буындары өз мамандықтары бойынша білім-ғылым-ның теориялық жағын оқып білмесе де, қазақ тілінің ана сүтімен кірген нормаларын іштей түсініп, тілдің табиғи үйлесімін бұзбай айта білген, сөз арқылы жететін өнерді көрерменге (тыңдаушыға) жақсы ұсына білген. Ал соңғы кезеңдерде бұл орайда бірнеше объективті-субъективті себеп-термен тыңдаушыларды да, педагог, режиссерлерді де, әсіресе тіл мәдениетін қадағалаушы ғалымдарды да алаңдатар жайттар пайда бола бастады. Олар:

1) драма актерлері мен опера және эстрада әншілерінің, сондай-ақ радио мен теледидар дикторларының, комментаторларының, жергілікті тілшілерінің, кинодубляж жасаушылардың қазақ тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың үндестік заңдары – сингармонизм заңдылықтары деп аталатын табиғи гармониясын (үйлесімін) сақтамай, бұзып айтулары;

2) сөйлеу үстінде болатын логикалық паузалар, яғни ой екпіні түскен сөздерді сәл кідіріп, бөліп айтуды немесе сөздердің мағыналық топтарына қарай қажет жерінде оларды айрық-ша бөліп я болмаса ұластыра қосып айту сәттерін біле бермеу;

3) «қос қанаттың сыңары» деп келген орыс тілінің әсеріне байланысты кейбір қазақ тілі дауыстыларын сәл өзгертіп (орыс тіліндегіше) айту фактісі;

4) әрбір сөйлемнің мағыналық интонациясын тап баса алмағандықтан, оның ішіндегі сөздерді дұрыс айта алмаушылық;

5) қазақ сөздеріндегі жіңішке дауысты дыбыстарды кейбір әншілердің жуандатып (*айтеуыр, саулем, саулем, саулемсың*) немесе, керісінше, жуан сөздерді жіңішкертіп айтулары (мені сүйген бір *әдам* бар) т.т.

Әрине, бұл көрсетілген кемшіліктер мен ағаттықтардың орын алу себептері – біреу емес, бірнешеу. Ең алдымен,

жоғарыда айтылған проблема алдымыздан тағы шығады, яғни күні бүгінге дейін қазақша тіл мәдениетіне, орфоэпиялық норма дегендерге, логикалық екпін, логикалық паузаларды дұрыс сақтай білуге отбасы мен балабақшадан бастап, тіпті институт, университеттерге дейін жеткілікті мән берілмей келе жатқандығының салдары сахна, радио, теледидардан айтыла-тын сөзге де кері әсерін тигізіп отыр.

Екіншіден, қазіргі барша шаруамыз жазу арқылы жүретіні мәлім. Актерлар пьесадағы рөлдерін жазылған текст бойын-ша игеріп, жаттайды, әншілер де шырқайтын өлең текстерімен қағаз арқылы танысады, дикторлар да жазылған тексті алда-рына қойып немесе көз алдында жылжып өтіп жатқан лен-тадан оқып отырады, радио хабарлары да көбінесе жазылған дүние бойынша айтылады (оқылады). Осыдан барып ауызша айтылған тексте жазба дүниенің ізі сайрап тұрады. Бұдан кейбір адамдардың орфоэпиялық ережелерді қаншама жақсы біліп тұрса да, оның көз жадында сөздердің жазылған түрі мықты сақталып, сол қалпында айтуға бейімдеу болатыны байқалады. Оның үстіне әрбір айтушы (актер, әнші, диктор т.б.) аузынан шығатын сөзін тындаушыға неғұрлым анық, айқын, түсінікті етіп жеткізуге тырысады. Мұндайда әдеттегі ауызша сөйлеуге тән интуитивті автоматизмге, яғни сөздің дыбысталуының дұрыс-бұрысын ойламастан, сөйлеу дағдысы бойынша өзінен-өзі дұрыс шығуына (айтылуына) емес, керісінше, осылай айтсам, сөзім тындаушыға анығырақ, түсініктірек жетеді-ау деген ойға жол беріледі. Осыдан барып, әрбір сөзді жеке айт-қандағы қалпынша дыбыстап, *колгойұлды, бірғатар, Алма-тығаласы, күңгүркүрөп, жаңбыр жаууп тұр* деудің орнына *қол қойылды, бірқатар, Алматы қаласы, күн күркіреп, жаңбыр жауып тұр* деп жазылуынша айтатын, оқитын дикторларды күн сайын тындаймыз.

Сахна қайраткерлерінің орфоэпиялық нормаларды сақтауында жүк олардың өздерімен қатар, актерлер дайындайтын оқу орындарының педагогтеріне, театрлардың режиссерлеріне, эстрада нөмірлерін даярлайтын көркемдік жетекшілерге артылады. Драма театрларының режиссерлері тек спектакль қоюшылар ғана емес, сол пьесадағы сөздің, яғни ойдың, идеяның тындаушыға дұрыс, айқын жетуін көздеуші де болула-

ры тиіс, өйткені драма театрының негізгі мақсаты – спектакльдің ұсынбақ идеясын сөз арқылы да жеткізу. Сондықтан сахна сөзінің анықтығы, құлаққа жағымды тиюі – актерлер мен режиссерлерге қойылатын басты талап, негізгі шарт. Бұл талап, әрине, эстрада әншілеріне де кинода сөйлейтіндерге де қойылады. Өйткені ән тек мелодиясының әсемдігімен ғана емес, жүрекке жылы тиетін сөзімен де қымбат. Бұларға сол сөзді анық, бұзбай жеткізетін тамаша дауысты әнші қосылса, ол ән, ол ария миллиондардың жүрегіне жол табады. Мысалы, кезінде атақты әнші Роза Бағланованы сүйсіне тыңдағандар тек сирек кездесетін әсем үніне ғана емес, қазақ өлеңінің әрбір сөзін анық етіп, дұрыс дыбыстап айтқаны үшін де мейлінше тәнті болатын.

Бүгінгі қазақ сахна тілінің мәдениетін көтеруде, ең алдымен, сахна қайраткерлерін дайындайтын оқу орындары мен театрларда жұмыс істейтін өнер иелерінің қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларын жақсы игерулеріне күш салу міндетін арқалайды. Ол үшін актерлік, режиссерлік, әншілік мамандықтарына оқыту, үйрету процесінде қазақ әдеби тілінің заңдылықтарын, әр алуан нормалық ережелерін арнайы пән ретінде де, факультатив курстар ретінде де оқытуды мықтап қолға алу қажет. Әрине, бұл үшін арнаулы оқу құралдары, методикалық нұсқаулар мен практикалық жаттығу жұмыстары ұсынылуға тиіс. Біздің бұл құралымыз осындай қажеттіктердің бірін өтеуге арналады.

Сөйтіп, ауызша сөйлеудің өзі екі түрлі болады, бірі – күнделікті тұрмыста қолданылатын ауызекі сөйлесу тілі, екіншісі – топ алдында ауызша сөйлеу (орысша «публичная речь»). Жоғарыда көрсетілген салалардың барлығы үлкенді-кішілі топ алдындағы сөйлеуге жатады, яғни жиын-жиналыстарға қатысушылар да, мектеп кластары мен студенттер аудиториялары да, мың-мыңдаған радио тыңдаушылар мен теледидар тамашалаушылар да, сахна өнерін қызықтаушы көрермендер де – барлығы да «шаршы топ» (публика). Топ алдына ауыз-ша түрде шығатын сөз қалай болса солай, бейберекет айтыла салмауы керек әрі құлаққа жағымды болуы шарт. Басқаша айтқанда, шаршы топқа ауызша ұсынылатын сөздің нәрі (мағынасы) мен сазы (жағымды, табиғи үні) болуға тиіс.

СӨЗ САЗЫ, ЯҒНИ СӨЗДІ ДҰРЫС АЙТУ (ДЫБЫСТАУ) ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Сөз сазыдегеніміз – сөйлеу үстінде (актісінде) сөздердің дұрыс айтылып, құлаққа жағымды естілуі. Ал сөздерді дұрыс айту дегеніміз – тілдің табиғи дыбыс заңдылықтарын сақтау болып табылады.

Қазақ тілінің, өзге де ұлттық әдеби тілдер сияқты, ек-шеліп, қырланған, тұрақталған, жалпыға ортақ заңдылықтары, яғни нормалары бар. Ол заңдылықтардың бір бөлігі сөздерді дұрыс таңдап, орнымен жұмсауға қатысты болып келеді, оны лексикалық нормалар деп. атаймыз, енді бір саласы сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, сөйлемдерді құрастыра білуге қатысты болып келеді, оны грамматикалық нормалар дейміз. Дұрыс жазу заңдылықтарын орфографиялық нормалар, ал дұрыс айту (дыбыстау) заңдылықтарын орфоэпиялық нор-малар деп атаймыз. Бұлар – ғылымдағы атаулар.

Соңғы орфоэпиялық нормалар деп отырғанымыз – жоғарыда айтылған «сөз сазы» деген ұғымға қатысты. Бұл нормалардың барлығының да тіл үшін бір-бірінен артық-кемі жоқ, маңызы бірдей. Сауатты, мәдениетті адам үшін дұрыс сөйлеп, қатесіз жазу – қандай міндет болса, сөздерді дұрыс айтуы (дыбыста-уы) – сондай шарт. Бұл нормаларды берік сақтап, іс жүзінде ұстана білу «тіл мәдениеті» деген үлкен бір әлеуметтік мәні бар құбылысқа, талапқа барып тіреледі. Осыдан барып «тіл мәдениеті» дегеннің ішінен «ауызша сөйлеу мәдениеті» деген саланы бөліп әңгіме етуге болады.

Алдымен, ауызша сөйлеу мәдениеті мен сөйлеу техни-касы дегендер – бір нәрсе емес екенін ескеру қажет. Сөйлеу техникасы сөйлеушінің, яғни актердің, диктордың, мінбеден сөйлейтін шешеннің, кафедрадан сөйлейтін мұғалімнің өз даусын меңгеруіне байланысты сөз болады. Адамның өз дау-сын меңгеруі оның тынысына, сөйлеу мүшелерінің қызметіне, интонацияға, сөйлеу шапшаңдығына (темпоритмге), паузаға, дикцияға байланысты болады. Біздің әңгіmemіздің өзегі – сөйлеу техникасы емес, сөз сазы, яғни сөйлеу мәдениеті.

Сөйлеу мәдениеті дегеніміз – ауызша сөйлеудің жалпы тіл мәдениетіне қойылатын талаптармен қатар, өзіне тән нор-

маларды сақтауы болып табылады. Бұл нормаларға сөйлеу үстінде сөздерді дұрыс дыбыстау, сөздің сазын келтіріп айту тәртібі жатады.

Сөздің сазын келтіріп айту әсіресе шаршы топ алдына шыққандарға қойылады. Шаршы топ алдында сөйлеушілердің өзі біркелкі болмайды. Жиналыстарда ойын ауызша білдіретіндер мен жазып алып оқып беретіндер, спектакльдерде ойнайтын актерлар мен табан аузында репортаж жүргізетін журналистер, комментаторлар, дикторлар мен интервью берушілер – әрине, бірдей емес. Бірқатары – жазылғанды оқитындар болса, енді бірқатары – табан аузында ауызша сөйлейтіндер. Бірақ барлығы да – топ алдында шығатындар болғандықтан, олардың ауызша сөйлеу нормаларын, оның ішінде орфоэпиялық заңдылықтарды сақтаулары қатаң талап етіледі.

Әдетте актер жазылған пьесаның сөздерін айтады, диктор жазылған материалды оқиды, лекторлар көбінесе жазылған текске қарап сөйлейді. Демек, олар – әдеби тілде дайындалған сөзді ауызша айтып жеткізушілер ғана сияқты. Сырт қарағанда, бұларға тіл мәдениеті жөнінен көп салмақ түспейтін тәрізді болып көрінеді. Ал, шындығында, тілге қатысты ең үлкен талаптың бірі осыларға қойылады. Өйткені сөйлеу мәдениетінің бір шарты – жазылған материалды немесе айтылмақ ойды да-уыс ырғағын дұрыс келтіріп, табиғи түрде оқып немесе айтып беру, яғни сөз сазын келтіріп дыбыстау болса, бұлардан сол талап етіледі.

Сөздің жеке тұрғандағы дыбысталуы мен сөйлеу үстіндегі айтылуы әрдайым бірдей болып келмейді. Сол сияқты сөздердің жазылған түрі мен оның оқылуы да үнемі бірдей түсе бермей-ді. Сөйлеу үстінде немесе жазылғанды оқып беру процесінде сөздер бір-бірімен «тіл табысып», үндесіп, үйлесіп жатады. Сол үйлесімдік үшін сөздердің кейбіреулері бір-екі дыбысын «сындыруға», өзгертуге, кейде тіпті жоғалтуға дейін барады. Мұндай үйлесімдік – қазақ тілінің ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи заңдылықтары.

Әрбір тілдің өзіне ғана тән дыбысталу ерекшеліктері – сол тілді өзге туыс тілдерден бөлек дербес тіл етіп тұратын белгілердің бірі. Ол ерекшеліктер сақталмаса, сол тілдің

табиғатына нұқсан келді деген сөз. Мысалы, алдыңғы сөз **а, е, ы, і** сияқты дауысты дыбыстарға аяқталып тұрса немесе **р, л, з, й,** үнді **у** (*тау, бау* деген сөздердегі) дыбыстарына аяқталған болса, дауыс ырғағы жағынан сол сөзбен тұтасып айтылатын келесі сөздің басқы **к, к** дыбыстары ұяндап, **ғ, г** дыбыстарына алмасады. Мысалы, *бала кезде, келе қалды, күні кеше, кез келген, бұл күндері, қол қойды, қаз-қатар, ай қабақ* деп жазылған сөздер *балагезде, келегалды, күнүгеше, кезгелген, бұлгүндөрі, қолгойдұ, қазгатар, айгабақ* болып айтылуға тиіс.

Біріккен сөздердің ішінде де аралық дыбыстары жоғарыдағы көрсетілген түрде келгендері осылайша «сындырылып», яғни **к, к** дыбыстары ұяндап айтылады. Сондықтан *Меңді-қыз, Талдықорған, Жезқазған, Жаңақорған, өнеркәсіп, бірқатар, қылқалам* түрінде жазылатын біріккен сөздер *Меңді-ғыз, Талдығорған, Жезғазған, Жаңағорған, өнөркәсіп, бірғатар, қылғалам* болып айтылуы керек.

Сөздер аралығындағы бұл дыбыстар керісінше орналасқан жағдайда да, яғни алғашқы сөз **к, к, п** дыбыстарына аяқталып, бір ырғақпен айтылатын келесі сөз дауысты дыбыстардан басталса, бұл дауыстылар алдыңғы қатаң дыбыстарды «сындырып», жұмсартады, яғни ұяндатып жібереді. Мысалы, *шекара, көк ала, көкөніс, қарап отыр, сатып алдым* сияқты сөздер *шегара, көгала, көгөнүс, қаработұр, сатыбалдым* болып айтылуы – заңдылық.

Мектепте қазақ тілі бағдарламасының фонетика, грамматика салаларынан «Қазақ тілінің үндестік заңдары» деген тақырып өтіледі. Тіл білімінде «үндестік заңы» дегеннің баламасы ретінде «сингармонизм» деген термин қолданылады. Әдетте дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігі жағынан қосымшаларды өзіне үйлестіруін «сингармонизм» деп атап келдік. Ал, шындығында, сингармонизм – тек дауыстылардың үндесуі емес, сөзді құрап тұрған барлық дыбыстардың біркелкі не жуан, не жіңішке болып үндесуі екенін соңғы кездердегі зерттеулер баса айтады¹¹. Оның үстіне бұл үндестік қазақтың төл сөздеріне және ерте-реkte енген кірме сөздерге, олардың бір буынды түрлеріне де,

¹ Строй казахского языка. Фонетика. - Алматы: Наука, 1991. - С. 70.

көп буындыларына да тән екендігі көрсетіледі²², яғни сөздің қалай таңбаланғанына қарамастан, ішінде жуан-жіңішке дауысты дыбыс әріптері жазылғанмен, тұтасымен не жуан, не жіңішке дыбысталуы тиіс деп танылуы қажет. Мысалы, *кітап, күмән, кінә* деп жазылған сөздердегі дыбыстар *кітәп, күмән, кінә* түрінде үндессе, *біраз, бірақ, қауіп, қазір* сияқты сөздер тұтасымен жуан айтылып, олардағы дыбыстар *быраз, бырақ, қауып, қазыр* (немесе *кәзір*) болып үндеседі.

Міне, осы сияқты сингармонизм заңы жазудың ыңғайымен, яғни бір сөз ішінде жуан да, жіңішке де дауыстылардың жазылғанына қарай, өзінің табиғи түрде айтылуын бұзып жіберетін фактісі байқалады. Мұндайда дыбыстау автоматизмі-нен гөрі, сөзді «ойланып» айту жүзеге асады: *қа+зір, бір+аз, бі+рақ*.

Қазақ тіліндегі сөздер сингармониялық тембріне қарай жалпы төрт түрде үндеседі: олар жуан, жіңішке, еріндік, езулік. Жоғарыда көрсеткеніміз – жуан-жіңішкелікке қарай үндесу, ал еріндік-езулік дыбыстардың бір-біріне ықпалына қарай бола-тын гармония «ерін үндестігі» деп аталады. Сөз басында не-месе сөздің бірінші буынында келген **о, о, ұ, ү** еріндік дауыс-тылары сол сөздің ішіндегі өзінен кейінгі буындарда жазылған **ы, і, е** дауыстыларын өздеріне үндес етіп айтқызады. Мысалы: *күмүс* (жазылуы: *күміс*), *күлүн* (жазылуы: *құлын*), *үйрөнүү* (жазылуы: *үйрену*). Үндесудің бұл түрі де жазудың әсерімен бұзылып, еріндік, езулік дауысты дыбыстар аралас айтылатын фактілері бар. Айталық, *құрұқ, күлүмгөз, өлөң, өнөр, өсүм* деп дыбысталуға тиісті сөздерді *құрық, күлімкөз, өлән* немесе *өлең, өнэр, өнер, өсім* деп айту жиі кездеседі.

Тек үндестік заңдары бойынша емес, қазақ тілінің орфоэпиялық заңдылықтары өзге сәттерде де орын алады. Мысалы, бір әуенмен (ырғақпен) айтылатын екі сөздің арасындағы (алдыңғы сөздің соңғы дыбысы мен келесі сөздің басқа дыбысы) дауыстылардың бірі «жұтылып» кетеді, дәлірек айтсақ, соңғысы алдыңғысын «жұтып» қояды. Мысалы, *Сары арқа* деген екі сөз бір әуенмен, яғни қосылып айтылуға тиіс, сондықтан оның дұрыс дыбысталуы – *Сарарқа*. Сол сияқты *келе алма-*

² Сонда, 73-б.

ды деген күрделі етістік те бір әуенмен айтылатын сөздерден тұрады, оның да орфоэпиялық суреті – *келалмады* болу керек. Бұлардың екеуінде де алдыңғы сөздің соңғы дауыстысы «түсіп қалып», аралық тұста соңғы сөздің алғашқы дауыстысымен екі сөз қосылып айтылады.

Сөздердің жазылған түрі мен (графемамен) дыбысталу (айтылу) сазы бірдей бола бермейтіндігі **и** әрпімен келген сөздерде де көзге түседі. Анығында, бұл бір таңбамен **ый, ій** деген дыбыстар қосындысы (тіркесі) таңбаланады: *сипат* – айтылуда:

сыйпат, сиыр – айтылуда: *сыйыр, шикі* – айтылуда: *шикі, ақ тиін* – айтылуда: *ақ тийін*. Жеке айтқанда **и** таңбасын жіңішке дыбыстаймыз. Екі-үш (көп) буынды сөздерде келген (жазылған) **и** әрпін жуан не жіңішке дыбыстау оңай, ол сол сөздегі өзге дауыстылардың ыңғайымен айтылады. Мысалы, бір *тиын* (акша) дегенде, **и**-ді сөз ішіндегі **ы**-ға қарай жуан айтамыз: *тыйын, ақ тиін* дегенде келесі буындағы **і** жіңішке дауыстыға қарай **ій** етіп айтамыз: *тийін*. Ал бір буынды сөздерде жазылған

и әрпін айтуда қиындық тууы мүмкін. Мысалы, *ми* деп жазылған сөз *мый* ма әлде *мій* ме? Мұндайда осы сөзге іштей қосымша жалғап көріп, егер ол жуан жалғанса («*мыйы+ма* қонбайды», «*мый+ы* жоқ» дегендер сияқты) *мый* деп айту керек болады. Сондықтан жазылуына қарап, **и** дыбысының жіңішкелігін еске алып, *мій* деп айтуға болмайды. Сол сияқты *бидай* деп жазылған сөздің алғашқы буынын жіңішке (*бий*), соңғысын жуан (*дай*) дыбыстау қазақ тілінің дыбыс әуеніне қайшы келеді, бұл сөздегі **би** буыны – таза **бий** да емес, сондықтан бо-лар, айтылуда бұл сөз көбінесе *бұйдай* түрінде келеді. Әрине, қазіргі жазуымызда бір әріппен әрі жуан, әрі жіңішке дыбыстар қосындысын таңбалау ұтымды болмай шықты. Әсіресе сөзді буындауда, соған қарай дұрыс тасымалдауда қиындық пайда болып отыр. Қазақ тілінің буындау тәртібі (заңы) бойынша екінші, үшінші буындар еш уақыт дауысты дыбыстан басталмауы керек, тек дауыссыздан немесе үнді (сонор) **у, й** дыбыстарынан басталуы тиіс: *қа-ла-лық* (*қал-ал-ық емес*), *та-уық* (*тау-ық емес*), *қа-йық* (*қай-ық емес*). Мұны бұдан 80-90 жыл бұрын Ахмет Байтұрсынов жақсы көрсетіп, айтып берген-ді³¹.

³ А. Байтұрсынов Тіл тағлымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.

Ал қазіргі емлеміз бойынша, *сыыр, қиыр, тиын, тиін, тиіс* деген сөздерді қалай буындаймыз? Дұрыс буындалуы: *сы-йыр, қы-йыр, ты-йын, ті-йін* болуы керек. Ол үшін *сыйыр, қыйыр, тыйын, тийін* деп жазылуы керек еді. **и** дыбысының бір буын-ды сөздерде жуан не жіңішке айтылуының (яғни бұл әріптің **ый** немесе **ій** деген дыбыстар қосындысын таңбалауының) сөз мағынасын айыруда үлкен мәні бар. Сол себептен қазіргі емле ережелерімізде ескерту (ауытқу) ретінде *тый/ми, сый/си* деген сөздерді осы көрсетілген түрінде жазылады деп көрсетіп келеміз. Қалған тұлғалардың бәрінде **и** әрпі жуан дыбыстың да, жіңішке дыбыстың да таңбасы болып жазылатындықтан, бұл әріппен келген сөздерді дұрыс айтуда ұқыптылық қажет.

Сөз сазына келгенде, мәселе тек үндестік заңдарымен немесе дыбыстар кірігуі (жұтылуы) сияқты құбылыстармен шектелмейді. Ғылыми тұрғыдан келгенде, шешіліп (зерттеліп) жатқан, әлі де қарастырыла түсуге тиісті мәселелер аз емес. Әсіресе тіл-тілдің дыбыстар жүйесін мәшинеге салып, бақылау барысында оны құлақпен есітіп қана талдау әдісі толымсыз екендігі айқындалып отыр. Мамандардың айтуына карағанда, эксперименттік-фонетикалық әдіс дыбыстаудың құлаққа естілмейтін нәзік сәттерін тануға мүмкіндік береді, осының нәтижесінде құлақпен тыңдағанда тұтас дүние болып естілетін кейбір дыбыстар артикуляция (айтылуы) жағынан бір-неше элементтен тұратындығы байқалады екен⁴¹. Сөздің жеке тұрғандағы дыбыстық құрылымы мен фразидағы құрылымында айтарлықтай өзгешелік бар екендігі тек қазақ тілі бойынша емес, өзге тілдердің материалдары бойынша да дәлелденуде. Зерттеуші Мұхаметжан Исаев қазақ тілінде сөздердің сөйлем ішінде орналасуы (айналасы) олардағы дауыстылардың айтылуына әсер етеді дейді⁵².

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін зерттеуде дифтонгоидтық деп аталатын құбылысқа ерекше назар аударылады. Бұл – **е, о, ө** сияқты дауыстылардың алдында **й, у** деген қосамжар дыбыстардың айтылуы (естілуі). Әдетте мектеп оқулықтары мен орфоэпиялық ережелерімізде **е, о, ө** дауыстыларының

⁴ *Зиндер Р.Л.*Общая фонетика. - Л., 1961. - С. 70.

⁵ Исаев М.К. Фразовые модификации гласных в структуре казахского слова // Вопросы казахской фонетики и фонологии. - Алма-Ата, 1979. - С. 92-97.

қосарланып дыбысталуы, яғни олардың алдында **й, у** қосамжар элементтерінің айқын байқалатын жері сөздің басында ке-луі деп айтылып жүр. Ал қазақ фонетикасын эксперименттік әдіспен зерттеуші маман – Ә.Жүнісбековтың көрсетуі бойынша **е** дыбысының дифтонгоидтық сипаты дауыссыздан кейін тұрғанда едәуір әлсірейтіндігімен, мүлде жойылып кетпейді екен⁶³, яғни *бес, бет, бер* сияқты сөздердің айтылуында да **е** дыбысы **э**-ге жуықтап емес, алдынан сәл **й** қосамжар элемен-ті қатысатындығы мәшиненің (эксперименттің) көрсетуінен ғана байқалмайды, тіпті ауызша айту мен құлақпен естуде де байқалады. Мысалы, орыс тіліндегі *бес* (жын, сиқыршы) сөзі мен қазақ тіліндегі *бес* (сан) сөзін әр тілдің өз орфоэпиялық заңымен дұрыс айтып көріңіз. Зерттеушілер аталған дыбыстың дифтонгоидтық сипаты орыс тіліне қарағанда, әлдеқайда күшті болғандықтан, қазақ тіліндегі **е** дыбысымен келген кейбір есімдерді орысша таңбалауда оның естілуіндегі дифтонгоидтық сазы (**йе** болып айтылуы) әсер етіп, **е**-мен жазылуға тиісті тұстарында **и** әрпі жазылып кеткенін көрсетеді. Мысалы, Ал-маты маңындағы үстіне тау құлап, жоғалып кеткен *Есік* көлін *Иссык* деп, *Шелек* деген жер атауын *Чилик* деп жазылып жүргенін білеміз⁷¹.

Қосамжар дыбыстар көрінісі, яғни протеза құбылысы **ы, і** қысаң дауыстыларының жазылу-жазылмау, соған орай айтылу-айтылмау мәселесін де қамтиды. Бұл мәселеге арнайы назар аударған зерттеушілер (Ш.Сарыбаев, Б.Қалиев, І.Кенесбаев, И.Ұйықбаев т.б.) қолданылып жүрген емле ережелерімізде сөз ішінде және сөз басында **ы, і** әріптерінің жазылу-жазылмауында қайшылықтар бар екенін айтады. Шынында да, солай. Әрине, сөздің жазылуы, яғни орфография ережелері – өз ал-дына бөлек дүние, бірақ біз әңгіме өзегі етіп отырған сөз сазы-на, яғни орфоэпияға қатысы зор, әсері бар мәселе. Сондықтан емле заңдылықтарының бірізді болып келуі сөздерді дұрыс дыбыстауға жәрдемін тигізеді. Дегенмен сөз сазының, яғни графема мен фонеманың әрдайым үйлес келе бермейтіндігі белгілі, сондықтан қалай жазылса, солай оқу мүмкін емес болады.

63 Джунисбеков А. Заметки о фонеме (е) в казахском языке //Вопросы казахской фонетики и фонологии. - Алма-Ата, 1979, с. 90.

71 Сонда, 90-бет.

Қазіргі емле ережесі бойынша *сахна, рахмет, ресми* сияқты бес-он сөздің екі буынының ортасына **ы, і** әріптерін кірістірмей жазып жүрміз. Сондай-ақ *ерін, орын, халық, ауыл, әріп, көрік, құлық* сияқты сөздерге **-ым, -ың, -ы (-ім, -ің, -і)** деген тәуелдік жалғаулары жалғанғанда, екінші буындағы **ы, і** дыбыстары «сусып түсіп қалады» деп, олардың таңбаларын жазбаймыз: *орным, орның, орны, халқы, халқымыз, аулым, аулың, әрпі, көркі, құлқы (мінез-құлқы)* т.т. Ал осыған ұқсас екінші буыны **ы, і** дыбыстарымен келетін сөздердің енді бір тобында тәуелдік жалғаулары жалғанғанда, **ы, і** әріптерін түсірмей жазып жүрміз: *дауыл – дауылы, қайыс – қайысы, бауыр – бауыры, ойын – ойыны, құйын – құйыны*. Екінші буыны **ы, і** дыбыстарымен келетін сөздер **қ, к** сияқты қатаң дыбыстарға аяқталған болса және тәуелдік жалғаулары жалғанғанда, бұл қатаң дыбыстар ұяндап кететін болса, ол күнде **ы, і** дыбыстары түсірілмейтіндігі тіпті даусыз: *қайық – қайығы, түлік – түлігі, қорық – қорығы, көрік – ұстаның көрігі, қалып (форма) – қалыбы*. Мұндай сөздерге тәуелдік жалғаулары жалғанғанда, олардың соңғы қатаң дыбы-сы ұяңдамаса, **ы, і** әріптерін түсіріп жазамыз: «әдемі жүз, шы-рай» мағынасындағы *көрік* сөзі тәуелденгенде, *көркім, көркің, көркі* болады, «мінез-құлық» дегендегі *құлық* сөзі *құлқы* болып тәуелденеді де *құлақтың құлығы* дегендегі *құлық* сөзі *құлығы* болып өзгереді.

Дауысты дыбыстарға аяқталатын сөздерге дауыстыдан тұратын немесе дауыстыдан басталатын қосымшалар жалғанғанда я болмаса дауыстыдан басталатын сөз тіркес құрай ұласа айтылғанда, қысаң **ұ, і** дыбыстары айтуда да, кейде жазуда да түсіп қалады: *жеті+еу – жетеу, қара+ағаш – қарағаш, сары+алтын – саралтын* (айтылуы).

Осы реттегі қысаң **ы, і** дыбыстары түсіріліп не сақталып жазылатын сөздердің қай-қайсысын айтуда да біздің «сусып түсіп қалады» деп жүрген құбылысымыз – абсолюттік емес, яғни сөздің айтылуында **ы, і** дыбыстары мүлде «ғайып» болмайды, олардың сарқыншағы сақталады. Атап айтсақ, *ерні, халқы, ауру, уақтылы, қаупі, ойна* деп жазылған сөздер (айтылар-айтылмас, естілер-естілмес ілеспе-протезалық **ы, і** дыбыстарын жақша ішіне алып таңбаласак) *ep[i]ні, хал[ы]қы,*

ау[ы]ру, уақ[ы]тылы, қау[ы]ны, ой[ы]на болып айтылады. Тіпті *Сарағаш, Сарөзек, саралтын* сияқты **ы** дыбысы мүлде «жұтылып» кететін сөздердің өзін дыбыстауда да оның «ілеспе» түрі (орысша: призывк) сақталады: *Сар[ы]өзек, Сар[ы]ағаш, сар[ы]алтын*. Егер (бұл сөздерде **ы, і** қысан дыбыстары мүлде «жұтылып» (сусып, жоғалып) кеткен болса, *ер//ні* (осылайша екі бөліп айтып көріңіз), *хал/ /қы, Сар//ағаш, сар//алтын* деп айтылуға тиіс болар еді.

л, р әріптерінен басталып жазылып жүрген сөздердегі сөз басындағы ілеспе (немесе қосамжар) **ы, і** дыбыстары да назар аударады. Бұл күнде *лақ, рет, рас, ру, лас, лек* деп жазып жүрген сөздеріміз бір кездерде *ылақ, ірет, ырыс, ұру, ылас, ілек* түрінде жазылып жүрді. Бұлайша жазудың, шынында да, қисыны бар еді, өйткені осы сөздердің алдында айтылуда ілеспе **ы, і** дыбыстарының бары – даусыз.

Мамандардың зерттеулеріне қарағанда, **р** дыбысы түркі сөздерінің басында келмейді. Көне түркі ескерткіштері тілінде кездесетін **р**-дан басталатын 50 шақты сөздің бәрі араб, пар-сы, санскрит тілдерінен енген кірме сөздер екендігі көрінеді⁸¹. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде (3-басылым, 1988) және «Анықтағышта» ұсынылған орфографиялық сөздікте **р** әрпінен басталып жазылып берілген сөздердің барлығы дерлік – кірме тұлғалар, басым көпшілігі – *радар, радио, ракета, ревизор, рельс* сияқты орыс тілі арқылы енген сөздер, қалғандары – *разы, рақым, рақат, рәсуа, рия* сияқты араб, парсы сөздері, тек *ру, рет, рас, рай* тәрізді 5-6 тұлға ғана – *ұру, ірет, ырас, ырай* деген төл сөздердің жоғарғы топқа қолдан жетелеп әкеп қосылғандары.

Бұлардың барлығында, тіпті орыс тілі арқылы енген *радио, рельс, роман* сияқты сөздердің өзін қазақша сөйлеу актісінде айтуда сөз басындағы **р** дыбысының алдында ілеспе **ы, і** дыбыстары орын алады. **л** -дан бастап жазып жүрген сөздеріміз де – осы сияқты: көбі – кірме сөздер (*лаборант, лазер, лексика*), ал араб, парсы тілдерінен еніп, «қазақыланып кеткен» немесе қазақтың төл сөзі деп табылатын тұлғалардың да жа-

⁸¹ *Талипов Т. Т.* К истории употребления фонемы (р) в тюркских языках // Вопросы казахской фонетики и фонологии. - Алма-Ата, 1979. - С. 158.

зылуы қолдан жасалынды, сондықтан айтылуда *ылай, ылақ, ылау* болып айтылады. Бұл топтағы *луп, лүпіл, лық* (толы), *лып-лып* сияқты **ү, ы, і** дыбыстарымен буын құрайтын сөздердің басындағы ілеспе дауыстылардың айтылу (естілу) сапасы (күші) алдыңғы топтан төмендеу екенін жай құлақпен де байқаймыз.

Сөздің жазылуы мен айтылуына келгенде, қайшылығы көрініп, біраз пікір таласын туғызып келе жатқан тұстың бірі – **ж, ш** дыбыстарынан кейінгі **а, ә** дыбыстарының орфограммасы мен орфоэпиясы. Тек қазақ тілі емес, жалпы түркі тіл-дерін зерттеген мамандар сөз басындағы **ш, ж (дж)** мен **й** дыбыстарының ортасында келген **а** дыбысы жіңішке айтылатындығын көрсетеді⁹¹. Қазақ тілінде де солай: *шай, жай* және *жай* буынынан басталатын көп буынды *жайғасу, жайдақ, жайдарлы, жайнақы, жайнаң* т.б. сияқты сөздер *шәй, жәй, жәйдақ, жәйдарлы...* болып айтылады, ал *шай, жай* деген бір буынды сөздерге қосымша жуан жалғанады: *шәй+ға* кел (*шәй+ге* кел емес), *жәй+ы+ң+а* кара (*жәйіңе* кара емес). *Жай* дегеннен басталатын көп буынды сөздердің барлығы да – жуан сөздер, яғни екінші, үшінші... буындары **а, ы** жуан дауыстыла-рымен келеді. Осы заңдылықты ескеріп, емле сөздігінде *шай, жай* деген бір буынды сөздерді жуан **а** дыбыс әрпімен жазу ұсынылған. Соған қарамастан, айтылу (естілу) заңдылығына қарай осы сөздер жеке бір буынды болып тұрғанда, кейде тіпті оларға жуан қосымшалар жалғанып тұрған күннің өзінде *шәй, жәй, жәйдан-жәй, жәйғасу* деп жазу жиі кездеседі. Сингар-монизм заңы бойынша, сөз тұтас не жуан, не жіңішке айтылуға тиіс болса, қазақ тілінде мұндай үндестік қатардың көрнекті түрде бұзылатын тұсы – осы жерде тәрізді. Мысалы, *жайдақ шам* деп жазылғанды *жәйдақ шам* деп айтамыз, ал үндестік заңы бойынша, бұл сөз не *жайдақ*, не *жәйдек* болып дыбыста-луы қажет қой.

Қазақ сөздерінде сөз басында немесе ішінде келген **ж** дыбысының айтылуында да ескеретін жайт бар. Эксперимент-тік байқау қазақ әдеби тіл нормасында **ж** дыбысының таза аффрикат **дж** түрінде айтылмағанымен, **ж**-ның алдында өте

⁹¹ Шербак А.М. Сравнительная грамматика тюркских языков. - Л., 1970.

әлсіз ілеспе **дж** жаңғырығының барын айтады. Таза аффрикат **дж** қазақ тілінде диалектілік ерекшелік ретінде көрсетіледі. Бұл жөнінде кеңінен талданған еңбектер бар¹⁰². Мысалы, қарақалпақтар арасында тұратын қазақтар сөз басында келген **ж** дыбысын **дж** деп айтатындығын (*джоқ, джiгiт, джантақ*) көрсетеді. Бұл ерекшелік Қазақстанның оңтүстігіндегі кейбір аудандардағы қазақтар тілінде де ұшырайтындығы тіркелген. Мысалы, зерттеуші О.Нақысбеков Шу ауданындағы қазақтар тілінде **дж** аффрикат *джайлау, джауын, джүлде* сияқты сөздердің басында айтылса, *олжа, болджау* сияқты сөздердің ортасында қолданылатынын көрсетеді. Бұл құбылыс Сары-су ауданы тұрғындарында (С.Омарбеков), Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстары мен Шымкент, Семей облыстарының кейбір аудандарындағы, Монғолиядағы қазақтар тілінде де байқалады (Ж.Досқараев). Ал әдеби тіліміздің орфоэпиялық нормасы бойынша, сөздің басындағы да, ортасындағы да **ж** дыбысы таза, айқын дыбысталатын **дж** аффрикаты болып емес, жалаң **ж** (тіпті алдында өте әлсіз **д** жаңғырығы болған күннің өзінде де) дыбысы болып айтылуға тиіс, яғни **ж**-ның алдынан жоғарыда көрсетілген жергілікті жердегідей **д** қосалқы дыбысы айқын айтылмайды.

Қазақ тіліндегі **ш** дыбысынан басталатын сөздердің **ч**-мен айтылуы (*чал, чатақ, чырақ*) да – осы іспеттес: ол да – диалектілік ерекшелік. Сөз басында **ч** дыбысын айту Қазақстанның шығыс, оңтүстік-шығыс өңірі мен Монғолия, Шыңжан өлкелеріндегі қазақтардың сөйлеу тілінде орын алады. Ал әдеби тіл нормасы бойынша, қазақ сөздері тек **ш** дыбысымен айтылады: *шал, шатақ, шырақ*. Сөз ортасында және соңында келген **ш** дыбысының осы түрінде айтылуында тіпті дау жоқ: *ақша (ақча емес), қаниша (қанча емес), қалаш (қалач емес), күш (күч емес)*. Бұл заңдылық тіпті жергілікті жерлерде сөз басында **ч**-мен сөйлейтіндердің тіліне де тән.

Сөз сазын, орфоэпиялық норманы әңгіме еткенде, қазақтың өз тілінің дыбыстық жүйесіне тән емес, тек кірме сөздерде жазылатын в, ф, х, ь, ц таңбаларын дыбыстау жайына тоқтауға

¹⁰ Жүнісбеков Ә., Нұрмағамбетов Ә. Қазақ сөйленістеріндегі «дж» аффрикатының қолданылуы // Вопросы казахской фонетики и фонологии. - Алма-Ата, 1979. - С. 232-237.

тура келеді. Бұлардың ішінде **һ** таңбасы тек араб, парсы тілдерінен енген сөздерде ғана, ал **х**, **ф** әріптері араб, парсы тілдерімен орыс тілі арқылы енген сөздерде жазылып жүрсе, **в**, **ч**, **ц**, **щ**-мен тек орыс тілі арқылы енген халықаралық сөздер мен орыстың өз сөздерінде жазылады. Бұл сөздерді, әсіресе орыс тілі арқылы енгендерді қазақ тілінде негізінен сол әріптер белгілеп тұрған дыбыстарды өзгертпей айтқан жөн: *вагон* (*бәгән* емес), *факультет* (*пәкүлтет* емес), *химия* (*қимия* емес), *гауһар* (*гауқар* немесе *гаухар* емес), *цирк* (*сирк* емес): **ш** әрпімен келген сөз қай тілдің сөзі болса да **ш** дыбысымен айтылады: *училище* (*училище*), *аишы* (*аишы*), *тұшышы* (*тұшышы*). Сөйлеу үстінде **һ**, **х** дыбыстарымен келген араб, парсы сөздері қазақша **қ** дыбысына жуық айтылу фактісі жиірек кездеседі, бұл да – қате емес, біріншіден, оның себебі бұл дауыссыздардың қазақ тіліне тән емес екендігінде болса, екіншіден, **һ**, **х** дыбысты көптеген араб, парсы сөздерінің ертеректе енген не **қ**-мен айтылып кеткендігіне немесе олардың түсіп қалу дәстүріне байланысты. Мысалы, *хаким* сөзі әкім болып, *һәр* сөзі *әр*, *һәм* шылауы *әм*, *рахим* сөзі *рақым*, *Зухра* жалқы есім *Зура* (*Зәуре*), *Зере* түрінде қалыптасқаны бұл күнде тарихи дәстүрмен *Ахмет*, *Мұхит*, *сахна* деп жазып жүрген сөздерді *Ақымет*, *Мұқыйт*, *сақына* деп айтуға ерік береді.

Демек, сөздің жазылуы мен айтылуы үнемі бірдей түсе бермейді екен, яғни сөз қалай таңбаланса, сол таңбаларды ғана сақтап айту – әрдайым шарт та емес, мүмкін де емес. Әрине, қазақ тілінде жазылуы бойынша айтылатын сөздер де аз емес. Мысалы, *ара*, *ала*, *алау*, *аламан*, *алмақ*, *алғы*, *алғашқы* деген сияқты сөздердің жеке тұрғандағы айтылуы олардың таңбалауымен бірдей.

Міне, қазақ тіліндегі сөз сазының басты-басты құбылыс-тары жайында жалпы таныстыруды осымен аяқтауға бола-ды. Әрине, бұл жерде біз қазақ орфоэпиялық заңдылықтарын бастан-аяқ түгел баяндап отырған жоқпыз, өйткені бұл заңдылықтардың норма ретіндегі көрінісі осы кітапта ереже-лер түрінде түгелге жуық ұсынылады. Мұнда көзделген мақсат – тілдің сөздік қазынасы (лексикасы), грамматикасы, дыбыстық жүйесі (фонетикасы), жазу жүйесі (орфографиясы) салала-

рында өздеріне тән заңдылықтары болатыны сияқты, сөздерді дұрыс айтудың да, дұрыс дыбыстаудың да (орфоэпияның да) табиғи тәртібі, нормалары болатындығына назар аударту.

Өзге салаларға карағанда, орфоэпия мәселелері назарға кешендеп ілініп отыр. Оның да себептері бар. Тіл-тілдің қай-қайсысында да орфоэпиялық нормаларды арнайы сөз ету, яғни оларды көрсету, зерттеу, реттеу кешендеп қолға алынады, өйткені ұлттық әдеби тіл әбден қалыптасып, барлық адамдарға, тіл қолданысының барлық саласында, сол ұлт ме-кендеген барлық өлкеге ортақ, бірдей болған күнде ғана сол тілде ауызша дұрыс сөйлеудің нормасы, оның ішінде орфо-эпия тәртіптері баршаға түгел міндетті сипат алады. Қазақ тілінің сөз сазының орфоэпиялық жүйесін арнайы сөз ету кейін, үстіміздегі ғасырдың 60-70-жылдарынан бастап қолға алынды. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты 60-жылдардың соңғы кезінде «Тіл мәдениеті» деген бөлім ашып, белгілі ғалым М.Балақаев қазақ тілінің сөз мәдениетін, орфографиясы мен орфоэпиясын зерттеуге басшылық етті, өзі де «Қазақ тілінің мәдениеті» (1971), «Қазақ әдеби тілі және оның нормалары» (1984) атты еңбектерді жарыққа шығарды, бөлім қызметкері Қ.Неталиева «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігін» құрастырып, ол 1977 жылы жұртшылық қолына тиді. М.Дүйсебаева «Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кей-бір мәселелері» атты еңбегін 1973 жылы ұсынды, мектепке арналған «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі» (1981) шықты. 1983 жылы және 1995 жылы біз «Сөз сазы» (сөзді дұрыс айту нормалары) атты арнайы кітапша шығарып, оны мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының студенттері-не, сахна қайраткерлері мен радио, теледидар дикторларына, комментатор мен журналистерге нақты құрал ретінде ұсындық. Онда тұңғыш рет қазақ тілінің орфоэпиялық ережелері берілді. Бұл ережелер қолданбалылық (практикалық) мақсатта түзілді, сондықтан көрсетілген қағидаларды жаттықтыратын мысалдар мен тапсырмалар беріліп отырды.

СӨЗ САЗЫНЫҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕРДЕГІ МАҢЫЗЫ

Сөз сазы дегеніміз – сөйлеу актісінде сөз ішіндегі немесе сөз аралығындағы дыбыстардың бір-біріне әсер етіп, бірін-бірі өз ыңғайына иіп айтылуы болса, ол, бір жағынан, сөйлеу мүшелерінің жұмысын жеңілдетуге, әр алуан кедергіні кемітуге ұмтылуын көздейді, екінші жағынан, сөз сазы айтылған сөздің тыңдаушы құлағына жұмсақ тиіп, сөзге әуенді үн береді.

Тілдің мұндай үйлесімді үндестігін және құлаққа жағымды әуенділігін өлең тілі шебер пайдаланады. Мысалы, өлең жолдарындағы сөздердің буындарын жеке-жеке санағанда, сол өлеңге тиісті өлшемнен артық шығуы мүмкін, бірақ айтылуда дыбыстар үндестігіне сай, өлеңнің әр жолының (тармағының) дәл 7-8 немесе 11 буын болып шығатыны еске алынады, я болмаса, керісінше, кейбір сөздерге артық буын қосылып айтылатыны ескеріледі. Айталық, Біржан салдың «Жанбота» деген өлеңі 11 буынды өлшеммен құрылған. Оның:

Жанбота, осы ма еді өлген жерім,

Көкшетау боқтығына көмген жерің –

деген жолдарындағы сөздерді жеке-жеке алып

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12

буындап санасақ: *Жан-бо-та о-сы ма е-ді өл-ген же-рім* болып 12 буын шығады. Ал айтылуда ортадағы сөздер *осымеді* болып *ма* деген буынның соңғы дауыстысы мен одан кейін келген *еді* сөзінің басқы дауыстысы кірігіп, *ма-е-ді* деген үш буынның орнына *ме-ді* болып, екі буын айтылғандықтан, осы өлеңнің өлшеміне сай 11 буын шығады. Бір ырғақпен айтылатын сөздердің аралығындағы екі дауыстының бірі «жұтылып», өлең өлшемі дәл шығатын мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Мысалы, Абайдың:

Аласы аз, қара көзі айнадайын,

Жүрекке ыстық тиіп салған сайын, –

деген өлең жолдарының алғашқысы жазуда 12 буын болғанмен, алдыңғы сөздің соңғы **ы** дыбысы мен келесі сөздің басқы **а** дыбысы кірігіп, *аласаз* болып айтылады да өлең өлшемі дұрыс шығады, Өлең жолдарындағы бір ырғақты сөздердің

арасындағы екі дауыстының бірі әрдайым «жұтыла» бермейді: егер буын саны дәл келсе, мұндай екі сөз бірінің соңы, екіншісінің басындағы дауыстыны кіріктірмей, олар сақталып айтылады. Мысалы, Абайдың:

Жаздың көркі енеді жыл құсымен

Жайрандасып жас күлер құрбысымен, –

деген өлең жолдарындағы *көркі енеді* деген сөздер қатар тұрғанмен бірінші (*көркі*) сөздің соңғы дауыстысы да, екінші (*енеді*) сөздің басқы дауыстысы да жеке-жеке айтылады, өйткені өлеңнің бұл тармағы осы тұрысында 11 буынды, оларды кіріктіріп айтса, 10 буын болып, өлеңнің өлшемі де, ырғағы да бұзылады.

Кейде өлшемге қажет буын саны жетпей тұрса, «жедел жәрдемге» **ы, і** дыбыстары «шақырылады». Мысалы:

Баянауыл басынан бұлт кетпес,

Қиядағы түлкіге құсым жетпес, –

деген өлеңдегі бірінші тармақтың жолдарын жазылуы бойынша санасақ – 10 буын, сондықтан бұл өлең айтылуда: *ба-йа-на-уыл ба-сы- нан бұ-лыт кет-пес* болып, *бұлт* сөзі *бұлыт* болып дыбысталады. Бұл – алдыңғы екі дауыстының біреуінің «жұтылып» кетуіне қатысты құбылысқа қарағанда, әлдеқайда сиректеу кездеседі, дегенмен қазақ өлеңінің сазында орын ала-тынын айтуға болады.

Қазақ поэзиясы ассонанс пен аллитерация деп аталатын дыбыстар біркелкілігінен туатын құбылысты да стильдік мақсатпен кеңінен пайдаланады. Өлең жолдарында немесе қатар келген сөздердің басында, мақал-мәтелдерде, тұрақты тіркестерде, монологтерде, мақала, кітап т.б. аттарында, газет-журналдардың айдарларында немесе тақырып аттарында, қысқасы, текст ішіндегі сөздер біркелкі немесе бір-біріне жуық (мысалы: **т-д, б-п, с-з** сияқты дыбыстар) дауыссыздардан бас-талып келсе, ол аллитерация деп аталады. Мысалы, Мұқағали Мақатаевтың «Жастық» атты өлеңінің мына шумағына назар аударалық:

Жастық менің **жаныма жыр** байлады,

Жастық мені **жалтартпай, шынға** айдады,

Жастық мені **шындады, шынықтырды,**

Жастық **шіркін өмірді шын** ұқтырды.

Мұнда **ж** және **ш** дыбыстарынан басталатын бірқатар сөз шоғырланған. Екінші мысал Қуандық Шаңғытбаевтан:

Кімде жоқ **к**ірбің көңіл, **к**үрсін арман,

Кейде мен **ш**ығай маңып, үн **ш**ығарман.

Кей уақыт көңіл шіркін **к**өкке **ш**алқып,

Күндер көп күмбірлетіп, **к**үй **ш**ығарған –

деп алынған өлең жолдары **к** және **ш** дауыссыз дыбыстарынан басталатын сөздерді қатыстыру арқылы жасалған. Мұнда осы шумақтың әр тармағы **к** дыбысынан басталатын сөздермен келген. Өлеңнің жеке шумақтарының немесе кейбір шағын өлеңнің бірінші сөзі тұтасымен бір дыбыстан басталатын сөздерден құралатынына Абайдың інісі – Оспанның өліміне шығарған «Жайнаған туың жығылмай» деп басталатын шағын өлеңін келтіруге болады. Бұл өлеңнің 16 тармағы (жолы) түгелімен **ж** дыбысымен келген сөздерден басталады:

Жайнаған туың жығылмай,
Жасқанып жаудан тығылмай,
Жасаулы жаудан бұрылмай,
Жаужүрек жомарт құбылмай,
Жақсы өмірің бұзылмай, **Ж**ас
куатың тозылмай, **Ж**алын
жүрек суынбай, **Ж**ан
біткеннен түңілмей, **Ж**ағалай
жайлау дәулетін, **Ж**асыл шөбі
қуармай, **Ж**арқырап жатқан
өзенің **Ж**айдақ тартып
суалмай, **Ж**айдары жүзің
жабылмай, **Ж**айдақтап қашып
сабылмай, **Ж**ан біткенге
жалынбай, **Ж**ақсы өліпсің,
япырмай!

Мұнда **ж** дыбысы тек жол басындағы сөздерде ғана емес, тармақ ішіндегі сөздерде де келіп отырады: *жайнаған туың жығылмай, жасқанып жаудан тығылмай, жасаулы жаудан бұрылмай* т.т.

Аллитерацияның құлаққа жағымды саздық қызметін мақал-мәтелдер де жақсы пайдаланады. Мысалы, «Құлан құдыққа құла-

са, құлағында құрбақа ойнар» деген мақал қ дыбысынан басталатын сөздерді шоғырлап, белгілі әсер беріп тұр. «Көппен көрген ұлы той» деген мәтелді *елмен көрген, жұртпен көрген, халықпен көрген* деп ауыстырып айтуға болмайды, өйткені мұнда *көппен көрген* деген сөздер аллитерацияны пайдаланғандықтан, құлаққа жағымды, айтуға жеңіл, еске сақтауға қолайлы мәтел болып тұр.

Қазақтың атақты билерінің сөздері көбінесе аллитерациялы болып келеді. Мысалы, «Төле би айтыпты» деген сөздерден: «Батыр деген – барақ ит, екі долы қатынның бірі табады, би деген – бір бұлақ, қатынның ілуде бірі табады» деген шешендікте *батыр, би* деген сөздеріне **б** дыбысынан бастала-тын *барақ, бұлақ* деген тенеулер алынған.

Осы құбылыс дауысты дыбыстарға қатысты болып келсе, ассонанс деп аталады. Бұл да қазақ тілінде орын алады. Бұған классикалық мысал ретінде Махамбеттің атақты «Ереуіл атқа ер салмай» деп басталатын өлеңін келтіруге болады. Мұнда өлеңнің әрбір тармағы **е** дыбысынан басталатын сөзбен келеді. Сондай-ақ ақындар өлеңнің бір жолында біркелкі дауыстыдан басталатын сөздерді алу арқылы да ассонанс тәсілін қолданады. Мысалы, Фариза Оңғарсынованың:

Айналайын, ауылдың адамдары-ай,

Сендер барда бұзылар заман қалай? –

деген өлең жолдарында **а** дауысты дыбысымен ассонанс жасалып тұр.

Аллитерация мен ассонанс құбылыстары тек үн сазын келті-ру үшін ғана емес, айтылмақ ойға екпін түсіру, ақынның көңіл күйін білдіру сияқты стильдік қызмет те атқарады. Мысалы, Жамбылдың Алғадай деген баласы Ұлы Отан соғысында қаза тапқанын естігенде:

Алатауды айналсам

Алғадайым табам ба?!

Сарыарқаны сандалсам

Саңлағымды табам ба?! –

деп күңірену үстінде *Алатауды айналсам, Алғадайым... Сары-арқаны сандалсам, саңлағымды...* деп ассонанс пен аллитерация жасап, *Алғадай, саңлақ* сөздеріне екпін түсіріп, әке

зарын мейлінше әсерлі етіп беріп тұр. Біркелкі дыбыстар-ды не буындарды таңдап, қатар тұрған сөздердің басында не ортасында келтіру айтылмақ ойға әсерлі оң беріп, образ жасауға да қатысады. Мысалы, Мұхтар Әуезов «Еңлік-Кебек» пьесасындағы Абызды сөйлеткенде: «Сыбдыр сөзбен шығарып сап, сынайын деп **к** епсің ғой, **көлгір** сөзбен **көлденең** болғың кепті ғой», – деп, **с**, **з** дыбыстарын ойнатады. Демек, бұл рөлді ойнаушы актер аллитерация жасап тұрған дыбыстар-ды ерекше мәнерлеп айтса, құба-құп болар еді. Екінші мысал: «Қарагөз» пьесасындағы Сырымның сүйген жары жынданып кеткен сәттегі ышқына күйінген образын беру үшін, оның монологіне **с**, **з** дыбыстары бар сөздерді шоғырлап келтіреді: «Өсер..., өсер..., не өсер?. Тек зұлымдық өсер нөсер болып се-нен. Сор өсер, ар өшер! Өскенде тек зар өсер сенің лағынет табаның астында!». Мұнда да дыбыстардың айтылуы ерекше калыптасып, жай сөйлеу нормасынан өзгеше болуы керек, яғни **с**, **з** дыбыстарын өзге дыбыстардан бөліңкіреп айтқан аб-зал, сонда ыза, қайғы, зар буған кейіпкердің образы айқындала түседі.

Сөйтіп, көркем әдебиет пен сахна өнері сөз сазы-на, сөздердің дыбысталу сипатына бейтарап емес екендігі байқалады. Сондықтан бұл жайтқа көркем әдебиетті оқытып үйрететін мектеп мұғалімдері мен сахна шеберлерін: актерлер мен әншілерді, көркем сөз айтушыларды тәрбиелейтін оқу орындарының ұстаздары мен режиссерлер назар аударулары шарт.

СӨЗ САЗЫ НОРМАЛАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЖАЙЫ

Сөзді дыбыстау, яғни дұрыс айту нормалары – барлық сәттерде бірдей, ешбір бұлжымайтын нәрсе емес. Жалпы ауызша сөйлеудің, яғни сөзді ауызша жеткізудің екі типі бар: бірі – сөздерді толық әуенмен (ғылымда ол «толық стиль» деп аталады) айту, екіншісі – әдеттегі сөйлесу әуенінде айту. Сөздерді толық әуенмен айтқанда, оларды нақпа-нақтап, бір-бірімен аса жымдастырмай, кейде сөз аяғын созып, әр сөзді тыңдаушыға мейлінше анық етіп жеткіземіз. Бұл әуен ми-тинг сияқты аса көп жұрт жиналған жерлерде қолданылады, өйткені митингілерде мыңдаған адамға қарата айтылатын сөз өте маңызды болғандықтан, ол сөздің барша тыңдаушыға ба-рынша түсінікті болып, мейлінше анық естілуі көзделеді. Сондай-ақ айтылмақ сөзді (ойды) тілі жаңа шығып келе жатқан сәбиге немесе сол тілді әлі әбден меңгермеген өзге ұлт өкіліне түсінікті етіп білдіру үшін де толық айту мәнерін қолданамыз. Бірақ өмірде сөздерді толық айту мәнерінен гөрі сөйлесу әуені әлдеқайда жиі қолданылады. Бұл мәнерде сөздер аса шапшаң емес, бірқыдыру баяулата, бірақ дауыс ырғағы жағынан топ-тастырыла, бір-бірімен қиюластырыла айтылады. Театрларда, радио мен теледидарда, топ алдына айтылатын (оқылатын) лекция-баяндамаларда сөз айтудың осы әуені пайдаланылады.

Сөйлесу мәнерінің өзі де біркелкі емес. Оның көтеріңкі, салтанатты үнмен және жай үнмен айтылуы бар. Салтанатты үнде кейбір сөздерді әдейі бөліп айту немесе созып айту, кейде тіпті толық әуенмен айтқандай, әрбір сөзді нақпа-нақтап дыбыстау орын алады. Мысалы, радио мен теледидардан берілетін мемлекеттік, халықаралық маңызы аса зор ресми хабарлар көбінесе салтанатты әуенмен беріледі. Пьесаларда да белгілі бір жағдайға (ситуацияға) орай кейбір монологтер немесе тіпті бірекі ауыз сөз де көтеріңкі үнмен айтылуы мүмкін. Бірақ қай-қайсысында да тыңдаушыға түсінікті болып шығатын айқындықпен қатар, сөздердің сөйлеу актісіндегі бір-біріне ететін әсері, дыбыстардың бір-бірінің ыңғайына қарай үндесіп, үйлесіп айтылуы қатаң сақталуға тиіс. Бұл талап әншілер мен актерлерге, дикторлар мен комментаторларға, мұғалімдер

мен лекторларға және жиын-жиналыстарда сөйлеушілерге, баяндамашыларға қойылады.

Сөздердің бір-бірімен үндесетін дыбыстық заңдарының күші барлық жерде: күнделікті сөйлеу тәжірибесінде, мектеп оқушылары мен студенттердің сабақ үстіндегі сөйлегендерінде, беретін жауаптарында, драма, комедия, трагедия сияқты пьесаларда ойнағанда, тақпақ айтқанда, кинода, радио мен телехабарларда, жиналыстар мен митингілерде сөйлегенде бірдей болғанмен, әр жанрдың, тіпті бір жанрдағы әр шығарма түрінің, әр жағдайдағы сөйленген сөздің айтылу мәнерінде айырмашылықтар болады. Мысалы, сөз дыбыстарын «ойна-тып» әрі белгілі бір өлшеммен жазылған, мақал, мәтел, фразеологизмдерге бай «Еңлік-Кебек», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Айман-Шолпан», «Қарагөз» пьесалары (бәрі де – Мұхтар Әуезовтікі), Ғабит Мүсіреповтің «Ақан сері-Ақтоқты», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» пьесалары, Қалижан Бекхожиннің «Ұлан асуы», Тахауи Ахтановтың «Ант» драмасы, С. Сыматаевтың «Зар заман» пьесаларының сөздерін айту мен біздің күндеріміздің тақырыптарына арналған пьесалардың сөздерін айтудың арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Алдыңғылардың тілі дыбыстар гармониясын (сазын) көбірек талап етеді, сөздің музыкалығын, әуезді болуын қалайды. Олардағы ырғақтық-мелодикалық топтардың өзі тілімізде әбден қалыптасқан, сөздері бір-бірімен ұйқас, өлшем дегендер-мен «цементтелген», яғни жымдасқан, үндескен болып келеді. Мысалы, «Еңлік-Кебектегі» Көбей мен Еспембеттің айтысын алайық. Мұндағы курсивпен теріліп көрсетілген сөздердің ай-тылуына назар аударыңыз (жазуда бүкіл тексті мүмкіндігінше транскрипциялап көрсетуге тырыстық, дегенмен сөздердің сөйлеу актісіндегі дыбысталуын таңбалармен білдіру өте қиын, яғни транскрипцияда сөздің жазылуы мен айтылуы айна-қатесіз дәлме-дәл түсе бермейді):

Еспембет. Тобұқтұ / шайалыгығыңды ғылдыңба / білегі
жұуандығыңды ғылдыңба / алалы жылқы / ақтылы гойұн /
жосұлтұб алдың // ата гонұсұнан / іргесін аудардың / ай дер
ажә / қой дер қожә / болған жоқ // жетіботұрған жесірімді
/ бір тентегің/ат сауұрұна салыб әкетіб отұр // ағайын //
ұзұнда өштү / қысқада кектімессің // бітім сұрап / кісі салсам
/ бақайыңнан гелтірмейсің //

Көбей. Еспембет / кеден недем болт / кедергі недем болт / деб отұрсұң ... қой асығын / қолұңап / қолайыңа жақса / сақа зой // саптайаққа / ас құйұп / сабынан /қарауұл гарайтын болсаң / мем бйілік айтпайым//.

Бұл үздіктердегі тұрақты тіркестер (фразеологизмдер) мен мақал-мәтелдер курсивпен көрсетілді. Бұлар текстің белгілі бір өлшеммен, ырғақпен айтылуына жәрдемдесіп, айтысушы би-лер сөзін құлаққа жағымды сазбен жеткізеді.

Тұтасынан өлеңмен, оның ішінде ақ өлеңмен де (ақ өлең дегеніміз – ұйқасты, ырғақты сөз орайымен берілген мәтін) жазылған пьесалар тілінің музыкалылығы тіпті күшті болады. Ал жай диалогтермен берілген, яғни кейіпкерлерін әдеттегі ауызекі тілмен сөйлеткен пьесаларда бұл кейіпкерлер, сөз жоқ, Еспембетше, Абызша, Көбейше немесе Ақан сері мен Ақтоқтыша сөйлемейді. Әрине, қалыптағы тұрмысқа сай сөйлегенде де, мақал-мәтелдер мен айшықты сөз тіркестерін қолданамыз, бұл – пьесаларда да орын алады. Дегенмен Еспем-беттің сөзі мен қазіргі бір инженердің немесе «қаладан келген қылжақпастың» сөзі ішінде мақал-мәтел, ырғақты тіркестер болғанмен, олардың сөздері дыбысталуы мен сазы жағынан бірдей айтылмайды.

Бұдан «өткен замандардағы кейіпкерлердің сөзін айту қиын, қазіргі адамдардың сөзін айту оңай» деген тұжырым шықпайды: әңгіме – кейіпкердің қай кездің адамы екендігін-де емес, пьесаның жанрлық ерекшелігінде, қай стильде ұсынылғандығында. Романтикалық стиль көбінесе көтеріңкі саз-бен, белгілі бір ырғақпен айтуды қалайды. Ал бүгінгі күнделікті өмір тақырыбына жазылған пьесалардағы кейіпкерлердің дені әдеттегі сөйлеу үнін ұстанады. Әрине, қазіргі сөйлеу тілімізде де белгілі нақышқа келтіре ерекше айтатын тұстар аз емес.

Қысқасы, бұл айтылғандардан, актерлер сахна сөзінде өздері ойнайтын әр пьесаның жанрлық-стильдік сипатын, кейіпкердің образын қатты ескерулері қажет. Қай заманды суреттеген шығарма болмасын, қай тақырыпқа жазылған пьеса болма-сын, қай жанрдағы өлең мен мәтін (тақпақ, терме т.т.) болма-сын – барлығы да қазақ сахнасы мен киносынан, радиосы мен теледидарынан көркем сөздің құлаққа жағымды келіп, табиғи түрде айтылуы (дыбысталуы) талап етіледі.

Сөзді дұрыс жазу (орфография) сияқты, дұрыс айту да (орфоэпия да) – әдеби тілдің бір қыры. Екеуінің де міндеті – тілді әркім өз қалауынша, өз білгенінше жұмсамай, оның көпшілікке ортақ барша заңдылықтарын сақтап пайдалану болып та-былады. Ондай ортақтық пен ыңғайлылық үшін белгілі бір орфоэпиялық нормалардың болуы – заңды да, міндетті де. Ол нормаларды қатаң сақтау, жетілдіру, орнықтыру – қазақ тілінде сөйлейтін барша жұрттың (әр адамның) борышы. Әсіресе бұл абыройлы міндет мұғалімдер мен мәдениет қызметкерлерінің, сахна қайраткерлері мен әншілердің, жиналыс, жиындар-да шығып сөйлеушілердің, дикторлар мен жалпы радио-дан, теледидардан сөйлеушілердің алдында тұрады. Бұлар тіл мәдениетінің бір ұшы – сөзді дұрыс айту заңдылықтарын (ережелерін) берік ұстанып, оларды қалың жұртшылыққа жаю-шылар, орфоэпиялық нормалардың жоқтаушылары болулары тиіс.

Өкінішке орай, бүгінгі таңда бұл талап толық орындалып отырған жоқ. Сөзді (ойды) ауызша айтуда әркімсі себептерден болып жатқан қателіктер мен жайсыздықтар орын алып келеді. Солардың ішінде ең жиі кездесетіні – қазақ тілінің дыбыс жүйесінің табиғи тәртібі болып саналатын үндестік заңдарын сақтамай, сөздерді қалай жазылса, солай оқу (айту) немесе сөздің жеке тұрғандағы тұлғасы қандай болса, сол күйінде айту қателігі. Мысалы, **қ, к, п** сияқты қатаң дыбыстарды қажет жерінде ұяңдатпай айту жиі ұшырасады. Соның салдарынан *күңгөрүү, негерек, аздаңгейін, құрғол, ағала* болып айтылуға тиіс сөздерді жазылуынша *күнкөру, некерек, азданкейін, құрқол, ақала* түрінде айтушылық етек алып барады (бұл сөздер бір ырғақпен айтылатын топтар болғандықтан, біріктіріп жаздық, әйтпесе олардың жазылуда *күн көру, не керек, аздан кейін, құрқол, ақ ала* болып, бөлек-бөлек таңбаланатыны аян). Сондай-ақ *балгер, сәудегер, шәй, Жәмилә* деп дыбысталуға тиіс сөздерді жазылуынша *балгер, саудагер, шай, Жәмила* деп айтушылық та жоқ емес.

Бұл күнде сөз сазына қатысты қиындықтың көзге түсетін және бір тұсы – **о, ө, е** дауысты дыбыстарының қазақ сөзінің басында келгендегі айтылуы. Қазақ сөздерінің басындағы осы дыбыстардың алдында қосамжар **у, й** дыбыстары айтылуы

керек болса, бұл заңдылықты сақтамай, сөздерді «орысша» айту байқалады: *отан* сөзінің қазақша айтылуы *уотан* болуы керек, *ел* сөзі орысша айтсақ, *эль*, қазақша дұрыс айтар болсақ, *йел*. Сол сияқты сөз басында немесе бірінші буында келген **о, ө, ұ, ү** еріндік дыбыстарының келесі буындардағы **ы, і, е** де-ген езулік дауыстыларын өздеріне ұқсатып айтқызатыны да ескерілмей, сөздердің жазылуынша оқылуы орын алып келеді. Мысалы, *құруқ*, *күлүмгөз*, *күмүс* деп айтылуға тиіс сөздерді *құрық*, *күлімкөз*, *күміс* деп айту әсіресе жастардың тілінде жиі кездеседі.

Дикторлар мен хабар, концерт жүргізушілердің, оқушы жастардың сөз сазындағы тағы бір қатесі – сөздердің ешбір дыбысын түсірмей, әр сөзді немесе біріккен сөз, қос сөздердің әр бөлігін (компонентін) бөліп-бөліп айтатын тұстарында көзге түседі (дәлірек айтсақ, құлаққа шалынады). Мысалы, *Құрман газының күйі Сары арқа, Ықыластың күйі Кері толғау, Мұхиттың әні Кіші айдай* деп, ән-күй аттарын (білдіріп тұрған екі сөздің әрқайсысын бөлек-бөлек айтатын конференциялар мен дикторлар жоқ емес. Әрине, олардың бұл әрекеттегі ниеттері адал, өйткені бұл орайда шығарма аттарын тыңдаушыға анық етіп жеткізсем дегенді көздейтін болар. Бірақ сөздің түсінікті, анықтығы әр сөздің жеке-жеке айтылуынан шықпайды. Сондықтан жоғарғы ән-күй аттары қазақ құлағы кәнігі түрде қабылдайтын *Сарарқа, Кертолғау, Кішайдай* деген әуенде, яғни екі сөздің аралығындағы дауыстылардың бірінің «жұтылып» кеткен түрінде айтылуға тиіс, себебі *Сарарқа* атауы *сары* және *арқа* деген сөздердің жеке-жеке мағыналарынан хабар бермейді, екеуін қосып (тіркестіріп) айтудан жаңа сөз – жер атын білдіретін жалқы есім болып тұрғанын нысанаға алу қажет.

Қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларының бұзылуына себеп болатын факторлардың және бірі – сөзді ауызша айтудағы жазба тілдің, жазудың ықпалы, яғни сөзді жазылуынша оқу дәстүрі.

Әдеби тілді дамытуда, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде, лексика-грамматикалық және орфографиялық нормаларын қалыптастырып, көпшілікке жаюда жазудың рөлі зор екені мәлім. Жазу – бұл күнде әдебиеттің барлық түрін таратудың

басты құралы. Осындай орны ерекше жазудың сөзді дұрыс айту саласына келгенде, ескеретін бір жайы бар. Ол – сөздің жазылуы оның дыбысталуымен, әсіресе сөйлеу актісінде ай-тылуымен әрдайым сайма-сай келе бермейтіндігі. Сөзді дұрыс жазу бар да дұрыс айту бар, яғни сөздің орфографиялық норма-лары бар да орфоэпиялық нормалары бар. Бұл екеуінің дәлме-дәл түсетін сәттері де аз емес. Мысалы, сөздердің қалай жа-зылса, солай оқылатын жерлері болады. Айталық, *кіндігімнің жас қаны тамған жері* – аулым деген өлең жолының бірер сөзінен (*аулым* – *ауұлұм*) басқасы осы жазылған түрінде ай-тылады. Мұнда дыбыстары бір-біріне әсер етіп, бірін-бірі сәл өзгертетін орындар жоқ. Ал көптеген жағдайда сөздер жазылу-ынша айтылмайды (оқылмайды). Мысалы, Абайдың:

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,

Аспанда ай мен күн шағылса да, –

деген өлең жолдарын дәл осылай жазылғанынша оқу (айту) – өрескел қате болар еді, яғни «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиюдің» орнына құлақты кесіп, түрпідей тиер еді. Мұнда дыбыстардың айтылуда бірін-бірі өз ыңғайына көндірген сәттері бар, сондықтан:

Жарқетпес / қарагөңүлүм/ неғылсада //

Аспанда / аймененгүн / шағылсада //

түрінде оқылып, жазылуы мен айтылуында айырмашылық болады. Бұл жерде сөздерді соңғы көрсетілгендей айтылуынша жазу қандай қате болса, жазылуынша оқу (айту) сондай қате болып шығады.

Сөздерді жазылуынша оқудың өзі де – себепсіз емес. Оны тек жауапсыздықтан немесе білместіктен деуге болмас. Радио мен теледидар тыңдаушыларына, оқушылар мен студенттерге, жиын-жиналыстарға қатысушылар сияқты қалың көпшілікке қарата айтылған сөздің неғұрлым түсінікті, айқын болуын діттейміз, ал сөздерді нақпа-нақтап жеке-жеке айтқанда, олар анығырақ естіледі де түсініктірек болып шығады. Анығы – анық, бірақ бірді іздеп, екіншіні жоғалтып аламыз: анықтық бар, сөз сазы жоқ. Мұндайда ой болады және ол ойды білдіріп тұрған сөздер жеке-жеке түсінікті, анық болады, бірақ олардың бір-бірімен қиюласқан үйлесімі жоқ болып шығады. Бұл – сөздерді қазақша айту емес, қазақша тізбектеп өту болып

шығады. Алдымызда тілдің өзі емес, фотосуреті көрсетілгендей әсер етеді, өйткені ғалымдардың біреуінің тауып айтқанындай, жазу – тілдің фотосуреті іспетті, ал нағыз тілдің өзі – оның сөйлеу барысындағы көрінісі.

Кейбіреулер актер мен әншілердің, дикторлардың, оқушылардың және жалпы көпшіліктің ауызша тіліндегі жоғарыдағыдай қателіктерінің басты себебін қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктеріне байланыстырып, содан іздейтін сияқты. Бұл – дұрыс емес.

Сөз жоқ, қазақ тілінің кейбір дыбыстарының айтылуына қатысты жер-жерге қарай ажыратылатын айырмашылықтары бар. Мысалы, әдеби тіліміздегі сөз басында келетін **ш** дыбысын **ч** етіп айту (*чатақ, чын, чырақ*), сөз ортасында келген **нд** дыбыстарының орнына **нл** дыбыстарын айту (*маңлай, таңлай, аңлау*), сол сияқты сөз ішіндегі **л** дыбысын түсіріп айту (*бол-майды* деудің орнына *бомайды, келген жоқ* деудің орнына *кеген жоқ* деу), сөзге **р** дыбысын қосып жіберу (*жоңырышқа, меруерт*), **ж** дыбысының орнына **й** дыбысын айту (*ойақ- бұяқ*

– *ол жақ, бұл жақ* деудің орнына) т.т. осы тәрізді құбылыстар – Қазақстанның белгілі бір өлкесі тұрғындарының сөйлеу тілінде кездесетін ерекшеліктері. Жергілікті ерекшеліктерге қарай екі түрлі дыбысталатын едәуір сөздердің әдеби варианты бұл күнде бірқыдыру тұрақталып, нормаға айналды. Мысалы, *маңдай* (*маңлай* емес), *таңдай* (*таңлай* емес), *ие* (*еге* емес).

Бұл көрсетілгендердің жақша ішіндегі варианттарын жазушы өз кейіпкерлерінің тіліне әдейі келтіргенде ғана солай айтып, өзге жағдайда әдеби нормасымен айту қажет.

Бір жақсысы – актерлер мен әншілердің, дикторлардың сөз-дерінде әркімнің өз ортасында (отбасында, аулында) сөйлеп үйренген дағдысына тартып, әдеби нормадан ауытқушылық аса көп байқалмайды, тіпті жоққа тән. Мұндай ауытқушылық көбінесе қарапайым адамдардың өзара сөйлескендегі күнде-лікті тәжірибесінде байқалады.

Сірә, сөздерді дыбыстауға келгенде, көпшілік алдында сөйленетін тұстарда диалектілік ерекшеліктердің көп байқалмай отырғаны жазуға байланысты болар: әдетте жазба дүние әдеби норманы сақтайды. Демек, *таңдай, жоңышқа, бұ жақ, о жақ* деп жазылған дүниені осы түрінде айту – сөзді жоғарыда өзіміз қате деп көрсеткен жазылуынша оқу дегеннің көрінісі.

Бұл жерде жазылуынша оқудың зияны емес, пайдасы тиіп тұр. Бірақ, әрине, оған қарап, сөздерді жазылуынша оқу пайдалы деген қорытынды шығаруға болмайды: жергілікті сөздер әдеби нормадағы сөздердің ішінде теңіздегі тамшыдай ғана, теңізге зиянды нәрсені тамшыға тигізетін пайда басып кетпейді.

Қазіргі кезде кездесетін орфоэпиялық қателер – осылар ғана емес, өзге тұстарда да бары даусыз. Сөзді дұрыс дыбыстауда бұл сияқты бұрыстықтардың орын алу себебі неде деп іздесек, олардың бірнешеуі екенін көреміз. Ең бастысы және ең қауіптісі, әдетке айналғаны – тілге, оның қолданылу мәдениетіне деген жауапсыздық, немқұрайдылық көзқарастың орын алып отырғандығы, екіншісі – қалың жұртшылыққа тіл нормаларын үйретудің, тіл мәдениетіне баулудың әлсіз, жүйесіз болып келгендігі. Әсіресе қазақша сөйлеу үстінде сөздерді дұрыс қиюластырып, ана тіліміздің табиғи дыбыс заңдарына бағындырып айту нормаларын үйрету сияқты іс-әрекеттердің мектептерден бастап, барлық ортада, оның ішінде радио, теледидар, театр, сахна өнері сияқты ауызша тілді кеңінен пайдаланатын жерлерде мардымсыз жүргізіліп жатқандығы. Бұл ретте орфоэпиялық анықтама құралдардың: сөз сазы ережелерінің, орфоэпиялық сөздіктердің және өзге де толып жатқан көмекші материалдардың өте аздығы, бірді-екілі мұндай құралдардың бір басылымынан екіншісіне дейін ондаған жылдардың өтіп жатқандығын баса айтуға болады. Мысалы, А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты тарапынан ұсынылған «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» (авторы – Қ.Неталиева, жауапты редакторы – М.Балақаев) 1977 жылы бір-ақ рет жарық көрді. М.Дүйсебаеваның мектеп оқушыларына арналған «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі» 1981 жылы шықты. Сөзді дұрыс айту ережелері берілген құрал («Сөз сазы», авторы – Р.Сыздықова) «Ғылым» баспасынан 1983, 1995 жылдары баржоғы 1000 дана болып жарияланды. Демек, бұл құралдардың шыққанына он жылдан астам уақыт өтіп бара жатқаны – сөз, сөйлеу мәдениетімізді көтеруге сеп болып отырған жоқ.

Ана тіліміздің ауызша қызмет ету өрісі кеңейіп, оған үлкен әлеуметтік мән беріліп жатқан бұл күндерде сөз сазына арналған мұндай анықтама құралдардың түрлерін көбейту және мол тиражбен жиі-жиі жарыққа шығару қажеттігі туып отыр. Осы кітап – сол қажеттікті өтеудің бір ғана құралы.

СӨЗ САЗЫ ЕРЕЖЕЛЕРІН ИГЕРУДЕ ЕСКЕРІЛЕТІН ЖАЙТТАР

Қазақ тілінде сөздерді дұрыс айтудың (дыбыстаудың) негізгі-негізгі заңдылықтарын, яғни сөз сазы ережелерін саралап көрсетпес бұрын, осы қағидаларды жақсы түсініп, дұрыс игеруге қатысты бірқатар жайттарды әңгімелеу қажет. Олардың бірі – сөйлеу үстінде сөздердің екіден-үштен топтасып, бір деммен айтылатындығы.

Сөйлеу актісінде айтылуы жағынан сөздердің бір-біріне ететін ықпалы, дыбыстық өзгерістері бір деммен топтасқан сөздердің¹¹ ара-жігінде және өн бойларында пайда болады. Сондықтан, ең алдымен, «бір деммен топтасқан сөздер» дегеніміз не, яғни сөздер қандай жағдайда бір деммен, бір ырғақпен, бір ритмикаға топтасып айтылатындығын біліп алған жөн. Өйткені сөйлеу барысында қатар айтылатын кез келген сөздер бір-біріне әсер етіп, дыбыстық өзгерістерге ұшыратпайды, белгілі бір тіл заңдылығымен ғана топтасатын сөздердің аралығында немесе өн бойларында фонетикалық құбылулар пайда болады.

Қазақ тілінде сөйлем ішіндегі сөздер дауыс ырғағы жағынан әрқайсысы бөлек-бөлек айтыла бермейді, көбінесе екі-екіден немесе екі-үштен бір ырғақты топ құрап, бір деммен үндесіп, үйлесіп айтылады. Мысалы, анықтауыш пен анықталатын сөздер бір ырғақпен жымдасып, дыбыстары бір-біріне ықпалын тигізіп айтылады: *айдыңғөл* (жазылуы: *айдын көл*), *сұлұуғыз* (*сұлу қыз*), *қарөлең* (*қара өлең*), *ағайдын* (*ақ айдын*), *саратан* (*сары атан*). Сол сияқты екі сөзден тұратын күрделі етістіктер де бір ырғақты топ құрайды: *келегалды* (жазылуы: *келе қалды*), *алалмады* (*ала алмады*), *жетіппарды* (*жетіп барды*), *қолғойдұ* (*қол қойды*). Бұл айтылғандарға мәтін арқылы мысал берелік. Мысалды жазуда әр топтың жігін бір тік сызықшамен, сөйлем аяқталып, толық тыныс (пауза) болған жерді қос тік сызықшамен (ажыратып көрсеттік, демек, бір тік сызықшаның ішінде тұрған сөздер ырғақты бір топ болып саналады. Топ құрайтын сөздер шартты түрде қосылып жазылып, дыбысталу қалпы транскрипцияланып көрсетілді. Мысалы:

¹¹ «Сөз сазы» орфоэпиялық ережелерді ұсынған («Ғылым» баспасы, 1983) анықтағыш құралда бұларды «ритмикалық топ» деп «орысшалау» атаған болатынбыз. Енді «қазақшалап» «ырғақтық топ» деп атағанды жөн таптық.

Құйрұғұжоқ / жалыжоқ/
Құланғайтып / күнгөрөр //
Аяғыжоқ / колұжоқ/
Жылаң ғайтып / күнгөрөр //

«Асанқайғы толғауынан» деп айтылып жүрген бұл сөздердің жазылуы:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ
Құлан қайтіп күн көрер.
Аяғы жоқ, қолы жоқ
Жылан қайтіп күн көрер.

Прозаға қарағанда, өлең тіркестеріндегі сөздердің топтарын ажырату оңайырақ, өйткені өлеңнің өзі ырғаққа құрыла-тындықтан, ондағы сөздердің топтасуы өз-өзінен шығып тұрады, оның үстіне бұған әр тармақтың ара-жігі, ұйқас деген-дер де көмектеседі.

Қара сөзбен келген текстерде де сөздер топтарға жіктеліп айтылады. Мысалы, «Қарагөз» драмасындағы Сырымның мына монологіндегі сөздер былайша топтасады:

Қырықкүн // қаралығайғымен / жылаумен / кырықкүнөттү // алдағашан / өлөрмін / итөмүрден / кетермін / дебедім // әлігүнгө / менарсыз / тірімін // кімдігүтөм / нені / медеуғылам / нетілеймін //

Бұл текстің жазудағы түрі: Қырық күн! Қаралы қайғымен, жылаумен қырық күн өтті. Әлдеқашан өлермін, ит өмірден кетермін деп едім. Әлі күнге мен арсыз тірімін! Кімді күтем, нені медеу қылам, не тілеймін ?

Ырғақтық-мелодикалық топтардың ара-жігінде әрдайым айқын сезінерліктей дауыс кідірісі (пауза) бола бермейді, анық пауза көбінесе сөйлемнің соңында, бірыңғай мүшелердің арасында, оңашаланған не айқындалған мүшелердің айтылуында, тағы сол сияқты синтаксистік жіктердің аралығында болады. Мысалы, жоғарғы тексті терең паузаларға қарай ажыратсақ, былайша белгіленер еді! (бұл жерде паузалардың ара-жігіне үш тік сызықша қойылды): Қырықкүн /// қаралы қайғымен /// жылаумен қырықкүн өттү /// алдағашан өлөрмін /// ит өмүрден кетермін дебемім /// әлігүнгө /// менарсыз /// тірімін /// кімдігүтөм /// нені медеуғылым /// нетілеймін ///.

Мұндағы бірінші пауза (*қырық күн* дегеннен дейінгі) – өз алдына сөйлем іспетті. Сырым бұл монологінде «қырық

күн» деп бөліп айту арқылы Қарагөздің қазасын, ол қазаның халық дәстүрі бойынша белгілі бір меже-мерзімі өткенін (*қырқы* өткенін) білдіреді де сол уақыттың ішіндегі өзінің жан күйінішін баяндайды. *Қаралы қайғымен, жылаумен* деген-дердің арасындағы пауза бірыңғай мүшелерді ажыратады. *Қырық, күн өтті* дегеннен кейінгі пауза сөйлемнің соңындағы дауыс үзілісін танытады. Келесі екі пауза тағы да бірыңғай мүшелерді ажыратады да *деп едім* дегеннен кейін сөйлем аяқ-талады. Ал *мен арсыз* дегеннің екі жағынан паузаның болуы оның орны ауысқан, логикалық екпін түскен бастауыш екеніне байланысты. *Тірімін, кімді күтем, нені медеу қылам, не тілеймін* дегендердің арасындағы пауза олардың бірыңғай баяндауыштар екендігіне байланысты.

Міне, сөйлем ішінде осы тәріздес ырғақтық топтардың аражігінен өзге тұстарда да паузалар болады екен. Бұл паузалардың басым көпшілігі ырғақтық топтардың жігіне сай келеді.

Сөйлеу үстінде сөздер мынадай сәттерде бір ырғақпен айтылып, топ құрайды.

1. Анықтауыш пен анықталатын сөздер бір деммен айтылады да бір топқа енеді. Мысалы, *қалқан құлақ, шегір көз, қара қарындаш, ақ ерке, тас жол, аямас жау, алты ай, қара аспан, ақ орамал, екі қап* дегендердің алдыңғы сөздері (*қалқан, шегір* т.б.) – заттың түрін, түсін, сипатын, қасиетін, тегін білдіретін анықтауыштар, соңғылары – анықталып тұрған сөздер. Мұндай бір ырғақты сөз топтарының компоненттері (құрамды бөлшектері) бір-біріне ықпалын тигізеді, сондықтан олардың жазылуы мен айтылуы бірдей түсе бермейді. Жоғарғы сөздердің дұрыс

Жазылуы:

қалқан құлақ
шегір көз
қара қарындаш
ақ ерке
тас жол
аямас жау
алты ай
қара аспан

Айтылуы

қалқанғұлақ
шегіргөз
қарағарындаш
агерке
ташшол
айамашшау
алтай
қараспан

Бұл айтылғанға мысал ретінде Абайдың мына бір шумақ өлеңінің дұрыс оқылуын (айтылуын) көрсетейік:

Аласаз / қарагөзү / айнадайын //

Жүрөкке / ыстықтйіп / салған сайын //

Үлбүрөген / ағетті / ашығжүзді //

Тісәдемі // көрүппең / кыздыңжайын //

Анықтауыш пен анықталғыштан тұратын топтардың барлығының бірдей айтылуы мен жазылуы бұлайша алшақтана бермейді. Мысалы, *алтын сағат, ағаш қасық, бұран бел, жо-март адам, арық кой* деген топтар қалай жазылса, солай айты-лады, өйткені бұлардағы сөздердің бір-біріне тигізетін әсерінде дыбыстық өзгерістер болатын сәттер жоқ.

2. Толықтауыш пен баяндауыш, бастауыш пен баяндауыш, пысықтауыш пен баяндауыш араларына сөз түсірмей қатар келсе, жай хабарлау ретіндегі сөйлемдерде олар бір деммен айтылады. Мысалы, *Біз үйге кеттік* деген сөйлем *Біз/үйгөгеттік* болып айтылады. Сол сияқты *Жолаушы тез келді* дегенді *Жолаушы / тезгелді* деп айту керек. Мұндағы *үйге, тез* деген сөздер – толықтауыш, пысықтауыштар да *кетті, келді* дегендер – баяндауыштар. Сондықтан *тезгелді, үйгөгеттік* болып үндесіп айтылады.

Кейде баяндауышқа логикалық екпін түсіру керек болады. Ондайда баяндауыш дауыс ырғағы жағынан дара айтылады да алдыңғы сөзбен үндеспейді. Мысалы, «Еңлік-Кебек» пьесасында Кебек елден пана таба алмай, тау кезіп, тас кешіп кететінін білдіріп: «*Ал / біз / кеттік!*» дейді. Мұнда *кеттік* сөзіне ой екпіні түсу керек, сондықтан бастауыш, баяндауыштар қатар тұрғанмен, *кеттік* сөзі ырғақтық топқа кірмейді, демек, басқы дыбысы ұяндамайды. Тағы бір мысалға мына екі сөйлемді салыстырайық: *Меңгөрдім / ұзұнғайың / құлағанын //* (Абай). *Мен қазақпын / мың өліп / мың тірілген //* (Ж.Молдағалиев). Алғашқы өлең жолында бастауыш пен баяндауыш үндесіп айтылады (*меңгөрдім*), өйткені мұнда *көрдім* сөзіне ой екпіні түсіп тұрған жоқ, ал соңғы өлең жолында *мен / қазақпын* деген бастауыш пен баяндауыш екі бөлікте айтылуға тиіс, өйткені ой екпіні өзге ұлт емес, *қазақпын* дегенге түсіп тұр, сондықтан *меңғаззақпын* деп үндестірмей, *мен қазақпын* деп оқыған дұрыс.

3. Қазақ тілінде фраза мен идиом деп аталатын қалыптасқан тұрақты тіркестер бар, олардың көпшілігі екі-үш сөзден тұрады. Бұлар да бір деммен дыбысталатын тұтастық құрап, жымдасып, кірігіп айтылады. Мысалы:

Жазылуы:

ашық ауыз
көз көрім (жер)
қарға адым
қас пен көздің арасында
қырғи қабақ

Айтылуы:

ашығауұз
көзгөрүм
қарғадым
қаспенгөздүң арасында
қырғиғабақ

Әрине, тұрақты тіркестердің барлығы айтылуда бұлайша дыбыстық өзгеріске ұшырай бермейді. Мысалы, *ат ізін салмады, таң сыз берді, ауа жайылды* деген сияқтылар жазылған күйінше айтылады, өйткені бұларда да компоненттер арасындағы дыбыстық ықпал өзгеріс туғызбайды.

4. Екі-үш сөзден құралып, бір ғана іс-әрекет атауын білдіретін күрделі етістік дегендер болады, олар да бір ырғақпен айтылады.

Жазылуы:

ала келді
келе алмады
бармап па еді
айтып берді
оқып отыр

Айтылуы:

алагелді
келалмады
бармаппеді
айтыпперді
оқыботұр

Күрделі етістіктердің басым көпшілігі бір деммен айтылғандарымен, дыбыстық өзгеріске ұшырамайды, өйткені бұлардың сөз аралығында үндестік заңдарына қарай дыбыс икемделуі жоқ. Мысалы, *келе жатыр, бара бер, айтып қой* деген сияқты күрделі сөздер жазылған түрінше айтылады.

Күрделі етістіктердің екінші бір тобы *пайда көрді, қол қойды, жүрек жалғады, көз көрген, доп ойнады, асық атты, еске алды, қайқаң қақты* сияқты есім мен етістіктен тұратын-дар болып келеді. Олар да топ құрап, бір ырғақпен айтылады. Жоғарғы мысалдардың айтылуы былайша болады: *пайдагөрдү, қолгойдү, жүрөгжалғады, көзгөргөн, добойнады, асыгатты, ескалды, қайқаңғақты*.

5. *Ол, бұл, сол, не* деген есімдіктермен келген тіркестер де ырғағы жағынан біртұтас болып айтылады. Мысалы: *солгезде, бұлгүндері, бұлгалада, олғыз, негерек, негеремет, неғылсаң оғыл*. Бұлардың жазылуы: *сол кезде, бұл күндері, бұл қалада, ол қыз, не керек, не керемет, не қылсаң о қыл*.

6. *О, а, я, е* сияқты одағайлармен келген қаратпа сөздер бір дауыс ырғағымен айтылады да, қаратпа сөз **қ, к** дыбыстарынан басталып тұрса, бұл дыбыстар **ғ, г** болып айтылады. Мысалы:

<i>Жазылуы:</i>	<i>Айтылуы:</i>
а Құдай	ағұдай
о керемет	огеремет
я қызым	йағызым

7. Біріккен сөздер де бір ырғақтық топ құрайды. Олар қалай жазылған күнде де (түбірлерін сақтап немесе сақтамай) бір-біріне үйлесіп, үндестік заңдарына бағына айтылады. Мысалы:

<i>Жазылуы:</i>	<i>Айтылуы:</i>
шекара	шегара
күздігүні	күздүгүні
Жезқазған	Жезғазған
Сарыарқа	Сарарқа
өнеркәсіп	өнергәсіп
кәсіподақ	кәсібодақ
жанкүйерлер	жангүйөрлер
орынбасар	орұмбасар
дүйсенбі	дүйсөмбі
өгізшағала	өгүшшағала
ақиық (қыран)	ағыйық

8. Қос сөздердің сыңарлары да бір деммен үйлесе, үндесе айтылады. Олар көбінесе түбірі сақталып, дефиспен жазылады.

<i>Жазылуы:</i>	<i>Айтылуы:</i>
астан-кестен	астангестен
көзбе-көз	көзбөгөз
қолма-қол	қолмағол
келе-келе	келегеле
қилы-қилы	қыйлығыйлы
қоян-қолтық	қойаңғолтұқ
құда-анда	құданда
азды-көпті	аздыгөптү

9. *Күн күркіреу, қой қоздау, аяқ аттау, жүрек жалғау, көзі күлімдеу* сияқты бір сынары – зат есім, екіншісі – етістік болып келетін тіркестер де бір-бірімен үндесіп, бір тыныспен айтылады: *күңгүркүрөу, қойғоздау, айағаттау, жүрөгжалғау, көзгүлүмдеу*. Ауа райын хабарлайтын дикторлар «бүгүн пәлен жерде жаңбыр жауұп *күңгүркүрөйт*» деп айтулары керек (*күн күркіреді* емес).

10. *Бала кезі, жаз күндері, жан құштары, Алматы қаласы, Байқал көлі, аяқ алысы, көңіл қошы, күннің көзі* сияқты бір сынары тәуелдік жалғаулы сөз болып келген тіркестер де бір ырғақпен үндесіп айтылады: *балагезі, жазгүндөрі, жаңғұштары, Алматығаласы, Байқалгөлу, айағалысы, көңүлгөшү, күннүңгөзү*.

11 Негізгі сөз бен соған қатысты шылау сездер, көмекші есімдер (*қасында, ішінде, үстінде* т.б.) бір ырғақпен айтылады. Шылаулардың басым көпшілігі (*соң, шейін, дейін, туралы, шақты, сайын, басқа, бөтен, тым, таман, ма/ме, ша/ше* т.б.) алдыңғы сөзбен бір топ құрағанымен, араларында дыбыстық өзгерістер болмайды: *аздан соң, үйге дейін, саясат туралы, он шақты, барған сайын, бала ма, қыз ба*. Дыбыстық өзгеріс **к**, **к** дыбыстарынан басталатын шылаулар және көмекші есімдер мен дауысты дыбысқа немесе **з, л, р, н, м, у, й, ң** дыбыстарына аяқталған сөздердің арасында болады. Ол шылаулар: *қарай, кейін, қарсы, қасында*. Мысалы, жазылуы: *кешке қарай, түстен кейін, жазға қарсы, үйдің қасында*, айтылуы: *кешкеғарай, түстеңгейін, жазғағарсы, үйдүңгасында*.

12. *Әр, кей, бір, еш* деген сөздермен келген тіркестер немесе біріккен тұлғалар бір деммен кірігіп айтылады. Мысалы: *арғашан, арғалай, әргүнү, әрғайдан, кейгүнү, кейгезде, біргезде, біргүнү, ештір*. Бұлардың жазылуы: *әрқашан, әрқалай, әр күні, әр қайдан, кей күні, кей кезде, кей күні, бір кезде, бір күні, ешбір*.

13. *Кім, не, қайда, қай, қалай, қайсы* сияқты сұрау есімдіктен **р** **і** өздеріне қатысты (өздерінен кейін тұрған) сөздермен бір топ құрайды: *қайдагеттің / баламау // Жазуда: қайда кеттің, баламау? Недейсін / көңлүм / недейсің // Жазуда: Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?*

Кім, не есімдіктерінің септеулі түрлері де (*кімнің, кімге, кімді, кімнен, кіммен, ненің, неге, нені, неден, немен*) өзінен кейінгі сөзбен бір ырғақты топ құрап айтылады. Мысалы: *Бұл / кімніңғолу?* Жазуда: *Бұл – кімнің қолы? Неменгелдің?* Жазуда: *Немен келдің?*

Кім, не, қайсы, қалай сияқты сөздер *мынау, ол, бұл* деген есімдіктерден кейін келіп тіркескенде де, бір ырғақпен айтылады: *мынауыңгім, мыналаргім, бұлғайсың, мұнұңғалай, бұлғалай* т.т. Бұлардың жазылуы: *мынау кім, мынауың кім, бұл қайсың, мұның қалай, бұл қалай.*

14. Екі-үш сөзден құралып, бір ғана түсті білдіретін күрделі сын есімдер және екі сөзден құралып бір санды білдіретін күрделі сан есімдер бір ырғақтық топ құрайды: *ал қызыл* (айтылуы: *алғызыл*), *ал күрең* (*алгүрөң*), *қара ала* (*қарала*), *қара көк* (*қарагөк*), *қара күрең* (*қарагүрөң*), *он бір* (*омбір*), *жиырма алты* (*жермалты*), *он бес* (*омбес*), *қырық алты* (*қырығалты*).

Бұл жерде біз мысалға дыбыстық өзгеріске ұшырап айтылатындарын ғана келтірдік, ал күрделі сын есімдер мен күрделі сан есімдердің басым көпшілігі бір ырғақтық топ құрап айтылғандығымен, сөз аралығында дыбыстық өзгеріс болмайтынды қалай жазылса, солай оқылады. Мысалы: *ақ сары, қызыл ала, ақ құба, құла жирен, он екі, он алты, қырық төрт, елу бес* дегендер осы жазылған түрінше айтылады.

15. Екі сөзден құралып, бір заттың, бір құбылыстың, бір іс-қимылдың атын білдіретін (атайтын) күрделі атаулар бір ырғақпен айтылады: Мысалы: *ортан қол* (айтылуы: *ортаңғол*), *асық жзілік* (*асығжілік*), *тоқішек* (*тоғішек*), *қой қора* (*қойғора*), *қонақ үй* (*қонағүй*), *ақ жауын* (*ағжауұн*), *тас жол* (*ташиол*), *тоқым қағар* (*тоқұмғағар*).

Сөйтіп, ырғақтық топ құрайтындар жеке жай тіркестер болып та (*қалқан құлақ, тас жол, Байқал көлі, оқып отыр, көк ала*), фраза, идиомдар сияқты тұрақты тіркестер болып та (*ашық ауыз, құр қол, қас пен көздің арасында*), біріккен сөздер болып та (*кәсіподақ, шекара, Жаңақорған*), қос сөздер болып та (*қолма-қол, қилы-қилы*), мәнді сөз бен шылау, одағайлар тіркесі болып та (*о керемет, үйге қарай, желге қарсы*) келе береді.

Сөздерді дұрыс дыбыстаудың киын жерлері (кәте кетеді-ау дейтін тұстар) тек жоғарыда көрсетілгендей, екі (кейде үш)

сөздің аралығында ғана емес, бір сөздің ішінде де жиі кездеседі. Олар сөз түбіріне әр түрлі қосымшалар жалғаған тұстарда байқалады. Мысалы: *түн+гі, қашан+ғы, түн+ге, қашан+ға, орыс+ша, жаз+са, жұмыс+шы, көн+бе+ді, көр+ін+ген* деген сөздер айтылуда *түңгү, қашаңғы, түңгө, қашаңға, орушиша, жасса, жұмұшышы, көмбөді, көрунген* болып дыбысталады.

Дыбыстардың бір-біріне тигізетін ықпалы әсіресе біріккен сөздер (бірігіп жазылатын) мен қос сөздердің (дефис арқылы жазылатын) аясында өте-мөте сезіледі, өйткені біріккен сөздер әрдайым бір ырғақпен айтылады. Мысалы, мына сөздер: *шек ара, алма-кезек, қара күйе* деп бөлек-бөлек айтылмайды, *шега-ра, алмагезек, қарагүйө* болып бір ғана тыныспен (ырғақпен), бір деммен айтылады. Осы себептен де біріккен сөздер мен қос сөздерді айтуда кететін қателіктер бірден көзге түсіп тұрады (дәлірек айтсақ, құлаққа жайсыз естіліп тұрады).

Қазақ тілінде кісі аттары, жер-су аттары, аң-құс, құрт-құмырсқа, бақа-шаян, өсімдік атаулары және термин сөздер көбінесе біріккен сөз болып келеді. Мысалы:

Кісі аттар. Жазылуы: *Досжан, Сәтбай, Құланбай, Болатбек, Маржанқыз*. Айтылуы: *Дошшаи, Сәтпай, Құламбай, Болатпек, Маржаңғыз*. Қазақ тілінің ең соңғы редакцияланған (түзетілген) емле ережелері бойынша кісі аттарының көпшілігі кіріккен күйінде естілуінше жазылады. Мысалы, *Сатыбалды (Сатыпалды емес), Дәметкен (Дәмееткен емес), Ұлбосын (Ұлболсын емес), Айғыз (Айқыз емес) Нұрғожа (Нұрқожа емес), Амангелді (Аманкелді емес), Қарагөз (Қаракөз емес)*.

Жер-су аттары. Жазылуы: *Жезқазған, Талдықорған, Еңбекшіқазақ, Жаманқала, Ешкөлмес, Қараөткел, Қараой, Жылыой*. Айтылуы: *Жезгазған, Талдыгорған, Еңбекшіғазақ, Жамаңғала, Ешкөлмес, Қарой, Жылой*.

Аң-құс, жәндік, өсімдік атаулары. Жазылуы: *қарақұрт, кәріқыз (өсімдік), алақоржын (тышқан), ақиық (қыран), бірқазан (құс), өгізшағала (құс), қозықұйрық (өсімдік), қарақұс (құс), жыланқияқ (өсімдік)* т.т. Бұлардың айтылуы: *қарақұрт, кәріғыз, алагоржұн, ағыйық, бірғазан, өгүшишағала, қозғұйрұқ, қарағұс, жылаңғыйақ*.

Терминдер. Жазылуы: *өнеркәсіп, кәсіподақ, қолөнер, үшбұрыш, төртбұрыш* т.б. Олардың айтылуы: *өнергәсіп, кәсіб-*

одақ, қолөнөр, ұшпұруш, төртпұруш (бұл мысалдар – тек қана айтылуда дыбыстық өзгерістерге ұшырайтын сөздер, ал біріккен сөзден тұратын адам, жер-су аттары, өсімдік, аң-құс атаулары мен терминдердің ішінде жазылуынша айтылатын, яғни үндестік заңдарына сай өзгеріс болмайтындары өте көп. Мәселен: *Ақтай, Ұлдай, Қызылорда, аққу, бұзаубас (құрт), қолжазба* т.т.

Қос сөздер де әрдайым бір ырғақпен, бір деммен айтылады да ондағы сыңарлар бір-біріне үндесіп, киюласып жатады. Мысалы, айтылуда: *алмагезек, қолмағол, көзбөгөз, қойаңғолтұқ, келдігетті, істүссүз, құбағұп, қыйлығыйлы, күмбөгүн* т.т. Бұлардың жазылуы: *алма- кезек, қолма-қол, көзбе-көз, қоян-қолтық., келді-кетті, іс-түссіз, құба- құп, қилы-қилы, күнбе-күн.* Әсіресе **қ, к** дыбыстарынан басталатын сөздің араларына *ба/бе, ма/ме, па/пе* дәнекерін салып қайталап жасалатын түрлерінің (*қолма-қол, көзбе-көз, қарама-қарсы*), екінші компоненті (сыңары) ұяндап айтылатынын (*қолмағол, көзбөгөз, қарама- гарсы*) қатты ескеру керек.

Сөздерді дұрыс айтуда көңіл аударатын келесі үлкен мәселе – орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген сөздердің қазақша дыбысталу жайы. Мектептен бастап үйретіліп келген қағида бойынша, орыс тілінен енген кірме сөздер қазақша сөйлеуде екі топқа бөлініп айтылуға тиіс: бірін-ші топқа ертеректе еніп, қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сәйкес өзгеріп қалыптасқан сөздер, сол «қазақыланған» қалпынша айтылатын сөздер кіреді. Мысалы, *шай, самау-*

рын, сиса, сәтен, бәтес, бақал, жәрмеңке, жәшік сияқты «тұрмыстық» зат атаулары мен *облыс, болыс, шен, кеңсе, сот, газет* сияқты дерексіз есімдер орыс тіліндегідей *чай, самовар, ситец, сатин, батист, бакалея, ярмарка, ящик, канцелярия, суд, газета* болып айтылмай, жоғарыда жазылып көрсетілгеніндей, қазақша түрінде айтылады. Бұл сөздер – сан жағынан аса көп емес, сондықтан олардың емле сөздіктерінде ұсынылған қалыптарынша айту іс жүзінде көп қайшылық келтіріп келе жатқан жоқ.

Екінші топқа қазақ тіліне соңғы 50-60 жылда жүздеп-мыңдап енген, көбінесе ғылыми терминдер болып келетін сөздер жатады. Емле ережелерінде бұларды сол орыс тіліндегі

қалпынша жазу ұсынылды да олар қазақша сөйлеу актісінде жазылған түрінде айтылатын болды. Бұл ереже түрінде қатаң ескертілмесе де, сөйлеу тәжірибемізде біршама орнығып, қалыптасты. Бұған радио мен теледидар дикторларының сөздері, мектеп пен жоғарғы оқу орындарындағы мұғалімдер мен шәкірттердің сөйлеу мәнері дәлел.

Көптеген тілдердің тәжірибесінде шеттен енетін сөздер сол сөздерді қабылдаған тілдің фонетикалық заңдарына икемделіп, өзгеріп айтылады және сол өзгерген түрінде жазылады. Бұл – тіл табиғатына тән ортақ заңдылықтардың бірі. Осыған қарамастан, 1940 жылдардан бастап орыс жазуы – кириллицаны қабылдаған бірқатар түркі халықтарының тілдерінде орыс тілінен соңғы кезеңдерде енген сөздерді сол тілдегі қалпынша жазып, жазылған түрінше айту тәжірибесі орын алды. Бұған, сөз жоқ, кейде жұқалап, кейде ашық жүргізілген орыстандыру саясаты басты себепкер болды, яғни орыс графикасына көшуіміз де, міндетті түрде орыс тілін екінші тіл ретінде мектептен бастап үйрену қажеттігі де, жоғары оқу орындарында білім алудың негізі орыс тілінде жүргізілуі де – баршасы орыс тілінен енген сөздерді «бас-аяғы бүтін» күйінде орысша тұлғалауға, орысша айтуға итермеледі. Тіл табиғатына қайшы келетін бұл тәртіп нормаға айналды.

Орыс тілін де едәуір жақсы меңгерген бүгінгі орта және жас буын қазақтарды бұл құбылыс көп қинамайтыны белгілі, дегенмен соңғы жылдарда шет тілдік сөздерді ана тіліміздің дыбыс заңдарына үйлестірмей айту мен жазудың тіл табиғатына қайшы келіп тұрғаны жайында әңгіме жиі көтеріле бастады, тіпті бес-он сөзді қазақша сындырып жазып, сол жазу арқылы оларды қазақша дұрыс айтудың үлгілері деп көрсетіле бастады. Мысалы: *завод, машина, станция, кило* деп жазылып, осы жазылуы бойынша айтылып келген он шақты сөз *зауыт, машине, станса* (бұл сөзді қазақша дұрыс жазсақ және дұрыс айтсақ, *ыстанса* болуы керек), *килә/келі / кілә* деген тұлғаларда көрінді. Әрине, бұл сөздерді «қазақшалау» қиынға түспейді, өйткені бұлар – ғылыми термин емес, зат атаулары және олар күнделікті өмірде ауызша сөйлеу тілінде де жиі қолданылатын сөздер, сондықтан олар бұрынғы *қамыт, доға, қарындаш, сіріңке* сияқты сөздердің қатарында сап түзей салады.

Қазіргі жаппай сауатты, орыс тілін де меңгерген қазақтар сөйлеу актісінде *завод, машина, станция, кило* деп айтулары жиірек кездесуі мүмкін болса да, бұларды «қазақы» тұлғада ұсыну осы принципті дұрыс деп санаудың үлгісі ретінде орын алып отыр деуге болады.

Бірақ, сөз жоқ, кірме сөздердің қазақы тұлғасында қолданылу принципінің дұрыстығына, оны әлеуметтік пікірдің қолдап отырғанына қарамастан, жүздеген, мындаған кірме сөздер мен шетжұрттық жалқы есімдердің (адам аты-жөндері мен жер-су атауларының) басым көпшілігі әлі де орысша тұлғасында жазылып, айтылып отыр. Мұның да еркімізден тыс бірнеше объективті себептері бар. Ол себептердің бірі – соңғы жар-ты ғасыр бойы қалыптасқан тілдік тәжірибемізді, яғни лек-сикалық, емлелік, орфоэпиялық нормаларды күрт бұзу – шым-шытырық, бейберекеттікке, сауатсыздыққа ұшырататын қаупі болса, екіншісі – ғылым салаларының басым көпшілігінің орыс тіліндегі әдебиетпен байланысты екендігінде және әлі де көп уақыт бұл іліктестік үзіле қоймайтындығында, сондықтан математика, физика, химия, астрономия, геология сияқты көптеген салалардың мамандарына орыс, қазақ тілдерінде біртектес (тұлғалас) терминдерді пайдалану қолайлы екендігін ескеру қажет сияқты.

Бұл екі себептің ішінде әсіресе дәстүр факторыұлкен рөл атқарады: тіл тәжірибесінде ұзақ уақыт бойы әлеуметтік қолданыста болған сөз немесе жазу үлгісі я болмаса сөзді айту дағдысы келе-келе бұрыс болса да, нормаға айналады да одан теп-тез ажырау мүмкін болмай қалады. Айталық, араққа қарсы күрес науқаны жанданған кезде орысша «трезвость» деген ұғымның қазақша *салауаттылық* деген баламасы дәл де, сәтті де емес болғанымен, әдеттегі дәстүріміз бойынша, осы ұғымда *салауаттылық* сөзін күнделікті баспасөз беттерінде үзбестен қайталап жаза берген соң, радио мен теледидардан ауыз жап-пай айта берген соң, ол дағдыға айналды. Екінші мысал. Адам аты-жөндеріне келгенде, оларды екі дауыссыз дыбыстан бастап жазу атақты жазушы Ғабдол Сылановтың фамилиясын *Сланов* деп жазудан басталып, бұл күнде *Смаханов, Смайылов, Спа-*

таев деп жазу етек алып кетті, дағдыға айналып бара жатыр, бірақ ол дағды нормаға ауыспауға тиіс, өйткені емле ережесі мұны мүлде көтермейді.

Үшінші мысал. Әр түрлі себептермен сөздерді жазылуын-ша немесе жеке тұрғандағы тұлғасынша айтудың дағдыға ай-налу қаупі туып отыр. Бұл өте қате дағдыны нормаға айнал-дырмау үшін күрес – осы құралдың басты мақсаты. Демек, тіл тәжірибесіндегі дағдымен күресудің оңай еместігін байқаймыз. Әрине, дағдылардың баршасы теріс, қатеден бола бермейді. Осы себептен ондаған жылдар бойы кірме сөздерді орысша жа-зып, орысша айту көпшілік дағдысына айналғандықтан және ол дағды ресми норма ретінде қалыптастырылғандықтан, мұны бір сәтте өзгерту мүмкін еместігін сеземіз. Сондықтан тұлғасы өзгертілмей енген кірме сөздер орысша тұлғаланғанмен, орфоэпиялық нормаға келгенде оларды тек қана орыс тіліндегідей етіп айту шарт емес деуге болады, яғни *химия, фи-зика, электр, автобус, академия, ассоциация, брокер, валюта, глобус* деген сөздерді орысша дыбыстауынша айтуға да бола-ды, қазақыландырып, *кыймыйа, еліктір, әкедемие, бірөкер, гылобұс* деп айтсаңыз да еркіңіз, қайткенде де бұларды сөйлеу актісінде не таза орысша түрінде айту керек, не барлығын қазақыландырып айту керек деген орфоэпиялық қағида ұсынбаймыз. Егер қазақ жазуы өзгеріп (айталық, латын жазу-ын қабылдап), кірме сөздердің жазудағы тұлғасы өзгертіліп, ұсынылып жатса, сол өзгеріп жазылған түрінде немесе соған жақындатылып дыбыстау норма болмақ. Ал «орыс жазуын» қолданып отырған қазіргі күндерімізде орыс тілінен енген орыстың өз сөздері мен халықаралық термин сөздерді орыс тілі орфоэпиялық нормасы бойынша да, қазақша «сындырып» та айтуға (дыбыстауға) болады деген «екіұдай» қағида ұсынуға тура келеді.

ОРФОЭПИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР НЕМЕСЕ СӨЗ САЗЫН КЕЛТІРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Орфоэпиялық ережелерді ұсынбас бұрын олардың берілу тәртібі жайында біреу ескертпе айтуға тура келеді.

Орфоэпиялық қағидалардың ұсынылу қалпы (тәртібі, әдісі, стилі) емле ережелерінің берілу тәртібінен біраз өзгешелеу болады. Бұл құрал, бір жағынан, мектеп мұғалімдері мен балабақша тәрбиешілеріне, мектеп оқушылары мен студенттерге ұсынылғандықтан, осы ережелерді жақсы игертулері және игерулері үшін, олар кеңірек дәлелденіп, түсіндірілді. Мысал-дар да көбірек келтірілді. Оның үстіне үйренушілер жаттыға түсулері үшін бұл ережелерге сөйлеу тәжірибесінде тапсырма-лар беріліп отырды. Ол тапсырмаларды тек сөз сазын үйретуші мұғалімдер, консультанттар т.т. ғана емес, орфоэпия ереже-лерін өз бетімен игеремін деген жеке адамдар да орындаулары-на болады, өйткені мұндай жаттығулар ережені іс-жүзінде иге-ре түсуге әбден көмектеседі. Ережені теория жүзінде біліп алу бар да оны іс жүзінде пайдалана білу бар ғой. Сөзді дұрыс жазу мен сөзді дұрыс айтуға келгенде, жалаң теорияны, яғни ереже-лерді білу ғана емес, тәжірибенің де, яғни жазу мен сөйлеудің мәні зор.

Екінші бір ескертетін нәрсе – әрбір бапта (параграфта) ұсынылған ереженің жалғасы ретінде ережеге қатысты айтылатын қосымша түсіндірулер, дәлелдемелер беріледі. Оларды да ереже бөлігі деп тану қажет.

Сөзді дұрыс айту ережелерін, олардың түсіндірмелерін, дәлелдемелерін ұсыну үстінде сөздердің жазылуы да жиі көрсетіліп отырылады, оның себебі, бір жағынан, қазақ тілінде сөздің жазылуы мен айтылуы әрдайым бірдей түсіп отырмайтындығын ескертуде болса, екінші жағынан, жазуға қарап оқып (айтып, дыбыстап), оқуға (айтуға, дыбыстауға) қарап жазып шатасу қаупінен сақтандыруда болып отыр.

Сөз сазы ережелері, емле ережелері сияқты баптарға (параграфтарға) ажыратылып берілді. Алды-артындағы түсіндірмелер мен жаттығу материалдарынан бөліп көрсету үшін, ереженің өзі жалпы текстен сәл шегіндіріліп терілді.

§ 1. Қазақ тілінде дыбыстардың бір-біріне әсер етіп, өзара үйлесетін, үндесетін тұстарының бірі – қатаң дыбыстардың ұяндайтын жерлері.

Ырғақтық топ құрайтын сөздердің алғашқысы дауысты **а, е, ы, і, у (ұу, үу), и (ый, ій)** дыбыстарының біріне аяқталса, екінші сөз **қ, к** дыбыстарынан басталса, соңғылар ұяндап, **ғ, г** болып айтылады.

Мысалдар: 1) Сөйлеу үстінде ырғақтық топ құрайтын анық-тауыш пен анықталғыштардың қатаң **қ, к** дыбыстарының ұяндауы:

<i>Жазылуы:</i>	<i>Айтылуы:</i>
бала кезде	балагезде
ала көлеңке	алагөлеңке
ата қоныс	атағоныс
жаңа қала	жаңағала
ескі киім	ескігіім
қысқы киім	қысқыгіім
қыли көз	кылигөз

Мәтінмен келтірілген мысалдың айтылуы
(оқылуы): Білектей / арқасында / өргенбұрұм /
Шолпұсұ / сылдырғағып / жүрсақырын //
Кәмшәтбөрүк / ақтамақ / қарағасты / Сұлұғыздың /
көрүппен / мұндайтүрүн //

(Абай)

Мұнда өрген бұрым, кәмишат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,

сұлу қыз, мұндай тұр деген сөздер – анықтауышты тіркестер, бұлар бір ырғақпен айтылады. Осылардың ішінде жоғарғы ережеге мысал болатындары *сұлұғыз, қарағасты* болып айтылады.

2) Қатар келіп ырғақтық топ құрайтын толықтауыш пен баяндауыш, пысықтауыш пен баяндауыш, бастауыш пен баяндауыштардың араларындағы қатаң дыбыстар ұяндап айтылады. Мысалы: мен киноға бармай, *үйге келдім*; ол кі-тап оқығанды *жақсы көреді*; ол шақыртпай *өзі келді* де-ген сөйлемдердегі курсивпен көрсетілген сөйлем мүшелері бір ырғақтық топ құрайды, сондықтан олар *үйгөгелдім, жақсыгөрөд, өзүгелді(i)* болып айтылады.

3) Біріккен сөздердің бөліктері (компоненттері) де бір ырғақпен айтылады, сондықтан бұлардың екінші бөлігінің басындағы **к, к** дыбыстары алдыңғы компоненттің соңы дауысты дыбыстарға аяқталып тұрса, ұяндап айтылады:

<i>Жазылуы:</i>	<i>Айтылуы:</i>
Талдықорған	Талдығорған
қаракүйе	қарагүйө
қарақұрт	қарағұрт
алакөз (құс атауы)	алагөз
Мендікыз	Мендіғыз
Сарыкөл	Сарыгөл

4) Қос сөздердіңсыңарлары да осы заңға бағынады:

<i>Жазылуы:</i>	<i>Айтылуы:</i>
баса-көктеп	басагөктеп
қара-құра	қарағұра
келе-келе	келегеле
қора-қопсық	қорағопсұ

5) Сөйлем ішінде сөз дауысты дыбыстарға аяқталып, оған қатысты шылаулар **қ** дыбысынан басталса, шылаудың басқы дыбысы ұяң айтылады:

<i>Жазылуы:</i>	<i>Айтылуы:</i>
желге қарсы	желгеғарсы
үйге қарай	үйгөғарай
елу қаралы	елуғаралы
екі қайтара	екіғайтара немесе екқайтара
үй қасында	үйғасында

1-баптағы (параграфтағы) ережеге қарап, мына өлең шумағының дұрыс айтылуын (оқылуын) көрсетіндер; ол үшін, әрине, мұндағы сөздерді ырғақтық топтарға бөліндер; бұл мәтінде ырғақтық топтардың қайсысының айтылуы берілген ережеге қатысты екенін айтыңдар.

Ат қайда Ақбақайдай шаппай желген,

Қыз қайда құдашадай көзі күлген?

Алыстан ат арытып келгенімде,

Шақыртпай еш адамға, өзі келген.

§ 2. Ырғақтық топ құрайтын екі сөздің алдыңғысы **з, ж, р, л, м, н, ң, й**, үнді *у (тау, бау* деген сөздердегі) дыбыстарына

аяқталса, келесі сөздің басындағы **қ, к** дыбыстары ұяндап, **ғ, г** болып айтылады.

<i>Бірғақтық топтар:</i>	<i>Жазылуы:</i>	<i>Айтылуы:</i>
жез қазған	Жезқазған	Жезғазған
өнер кәсіп	өнеркәсіп	өнөргәсіп
бал қаймақ	бал қаймақ	балғаймақ
тай келтір	Тайкелтір	Тайгелтір
аман келді	Амангелді	Амаңгелді
қаз қатар	қаз-қатар	қазғатар
азан қазан	азан-қазан	азаңғазан
жылан көз	жылан көз	жылаңғөз
сонымен қатар	сонымен қатар	сонұмеңғатар
қатар	қой көз	қойғөз
қой көз	қай-қайдағы	қайғайдағы
қай қайдағы		

Бұл ережеге мысал ретінде мына үзінділердің дұрыс айтылу түріне назар аударыңыз:

Қарағым / айналайын / келдіңғайдан //

Алүйрек / алмамойұн / ұшарсайдан //

Ейғалқа / мекенінді / айтыпқойшұ //

Адамның / жатполмағы / осұндайдан //

(Халық өлеңі)

Мына шумақтарды ырғақтық топтарға ажыратып, дұрыс айтылуын көрсетіндер, жоғарғы ережеге сай келетін сөздерді табындар:

Салмасам, Айнамакөзге ән болмайды,

Кимесем, екі бешпент сән болмайды,

Ойнасаң, өзің тендес жаспен ойна, О дағы алғаныңнан кем болмайды.

Айнамакөз, сен қайдағы, мен қайдағы,

Біреудің мен де өзіндей боз тайлағы.

Есіме, беу қарағым, сен түскенде,

Қайнайды зығырданым қай-қайдағы.

(Мұхит)

§ 3. Ырғақтық топқа енетін сөздердің бірінші сыңары **қ, к, п** деген қатаң дыбыстарға аяқталса, келесі сөз дауысты дыбыстардың біреуінен немесе **ж, з** сияқты ұяң дыбыстар-

дан және **р, л, м, н, й, у** деген сонорлардан басталып тұрса, алдыңғы қатаң дауыссыздар ұяндап, **ғ, г, б** болып айтылады. Мысалы, *шекара, сатып алды, қонақ үйі, кәсіподақ, келіп еді, қашық жер, бекзат, көк орамал* деген сөздер айтылуда: *шега-ра, сатыбалды, қонағұйү, кәсібодақ, келібеді, қашығжер, бег-зат, көгорамал* болып дыбысталады.

Бұл ережеге мысал ретінде мына шумақтардың дұрыс оқылуына назар аударыңыздар және жазылуын көрсетіңіздер:

Атеді / бүләнімнің / Жонұбалды //
Алғандай / сұлужонұп / ерімталды //
Жасымнан / сүйібайтқан / ән болған
соң // Жаңылмай / әлігүнге / естеғалды //
Жанедім / әсемәнді / сүйүбайтқан //
Жағымды / көпкебірдей / жұрт ұнатқан //
Келетін / нақысына / жүзғұбұлүп //
Кейдөрлеп кейдешалқып / баяулатқан //

(Біржан)

§ 4. Бір ырғақпен айтылатын сөздердің алдыңғы сыңары **с, ш** дыбыстарына аяқталса, келесі сөз **ж, ш** дыбыстарынан басталса, екі сөз аралығында қос **шш** дыбысы айтылады. Мысалы, *Досжан, сөзішең, бос шылбыр, жас жаным* деген сөздердің айтылуы: *Дошшан, сөшшең, бошшылбыр, жашишаным*. Сол сияқты алдыңғы сыңар **з** дыбысына аяқталса, келесі сыңар **ж** дыбысынан басталса, қос **жж** айтылады. Мысалы, *газиз жан, тоғыз жерде* дегендердің айтылуы: *газижжан, тоғұжжерде*.

Осы ережеге байланыстырып, «Абай» операсындағы Абай мен Ажардың арияларынан алынған мына шумақтардың орфо-эпиясын талдап көрелік:

Жазылуы:

Бауырым жара, сөзім нала,
Дертпен келем мен бүгін.
Аямас жау мені айнала
Салды салмақ сұмдығын.
Қараңғыда жалғыз жарық
Әлсіз колда өшер ме?
Айдарым жоқ, жеке қалып,
Зұлмат жаншып өтер ме?

Айтылуы:

Бауұрұмжара / сөзүмнала/
Дертпенгелем / мембүгүн/
Аймашшау / менайнала //
Салдысалмақ / сұмдұғұн //
Қараңғыда / жалғызжарық/
Әлсізғолда / өшерме //
Айдарымжоқ / жекеғалып
Зұлматжаншып / өтөрме //

Бұл заң екі сөздің аралығында ғана емес, түбір мен қосымшаның түйіскен жерінде де болады. Мысалы, *жұмысшы*,

қосшы, басшы деген сөздер айтылуда *жұмұшышы, қошышұ, башшы* болып естіледі.

Осы ережені ескеріп, мына сөздердің дұрыс айтылуын жазып және оқып көрсетіндер.

ҚызЖібек, Бозжігіт, ауызша, орысша, көзсіз (батыр), құшсаң, көшсін, қас жақсы, қас жаман, жас жарым, Көзжақсым, еш жұмысы (жоқ), бес жылдық (оқу), үш жылдық жоспар, қазша (мамырлаған), қасша (дұшпанша), жазшы, тас жер.

§ 5. Бір ырғақпен айтылатын сөздердің алғашқысы *з* де-ген ұяң дыбысқа аяқталса, келесі сөз *с* деген қатаң дыбыстан басталса, айтылуда қос *сс* болып естіледі. Бұл заң түбір мен қосымшаның аралығына да тән. Мысалдар: *жүз сом, жаз сайын, сөзсіз*, бұлардың айтылуы: *жүссом, жассайын, сөссүз*.

Бұл ережеге жаттығу ретінде «Айман-Шолпан» пьесасынан Жарастың мына сөзін келтірейік:

<i>Жазылуы:</i>	<i>Айтылуы:</i>
Құдаға кел, жамағат, көз салайық,	Құдағәгел / жамағат / көс-салайық /
Жарасқан сән-тұрманын біз санайық.	Жарасқан / сәнтұрманын / біссанайық //
Маржаны құмалақтан, құрымжелек,	Маржаны / құмалақтан / құрұмжелек
Қамшыны жібек бауға шамалайық.	Қамшыны / жібекпауға / шамалайық //

§ 6. Бір ырғақпен айтылатын сөздердің алдыңғы сыңары *н* дыбысына аяқталса, келесі сыңары *к, қ, ғ, г* дыбыстарының бірінен басталса, *н* өзгеріп, *ң* болып айтылады. Мысалы: *Аман+келді*, айтылуы *Амаңгелді* (бұл жерде ілгерінді-кейінді ықпал болып тұр: ілгергі *н* дыбысы кейінгі *к* дыбысын *г* дыбысына айналдырса, *г* дыбысы *н* дыбысын *ң*-ға айналдырып тұр).

Осы сияқты *бөкен қабақ, жан қалқа, Айманкүл, Боранғали* деген сөздердің айтылуы: *бөкеңғабақ, жаңғалқа, Аймаңгүл* (бұл *Аймаңкүл* болып та айтылады), *Бораңғали*.

Бұл ереже түбір мен қосымшаның арасындағы дыбыстар өзгерісіне де жатады. Мысалы: *қашанғы* (*қашан+ғы*), *түнгі* (*түн+гі*), *зиянкес* (*зиян+кес*), *құйынға* (*құйын+ға*) сияқты

косымшалы сөздер *қашаңғы, тұңгі, зыйаңкес, құйұңға* болып айтылады.

Мына мәтінді дұрыс оқып көрелік:

Жазылуы:

Ішім өлген, сыртым сау,
Көрінгенге деймін- ау.
Бүгінгі дос – ертең жау,
Мен не қылдым, япырмау?!
Жан қысылса, жайтаңдап,
Жанды еріткен жайдары-ау.
Жан жай тапса, сен неге
Жат мінезің, жабырқау.

Айтылуы:

Ішімөлген/сыртымсау/
Көрүңгенге / деймінау //
Бүгүңгүдос / ертеңжау //
Меннеғылдым / йапырмау //
Жаңғысылса / жайтаңдап /
Жандеріткен / жайдарау //
Жанжайтапса сеннеге //
Жатмінесің / жабырқау //

(Абай)

Бірінші сөз **н** дыбысына аяқталып, келесі сөз **к, қ, ғ, г** дыбыстарынан басталып тұрған сәттің кез келгенінде мұндай өзгеріс бола бермейді, яғни олар бір топқа енбей, екі белек топта тұрса, бір-біріне әсер етпейді. Мысалы, «Қарақыпшақ Қобыланды» пьесасынан Қобыландының мына бір сөзінің дұрыс айтылуын көрелік:

Жазылуы

Ұлын құл ғып, қызын күң,
Қақсатып болған қызылбас.

Айтылуы

Ұлын / құлғып / қызын / күң/
Қақсатыпполған / қызылбас//

Мұнда **н – к, н – к** дыбыстары қатар келгенмен, бір-біріне әсер етпейді, өйткені қатар тұрған сөздер екі бөлек ырғақта тұр, сондықтан бұл жерде **к** дыбысы **ғ**-ға, **н** дыбысы **ң**-ға айналмайды.

Осы ережеге сай етіп, әрі алдыңғы қағидаларды ескеріп, мына мәтіндерді дұрыс айтып көріңдер. Ол үшін топтарға бөліп алыңдар.

Анталаған жауың көп
Қас қамауда біз қалсақ,
Жан көке, кімге тапсырдың?
Тоғай толған жылқың бар,
Қора толған қойың бар, Жан
көке, кімге тапсырдың?

(М. Әуезов)

Жаңа жыл мың тоғыз жүз қырық бесінші,
Күйшы, дос! Қыран көңіл, бір желпінші!

Қан қырғын, қызыл соқта толастар ма?

Жаңа жыл, айт та маған, ал сүйінші!

(Қ. Аманжолов)

§ 7. Бір ырғақты топқа енетін сыңарлардың алдыңғысы **н** дыбысына аяқталса, келесісі **б, п** дыбыстарынан басталса, **н** дыбысы **м** болып айтылады. Бұл заң түбір мен қосымшаның аралығында да болады.

Мысалы, *сен бе едің, Құрманбек, Дүйсенбай, Жанпейіс, күнбатыс, күнбағар, жылан бауыр (трактор)* деген сөздер *сембедің, Құрмамбек, Дүйсембай, Жампейіс, күмбатыс, күмбағар, жыламбауыр* болып айтылады. Кейбір адам аттары айтылуынша жазылып жүр: *Жампейіс, Бейсембай*.

§ 8. Бір ырғақтық топтағы компоненттердің алғашқысы **с, т, к, к, п, ш** деген қатаң дауыссыз дыбыстарға аяқталса, келесісі **б** дыбысынан басталса, **б** дыбысы қатаң **п**-ға жуықтау болып айтылады: *тас бұлақ* (айтылуы: *таспұлақ*), *Сәтбай (Сәтпай), ақ берен (ақперен), айтып берді (айтыпперді), кеш бойы (кешпойу)*.

Осы ережені және алдыңғыларын ескеріп, мына халық өлеңдерін дұрыс айтып көріңдер. Ырғақтық топтарға бөліндер және дыбыстары өзгеріп айтылған сөздерді көрсетіңдер.

Ат қайда Ақбақайдай шаппай желген,

Қыз қайда құдашадай көзі күлген?

Алыстан ат арытып келгенінде,

Шақыртпай еш адамға, өзі келген.

Баянауыл басында балалы құр, Бір сөз
айтам, қалқатай, мойныңды бұр.

Аулыңның тұсынан аттанғанда, Ақ боз
үйге сүйеніп қара да тұр.

§ 9. Орыс тілінен енген сөздердің соңында келетін ұяң **б, в, г, д** дыбыстары айтылуда қатаң **п, ф, к, т** болып естіледі. Фами-лия соңындағы **-ов, -ев** жұрнақтары да **оф, еф, ыф, іф** болып айтылады.

Мысалы: *клуб (клуб), педагог (педагог), устаф (устав), Иваноф (Иванов), Жұмашыф (Жұмашев)*. Бұл сөздердің дыбыстары қатаң естілетін болғандықтан, қатаң дауыссыздан басталатын қосымшалар жалғанады. Мысалы: *наградтау* (айты-

луы: *награттау*), *клубқа* (*клубқа*), *Ивановтар* (*Ивановтар*). Араб, парсы тілдерінен енген *жад*, *араб тәрізді* бірен-саран сөздер де *жат*, *арап* болып айтылады, бұларға да қатаң дыбыстан басталатын қосымшалар жалғанады: *жадқа айтты* (жазылуы да, айтылуы да: *жатқа*), *араптар* (айтылуда: *араптар*).

§10. Сөздің басындағы немесе бірінші ашық буындағы **Ұ, Ү, О, ө** дыбыстары және екі дауыстының ортасында келген у дыбысы (*тауық*, *бауыр* сияқты сөздерде) келесі буындағы **ы, і** дыбыстарын өзгертіп, **Ұ, Ү**-лерге жуықтатып естіртеді (ашық буын дегеніміз – **құ-, кү-, қо-, бұ, бу-** сияқты дауысты дыбысқа бітетін буындар). Мысалы, *құ-лын*, *бү-гін*, *о-рын*, *кү-ліп*, *ө-мір* деген сөздер *кұлн*, *бүгүн*, *орн*, *күлп*, *өмүр* болып айтылады. Еріндік дыбыстардың ықпалы үшінші, төртінші буындарда біртіндеп әлсірей береді. Мысалы, *күмістің* деген сөздің екінші буыны **ү**-ге ұқсап, соған жуық айтылса, үшінші буында **і**-ге жуықтау айтылады: *күмүстің*.

Сол сияқты сөздің басындағы немесе бірінші ашық буындағы **ө, ү** дыбыстары келесі буындағы **е** дыбысын өзіне жуықтатыңқырап естіртеді, бұл әсердің де күші үшінші, төртінші буындарда әлсірей түседі. Мысалы: *өнөр*, *кө-ре-ді*, *ө-сер*, *кө-бе-лек*, *жү-рек*, *кү-рек* деген сөздер *өнөр*, *көрөді*, *көбөлек*, *жүрөк*, *күрөк* болып айтылады.

Қазіргі кезде бұл сияқты ерін үндестігі байқалатын сөздерді жазылуынша оқу орын алып барады, әсіресе екінші буындағы **е** дыбысын **э** етіп, **өнэр, үлэс, өрэн** түрінде айтушылық байқалады, бұл – әрине, қате.

Осы ережеге сай етіп, мына шумақтарды дұрыс айтып көрелік:

Жігітке / өлеңдөнөр / өнөрдөнөр //
Шынжүйрүк / өргөшапса / өршөлөнөр //
(Халық өлеңі)

Қазақтың / өзгөжұрттан / сөзү /
үзүн / Бірінің / бірішапшаң /
ұқпассөзүн // Көздүңжасы / жүрөктің
/ қаныменен / Ерітуге / болмайды /
ішкімүзүн //

(Абай)

Бірінші буын бітеу не тұйық болса (бітеу буын дауысты мен дауыссыздан тұрады: **өр, ұр, ұл, үс, өс** деген сияқты, ал

тұйық буынның алды-арты бірдей дауыссызға бітеді: **қол, көр, көз, түн** дегендей) келесі буындағы **ы, і, е** дыбыстарының **ұ, ү, ө**-ге қарай бейімделуі сәл бәсеңдеу болады, дегенмен таза өздерінің дыбысталуын да сақтамайды. Мысалы, *қолтық, қойдыр, құлдық, көркем, көзде, бөрте* сияқты сөздердің екінші буындарындағы **ы, і, е** дыбыстарының езулік болып айтылуы сәл солғындау (*күмүс, өнөр* дегендерге қарағанда).

Осы ережелерге және бұдан басқа көрсетілгендеріне орай етіп, мына үзінділерді дұрыс оқып және жазып көріңдер. Соңғы ережеге сай дыбыстары үндесіп айтылатын сөздердің астын сызындар не атаңдар.

...Өсер...өсер...не өсер? Тек зұлымдық өсер нөсер болып сенен!

Сор өсер, ар өшер!... Өскенде тек зар өсер сенің лағынет табаның астында! (М. Әуезов).

Қ а р а б а й. Құтылдым ба, құтылмадым ба? Көзім көрмес, колым жетпес жерге кеттің бе, кетпедің бе?! Қараң батып болды ма, болмады ма? Уа, қайда әлгі қатын-баласы? Жық үйді, арт жүкті! Айдат жылқыны! (Ғ.Мүсірепов).

Бүгін сүйсем, сені алсам – ертең
жалқып, Суып қайтар көңілім желше
шалқып, Қуантып, қайғыменен
суалтамын Біреудің қызыл гүлін тұрған
балқып, Құдайдың толып жатыр күні
бүгін, Жігіттің тани алмай кемшілігін.
Бір алып қадірлемей, тастап кеткен
Тартып жүр қиянатшыл ер күйігін.

(Абай)

§11. Қазіргі қазақ орфографиясы бойынша, жіңішке буыннан басталатын сөздердің екінші, үшінші буындарында ә әрпі сирек жазылады. *Сірә, ірә, кінә, күнә, куә, жүдә, шүбә* деген сияқты бірқатар сөздерде болмаса, қалған сөздерде ә естілгенмен, а әрпі жазылады. Мысалы: *ләззат, тәкаппар, рәсуа, діндар, Сәбира, Жәмила*. Мұндай сөздерде алдыңғы жіңішке буынның әсерімен келесі буындар да жіңішке айтылады: *ләззат, тәкаппар, рәсуә, діндәр, Сәбирә, Жәмилә*.

Бірақ бұл сөздердің алдыңғы тобына да (екінші буынын-да ә жазылатын), соңғы тобына да қосымшалар жуан түрде

жалғанады: *күнәга* (*күнәге* емес), *Күләшқа* (*Күләшке* емес), *Жәмиләга* (*Жәмилеге* емес), *діндарлық* (*діндәрлік* емес). Айтылуда да қосымша жуан айтылады.

Осы ережеге сай етіп және өзге ережелерді де ескере отырып, мына үзінділерді дұрыс айтып (оқып) көріңдер:

Талақ етіп бұл ғаламды
Болды мәлім кеткенің.
Кінәсы жоқ жас адамды
Қатты соққан не еткенің...
Ғашық-ақпын еш күмәнсіз,
Ырыс емес, сор үшін.
Көрісуге шыдамаспыз,
Айрылалық сол үшін..

(Абай)

§12. Қазақ тілінде *жай*, *шай* сияқты сөздер қосымшасыз тұрғанда, жіңішке айтылады: *жәй*, *жәйт*, *шәй*. Бірақ бұл сөздерге де қосымша жуан болып жалғанады да сөз тұтасымен жуан болып айтылады. Мысалы: *жайсыз* (*жәйсіз* емес), *шайға* кел (*шәйге* кел емес). Бірінші буыны *жай*, *шай* болып келе-летін өзге сөздер де – осындай. Қысқасы, **ж**, **ш** дыбысы мен **й** дыбысының ортасында келген **а** дыбысы сәл жіңішке айтылады. Мысалы, *жайылым*, *жайлау*, *жайнау*, *шайнау*, *шайлығу*, *шайы* (жібек) сөздері *жәйылым*, *жәйлау*, *жәйнау*, *шәйнау*, *шәйлығу*, *шәйы* болып айтылады.

Ж, **ш** дыбыстары мен өзге дауыссыздардың ортасында келген **а** дыбысы жуан болып айтылады (және **а** жазылды): *жарғақ* (*жәрғақ* емес), *жануар* (*жәнуар* емес), *жақтау* (*жәқтау* емес) т.т.

Осы ережеге сай етіп айтсақ, Абайдың «Оспанға» деген өлеңі былай оқылар еді:

Жәйнағантұуң / жығылмай /	Жағалайжәйлау / дәулетің /
Жасқаныбжаудан / тығылмай/	Жарқырабжатқан /өзөнің /
Жасаулұжаудан / бұрұлмай /	Жасылшөбү / құуармай /
Жаужүрөк / жомарт / құбұлмай /	Жайдақтартып / сұуалмай /
Жаксөмүрүң / бұзұлмай /	Жәйдарыжүзүң / жабылмай /
Жасқұатың / тозұлмай /	Жәйдақтапқашып /сабылмай/
Жалынжүрек / сұумай /	Жаксөлүпсің / йапырмай //
Жамбіткеннен / түңүлмөй /	

Бұл өлеңнің барлық жолы **жа** деген дыбыс тіркесінен басталады және барлығы да **а** әрпі арқылы жазылады, ал айтылуда бірінші буыны жіңішке естілетін сөздер: *жәйнаған, жәйдақ, жәйдары, жәйдақтап*, өйткені бұларда **а** дыбысы **ж** мен **й** дыбыстарының ортасында келген.

Өздеріңіз мына үзіндінің дұрыс оқылуын жазып көрсетіңдер.

Жан қысылса / жайтаңдап /
Жанды еріткен / жайдары-ау.
Жан жай тапса, / сен неге /
Жат мінезсің / жабырқау?

(Абай)

Ойландым да / толғандым,
Ойландым / ойға толмадым.
Жанды қидым / жалындым,
Жайланып, сірә, қоймадым.

(Бернияз Күлеев)

§13. Кейбір екі буынды сөздерге тәуелдік жалғаулары жалғанған кезде, екінші буындағы **ы, і** дыбыстары сусып түсіп қалады. Бұл құбылыс сөздердің айтылуында да, жазылуында да ескеріліп, түсіп қалған дыбыс түсіріліп айтылады және солай жазылады. Мысалы, *халық, ерін, ауыл, нарық, бөрік* деген сөздерге I, II, III жақтық тәуелдік жалғауларын жалғағанда, екінші буындағы **ы, і** дыбыстары сусып түсіп қалады: *халқы* (*халқы* емес), *халқым, халқың, халқымыз, ернім, аулым, нарқы, бөркі*. Мұндайда **қ, к** дыбыстары ұяндамайды: *бөркі* (*бөрігі* емес).

Ал жалпы заңдылық бойынша **қ, к** дыбыстарына аяқталған сөздерге дауысты дыбыстардан басталатын қосымшалар жалғанғанда, олар ұяндауға тиісті: *балық+ы – балығы, күрек+ім – күрегім*.

Кейбір сөздерде **ы, і** дыбыстарының түсу-түспеуі сөз мағынасын ажыратуға қатысады. Мысалы, жоғарғы *көрік* сөзі екі түрлі мағынаға ие, егер «адамның көркі» болса, тәуелдік жалғауы жалғанғанда, **і** дыбысы түсіп қалады (*көркім, көркің, көркі*), ал ұстаның темір балқытатын *көрігі* болса, түспейді де соңғы **к** дыбысы ұяндап кетеді. Сол сияқты «көпшілік, қауым, жұрт» мағынасындағы *халық* сөзі тәуелденгенде, *халқым*,

халқың, халқы, халқымыз болып, соңғы **к** дыбысы ұяндамайды, ал *Халық* сөзі жалқы есім болса, *Сәрсенбайдың Халығы* болып, ұяндап айтылады.

Соңғы буынындағы қысаң **ы, і** дыбыстары сусып қалатын сөздер кейде өлең ішінде буын санына орай түсірілмей айтылуы да мүмкін.

Тіпті о баста құрамында **ы, і** дыбыстары жоқ *бұлт, кілт, жалт* сияқты сөздер де өлеңде буын саны жетпей тұрса, *бұлтұт, кіліт, жалыт* болып айтыла береді. Мысалы, *ауыл, бауыр* сөздері тәуелдік жалғаулармен құбылған кезде, мына шумақтардың біреуінде қысаң дыбыстарын түсіріп, екіншісінде түсірмей айтылады:

Аулдұмғоңған / Сырымбет / саласына – 11 буын

Болдұмғашық / ақсұңқар / баласына – 11 буын Егер мұнда *ауұлұм* болып айтылса, өлең жолы бір буынға артып кетер еді. Ал мына өлеңде буын саны 11 болу үшін, керісінше, **ы, і** дыбыстары түсірілмей айтылуға тиіс болып тұр:

Атымның / қақтұрады / сауұрұна – 11 буын

Қостепкі / салыпкелем / бауұрұна – 11 буын

Қолұнан / шәйғүйдүрүп / ішейіндеп – 11 буын

Келемін / Айтпайсұлуу / ауұлұна – 11 буын

Осы ережені сақтай отырып және берілген басқа да ережелерді еске алып, мына үзінділерді дұрыс айтып көріңдер (кей сөздерде емле ережесі әдейі бұзылып жазылды, оларды көрсетіндер). Өлеңнің буын санын көрсетіп, түсіріліп айтылатын дыбыстарды түсіріп, түсірілмейтіндерін қосып жазыңдар.

Созады Біржан дауысын қоңыр қаздай,

Басқаға бір өзіңнен жүрмін жазбай.

Жиылысы жандаралдың болады деп,

Жанбота, тынышымды алдың ала жаздай.

(Біржан) Қамшы

бастым асыға буырылтайға, Өткел

бермей тоқтатқан терең сай ма?

Жұрт жаңғыртып орынынан бір күн түнде

Қалқатайдың ауылы кетті қайда?

(Біржан)

Қонады бір күн жас бұлыт

Жастастың төсін құшақтап.

Жөнелді ертең, қалды
ұмыт Көк жүзіне ойнақтап.

(Абай)

Суырып кокте қылышын
Нөсерлі қара төнді бұлыт.
Тарылтып жердін тынысын
Тапа-тал түс болды ымырыт.
Өрістен қашты төрт түлік,
Асыға үйге енді жұрыт.
Салатындай бір бүлік.
Ақырды бейне долы бұлыт.

(Қасым Аманжолов)

§14. Қысаң **ы, і** дыбыстары көптеген үш буынды сөздердің ортаңғы буындарында көмескілеу естіледі, бірақ олардың түсірілмей сақталып айтылғаны жөн (емледе де көбінесе **ы, і** әріптері сақталып жазылады). Мысалы: *ықылас, жапырақ, топырақ, тебіренді, күңіренді.*

Ал өлеңдерде буын санына қарай мұндай сөздерде дыбыстарды түсіріп те айтуға болады. Мысалы:

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай,
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп.

Жапырағынан айырылған ағаш, қурай, –

деген Абайдың шумағында соңғы тармақтағы *жапырақ, айырылған* сөздері *жапрағынан, айрылған* болып айтылуы керек, өйткені өлең жолы 11 буынды болу үшін *жап-ра-ғы-нан* 4 буын болып, *ай-рыл-ған* 3 буын, *а-ғаш, қу-рай* 4 буын болып айтылуы қажет.

Мына өлең шумақтарындағы курсивпен терілген сөздердің дұрыс оқылуын (айтылуын) көрсетіндер және себебін айтындар.

Қалдың ағаш *жапырағы*
Сыбырласып өзді-өзі.
Көрінбей жердің *топырағы,*
Құлпырған жасыл жер жүзі.

(Абай)

Уа дариға, алтын бесік – туған жер,
Қадірінді келсем білмей, кеше гор.

Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей
Ақын болмай, тасың болсам мен егер.

(Қасым

Аманжолов) Әлі есімде бұлтсыз әлем аспаны,
Арман бізді алға апарып тастады.

Қара шашың мойныма оралып, Жерге
тамған мөлдір көздің жастары.

(Н.Әлімқұлов)

§15. Бір ырғақтық топта айтылатын сөздердің алдыңғысы дауысты дыбысқа аяқталса, екіншісі дауысты дыбыстан ба-сталса, қатар келген екі дауыстының біреуі (алдыңғысы) «жұтылып» кетеді де бір ғана дауысты айтылады. Мысалы, *торы ат, қара ала, келе алмадым, барып па еді, Қараадыр, Сарыөзек, айта-айта* сияқты сөздер *торат, қарала, келалма-дым, барыпедің, қарадыр, сарөзек, айтайта* деп айтылады. Бұл заңға біріккен сөздер де, жеке сөздер де, сөз бен шылаулар да, қос сөздер де бағынады.

Қазақ тілінің бұл орфоэпиялық заңдылығын ақындар шебер пайдаланады, яғни жазуда буын саны артық шықса да, айту-да (оқуда) дәл шығатын болғандықтан, сөздерді ақындар еркін қолданады. Мысалы:

3	4	4
Бі-лек-тей / ар-қа-сын-да / өр-ген-бұ-рұм /		
3	4	4
Шол-пұ-сұ / сыл-дыр-ға-ғып / жүр-са-қы-рын /		
4	3	4
Кәм-шәт-бө-рүк / ақ-та-мақ / қа-ра-қас-ты /		
4	3	4

Сұ-лұу-ғыз-дың / кө-рүп-пен / мұн-дай-тү-рүн // Мұнда *жүрсе ақырын, көріп пе ең* деген сөздері бар жолдар жазылуда 12 буын болғанмен, айтылуда *жүрсақырын, көріппең* болып кірігетіндіктен, өлең өлшеміне ешбір нұқсан келтірмей тұр.

Қатар тұрған сөздердің кез келгенінің екі аралығындағы дауыстылар бірін-бірі «жұта» бермейді. Егер ондай екі сөз екі ырғақтық топта тұрса, аралық дауыстылар өз орындарында анық айтылады:

Аласыз / қара гөзү / айнадайын /

Жүрекке / ыстықтйіп / салғансайын /

Үлбүрөген / ағетгі / ашығжүздү /
Тісәдемі / көріппең / кыздыңжайын //
(Абай)

Мұнда көзі айнадайын, жүрекке ыстық, етті ашық деген сөздер қатар тұрғанмен, екі аралықтарындағы дауыстылар кірікпейді, өйткені бұлар әр бөлек ырғақтық топта тұр.

Осы ережені ескеріп, мына өлең шумақтарын ырғақтық топтарға бөліп, дұрыс айтып көріңдер. Дауысты дыбыстардың кірігетін және кірікпейтін жерлерін дәлелдендер.

Жас қыз бен жас бәйтерек – бәрі бірдей,
Жапырағы тұра ма жылда өзгермей?
Менен гөрі сөзінді жақсы ұғушы Кетер
деме ер жігіт бір кез келмей.

(Абай)

Жас дәурен, қызығыңа тоя алмаспын,
Ән мен күй, өлең, сені қоя алмаспын.
Тірлікте тербелейін, тебіренейін, Бір
күні кетсем ұйықтап, оянбаспын.

(Қ.

Аманжолов) Жел желпиді кейде
есіп, Көк жайлауда жатырмын.
Жұлдыздармен сөйлесіп,
Астында аспан-шатырдың.

(С. Мәуленов)

Ұшады аққу көлден байпандаған,
Қалқаға бір сөзім бар айта алмаған. Су
құйып сырлы аяққа тұндырғандай,
Көзіңнен айналайын жаутаңдаған.

(Халық өлеңі)

§16. Қазақ тілінің қазіргі емле ережелері бойынша қосар **ый**, **ій** әріптерінің орнына бір ғана **и** әрпі жазылады. Мысалы: *ки* (дұрысында *кйй* болу керек), *қи* (*қыйй* болу керек), сол сияқты: *би* (*бйй*), *биыл* (*бййыл*), *жиі* (*жййй*), *жиналыс* (*жййналыс*), *ти* (*тйй*), *тиын* (*ақша, тййын*), *тиін* (*аң, тййін*) т. т.

Ал **и** әрпі – жіңішке дыбыстың таңбасы, бірақ жазуда жуан **ый** дыбысын да таңбалайтын болғандықтан, оны жіңішке де, жуан да етіп айтуға тура келеді. Ішінде **а, ы, ұ, о** сияқты жуан дауысты дыбыстары бар сөздерде **и** таңбасын **ый** деп

жуан айту керек. Мысалы: *жыйналыс* (жазылуы: *жиналыс*), *қыйыңғыстау* (*қиын-қыстау*), *быйыл* (*биыл*), *сый – сыйапат* (*сый-сияпат*).

Сөз ішіндегі **и** дыбысының жуан не жіңішке екенін ондағы өзге дауыстыларға қарап айыруға болады. Мысалы, *дидар*, *мигұла*, *мизам*, *бидай*, *мирас*, *миық*, *мия*, *қыдию*, *қалқию* деген сөздерде **и** – жуан, өйткені бұлардағы өзге дауыстылар – жуан, сондықтан айтылуда бұлар *дыйдар*, *мыйгұла*, *мыйзам*, *быйдай*, *мыйрас*, *мыйық*, *мыйа*, *қыдыйу*, *қалқыйу* болуы керек. Ал *ми*, *жи*, *қи* үш-төрт сөздің жуан айтылуға (*мый*, *жый*, *қый*) тиіс екенін есте ұстау қажет, өйткені бұл сөздерге жалғау-жұрнақтар жуан вариантта жалғанады: *миы ашыды* (*миий* емес), *мисыз* (*мисіз* емес), *жина* (*жине* емес), *қиды* (*қиді* емес).

Есте оңай сақтауға болатын ереже, ол – **қ, ғ** дыбыста-ры бар сөздердегі **и** дыбысының әрдайым **ый** болып жуан айтылатындығы:

<i>Жазылуы:</i>	<i>Айтылуы:</i>
қырғи қабақ	қырғыйғабақ
қилы-қилы	қыйлығыйлы
қалқиған	қалқыйған
қыли (көз)	кыйлы (гөз)
шиқ етті	шыйкетті
шиқан	шыйқан
жан қиярлық	жаңғыйарлық
қағида	қағыйда

Мұндай сөздердің ішінде *сый*, *тый* деген екі сөз түбір күйінде де, әр алуан қосымшалар жалғанған тұлғасында да жалаң **и** әрпімен емес, қосар **ый**-мен естілуінше жазылып жүр. Оның себебі осы буындардың жіңішке варианттарында айтылатын сөздермен (*ти*, *си*) мағынасын шатастырмауға байланысты. Алдыңғыларын айтқанда, үнемі жуан **ый** етіп айту керек: *тый*, *сый*. Бұлардың туынды, қосымшалы түрлері де әрдайым жуан айтылады: *сыйлау*, *сыйлық*, *сыйды*, *сыймады*, *сый-құрмет*, *сыйымсыз*, *сыйысу*, *тыйғызу*, *тыйылу*, *тыйымсыз*. Бұл сөздер осы тұлғада **ый** арқылы жазылады.

с мен **т**-дан басталатын және осылардан кейінгі дыбысы **и** болып келетін сөздердің қалғандарында жалаң **и** жазылады, бірақ сөз жуан болса, **и** әрпін жуан **ый** етіп айту керек. Мы-

салы: *сияқты* (айтылуы: *сыйақты*), *сидаң қағу* (айтылуы: *сыйдаңқағу*), *сидиды* (айтылуы: *сыйдиды*), *сиқыр* (айтылуы: *сыйқыр*), *сипақтау* (айтылуы: *сыйпақтау*), *сипаң-сипаң* (айтылуы: *сыйпаңсыйпаң*), *сипат* (айтылуы: *сыйпат*), бұл сөздің *сипат* түрі де айтылады, әйтеуір *сйпат* деп бірінші буыннан жінішке айтпау керек, *сипау* (айтылуы: *сыйпау*), *сирақ* (айтылуы: *сыйрақ*), *сиыр* (айтылуы: *сыйыр*), *сия* (айтылуы: *сыйа*), *сиыну* (айтылуы: *сыйыну*), *типыл* (айтылуы: *тыйпыл*), *тиын* (айтылуы: *тыйын*), *тиянақ* (айтылуы: *тыйанақ*).

и дыбысының жуан не жінішке айтылуы өзінің алдындағы дауыссыз дыбыстың айтылуына үлкен әсер етеді. Мысалы, *ти* және *тый* деген сөздерді айтып көріңдер: алғашқысында **т** дыбысын айтқанда, тілдің ұшы тіске тиіп, едәуір ілгері созылады да соңғы жуан сөзде **т** дыбысын айтқанда, тіл сәл артқа қарай тартыңқы болады. Өзге дауыссыздар да осындай азынаулақ өзгеріспен айтылады. Ол үшін *жиі* және *жиын*, *би* және *быйыл*, *тиін* және *тыйын*, *шикі* және *шыйқыл* деген сөздерді айтып көріңіздер де басқы дыбыстардың айтылуындағы ерекшеліктерді аңғарыңыздар.

Қазіргі кездегі орфоэпиялық қателіктердің көзге түсетін тұстарының бірі – жуан сөздердегі **и** дыбысын жазылуынша жінішке айту (оқу). Мысалы, *жиналыс*, *ми*, *дидар* сөздерін *жйналлыс*, *мйй*, *дййдар* түрінде жінішке айтушылық кездеседі. Бұл – дұрыс емес.

Кейбір үш-төрт буынды сөздерде **и** дыбысынан басқа әрі жуан, әрі жінішке дауыстылар аралас келеді. Ол сөздер көбінесе араб, парсы, орыс және интернационалдық сөздер болып келеді. Мысалы: *қасиет*, *қиямет* (*қыйамет*), *Сәлима*, *антитеза*, *архипелаг*, *дебитор*, *артезиан*. Мұндайда араб, парсы сөздеріндегі **и** дыбысы іле-шала **қ** дауыссызынан кейін тұрса, **ый** болып айтылады: *қыйамет*, *қыйсап* (есеп-қисап), ал қалған жағдайда жінішке айтылады: *Сәліймә*, *қасііет*.

Осы ережені сақтап және өзге қағидаларды да ескеріп мына үзінділерді дұрыс айтып көріңдер, ол үшін транскрипциялап жазып көріңдер, яғни естілуінше (айтылуынша) жазыңдар.

1) Зым-зия, зымиян, тиянақ, жария, биялай, тиесілі, қияқ, Сұлуқия, қикар, киім-кешек, қоқиланды, компиды, қария, зиянкес, Зікірия, Рәшида, Рахила, Рахима, Бәлия, Қапия, Халима, Кәрима, Бәтима, Фәтима, Қали, Ғали, Уәли.

2) Бас-басына би болған өңкей қикым,
Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын.
Өздерінді түзелер дей алмаймын, Өз
қолыңнан кетпесе, енді өз ырқын.

(Абай)

3) Біз бұлбұл қызыл гүлге тартқан сада,
Нәркес көз, қалам қасты лағыл бала.
Иранның Құсни-зия тотысындай,
Гәухардан шыққан нәсіл тудың зада. Топ
көрсе, қырындайтын біз бір тұлпар,
Бұлбұл құс қызыл гүлге болып інкәр.
Сіздерді неге ұмытсын көрген сұңқар.

(Ақан сері)

4) Сүйе алмадық, қия алмадық, қимадық,
Неге біздер от кұшакқа сыймадық?
Екеуміз де екі айрылған өзендей,
Махаббатты басқа жанға сыйладық.

(Т. Молдағалиев)

§17. Қазіргі емле ережелеріміз бойынша, косар **ұу**, **үү** әріптерінің орнына жалаң **у** әрпі жазылады. Бұл дыбыстың да айтылуының жуан-жіңішке екендігін (**ұу** немесе **үү** екендігін) сөз ішіндегі өзге дауыстыларға қарап айыру керек. Екі, үш не одан да көп буынды сөздерде өзге дауыстылар жуан (**а, о, ы**) болса, **ұ** әрпімен келген тұс **ұу** болып, ал жіңішке (**е, ә, ө, ү, і**) болса, **үү** болып айтылады.

Ал бір буынды сөздерді (олар сан жағынан өте аз) сөйлемнің мағынасына қарай қай сөз екенін ажыратып, жуан не жіңішке айтуға тура келеді. Мысалы, *Үйдің төбесінде ту желбіреді* деген сөйлемде *ту* сөзі жуан *тұу* болып айтылады. *Ту дегенде түкірігі жерге түспейді* деген сөйлемде *ту* сөзі жіңішке болғандықтан, *түу* деп айту керек. Сол сияқты: *Шу, жану-ар, шу* деді дегенде *шу* сөзін жіңішке *шүү* деп айту керек те, *Көшеде айғай-шу естілді* дегенде *шу* сөзінің жуан екенін, сондықтан *шүү* деп жуан айту керек екенін контекстен, яғни сөйлемнің мазмұнына қарап ажырату керек.

Тәжірибеде **у** дыбысын жуан не жіңішке айтуда қиындық байқалмайды, сондықтан орфоэпиялық қателіктер де бұл ретте онша сезілмейді, дегенмен *ту* және *түу*, *шу* және *шүү*,

гүзгүледі (жазылуы: *гу-гүледі*) және *гудок, су* және *сүүрет* (жазылуы: *сурет*) сияқты бес-он сөздің жуан-жіңішке айтылуынан жаңылыспаған абзал.

Осы айтылғандарға сәйкес Абайдың мына жолдарын дұрыс оқып көріңдер. **и** дыбысы жуан және жіңішке айтылатын сөздерді **ый, ій** арқылы жазып көрсетіндер.

Түзу кел, кисық-қыңыр, қырын келмей,
Сыртын танып, іс бітпес, сырын көрмей.
Шу дегенде құлағың тосаңсиды, Өскен
соң мұндай сөзді бұрын көрмей.

(Абай)

Түйе боздап, қой қоздап, қорада шу,
Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып бұрандап ағады су.

(Абай)

§18. Бірқатар сөздер мен қосымшалар жазылуда түбірі сақталатындықтан, аралас буынды болып келеді, яғни жуан сөзге жуан варианты жоқ **-кер, -гер, -кент** сияқты жұрнақтар жалғанады немесе жіңішке түбірлі сөзге жіңішке варианттары жоқ **-қой, -паз, -қор** сияқты жұрнақтар жалғанады. Мысалы: *сауда+гер, Шым+кент, бал+гер, Таш+кент, әсем+паз, сән+қой, шәй+қор* (жазылуы: *шайқор*) т.б.

Осылардың ішінде **-кер, -гер, -кент** жұрнақтары жалғанған кейбір жуан сөздер айтылуда осы жұрнақтардың әсерімен тұтасынан жіңішке айтылады. Мысалы: *сәудегер, Шімкент, Тәшкент*. Бірақ бұл жұрнақтар жалғанған кез келген жуан түбірлі сөз жіңішке айтыла бермейді. Мысалы: *қаламгер, жауапкер, айыпкер, Құмкент* сияқты сөздер жазылған түрінше айтылады. Ал жуан жұрнақтар жіңішке түбірді жуандата алмайды, сондықтан олар жуанды-жіңішкелі аралас буынды болып, жазылған түрінше айтылады. Мысалы: *әсемпаз, өнерпаз, сәнқой, әзілқой*.

§19. Соңы **к, г** деген жіңішке дауыссыздарға аяқталатын кірме сөздерге жалғанған III жақтағы тәуелдік жалғауын жіңішке айтқан дұрыс. Мысалы: *педагог – педагогі, ток – тогі, монолог – монологі* т.б.

Тегі, сөз соңындағы **к, г** дыбыстарының қазақ тілінде жіңішке айтылуының әсері күшті, сондықтан айтуда көбінесе

казак қосымшаларын жіңішке жалғауға бейім тұрады. Мысалы: *педагокке, педагоктік, участокке, участогтер, участогі, рояльдің* т.б. Өйткені казактың өз сөздерінде **к, г** дыбыстары еш уақыт жуан **а, ы, о** дыбыстарымен келмейді (айтылмайды).

§20. Қазак тілінде сөз соңында екі дауыссыз қатар келетін сөздер бар. Бірақ кез келген дауыссыздар сөз соңында қатар келе бермейді. Тек алғашқысы **л, р, м, н, ң** деген сонор дыбыстар, соңғысы **т, с, п, ш, қ, к** деген қатаң дыбыстар болып тіркесіп келеді. Мысалы: *жалт, қалт-құлт, қарт, қант, ант, қарс* (*қарс* айрылды дегендегі), *күмп* (суға күмп берді), *қарш-қарш, дүңк* (*дүңк* етті), *қарқ-қарқ* (*қарқ- қарқ* күлді) т.б. Мұндай сөздердің басым көпшілігі *жалт-жұлт, қарқ-қарқ, күңк* (етті) сияқты еліктеуіш сөздерде екі дауыссыз қатар айтылып, қатар жазылады.

Бұл сөздерді айтуда сөз соңындағы екі дауыссыз күрт, шұғыл дыбысталады, яғни араларына **ы, і** сияқты дауыстыларды салмайды: *жалт* (*жалыт* емес), *күрт-күрт* (*күріт-күріт* емес), *жалт-жұлт* (*жалыт-жұлыт* емес) т.т.

Қазак тілінде сөздің үш дауыссызға аяқталуы – мүлде жоқ құбылыс. Сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей, сонорлар мен қатаңдардың қабаттасуынан өзге дауыссыздардың қатар келуі де – орын алмайтын құбылыс. Қазак тіліне енген орыс және интернационалдық сөздер, әсіресе жер-су, қала аттары қатарынан бірнеше дауыссыз дыбысқа аяқталып келе бермейді. Мысалы: *пункт, Омск, фонд, митинг, штамп, шланг, факт, рецепт, экспромт, киоск, лифт*. Бұл сөздер казак тілінде жеке айтылғанда, соңғы қатар келген екі-үш дауыссыздың не сондарынан, не орталарында **ы, і** дәнекер дыбыстар салып айтылады: *пункіт, Омскі, фонды, митингі, штампы, шлаңгі, факті, рецепті, экспромты, киоскі, лифті*. Бұлардың ішінде қатаң дыбыста (*факт, рецепт, киоск, лифт*), сонор мен қатаң да (*шланг, штамп, экспромт*), сонор мен ұяң дыбыс та (*фонд, митинг*), тіпті үш дыбыс та (алдыңғысы сонор, қалған екеуі қатаң – *пункт*) қатар келген.

Қазак тілі үшін үйреншікті емес (яғни фонетикалық жүйесіне сай келмейтін) дыбыстарға аяқталатын мұндай сөздердің бірқатарына, атап айтқанда: **нд, мп, кт, нк, нг, мб, ск, фт, пт, мт** дыбыстарына аяқталатындарына казак тілінің

қосымшалары жалғанғанда, сөз бен қосымшаның аралығына дәнекер **ы, і** дыбыстары қосылып айтылады және солай жазылады. Мысалы: *киоск+ке – киоск+і+ге* (*киоскке* емес), бұл жерде дәнекер **ы, і** болғандықтан, қосымшалар ұяңдап кетеді (**-ке** емес, **-ге, -тар/-тер** емес, **-лар/ -лер** деген сияқты), *митинг+тер – митинг+і+лер* (*митингтер* емес), *Омск+тен – Омск- +і+ден* (*Омсктен* емес), сол сияқты *фактілер, фактіге, фактісі* (*факттер, фактке, факті* емес), *штампылар, штампыны, штампысы, штампыға* (*штамптар, штампты, штампны, штампқа* емес), *объектілер, объектіге, объектісі* (*объектер, объектке, объекті* емес). Үш дауыссызға аяқталған сөздер қазақ қосымшаларын дәнекер **ы, і** дыбыстарынсыз қабылдайды, өйткені айтуда алдыңғы дауыссыз бір буынға кетеді де соңғы екі дауыссыз айтуда өздері бір буын болып айтылады: *пунк(і)т, пункітке, пункіттер, пункіті* (*пунктіге, пунктілер, пунктісі* емес), *сфинкіс, сфинкістер, сфинкістің* (*сфинкісілер, сфинкісінің* емес). Ал бұлардың жазылуы: *пункт, пунктке, пункттер, сфинкс, сфинкске, сфинкстің*.

Ал **тр, зм, рг, рд, лк, кс, дж, фр, рв, кт, дз, фм** сияқты дауыссыз дыбыстар тіркесіне аяқталған кірме сөздерде айтылуда соңғы екі дауыссыздың арасына **ы, і** дыбыстары қосылып айтылады: *метір, оркестір, альпинизім, колледіж*.

Соңғы екі-үш дауыссыздың біреуі **к, г** дыбыстары болып келсе, ол сөзге қазақ қосымшалары тек қана жіңішке жалғанып, жіңішке айтылады (түбірдегі дауысты мейлі жуан болсын, мейлі жіңішке болсын). Мысалы: *пунктке* (айтылуы: *пунктке*), *паркке, парктер, паркі* (айтылуы: *парікке, паріктер, паркі*), *митингіге, митингілер, киоскінің, киоскілер*. Ал **к, г** дыбыстары жоқ жерде қосымша сөз түбірінің немесе түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанып, сол жалғанған түрінде айтылады. Мысалы: *лифтілер, лифтісі, лифтіге* (мұнда қосымша жіңішке, өйткені түбірдің дауысты дыбысы **и** – жіңішке), *штампыға, штампылар, штампысы* (мұнда түбірдегі дауысты **а** жуан болғандықтан, қосымша да жуан жалғанып тұр).

Осы ережеге сай етіп мына сөздерге қазақша қосымшалар (септік, тәуелдік, көптік жалғауларын) жалғап көріндер де дұрыс айтып беріндер:

Антракт, металлург, анонс, бланк, контракт, бумеранг, почта, дифирамб, интеллект, катафалк, комплекс, комплект, конспект, кзездз, лаборант, ландшафт, логарифм, манускрипт, медпункт, моллюск, пакт, прейскурант, раунд, рецепт, рислинг, такт, экспромт, цифр.

§21. Кіріме сөздердің ішінде **ст, сть, зд, кст, вт, сс, лл, мм, тт, пп** дыбыстарына аяқталғандарына қазақ тілінің қосымшалары жалғанғанда, ең соңғы дауыссыздар түсіріліп айтылады және солай жазылады. Мысалы: *коммунист+тер – коммунистер (коммунисттер емес), коммунист+ке – коммунистке (коммунистке емес), коммунист+тік – коммунистік (коммунистік емес), съезд+ге – съезге (съездге емес), съезд+дің – съездің (съездің емес), съезд+i – съезі (съезді емес), ведомость+қа – ведомосқа (ведомостьқа емес), металл+дар – металдар (металлдар емес), терапевт+ке – терапевтке (терапевтке емес).*

Осы ережені ескеріп, мына сөздерге қосымшалар жалғап айтындар және жазындар.

Кросс, грамм, гимнаст, грипп, киловатт, эхинококк, хлорофилл, фармацевт, авиапост.

§22. Орыс тілі жұрнақтары жалғанғанда, жіңішкелік белгісі (**ь**) жазылатын және **л** дыбысына аяқталатын сөздерге қазақ тілі жұрнақтары жалғанғанда, жіңішкелік белгісі жазылмайды және **л** дыбысы жуан айтылады. Мысалы:

<i>Орысша</i>	<i>Қазақша жазылуы</i>
<i>жазылуы:</i>	<i>әрі айтылуы:</i>
материальный	материалдық (материальдық емес)
феодалный	феодалдық (феодальдық емес)
коммунальный	коммуналдық (коммунальдық емес)

Ал жұрнақтар жалғанбай-ақ түбірдің өзінде **л** дыбысы жіңішке сөздерде (яғни түбірдің өзінде жіңішкелік белгісі жазылатын сөздерде) **ь** таңбасы сақталып жазылады және **л** дыбысы жіңішке айтылады: *моральный – моральдық* (сөз түбірі – *мораль*), *артельный – артельдік* (сөз түбірі – *артель*). Мұндайда көбінесе сөздердің қазақша айтылуы жазылуына сай келеді: **ь** тұрса, **л** дыбысын жіңішке айту керек те, **ь** жоқ болса жуан айту керек.

Осы ережені ескеріп, мына сөздерді дұрыс айтып көріңдер.

Патриархалдық, акварельді, спектакльдік, артельдік, номиналдық, вассалдық, вокальды.

§23. Қазақ тілінде **к, қ, п** деген қатаң дауыссыз дыбыстарға аяқталған сөздерге дауысты дыбыстан басталатын қосымшалар жалғанған кезде, сөз соңындағы қатаң дыбыстар ұяндап, **ғ, г, б** (кейде **у**) дыбыстарына айналатыны мәлім. Бұл өзгеріс жазуда да, айтуда да секеріледі. Мысалы: *тарақ+ым – тарағым, күрек+і – күрегі, доп+ы- мыз – добымыз, тап+ып – тауып, кеп+у – кебу, кеп+іп – кеуіп* т.б.

Бұл ережеге орыс тілі арқылы енген сөздердің де бірқатары бағынады: *ток – тогы* (айтуда: *тогі*), *блок – блогы* (айтуда: *блогі*). Ал **п, х** дыбыстарына аяқталатын бірқатар кірме сөздер бұл ережеге бағынбай, соңғы қатаң дыбыс ұяндамай айтылады және солай жазылады. Мысалы: *принцип+і – принципі* (*принцибі* емес), *грипп+і – грипі* («оның *грипі* жұқты», *грибі* емес), *тип+і – типі* (*тибі* емес), *кинескоп+ы – кинескопы* (*кинескобы* емес), *цех+ы – цехы* (*цегы* емес), *шейх+ы – шейхы* (*шейығы* емес), *шах+ы – шахы* (*шағы* емес).

§24. Жіңішкелік белгісіне аяқталатын көп буынды кірме сөздерге қазақ тілі қосымшалары буын үндестігі бойынша жалғанады, яғни сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыс жіңішке болса, қосымша да жіңішке, жуан дауысты дыбыс болса, қосымша да жуан болып айтылады және солай жазылады, **ль** дыбысына аяқталған кірме сөздерге тек қана тәуелдіктін III жағында жіңішке қосымша жалғанып, жіңішке айтылады. Мысалы: *фестиваль+ға – фестивальға*, бірақ *фестивали, календарь+ға – календарьға, календары*.

кль, брь, бль тәрізді дауыссыз дыбыстар мен жіңішкелік белгісіне аяқталған сөздерге және жіңішкелік белгісіне аяқталған бір буынды сөздерге қазақ тілі қосымшалары әрдайым жіңішке жалғанады, яғни сөздің соңғы буыны тұтас өзі жуан болса да, қосымша буын үндестік заңына бағынбай жалғанады және жіңішке айтылады (әрі солай жазылады). *Ансамбілге* (жазылуы: *ансамбльге*), *ансамбілдер* (жазылуы: *ансамбльдер*), *ансамбілі* (жазылуы: *ансамблі*, мұнда сөз түгелімен жуан, тек соңғы дауыссызы жіңішке **ль**), *бинокльдің* (айтылуы: *бинокілдің*), *биноклім* (айтылуы: *бинокілім*), *бинокльдер* (айтылуы: *бинокілдер*). Мұнда сөздің соңғы буыны *нокль* – жуан.

Тюль, тюльдің (айтылуы: *тюлдің*), *тюльге, тюлі* (сөз бір буынды, бірақ жіңішке **ль** дыбысына аяқталған), *князьдің, князьдер, князі* (сөз **зь** дыбысына аяқталған және бір буынды болғандықтан, қосымша жіңішке жалғанып тұр).

Бұл сияқты дауыссыз дыбыстары, әсіресе сөз соңындағы дауыссызы орыс тілінде жіңішке айтылатын сөздердің қазақша дыбысталуында дауыстылардың ыңғайы (жуан-жіңішкелігі) емес, дауыссыздардың айтылу ыңғайы шешуші рөл атқарады.

Осы ережені ескеріп, мына сөздерге қазақша қосымша жалғап, дұрыс айтып көріңдер.

Капсюль, бандероль, ноябрь, верфь, автомобиль, акрополь, бронь, водевиль, виолончель, вестибюль, вымпель, госпиталь.

§25. Соңғы буынында **е, э, ю** дыбыстары бар кірме сөздерге қазақ тілі қосымшалары әрдайым жіңішке жалғанып, солай айтылады әрі жазылады. Мысалы: *актерлер, актерге, актері, дирижерлер, дирижері, Петрге, Петрден, дуэтке, дуэті, полюске, полюстер, парашютке, парашюті, дуэльге, дуэлі, велюрдің, велюрі, дебютке, дебюті.*

§26. Ер адамның фамилиясы **-ов, -ев, -ин** жұрнактары арқылы жасалған болса, **-ов, -ев** жұрнақты фамилияларға қазақ тілінің қосымшалары түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жуан не жіңішке түрде жалғанып айтылады (және солай жазылады). Мысалы: *Омаровтың, Омаровқа* (сөз түбірі – *О-мар*, соңғы *мар* буыны – жуан), *Әуезовтің, Әуезовке* (сөз түбірі – *Ә-уез*, соңғы *уез* буыны – жіңішке), *Мұсаевқа, Мұсаевтан* (сөз түбірі – *Мұ-са*, соңғы буыны – жуан), *Құдайбердиевке, Құдайбердиевтен* (сөздің соңғы буыны *ді* – жіңішке). Ал **-ин** жұрнағымен жасалған фамилияларға қазақ тілі қосымшалары әрдайым жіңішке жалғанып, жіңішке айтылады: *Оразалинге, Дербісалинге, Сембинге.*

§27. Кейбір өлшем атаулары жазылуда шартты түрде қысқартылып беріледі. Ал қысқартулар не әріптерден, не арнайы алынған өзгеше белгілерден тұрады. Мысалы: 10 см, 5 га, 3 мм, 10°, 40м, 100%, 220v, 70w. Бұларды ауызша айтқанда қысқартылып берілген әріптерді емес, сол әріптер білдіріп тұрған сөзді толық айту керек: *он сантиметр, бес гектар, үш миллиметр, он градус жылы, қырық метр, жүз пайыз, екі жүз жиырма вольт, жетпіс ватт.* Бұларға жалғанып

тұрған қосымшаларды (олар дефис арқылы жазылып беріледі) оқығанда, белгілерге тіркеп емес, тұтас сөзге тіркеп айту керек. Мысалы: *көйлегімнің етегін 5 эсэмге немесе сымыға ұзарттым* деп емес, *бес сантиметрге ұзарттым* деп айту керек. Сол сияқты: *мәшине сағатына 60 км-ден жүріп отырды* деп жазылғанды *алпыс километрден (алпыс км-мен немесе алпыс км-нен емес) жүріп отырды, комбайыншы 400 гектардай (га-дай емес) жердің егінін орды* деп айту керек.

§28. Жекеше II жақтағы жіктік жалғауы тек қана **-сын/-сің** түрінде (яғни соңғы дыбысы **ң** болып) айтылады және солай жазылады. Мысалы: есімдерге жалғанған жіктік жалғаулары (жекеше түрі):

I жақ мен мұғаліммін, диктормын

II жақ сен мұғалім**сін**, диктор**сын**

III жақ ол мұғалім, диктор Етістікке жалғанған жіктік жалғаулары (жекеше түрі):

I жақ мен білемін, айтамын, барғанмын, барармын

II жақ сен біл**есің**, айт**асың**, барған**сың**, барас**ың**,

III жақ ол біледі, айтады, барған, барар.

Кейде ауызекі сөйлеу тілінде бұл жалғау **-сын/-сің** түрінде (сен мұғалім**сін**, диктор**сын**) де келеді және солай жазылып та кетуі мүмкін. Бірақ әдеби нормада сөйлегенде, тек **-сын/-сің** түрінде дыбыстау керек. Ал **-сын/-сің** қосымшасы етістіктің III жақтағы – бұйрық қалау рай деген түрін білдіреді. Мысалы:

I жақ мен барайын, біз барайық

II жақ сен бар, сендер барындар

III жақ ол бар**сын**, олар бар**сын**.

Сондықтан әр түрлі қызмет атқаратын қосымшалардың тұлғаларын да шатастырмай, бірін **-сың** түрінде, екіншісін **-сын** түрінде айту керек. Бұл екеуін айыру қиын емес: егер жіктік жалғаулы сөз *сен* деген есімдікпен айтылуға тиіс болса, **-сың** түрі, *ол* деген есімдікпен айтылуға тиіс болса, **-сын** түрі жалғанады: *сен барасың, ол барсын*.

Мына шумақтардағы үш нүкте қойылған сөздерге мағынасына қарай **-сың** немесе **-сын** қосымшасының қайсысы жалғанып айтылатынын көрсетіндер:

Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ,

Бүгінгі өмір жарқылдап, алдар бірақ.

Ертең өзің қайда..., білемі...,
Өлмек үшін туған..., ойла, шырақ.
(Абай)

Досты қайдан табар...
Кеңесерге адам жоқ.
Әрлі-берлі шабар...
Жалғыздықтан жаман жоқ.
(Абай)

Өзгеге, көңілім, тояр...
Өлеңді қайтіп қояр...
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жояр...
Сайра да зарла, қызыл
тіл, Қара көңілім оян...
Жыла..., көзден жас ақ...
Омырауым боял...
Тыңдамаса еш адам
Өз жүрегім толған...
Әр сөзіне қара...
Іштегі дертім қозғал...
(Абай) Баса...

аяғыңды ырғаң-ырғаң, Сылдырап
шашбауың мен алтын сырғаң. Жай
жүріп шаттана... әсерленіп, Әсем...
жүйрік аттай мойның бұрып.
(Халық өлеңі)

§29. Кейбір шылаулардың дыбыстық қатарлары болады, яғни өзіне қатысты алдыңғы сөздің аяқталар дыбысының әуеніне қарай шылау сөздің басқы дыбысы да не ұяң, не қатаң болып құбылып айтылады (және солай жазылады). Мысалы: Ол өлең айтып *қана* қоймады, домбыра да тартты. Жақып *қана* жаңа келді, өзгелер әлдеқашан келген-ді. Тек *қана* бір тілегім бар деген мысалдарда шылау қатаң **к** дыбысынан басталады және солай жазылады, өйткені шылаудың алдындағы сөздер (*айтып, Жақып, тек*) **п, к** деген қатаң дыбыстарға аяқталып тұр. Ал мына сөйлемдерде шылау ғана түрінде айтылады (және жазылады): жалғыз *ғана* тілегім бар; жаңа *ғана* келдім; ол радиодан *ғана* сөйледі. Бұларда шылаулардың алдындағы сөздер не

дауысты дыбысқа (*жаңа*), не ұяң, сонор дыбыстарға (*жалғыз, радиодан*) аяқталып тұр.

Осы сияқты *мен, бен, пен* (домбыра *мен* қобыз, қобыз *бен* домбыра, дауыс *пен* үн), *да/де, та/те* (барса *да*, барып *та* келді), *дағы, тағы* (барса *дағы*, айтып *тағы* үлгерді), *гой, қой* (айттың *гой*, хат *қой* менің күткенім), *құрлы, гұрлы* (*жат құрлы, бала гұрлы*) деген шылаулар да өздерінің алдындағы сөздің соңғы дыбысына қарай бірде ұяң, бірде қатаң дыбыстармен айтыла береді (және солай жазылады). Сондықтан *бала құрлы ақылың жоқ, айтарың осы қана ма, келіп де үлгердің бе* деген сияқты етіп айтуға, дыбыстауға болмайды. (*Бала гұрлы, келіп те* деп айтылуы керек).

§30. Кейбір сөздердің дыбыстық екі вариантының қатар айтыла беруі әдеби тіліміздің орфоэпиясына қайшы келмейді. Бірақ мұндай сөздер онша көп емес. Мысалы: *мұның – бұның, мұнда – бұнда, шейін – дейін, нажағай – найзағай, уану – жұбану, разы – риза, жаздың күні – жаздыгүні*. Бұл сөздердің варианттылығының басты себебі – орфоэпияға байланысты емес, өзгеде.

Сол сияқты *шайтан ~ сайтан, үкімет ~ өкімет, айқай ~ айғай, Құдай ~ Құдая, заман ~ замана, ашық ~ гашық* сияқты бірқатар сөздер де екі вариантта қолданылады. Бұлардың орфоэпиясы жазылған түрінде болуы керек. Өйткені бұл сөздерді екі түрлі етіп қолдануда қазіргі тіліміз белгілі бір мақсатты көздейді. Мысалы, *өкімет пен үкімет* (екеуінің түбірі – бір сөз) деген сөздердің алғашқысы «государство» дегеннің бала-масы ретінде қалыптасты; *шайтан ~ сайтан* сөздерін ақын-жазушылар көбінесе стильдік мақсатта ажыратып қолданады: *шайтаны* «кәдімгі жын-шайтанды» білдірсе, *сайтаны* көбінесе «өжет, өзгені билеп алатын сиқыр қылықты» деген жақсы мәнде жұмсалады. Мысалы, Жұбан Молдағалиевтің мына жолдарына назар аударыңыз, мұнда *сайтан* сөзі «жын-шайтан» мәнінде емес, жақсы мәнде:

Мен қазақпын, қара көз *сайтан* қызбын,
Сөйлей қалсам, тілімнен бал
тамғыздым. Сүйе қалсам, өмірдей өле
сүйдім, Қас батырмен айқасқам балтам
жүзін.

Ашық (асық) – гашық, Құдай – Құдая, заман – замана

сияқты параллельдерді акындар буын санының артық-кемі қажет болған сәттерде кезек таңдап қолдана береді. Олар сол қолданылған түрінде айтылады (дыбысталады). Мысалы, Абай:

Сорлы *асық* сарғайса да, сағынса да, Жар

тайып, жақсы сөзден жаңылса да, –

дегенінде *асық* вариантын алады, өйткені дауыстыдан басталған *асық* сөзі алдындағы сөздің соңғы буынымен кірігіп, *сорла-сық* түрінде үш буын құрайды, егер *ғашық* вариантын алса *сор-лы ға- шық* болып 4 буын болып кетер еді де 11 буын-ды тармақтың өлең өлшемі дұрыс шықпас еді. Ал өзге сәттерде Абай «*ғашықтың* тілі – тілсіз тіл» немесе «сен шошыдың *ғашығыңнан*» деп *ғашық* вариантын жұмсайды. Міне, бұл тәрізді бір сөздің белгілі бір мақсатпен әдейі қолданылған екі вариантының екеуі де әдеби нормаға жататындықтан, олардың айтылуы да екі түрлі (яғни қалай берілсе, сол түрінде) болуы керек.

§31. Бір сөздің екі түрлі дыбысталып айтылатындарының ішінде жергілікті ерекшеліктеріне (диалектизмдерге) қатыстыларын жоғарғы көрсетілген вариантты сөздермен шатастырмау керек. Яғни көптеген сөздердің әр жерде әр түрлі дыбыстық өзгерісі болғанмен, әдеби тілдегі түрінше айту – орфоэпиялық норма болады. Мысалы: *маңдай – маңлай, шаңырақ – шаңғырақ, киіз – кигіз, ие – еге (үйдің иесі), шатақ – чатақ, сияқты – сиықты, аула – әулі, жоңышқа – жоңырышқа, қабырға – қабыртқа, жоқ – джоқ, масқара – машқара, бес тиын – беи тиын, ас пісті – ас пысты, мысық – мышық, балалар – баладар* сияқты параллель сөздердің алдыңғы сыңарлары әдеби норма да екіншілері – жергілікті (диалектілік) варианттары. Бұлардың айтылуында әдеби нормадағы тұлғасын ұстау қажет. Олай дейтін себебіміз – кейде автордың не кітап, журнал шығарушылардың салақтығынан я болмаса білместігінен кейбір сөздердің әдеби варианты емес, жергілікті қолданыстағы тұлғасы жазылып кетеді. Мұндайда сөзді түзетіп оқыған (айтқан) абзал. Ал пьесаларда немесе фелье-тон, сықақ әңгімелерде автор сөздің жергілікті не қарапайым сөйлеу тіліндегі варианттарын әдейі берсе, оларды, әрине, сол берілген тұлғасында айту (оқу) керек екендігі белгілі.

§32. Қазақ тілінде одағай сөздер де дыбыстық, тұлғалық варианттары бар сөздер тобына жатады. Бірақ бұлардың барлығында қалай берілсе (жазылса), солай айтуға (оқуға) болады. Мысалы: *япырау – япырмау – ойпырмау – ойпырмай – ойпырым; ойбой – ойбай, ах – аһ – еһ – ех, аһ-аһ – еһ-еһ, аха-қа – еһе-һе, уа -уау -уай, па – паһ, бәлі – пәләй, әй – ей, астапырал-ла – астағытыралла* т.б.

Жалпы одағай дегендер – дыбысталуы жағынан өте құбылмалы тұлғалар. Сондықтан жазушы өзінің қалауынша бір одағайды бірнеше түрлі құбылтып, қатарлап, дыбыстарын созып бере береді. Мысалы: *Ә-ә, солай де! Ой-қой, дүние-ай! Бәрекелді-і, жігіт-ақ екен! Паһ-паһ-паһ, мына сұлудың кербезін-ай!* Осы сөйлемдерді: *Е, солай-де! Ой, дүние-ай! Бәрекелді, жігіт-ақ екен! Паһ, мына сұлудың кербезін-ай!* деп те беруі мүмкін.

Одағайлар адамның түрлі сезім дүниесін білдіретін ишараттар болғандықтан, актер немесе фельетон оқушы пьесалардағы, сықақ- фельетондардағы одағайларды өзгертіп, бірінің орнына екіншісін айтпағанмен, образдың ыңғайына қарай, дыбыстарын созып немесе келте қайырып, бір одағайды екі-үш рет қайталап немесе бір-ақ рет айтып дегендей, құбылтуына болады. Мысалы, пьесадағы ситуацияға қарай: *жә, болды! түрінде де, жә-жә-жә, болды! түрінде де* айтылуы мүмкін. Алғашқысында өктем бұйырып, тұжыртып тастау реңкі болса, одағайды екі-үш қайталап айтуда сәл өзгеше реңк пайда бола-ды.

§33. Кейбір етістіктердің толық және ықшам варианттары, сондай-ақ олардың қосымшалы, шылаулы қолданыстарының да түрлері жарыса келе береді. Олар сол қолданылған түрінде, ықшам да, толық та айтылады. Мысалы, *келіп қалды, болып отыр* деген тұлғалар *кеп қалды, боп отыр* түрінде келуі мүмкін.

Сондай-ақ *барамын, келемін, айтамын* деген тұлғалар *барам, келем, айтам* түрінде айтыла береді. *Барғаннан соң, келгеннен соң* деген тұлғалар қысқарып, *барған соң, келген соң* түрінде, тіпті одан ары ықшамдалып, *барғасын, келгесін* түрінде де айтылуы жиі ұшырайды. Немесе *барғанмын, келгенмін* дегендерді ақын, жазушы не драматург *барғамын, келгемін* тұлғасында қолдануы да әбден ықтимал. *Едім, едің* деген етістік тұлғалары *ем, ең* түрінде, *бармаймын, алмай-*

мын деген тұлғалар барман, алман түрінде ықшамдалып келе береді. Ықшам тұлғалар әсіресе поэзияда көбірек ұшырасады. Мұндайда тұлғаларды қалай берілсе (ықшам не толық), солай айту керек. *Кеп, барам, барғасын, барғамын* деп жазылғанды келіп, *барамын, барғаннан соң, барғанмын* деп айтуға (оқуға) болмайды немесе керісінше, толық түрінде беріліп тұрса, оны қысқартып айтуға болмайды.

Осы ережеге байланысты сөздерді тауып, мына үзінді шумақтарды дұрыс оқып (айтып) көріңдер.

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқамын,

Түбін ойлап уайым жеп айтқамын.

Ақылдылар арланып, ұялған соң,

Ойланып, түзеле ме деп айтқамын.

(Абай)

Сен үшін әлі босқа жанам,

күйем,

Көңіліңе қайырым салсын мейірімді

ием, Өзің біл танам десең уағдадан,

Өмірімше ұмытпаймын, мен шын сүйем.

(Бернияз Күлеев)

Сенің алма бағыңа

Шыбық шаншып кетіп ем.

Алдағы өмір бағына Соны

белгі етіп ем. Келдім

қайтып майданнан,

Таптым іздеп сені алғаш.

Сол шыбықтан жайқалған

Өсіпті бір алма ағаш.

Тұр жайқалып бағыңда,

Қызығамын, тамсанам.

Өзің де бұл шағыңда Кем

емессің дәл сонан. Неткен

жақсы жер еді Жас

шыбығым жайқалған! Бір

сөз айтқым келеді, Тіл

жетпейді, айта алман.

(Қасым Аманжолов)

Ей, халайық, барым ең сен,

Зарыңа зар қосып ем.

Жатың емес, досың ем мен,

Дос бейілін тосып ем!
Бауырым жара, сөзім нала,
Дертпен келем мен бүгін.
Аямас жау мені айнала
Салды салмақ сұмдығын!
Алдыңа кеп жар саламын,
Тап жауымды жабылып.
Өш аламын, өш аламын
Қанды кекті жамылып!

(Мұхтар Әуезов)

§34. Әдетте грамматикалық норма бойынша етістіктің ауыспалы шағының III жақтағы жалғауы **-ды/-ді** түрінде келеді. Өлең тілінде, кейде қара сөзде де өлең өлшемі, ұйқасы сияқты шарттарға орай бұл жалғау ықшамдалып, жалаң **-д** түрінде қолданылуы мүмкін. Мұндай тұлғалар тіпті **т** дыбысымен де айтылады. Мысалы, Әсет ақынның «Инжу-маржан» деген өлеңінің бірінші шумағы:

Әуелетіп ән салса әнші Әсет,
Аққуменен аспанда жер *тілдесет*.
Дауылдатып тұнықтан шыққан даусы
Жүрегінен күңіреніп желдей *есет* –

деп келеді. Мұндағы етістіктер әрі ұйқас үшін (бірінші жолдағы *Әсет* сөзімен ұйқасу үшін), әрі өлшем үшін (өлең жолдары 11 буыннан аспауы керек) *тілдесед*, *есед* (*тілдеседі*, *еседі* деудің орнына) болып қолданылып тұр.

Екінші мысалға «Ақан сері-Ақтоқты» драмасынан Ақтоқтының сөзін алуға болады:

Саған көнсем, сүйгенім бе ед?
Көңілім құлағанын қашан көріп ең?
Ақаннан безсем, шыным ба *еді*?
Жүрегімді жерге төсеп, Әрең
айтпап па ем «ие» деп?
Ақан жакқан от бар да,
Сен қатырған мұз бар...
Отым қашан сөніп *ед*,
Мұзым қашан еріп *ед!*...

Осы жолдардың дұрыс айтылуы:

Сағаң көнсөм / сүйгөнүмбет /
Көңүлүм / құлағанын / қашаң гөрүбең //

Ақаннанбесем / шынымбет//
Жүрөгүмді / жергетөсеп /
Әрең / айтпаппем / иедеп /
Ақан жаққан / отбарда /
Сеңғатырған / мұзбар /
Отұмғашан / сөнүбет /
Мұзұмғашан / ерібет //

§35. Қазақ тіліне өзге тілдерден енген сөздердің дұрыс айтылуы жөнінде мына жайттарды ескерген жөн:

1) Қазақ тіліне енген араб, парсы сөздері сол тілдердің дыбысталуын сақтамай, «қазақшаланған», яғни қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бейімделіп қалыптасқан тұлғада айтылады. Олардың кейбіреулерінің күні бүгінге дейін бір тұлғада орнықпай, екі-үш түрлі болып айтылып (және жа-зылып) жүргені байқалады. Мысалы: *урдің қызы* – *хордың қызы* – *һүрдің қызы*; *ыждағат* – *еждиғат*, *бихабар* – *бейха-бар*; *үкімет* – *өкімет*, *ақиқат* – *хақиқат*, *есеп* – *қисап*, *уәде* – *уағда*; *шәр* – *шаһар*; *әрдайым* – *әрдәйім*, *мәлімет* – *мағлұмат*, *мақұлық* – *мақлұқ*, *мәлігүн* – *мәлгүн*, *несіп* – *нәсіп* т.т. Бұндай жарыспалы тұлғалардың бірсыпырасы «бас-басына отау тігіп», екеуі екі мағынадағы сөздің баламасы ретінде қолданылып жүр. Мысалы: *үкімет* – «правительство», *өкімет* – «власть», *мәлімет* – «сообщение, справка», *мағлұмат* – «сведение», *есеп* – «счет», *қисапсыз*, *қисабы жоқ* дегендерде *қисап* тұлғасы «өте көп, мол» дегенді білдіреді. Ал енді бірқатарының бір ғана тұлғасы орфографиялық және өзге де сөздіктерде әдеби норма ретінде ұсынылып жүр. Мысалы, болымсыздықты білдіретін **бей-** (**би-**) элементімен келген сөздерді **бей-**мен жазуды (және айтуды) жөн деп табамыз: *бейкүнә*, *беймаза*, *бейтарап*, *бейуақ*, *беймезгіл* т.т. Сол сияқты *мақлұқ* ~ *мақұлық*, *мәлгүн* ~ *мәлігүн*, *мәкрүк* ~ *мәкүрік* деген параллельдердің екі буынды тұлғасы (*мақлұқ*, *мәлгүн*, *мәкрүк*) әдеби норма деп ұсынылады. Бірақ айтуда бұларды *мақұлұқ*, *мәлігүн*, *мәкүрүк* деп үш буынды етіп айту керек. *Әрдайым*, *тәкаппар*, *дұдамал* сияқты 2-3 буында-ры жуан жазылатын араб, парсы сөздерін де айтуда алғашқы жіңішке буынның әуенімен *тәкаппар*, *әрдәйім*, *дұдамал* деп айту керек болады.

2) Орыс тілінен енген орыс сөздері мен интернационалдық сөздер, негізінен, орыс тіліндегі дыбысталуынша айтылу

дағдыға айналды, яғни сөздің орыс тілінде айтылудағы екпін тұрған орнын сақтап, қазақ тілінде жоқ **в, ч, щ, ц, э** сияқты дыбыстарын сақтап айтылады. Мысалы: *вице-президент* (*битсе* емес), *республика* (*республікe* емес), *парламент* (*пәрламент* емес), *экономика* (*eкономикe* емес). Тек, ертеректе еніп, «қазақша» қалыптасқан *самауыр, қамыт, доға, жәшік, сіреңке (сырянка), білте (фитиль), пәтер (квартира)* сияқты сөздер ғана сол қалыптасқан тұлғасында айтылады. Кейінгі дәуірде енген сөздерден *газет (газета-ның орнына), цифр* (орысша *цифра* дегеннің орнына), *минут (минута-ның орнына)* сияқты

5-10 сөздің соңғы дауысты дыбысы түсіріліп қолданылады (солай айтылады әрі жазылады).

§36. Кейбір дыбыстарды дұрыс айту жөнінде мына жайттарға көңіл аудару қажет:

1) Қазақ сөздерінің басында келген **е** дыбысы **йе** түрінде айтылады. Мысалы, *ер, елек, екі, ет* деген сөздердің дұрыс айтылуы: *йер, йелек, йекі, йет*. Әрине, бұл жерде **й (йот)** дыбысы толық **и** түрінде емес, «жартылай» (болар-болмас) естілуге тиіс. Егер бұл сөздерді **йот** элементінсіз айтсақ, *эр, элек, экі, эт* түрінде айтылар еді. Бұл заңдылықты анығырақ байқау үшін орыс тіліндегі *ель* (ағаш) сөзі мен қазақша *ел* (жұрт) сөзіндегі **е** дыбысының айтылуына назар аударыңыз: орыс сөзі *эль* түрінде, қазақ сөзі *йел* түрінде дыбысталады.

2) Сөз басында келген **о, ө** дыбыстарының алдынан да **у** дыбысының элементі естіледі: *уотан* (жазылуы: *отан*), *уорак* (*орақ*), *уөрүк* (*өрік*). Бұл жердегі **у** да толық емес, «сәл-пәл» айтылуы керек.

3) Сөз басында келген **р, л** дыбыстарының алдынан **ы, і, ұ, ү** (сөздің жуан-жіңкелігіне қарап) дыбыстары қосылып айтылады. Жазуда **ы, і** әріптері жазылмайды. Мысалы:

Жазылуы:	Айтылуы:
рет	ірет
рас	ырас
рай	ырай
ру	ұрұу
рұқсат	ұрұқсат
леген	ілеген
лаж	ылаж
лақ	ылақ
лайық	ылайық

4) Қазақтың төл сөздерінде **ч, дж** дыбыстары айтылмайды. Қазақстанның кейбір өлкелерінде жергілікті ерекшелікке байланысты ауызекі сөйлеу тілінде **ш, ж** дыбыстары келетін сөздерді **ч, дж** дыбыстарымен айту дәстүрі бар. Мысалы: *чатақ, чырақ, малчы, джақсы, джоқ*. Бірақ әдеби тіліміздің орфоэпиялық нормасы бойынша, қазақ сөздерін тек **ш, ж** дыбыстарымен айту керек болады. Ескертетін нәрсе дыбыс жүйесін зерттеушілер **ж** дыбысының қазақ сөздерінде, әсіресе сөз басында айтылуына сәл-сәл **д** элементі қатысатынын айтады.

5) **Х** әрпімен жазылатын араб, парсы сөздерінде ауызекі тіл-де бұл дыбыс қазақша **қ** дыбысына жуықтаңқырап айтылады. Мысалы: *қабар* (*хабар* дегеннен гөрі), *қат* (*хат* дегеннен гөрі), *Ақымет* (*Ахмет* дегеннен гөрі), *Қадыйша* (*Хадийша* дегеннен гөрі), *тарыйқ* (*тарих* дегеннен гөрі), *қалық* (*халық* дегеннен гөрі).

6) **һ** әрпі жазылған сөздерде осы дыбыстың өзінің айтылуын сақтау қажет. Мысалы: *гәуһар* (*гәуқар* емес), *қаһарман* (*қажарман* емес), *жиһан* (*жиқан* немесе *жихан* емес), *аһ-аһ, еһе*.

7) Екі дауыстының ортасында келген **б** дыбысы қазақ сөздерінде жеке тұрғандағы айтылуынан сәл өзгешелеу болып естіледі. Мысалы, *Абай, таба, көбелек* сөздеріндегі **б** дыбысын айтқанда, екі еріп бір-біріне тиіп қатты жуыспайды (осы дыбысты жеке айтқандағыдай немесе орысша дыбыстағандай). Мұны байқау үшін *Абай* деген сөзді орысша (орыс тілінде сөйлеп тұрғандай) және қазақша айтып көріңдер. Не болмаса *баба* деген орыс сөзі мен *баба* («ата» мағынасындағы) деген қазақ сөзін айтып, екінші буындағы **б** дыбысының естілуіндегі (айтылуындағы) айырмашылығына назар аударыңдар.

Орыс тілін жақсы білетін қазіргі жастардың қазақша сөйлеу тәжірибесінде қазақ сөздеріндегі **б** дыбысын орыс тіліндегі-дей етіп, екі ерінді бір-біріне қатты жабыстырып айтушылық байқалады. Бұл қазақ тілінің орфоэпиялық нормасына қайшы келеді.

8) Қазақ фамилияларында келетін **в** дыбысын **ф** деп, ал, -**ев, -ов** жұрнағын **-ыф, -іф, -ева, -ова** жұрнағын **-ыва, -ива** деп

айтқан жөн. Мысалы: *Құнанбайыф, Ілекеріф, Құнанбайыва, Ілекеріва, Шәрийтыф*. Өзге ұлт өкілдерінің аты-жөндерін жазылған түріне жуықтау етіп айтқан абзал. Өйткені қазақша *Болат* болып келетін жалқы есім өзбекше *Пулат, Пулад* деп берілсе, оны қазақшаламаған жөн. Ал орыс адамдарының аты-жөндерін орыс тіліндегіше дыбыстау керек. Мысалы: *Никалай* (жазылуынша *Николай* емес), *Канстантин* (*Константин* емес), *Лэф Талстой*.

Шетелдік адамдардың аты-жөндері мен қазақша жер-су аттарынан өзге географиялық атаулар негізінен орыс тілінде-гі айтылуынша дыбысталғаны жөн. Мысалы: *Вильям Шекс-пир, Моцарт, Лондон*. Олардың ішінде тілімізге ертеден еніп, қазақша қалыптасқандарын сол дәстүрлі түрінде айту қажет. Мысалы: *Қырым* (*Крым* емес), *Мысыр* (*Миср* емес), *Бағдат* (*Багдад* емес).

МАЗМҰНЫ

Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы)...	3
Алғы сөз.....	4
Кіріспе.....	6
Тіл мәдениеті және оның проблемалары.....	21
Тілдік норма туралы ұғым.....	46
Норманың өлшем-шарттары (критерийлері).....	57
Тілдік норма және функционалдық стильдер	67
Норма және варианттылық.....	81
Лексикалық нормалар.....	116
Сөз мағынасы және оны түсініп жұмсау	117
Жаңа сөздер мен қолданыстар, олардың нормалану процесі.....	118
Терминология мәселелері және норма.....	131
Сирек қолданылатын лексикалық топтардың нормалануы.....	136
Қарапайым сөздер, жаргондар және әдеби норма.	151
Диалектизмдер және әдеби норма.....	154
Көркем әдебиеттегі сөзқолданыс және әдеби тілдік норма.....	161
Грамматикалық нормалану.....	175
Орфографиялық нормалар.....	181
Орфоэпиялық нормалар.....	194
Сөз сазы.....	203
Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі және оның қолданылу өрісі.....	204
Сөз сазы, яғни сөзді дұрыс айту (дыбыстау) заңдылықтары.....	216
Сөз сазының көркем әдебиет пен өнердегі маңызы.....	229
Сөз сазы нормаларының қолданылу жайы.....	234
Сөз сазы ережелерін игеруде ескерілетін жайттар.....	242
Орфоэпиялық ережелер немесе сөз сазын келтіру қағидалары.....	255

Рәбиға СЫЗДЫҚОВА

Көптомдық шығармалар жинағы

Сегізінші том

ТІЛДІК НОРМА ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЛЫПТАНУЫ (КОДИФИКАЦИЯСЫ)

СӨЗ САЗЫ

(Сөзді дұрыс айту нормалары)

Редакторы: Әділ Әбсаттар

Техникалық редакторы: Ниязбай Оразымбет

Корректоры: Ермұхамет Маралбек

Компьютерде беттеген: Жәмила Айдос

ИБ № 164


Теруге 01.12.2014 ж. берілді. Басуға 05.12.2014 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108^{1/32}. Қаріп түрі «Times New Roman».

Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 15,3.

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №

ISBN 978-601-7317-96-6



«Ел-шежіре» қайырымдылық қоры» қоғамдық
қоры. 050009. Алматы қаласы.
Абай даңғ. 143, 413 бөлме

«Полиграфкомбинат» ЖШС

Алматы қ., Мақатаев көшесі, 41